

Жексенбек
СҰЛТАНБЕКОВ

Заман үні





**Жексенбек Ақылбекұлы
СҰЛТАНБЕКОВ**

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

Заман үні

Алматы
2022

УДК 070
ББК 76.01
С89

Сұлтанбеков Ж.

С 89 Заман үні / Ж. Сұлтанбеков – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2022. – 320 бет.

ISBN 978-601-06-8909-1

Қараталдық қаламгер, ҚР Мәдениет қайраткері Жексенбек Сұлтанбековтың жаңа жинағына соңғы он екі жылдың бедерінде жазылған қоғам құбылысына, уақыт тынысына, адам болмысына, ұлт намысы мен рухын оятуға арналып жазылған көсемсөздері мен мақалалар топтамасы енген. Бүгінгі басымыздан өтіп жатқан мың-сан оқиғаға дер кезінде баға беріп, үн қату, қоғамдық пікір білдіру азаматтыққа сын екендігін жарқын ісімен дәлелдеп, бірінғай ізденіс үстінде жүрген автордың бұл туындысы қалын оқырман қауымға арналған.

УДК 070
ББК 76.01

ISBN 978-601-06-8909-1

© Сұлтанбеков Ж., 2022

ҰЛТ НАМЫСЫНЫҢ ҚАЙРАҒЫ


Тау бұлағындай сылдырап, өңкей келісімін тапқан сұлу сөзді — өнер алды қызыл тіл деп бағалаған, тәрбие құралы санаған қазақ атамыз мынау бес күндік дүние шіркіннің он күндік арпалысы (күнкөрістен өзге) бар екенін ерте ұғынған. Қараталдық қаламгер кейінгі отыз жылдың бедерінде қасиетті қаламын қуатты қару етіп, ұлт болмысы мен тағдырына, ел өмірі мен қоғам дамуына, аудан тынысына қатысты жалықпастан пікір білдіріп, ой қозғап келеді. Құндылығы жоғары, тілі шұрайлы бұл дүниелері әр деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында үзбей жарияланып, оқырман тарапынан қызығушылық, сүйіспеншілік әрі қолдау табуда. Сіздердің қолыңыздағы бұл кітап үнемі ізденетін, ой әлеміне шарық ұратын, нұсқалы сөздің кестесін қалайтын автордың екінші туындысы («Жүрек сөзі» туындысы 2010 жылы Алматы қаласынан жарық көріп, өз оқырманын тапты).


Алаш қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов заманында ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден деген болатын. Тумысынан әділдік пен ақиқатты, шындық пен адалдықты, жасампаздықты, мәрттілікті, сұлулықты сүйетін Жекең мегаполис қалалардан шалғай, алыс ауданда ғұмыр кешсе де бойдағы бұла күштің, жалын жүректің, сергек сананың, ұшқыр ойдың арқасында бүгінгі таңда белгілі бір күштердің тегеурініне, шетқақпайлығына тап болып отырған ұлт мүддесін қорғап, туған тіліміз, қасіретті тарихымыз, асыл дініміз, ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың ұлы майданына ауыздығымен алысқан, ақбоз арғымағымен атойлап кіріп, ерен ерлік көрсетіп жүрген руханият сарбазы ғана емес, жалаңтөс сардарының бірі десем де артық айтқандық болмас. Қаламгер шығармасына берген бұл бағамның әсіре қызыл емес-тігіне оның жүректен шығып, жүрекке жететін жазған-сызғанына зер салып, ден қойып оқыған сәтте айқын көз жеткізесіздер. Жақсыдан үйрену, жаманнан жирену ата-салтымыз. Күні кешегі Алма-

тыдағы қыруар адам өліміне әкелген Қаңтар қасіретінің себеп-салдары туралы алғашқылардың бірі болып қалам тербеген де, содан ащы сабақ алуға да шақырған да бір өзі еді. Мұндай батыл қадамға екінің бірінің жүрегі дауалай алмайды. Қорқақтайды, кібіртіктейді, әрі кеткенде әліптің артын бағады. Осындай қысталаң сәтте адалдық, шындық деген сертке суарылған семсер ғана тіліп өтеді, жасындай жарқылдайды. Білгенге ақиқатты айтуға, келістіре жазуға да жүрек, жігер, батылдық керек. Орыс әдебиетінің ұлы сыншысы В.Белинский: «Жүректі тек шындық қана тебіренге алады», – десе, хакім Абай: «Жүрекке де айна керек», «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», – деп жасымыздан қайрап өсірді емес пе?! Осы қағиданы берік ұстанған Жекеңнің сегіз бөлімнен тұратын бұл кітабы оқыған жанды бей-жай қалдырмайды. Оның көмегімен қоғам, ұлт, тіл, тұрмыс пен сана, баға болмысына қанығасыз. Дүниеден озған ардақтыларымыздың жақсылығын дәріптеуге дүние-ғұмыр топтасы мен замандастар келбеті де тағылымдылығымен ерекшеленеді. Басшылық тізгінін ұстаған, ғылым жолын қуған жандармен арада болған әңгімелер мен сәті түскен сұхбаттарының да айтары бар, ойға ой қосады. Әттеген-ай деген тұстарымызды да қалтарыста қалдырмайды. Күркіреген күндей болып өткен 2-ші дүниежүзілік соғыстың көрінісі, оған қатысқан қазақ жауынгерлерінің ерлігі де ұмыт қалмайды. «Спорт – деген бір сиқыр» (С.Бердіқұлов), спорт – намыс, спорт – жебе дегендей, автордың оң жаңбасына дөп келетін тақырыбы да осында. Бір құптарлығы даңқты спортшылар жетістігі мен ұлттық спорт мәселесін тосылмай қос тілде көсілте жазады. Осы жазбасы арқылы жастарымызды спортты өмірлеріне бала кезден серік етуге тәрбиелейді (өзі де спорттан құралақан емес). Білген жанға Үштөбе қаласы Олимпиада саңлақтарын тәрбиелеп өсірген құтты мекен. Осы саялы қоныстың абырой-даңқын асқақтатушы қаламгерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Кітаптың соңғы бөлімі «Государство. Нация. Язык», – деп аталады. Оған енген «Одно гоударство – два мира», «Одна нация

– один язык» атты мақалалар орыс тілді ағайындарымызға ұлт тұтастығы бар жерде тіл тұтастығы сақталатынын, бір мемлекетте өмір сүріп, екі түрлі көзқарасты ұстану түптің түбінде жақсылыққа апармайтынын ескертеді. Тегінде біздер бірінғай өз қазанымызда қайнай бермей өз ойымыз бен пікірімізді бүкпесіз ашық түрде Пушкин тілімен аракідік жеткізіп қойсақ ешбір сөкеттігі жоқ деп білемін. Ұлт мүддесі жолында өркениетке жататын барлық құрал мен әдіс-тәсілді пайдаланған ләзім. Абай ағамыздың: «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз», – деген насихатын басшылыққа алып, сөз өнері әлемінде жаңа бір белеске асқақ абыроймен, құнды еңбегімен көтеріліп отырған замандас, қаламдас досқа, жігіттің сұлтанына бағындырар биігің, шығар шыңың мұнан да асқақтай түссін, ойың шабандалмасын, қаламың мұқалмасын деген ақжарма тілегімді жеткізгім келеді. Отбасың аман болып, ұрпағыңмен мың жаса! Қанатың талмай, шырқай бер!


*Қараша Қараман,
өлкетанушы журналист,
Қаратал ауданының құрметті азаматы.
27.02.2022 жыл*





I

ҚОҒАМ. ҰЛТ. ТІЛ



... АЙҒАЙ САЛЫП ТЫРНАЛАР, ТӨРЕ БОЛҒАН ЗАМАН-АЙ!

Орыс тілді мектептерде қазақ тілі пәні сабақтары қысқартылды деген ұлт мүддесіне қайшы келетін жайсыз хабарды естіген соң істің мән жайын білмек ниетпен аудандық білім бөліміне қоңырау шалып бас маман Нұргүл ханымның сөзіне құлақ қойдым.

– Иә, ол рас. Білім және ғылым министрлігінің бекіткен бағдарламасына сәйкес қазақ тілі сабағы екі есеге дейін қысқартылды деп арыға бармай сөзін қысқа қайырды.

Ағылшын тілін білу бар балаға міндет пе?

Мұндай қитұрқы қадамның астарында не жатыр? Өзі де аяғына нық тұрып кете алмай шатқаяқтап тұрған тілімізді одан сайын тұқырту кімге керек болды? Орыс тілділердің бір бөлігі қазақ тілінің қажеттігін түсініп сабаққа ден қоя бастаған, мысықтабандап болса да алға жылжу байқалған тұста әлдекімдердің тасада тұрып тас атуын қалай түсінуге болады? Сұрақ көп жауабын таппай қиналасың. Бұл шешімнен бірінші кезекте ынталы оқушылар зардап шегетіні басы ашық мәселе. Қазіргі кезде ата-аналар да балалары қазақ тілін білмесе болашақта мемлекеттік қызметке алынбайтынын, елдік істерге белсене араласа алмайтынын, көптеген игілікті шаралардан шет қалатынын түсіне бастады, сондықтан олар да биліктің не ойлағанын біле алмай дал. Мұғалімдердің де сағаттары қысқарып жалақылары азаятыны, материалдық тұрғыдан қағажу көретіні тағы бар. «...Қыран құстар қыр аспай, қарға кіріп қатарға, құды ілген заман-ай, аққу қалған қатардан, айғай салып тырналар төре болған заман-ай» деп Нұржан Наушабаев бабамыз өлең жолдарына қосқандай, бағасыздар бағалы болған мына заманда қарақан бастарының қамын ойлағандар өз ұпайлары түгел болған соң басқаның қамын несіне ойлайды. Ұлттық мүддені аяққа басып жат-жұрттың қаңсығын пір тұтқан олар өз тіліміздің орнына ағылшын тілін тықпалап, оны білген жан «данышпан» бола-

ды мыс деп жұртты алдарқатып көсемсиді. Ой-санасы жүйеленіп толыспаған бүлдіршіндерге бірнеше тілді балабақша мен бірінші сыныптан бастап оқыту балғындардың психологиясын есепке алмау, оған зорлық көрсету екенін озық ойлы ғалымдар айтудай-ақ айтты, бірақ «қолда бар да қонышыңнан бас» дейтін ұрда-жық, әпербақан солақай басшылардың бір бөлігі ешқандай уәжге құлақ асар түрлері жоқ. Дегендерінен қайтпай ұлтты жоюға бағытталған арам пиғылдарынан танар емес. Тәуелсіз мемлекетте жаттың тіліне жол ашу, өзіңе көр қазғанмен бірдей. Тұғыры орнықпаған, қанаты қатаймаған тіліміз екпіндері жойқын, қарқындары дүлей әлемдік деңгейде қолданылатын ағылшын және орыс тілдерінің көлеңкесінде қалып қоятынын қалайша түсінбейміз? Сонымен қатар, ағылшын тілін барлық баланың білуі міндет пе, ол қандай қажеттіліктен туындап отыр? Әлде жас ұрпақтың бәрін оқымысты қылмақпыз ба? Ойлап қарасаңыз абыройлы жұмысшы мамандықтарын игеріп малшы, егінші, дәнекерлеуші, сылақшы, құрылысшы, метал жонушы, темір мен ағаш ұстасы т.т. болам деген балаларға ағылшын тілінің не қажеттігі бар? Жоқ, әлде шет тілін меңгермесек қазақтың малы бағылмай, егіні егілмей, мұнайы өндірілмей, темірі балқытылмай қала ма? Болмаса бар жас портфель ұстап талтандап, шайқақтап жүретін шенеуніктер мемлекетіне айналуды көздеп отырмыз ба? Сонда өндірістегі, ауылшаруашылығындағы, құрылыстағы күнделікті шаруаны кім істемек? Бүкіл әлем мойындаған кеңестік білім беру жүйесінде шет тілдерді 5-ші сыныптан бекер оқытты ма? Пайдасы мен зиянын екшеп, сүзгіден өткізгеннен кейін ғана барды ғой мұндай қадамға? Ғылымға бет қоям, мемлекеттік қызметші не менеджер т.т. болам деген оқушылар бастауыш сыныптардан кейін де ағылшын тілінің тереңіне бойлап жоғары деңгейде игеріп кетеді, өйткені оған алдына қойған мақсаты мен қажеттілік мәжбүрлейді. Басқаларға оны бес саусақтай білу шарт емес. Дүниежүзіндегі озық мемлекеттер даму үрдісіне өз мемлекеттік тілдерінде жеткенін оқып біліп жатырмыз. Біздікі не, далбаса, екенін түсінбедім. Білетінім оның зардабы орасан ауыр болатыны.

Елге қызмет ету адамның білімінен емес, мінезінен

«Ағылшынның мәңгілік досы да, мәңгілік жауы да жоқ, оның мәңгілік ұлттық мүддесі ғана бар» деп өз тілін бүкіл әлемге танған ағылшындардікі ерлік, себебі оларда ұлттық ұстаным бар. Біз болсақ өз жерімізде «ол» деп, «бұл» деп не бір сылтауларды айтып тілімізді көгерте алмай пұшайман халге түсудеміз. Не деген сорлылық, бейшаралық десеңізші? Алаштың ақиығы Әлихан Бөкейхан «Елге қызмет ету адамның білімінен емес, мінезінен» дейді, яғни ол асқан білімнің болса да ұлттық мінезін, рухын болмаса бәрі бекер деген ойды айтады. «Болашақ» бағдарламасымен осы күнге дейін жеті мыңнан астам жас шетелден білім алып келіпті. Соның ішінде ығай мен сығайдың балалары мен немерелері көп болса да жұлдыздай жарқырап, «қазақ үшін жан пида», деп ұлт көгіне шыққан жасты естімеспін. Ел Президенті Н.Назарбаев айтпақшы көбі ұлттық шикізат және мұнай компанияларында мыңдаған долларды қалталарына басып қалғып-мүлгіп отыр. Осы туралы бір уақ неге ойланбаймыз? Ұлттық құндылықтардың тұнығынан, нәрінен сусындамаған ұрпақтан не үміт, не қайыр күтуге болады? Отанға, халыққа, қызмет ету ұлттық тәрбиеден бастау алады. Халықтың миллиондаған теңгесін желге шашқанша сапаға неге көңіл бөлмейміз? Күні кеше ҰБТ-ны асыра мақтап, балаларды жаттандылыққа үйретіп жалған білім бердік, Барды күйретіп, бүлдіріп алдық та, енді келіп министрлік беттері бүлк етпестен «мұнымыз ойымызды ақтамады, енді оқушылардың білімін сараптау тәсілі өзгешелеу болады» деп тағы бір жаңалықтың ұшын қылтитып қойды. Осылай екі жылға жетер жетпестен ауысып жататын министрлер білім саласына реформа жасаудан жалығар емес. Бір көңіл көншітерлігі, бүгін ҰБТ-ның теріс тұстары болғандығын мойындасақ, ертеңдер үш тұғырлы тілдің де өміршеңдігіне балта шабылатындығына сенемін, себебі қандай ел де болмасын мемлекеттік тіл қашанда басқалардан ерекшеленіп бір саты болса да жоғары тұрады. Бірнеше тіл қатар қолданылатын елдер кірме ұлттардан тұратын Канада, Бельгия тәрізді құрама мемлекеттер, олардың саны бір қолдың саусағына

жетпейді. Қазір бұл елдерде тілге байланысты мемлекетті екіге, үшке жаруға бағытталған сепаратистік әрекеттер белең алуда. Оқтын-оқтын халық толқулары жүруде. Біз де шамасы солардың кебін кимекке өз қалауымызбен ұмтылып жатқандаймыз. Мемлекет құрушы титулды ұлты бар, шынайы тәуелсіз елде мемлекеттік тілмен ешбір тіл шендесе де теңдесе де алмайды. Біздікі жарық күнде адасу, яғни ұлттық мемлекет құрудан бой тасалаған әурешілік. Тәуелсіздікті ұлттық мемлекет құру үшін алады. Өркениет заңы солай. Біздің билік болса КСРО тарап құрдымға кеткеннен кейін, оның моласының үстінде қимастықтан көз жасын төге отырып, бар республикалардың соңынан, амал жоқтықтан Тәуелсіздікті жариялады. Мұны жастар жағы біле бермесе де қазіргі орта және аға буын жақсы біледі, Сол кездегі билік басындағы шенділер тізгінді ұстаған қалпы кеңестік тақты қазақ орынтағына айырбастап өздері жүргізген кеңестік идеологияны қазақ топырағына таңды. Енді, міне, жиырма жылдан аса уақыт өтсе де соның шырмауынан құтыла алмай әлекпіз. «Қазақстан халықтар достығының лабораториясы», «біз интернационализмді ту етеміз» деп қазақтарды диаспора өкілдеріне дейін түсіріп ұлттық мемлекет құрудан қашқалақтап келеді. Мұны бұлтақтамай ашық айтқанымыз жөн. Кедендік одаққа кіру соның айқын көрінісі. Ерте ме кеш пе бүгінгі жүйе де ауысар, сонда барлық шындық жіпке тізіліп айтылады. Әзірге осымен доғарайын. Бірақ оған дейін ұлттың тұнығын әбден лайлап шайқайтын түріміз бар. Ақиқат дер кезінде айтылмағаннан кейін осылай болады.

Есек семірсе несін тебеді

Осы ретте «Жұлдыздар отбасы», «Аңыз адам» журналдарының бас редакторы Жарылқап Қалыбайдың «Эйр Астана» компаниясының ұшағында жолсеріктерден мемлекеттік тілде қызмет етуді талап еткені үшін үш тәулікке абақтыға қамалуы, біраз жұртты дүрліктіргенімен, етіміз үйреніп кеткендіктен бе оған ұлт болып тойтарыс бере алмадық. Конституциялық мәртебесі бар мемлекеттік тілімізді заң жүзінде де қорғай алмайтынымызды осындай сорақы

жайлар анық көрсетіп отыр. Кейбір ниеті бұзық адамдар «қазақша білмеймін және білгім де келмейді» деп көзінді бақырайтып қойып айтқанда шарасыздықтан не істеріңді білмейсің, «Осы мен қай елде, қай жерде жүрмін» деп өзегің өртеніп іштен тынасың. Тіл саясаты дұрыс болса мұндай күйге түспес едік қой? «Есек семірсе иесін тебеді» деген осы. Кешегі келген келімсек, босағадан төрге озып, керісінше бізге өз тілі мен мәдениетін таңуда. «Сол үшін де мемлекеттік тіл заңын қайта қарап, талаптарын күшейтіп, оның орындалуын қадағалайтын Тіл полициясын құру керек» деп ұлт жанашырлары жанайқайларын білдіруде. Мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Айталы баспасөз бетінде: «Қазақ тілін сыйламауға қатысты арнайы жазалау бабын енгізу қажет. Тілді біле тұра қасақана орыс тілінде сөйлейтіндерді, шовинизм, яғни астамшылдық бабын енгізу арқылы тәубесіне түсіру керек», – дейді. Ал көрнекті жазушы Смағұл Елубай: «Голландияда тіл полицейлері көшеде келе жатқан адамдар сол елдің азаматы бола тұра басқа тілде сөйлегенін байқап қалса айып пұл салып жазаға тартады», – дейді. Ұлттық рухы мықты мемлекеттерде мәселе осылай шешіледі. Сонымен, сөзімің түйіні барлық салада мемлекеттік тілде қызмет көрсету бұлжымас заң болу керектігіне қол жеткізуге тиіспіз.

2013 жыл

БӘРІН АЙТ ТА – БІРІН АЙТ ...

– Уа, кімсіз? – Ыбыраймыз. – Жаймысыз? – Жаймыз. – Уа, қайдан келесіз? – Сайлаудан келеміз. Елге ойран сап, ойнаудан келеміз. Төске таққан шеніміз бар. Патшаға жаққан ебіміз бар. Құдайға шүкір қойдан жуас, момақан ғана еліміз бар. Біз бай, біз Құдай! Күш сынасса жүн болып, кім келеді сайма-сай! – деп Б.Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» атты өлеңінде кеудесіне нан піскен шолақ етек белсендінің айтатынындай бүгінгі күннің Парламент

сайлауы да тарих қойнауына кетті.

Сайлау түйіткілдері

Сайлау қорытындысында жеңімпаз «Нұротан» оқ бойы алдыға шығып, басқаларды, әдеттегідей, қою шаңға көміп кетті. Сайлаудың сәнін келтіріп, абыройын арттырамыз деген бес партияның о баста делебелері қозып, додада жүйріктеріміздің шабыстарына шабыс қосып, тау құлатардай екпінмен мәжіліс төрінен орын аламыз деген мәлімдемелері сайлаушылардың аса бір танданысын не қызығушылығын тудыра қоймады. Анығында қызылкенірдек болып айтысқан, өзара жанталасып тартысқан доданы, ал сайлау кезінде учаскелерде судай сапырылысқан, иін-тірескен қалың жұртты көрмедік. «Бәрін айт та – бірін айт, коллективтің жырын айт», – демекші сайлау жырын «болар іс болды, бояуы сінді, енді айтқаннан не пайда» деп жылы жауып қоюға да болар еді, бірақ ел аман болса, алда әлі талай сайлау болады, олардың ашық және таза өтуі үшін де өткеннен сабақ алып, қателіктерге жол берілмеуі керек. Жоғарыдағы Ыбырайлардың заманында трактордың тетігін бұрап, жерді тілген Мырқымбайлардың биліктің айтағына еріп, ескінің күлін көкке ұшырып, ұлы өзгерістер жасаймыз деген тірліктерінен не шықты? Қазақ сол «шаш ал десе бас алатын» шолақ етектерінің дәуренінде, айдың күні аманда, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық нәубетінен шыбындай қырылып қалды. Бүгінде де үкімет ел билеу тізгінін уысынан шығармай өз қолында ұстау үшін бар амал-әрекеттерін жасауда. Соның бір айқын дәлелі сайлау науқаны. Кезінде Кеңес үкіметі еңбекшіл таптың мүддесін қорғаймыз деген желеумен таптық тұрғыдан заң бұзушылықтарға барса, бүгінде билік тізгінін ұстағандар өздерінен өзгеше ойлайтындарға «жат пиғылдылар» деп айдар таңып, сайлауда бастарына әңгір таяқ ойнатты. Оларды парламент қабырғасына жібермес үшін сайлау барысында сан түрлі бұрмалаушылықтарға барды. Оны интернет желісінен көрдік. «Жемқорлық жойылсын, жер шетелдіктерге жалға берілмесін, саяси тұтқындар босатылсын!» деп бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтерген оппозиция

өкілдерін мұздай қаруланған ОМОН жасағы қаңтардың сақылдаған сары аязында 8-9 сағат бойы құрсауда ұстап, ас-су бергізбеді, дәрет сындыруға да мұршаларын келтірмеді. Мұндай қатыгездік пен мейірімсіздікке қалай ғана жол берілді? Міне, халық осындай озбырлықтардан ашынып күйінеді.

Еркіннен, елдігіннен не қалады?

Шындығына келгенде қарапайым жұрт партияларды танып-біліп ажырата да бермейді, себебі «партиямыз» деп көкірек керетіндер жылдар бойы ұйқыда жатып, сайлау мерзімі жақындағанда ғана оянып, белсенділік танытқандай болады. Соданда ма біздегі сайлау қорытындыларын сәуегейлер науқан басталмай жатып-ақ шығарып қояды. Оны көзіқарақты жандар жақсы біледі. Сондықтан да қашанғыдай билікке бүйректері бұратын үш партия әдеттегі жорға жүрістеріне салып кезекті рет Мәжіліс төріне келді. Олар, 2012, 2016 жылдардағы сайлауда да «алдарына кара салмаған» болатын. Ақиқатында халықтың басым бөлігі тұратын ауылдық елді мекендердің намысын жыртқан «Ауыл» партиясының халықтық (бұрынғы коммунистік) партияға жол берді дегеніне өз басым еш сенбеймін. Кешегі, 1928 - 30 жылдары ұжымдастыру (коллективизация) науқанын ұйымдастырып, қазақты аштық қасіретіне ұрындырған, жер бетіне тентіретіп жіберген коммунистерді алға оздыру қазақ ұлтын қорлау деп білемін. Бұған жол бергендер уақыты келгенде қатаң жазалануы тиіс. «Еркіннен, елдігіннен не қалады, әркімнің айдауына қойдай көнсең» деген нақыл осындай да айтылса керек. Кедейшілік пен қымбатшылық асқынып, иықты талдырып бара жатқан және короновирус індеті дендеп, небір азаматтарды қара жердің қойнауына алып жатқан, мына өлшемі бір-ақ тұтам қысқа дүниеде халық шынайы өзгерістерді қалайды. Арқандалған құр аттай отыз жыл бойы бір қазықты тентек қойдай шыр айналып жүре берсек, жас ұрпақтың тағдыры не болады?

Наданнан би қойсаң ...

Сайлау жырын айта берсең таусылмайды. Сонда да бірер сөз қосар болсам кейбір шенділердің депутаттық мансап, атақ, лауа-

зым, шен үшін ұзақ жылдар бойы билік баспалдақтарынан түспей жүретіні таңғалдырады. Мысалы, сонау Қонаевтың, Колбиннің және бергіндегі Назарбаевтың, Тоқаевтың тұстарында жауапты қызметтер атқарып заман ағымына бейімделе білген (жел қалай қарай соқса, солай қарай майыса салатын) депутат Қ.Сұлтановтың ерден түссе де аттан түспей қырық жыл бойы ат ауыстырып жүре бергені саясаттағы феномендік ерекше құбылыс деп ойлаймын. Сонымен қатар, жаңа депутаттардың ант бергенде екі-үш сөздің басын құрай алмай ақ тер, көк тер болуы, қазақ қауымына танымал тіл жанашырының депутаттық мансапқа қолы жеткен соң қоғамдық орыннан мас болып көрінуі көп нәрсені аңғартса керек. Міне, осындай «халық қалаулыларының» мемлекет және ұлт мүддесіне қызмет ететіндігіне сенім аз. Осы мысалдардан билік баспалдақтарына қандай деңгейдегі адамдардың келетіні көрініп тұр. «Соқырдан қарауыл қойсаң - елінді жауға алдырар. Наданнан би қойсаң – елінді дауға қалдырар» деген осы. Біз, Бейімбеттің Мырқымбайынша «Бәрі жақсы, керемет!» деп жалпақшешейлікке салынып жүре берсек, «кұлды, бәрекелді өлтірер» деген тұжырымға келеміз. Сондықтан да сайлау демократиялық талаптарға сай өтуі тиіс. Парламентте екі палатаның болуы да қисынсыз. «Би екеу болса, дау төртеу болады» деген, біздің ел автономиялық құрылымдары бар Ресей секілді федеративтік мемлекет емес, бөлінбейтін унитарлы ел, олай болса жоғары палата Сенаттың не қажеттілігі бар? Бұл туралы саясаттанушылар да, сарапшылар да айтудай-ақ айтып келеді, бірақ нәтиже жоқ. Жекелеген адамдардың депутаттыққа өзін-өзі ұсыну мүмкіндіктері де қайта қарастырылуы керек. Қазақстан халық ассамблеясынан Мәжіліске депутаттар сайлау доғарылуы қажет. Ата заңымыз бойынша депутаттарды тек халық қана сайлай алады. Сонымен қатар, сайлауда жасырын дауыс берілетіндіктен кабина есігінің шымылдығы жабылып тұруын да ескеру қажет. Ең бастысы сайлауда дауыс ұрланған жағдайда, ол қылмыс саналып, кінәлілер заң алдында жауап берулері тиіс.

ЖОҒЫМЫЗДЫ БҮТІНДЕП, ЖЫРТЫҒЫМЫЗДЫ ЖАМАЙЫҚ

«Ұмығтарсың таң атса, айсыз алаң кешкіні. Бірде тұман, бірде ашық, бұл дүниенің бес күні» демекші әлем кеңістігін қалың тұман басып, аспанын қара бұлт торлады. «Коронавирус» індеті бүкіл дүниежүзі халқының бойына қорқыныш ұялатып, үрейін ұшырды.

Таудай болып басталған бағдарламалар ...

«Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен алады» дегендей қатерлі дертпен қосыла шапқан мұнай бағасы да құлдырап, қаржы дағдарысын тудырды. Ұлттық теңгеміз құнсызданып, экономика тығырыққа тірелді. «Әшейінде, қарағым, ит қапқан соң не сорым» дегендей айдың-күні аманда қымбатшылық қысымынан күнделікті ішіп-жемін, ас-суын әрең айырып отырған қараша халыққа тосыннан келген соққы ауыр тиіп отыр. Оның беті жуық арада қайта қоймаса әлеуметтік жағдай ушығып, тұрмыс жүдеп, солғын тартпасына кім кешіл? Бар қиындықты көретін ат түгінде қара халық, ат төбеліндей ұлықтар мен олигархтардың ұрттары сола қоймас. Бүгінде қауіпті індеттен борандағы қойдай ығып, жанұшыра аласұрған қала жұрты өз шаңырақтарында жыланға арбалған торғайдай шырмалып, тар бөлмелерде ұзына күнге төрт қабырғаны түгендеп отыруға мәжбүр. Жүйкенің жұқаруынан кейбіреулер дәрменсіздік танытып, өмірден торығуы да, түңілуі де мүмкін ғой. Мұндайда, әрине, өр мінез, мықты ерік-жігер керек. «Тоғыз ай толғатқан келіншектей тозып кетпейік» десек сабыр сақтағанымыз жөн. «Сабыр түбі сары алтын, сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа», – деп ата-бабаларымыз бекер айтпаған болар. Иә, тас кенедей жабысқан індеттен құтылу үшін орасан зор қаржы керек екен. Кезінде көзбояушылыққа салынып, елімізді дүниежүзіне танытамыз деп, қазына қаржысын оңды-солды шашып, әлемдік «ЭКСПО» көрмесі, Универсиада, Азиада, небір атышулы форумдар мен саммиттер және

симпозиумдар өткіздік. Сол дарақылықтан, дүрмекке ілесе шабу-дан не ұттық? Қазір солардан белгі де, із де жоқ. Желге ұшқан қайран ақша? Ал елімізде әлі күнге дейін апатты жағдайда және үш аусымда оқытатын, дәретханалары сыртта орналасқан мектептер бар (XXI ғасырда мұндай жағдайдың орын алуы-ұят, масқара?). Аурухана, емхана, балабақша, тұрғын үй (баспана) жайы, жалпы әлеуметтік сала инфрақұрылымы сын көтермейді. Ойқы-шойқы, шұрық-тесік жолдардың түрі анау? Шаужайдан алып, аяқ бастырмайтын, ащы ішектей шұбатылған проблемалардың көптігі сондай, түгендеп біте алмайсың. Соған қарамастан, «аттылыға еремін деп, жаяудың таны айырылыптының» керін киеміз де отырамыз. 30 жыл бойы экономиканы диверсификалаймыз, яғни, жаңаша құрылымдаймыз, әртараптандырамыз, түрлендіреміз, гүлдендіреміз, сүйтіп жұмақ орнатамыз деп, әлемге жар салып келдік. Сол даңғаза ұрандар қазіргі таңда жемісін бергенде жағдай басқаша өрбір еді ғой? Осыдан он жылдан астам бұрын біздің «Бастау» газетіне берген сұхбатында экономика ғылымдарының докторы Орақ Әлиев: «Экономика дегеніміз отандық тауар өндіру, қалғаны бос шатпақ» дегені есімнен кетпейді. Біз болсақ күні бүгінге дейін мұнайды қуған сыңаржақ экономиканың соңынан түсіп, қалғанын шетке ысырып қойдық. Тұтыну бұйымдарының денін сырттан әкелеміз, тіпті іш киім, төсек-орын жабдығына дейін. Ал қабылданған бағдарламалардың санынан көз сүрінеді, аттарынан ат үркеді. Бір ғана «2000-2003 жылдарға арналған импорт алмастыру» бағдарламасын» алайықшы, содан не шықты? Қазір оны ешкім де есіне алмайды, ол туралы жақ та ашпайды. «Жемқорлыққа 10 соққы» ше? Бұл құжатты қабылдағаннан кейін парақорлық өспесе, азайған жоқ. Солай кете береді. Реформаларды жүзеге асырудың нақты механизмдері жасалмағандықтан, бәрі қағаз жүзінде қалды. Басы таудай болып басталған дүниелердің, аяғы қылдай боп бітіп, құрдымға кетті. Осылайша, сылдыр сөз, бос уәде, даңғаза ұранмен отыз жылды өткіздік. Миллиард пұт астық, сексен млн тонна мұнай өндіреміз, бірақ не нан, не жанар май бағасы арзандамайды. Кереғарлық (парадокс) деген осы.

Түйе қырық күндік шөлде ...

Жалпы, қымбатшылыққа етіміз үйреніп кетті, оған қалыпты жағдай деп қарайтын болдық. Экономистердің айтуында, бағаның өсуін әкімшілік жолмен шектеу тұйықтан шығармайды, нарықтың басты заңдылығы сұраныс пен ұсыныс өзін-өзі реттеуі тиіс. Тәуелсіздік жылдарында демократиялық құндылықтар шетке ысырылған соң, «кімнің аты озса, тарысы піссе» соның жанынан табылатын жарамсақтар мен жағымпаздар, алаяқтар мен паракорлар өсіп жетіліп, үстемдік құрды. Қорытындыда, тасбақа жүріспен бүгінгі күнге де жеттік. Ендігі, шындықты айтқан адамға қоканлоқы көрсетіп, айбат шегуді тоқтату керек, оның күні өтті. Ашық салиқалы диалогқа көшкен дұрыс. Имам Абыздың Наурызбай батырға: «Пысықтар ат шыға алмас белге шықты, қояннан арыстан бұғып, жерге бұқты. Түнде жортар сырттанды, қаншық үріп, жерге тықты», – дегені еске түседі. Жағдайды бүркелемей, ақиқатты айтудың кезі келді. Билік «бөлтірігін талаған бөрідей» өз халқын тонаған олигархтардан, латифундистерден, қазақтың байлығына, жеріне көз тіккен шетелдіктерден іргені аулақ салып, қара халыққа бет бұрғаны жөн. Себебі, алдағы уақытта баға шарықтап, елді діңкелетіп, ішек үзілер халге жеткізер болса, кедей-кепшікке, жоқ-жітікке қиын болайын деп тұр. Сол үшін де адамшылық өлшемінен алыстамай ірісі бар, майдасы бар билік дәлізіндегі шен тағып, шекпен киген шенеуніктер мен халық ішінен шыққан белсенді азаматтар, партия мен қоғам өкілдері: «аққу-көкке, шаян – шөлге, шортан – көлге» тартпай, жұдырықтай бірігіп, ушыққан мәселелерді шешкені дұрыс. «Билік кімде болса, сұрау содан» деген, сондықтан жауапкершілік бірінші кезекте ұлықтарда. Егемендіктің туы көтерілгеннен қызыл сөзге иек арттық, енді ұлт пен халық үшін нақты қызмет істейтін кез келді. «Түйе қырық күндік шөлде, өзінің өркеш майын сорып күн көреді екен. Ол біткенде жата қалып тұрмайтын» көрінеді. Ендеше, тұралап қалмайық десек, «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын шынайы түрде жүзеге асырып, жоғымызды бүтіндеп, жыртығымызды жамайық.

ҰЛТ ТҰНЫҒЫН ЛАЙЛАМАЙЫҚ

«Евразия» арнасында күнделікті үш сағат бойы жүріп жатқан «Қалаулым» бағдарламасы туралы ой-пікірімді білдірейін деген ниетпен экранда көрсетілген телефон нөміріне үздіксіз қоңырау шалдым. Бір айдан асқанда ғана дегеніме жеткеніммен эфирге қоспады. Содан, «айтпаса сөздің атасы өледі» дегендей, газет бетіне жүгінуді жөн көрдім.

Ұлттың ар-ожданы қыз бала

Әр буынның ұрпақ алдындағы міндеті бар, соған орай туындаған ой ғой менікі. Айтпағым, ұлттық тәрбиенің рөлі еді. Иә, екі жастың басын қосу сауапты іс, оған ешкімнің таласы жоқ. «Құс ұшуға, қыз бала бақытты болуға жаралған», «Өзінің теңін тауып қосылмаған қыз жетім», – деп тегін айтылмаған. Ата-бабаларымыз: Ұл өсірсен – ұрпағыңды, қыз өсірсен – ұлтыңды сақтайсың», – деп қыз баланың басынан құс ұшырмай, маңдайына күн, бетіне жел тигізбей үкідей үлгілетіп өсірген. «Қыз қабағын кірбің шалса, бір қауым жұрт жамандыққа тап болар, езуіне күлкі жүгірсе жақсылыққа жолығар», – деп қызын көзінің қарашығындай сақтаған. Халықтың, ұлттың ар-ожданы, абыройы, намысы-қыз бала деп білген. Қазақ қызына тіл тисе дүйім жұрт тайлы-таяғы қалмай атқа қонған. «Әйел бұзылса – ел бұзылады», – деп түсінген. Сұлу әрі ақылды әйелді – жеті қазынаның бірі деп білген. Көркіне ақылы сай қыздарды «ақсұңқар қыз» деп атаған. Қыздарын «шаштың ұзынында, беттің қызылында» ұзатқан. Әрине, «көн етіктіні менсінбей, көк етікті кездеспей» отырып қалған қыздар да болған. Халқымыз: «Жігіттің алған жары жақсы болса, алдынан аққу ұшып, қаз қаңқылдар», – деп ұлдарының үйленуіне үлкен мән берген, сондықтан ер жігіттер ел аралап, қыз таңдаған. Ғашықтары үшін бастарын оққа тіккен. Небір поэтикалық теңеулермен: «Мен ұстадым қалқаның білегінен, ғашық оты кетпейді жүрегімнен», – деп сезімдерін білдірген. Ұлы классик Достоевский: «Әлемді сұлулық қана құтқарады» дегенін-

дей ұлдарымыз бен қыздарымыз сұлулыққа, әдемілікке, әсемдікке құмар болса екен деймін. Қазақ мемлекет құрушы ұлт болғандықтан жастарымыз басқа этнос, диаспора өкілдеріне үлгі-өнеге болулары керек. Мен «Қалаулым» бағдарламасынан ұлтымыздың әдеп әліппесіне сай бүгінгі қазақ ұлы мен қызының айшықты образын көргім келіп еді. Ол тәрбиенің мектебі болса екен деп едім (теледидар ағартушылық рөл атқаруы керек қой). Өкінішке орай бағдарлама иелері біз өмір шындығын боямасыз көрсетеміз деген желеумен қарабайырлыққа ұрынып, тұрпайылыққа жол беруде. Көрермендер қатысушылар арасындағы ұрыс-керіс, бет жыртысу, салғыласу, көкбеттілік таныту, беттен алып, төске шабу сияқты дөрекіліктің небір түрлеріне куә болуда. Жүргізушілер жағдайды ушықтырмай, орта жолдан тыйып тастаудың орнына отқа май күйғандай, әліптің артын бағып отыра береді. Сондағылары Ресейдің «Пусть говорят», «Давай, поженимся» бағдарламаларына еліктегені. Біздің ұлттық менталитетімізге қайшы келетін мінез-құлықтарды көрсетіп не абырой табамыз? Үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіру қайда? Шаңырақ шайқалмас үшін ұлдарымыз ұлықты, мінезді, қыздарымыз инабатты, қылықты болып өсулері керек қой? Ұстамдылықты, кісілікті, кішіпейілділікті, парасаттылықты, мейірімділікті, адамды ғайбаттамауды, дөрекіліктен аулақ болу секілді қасиеттерді уағыздаудың орнына адам жиренетін жаман әдеттерге жол беріледі. Бір сөзбен айтқанда тазалық пен тектілік жетіспейді. Тұрмыста болған келіншектерді қыз деп жас жігіттерге телиді. Он екіде бір гүлі ашылмаған қыздарға отбасын құрған үміткерлер сөз салады. Интеллектуалдық деңгейлері жер мен көктей жандарды бір-біріне қосуға әрекеттенеді. Әркімнің өз құқығы бар деген сылтаумен қазақ ғұрпында болмаған, ұлттық болмысымызға жат «азаматтық неке» деген пәлені жастардың бойына сіңіруге тырысады. Бабаларымыз: «Есті қыз етегін қымтап ұстар», «Есік көргенді емес, бесік көргенді ал» деген. Ал ұлы Абай: «Жасаулы деп, малды деп, байдан алма, кедей қызы арзан деп құмарлан ба, ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан ғапыл қалма»,

– деп өсиет айтқан. Қыз-жігіттеріміз ай мен күндей жарасып жүрсін десек ұлттық тәрбиенің тұнығын лайламай, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрден алыстамайық. Көргендер аңсап шөлдеген қыздарымыз өмірде тұлпар шабыс танытар жігіттің сұңқарына шықсын десек, тәрбиеге жете мән берейік. «Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмайды» қағидасын естен шығармайық. Бағдарламаға әншілермен қатар, түрлі саланың ғалымдары мен тарихшыларын, жазушылар мен ақындарды, этнографтар мен басқа да елге танымал тұлғаларды шақырып, солардың әңгімесін жас ұрпаққа тыңдатқан жөн. Бос сөз, арзан күлкі, тұрпайы қылықтар бағдарламаның қадірін қашырып бітті.

Аралас неке

«Бос жатқан жер жау шақырады» деген бабаларымыз. Жер көлемі жағынан Қазақстан дүние жүзінде 9-шы орын алады, ал халқымыздың саны болса бар болғаны 18 млн. Демографтардың есебі бойынша мұндай аумақта кемінде 60 млн адам тұруы қажет екен. 1931-33 жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ашаршылық болмағанда қазірде халқымыздың саны сол шамада болар еді дейді ғалымдар. Жер мәселесі әлемде ушығып тұрғаны белгілі. Біздің кеңбайтақ даламызға көз алартқан көршілеріміздің қатарында құмырысқадай құжынаған Қытай, халқының саны жыл сайын артып келе жатқан Өзбекстан (бүгінде 33 млн-ға жетті), ауық-ауық жер даулап, ақырыш қоятын империялық пиғылдағы Ресей, сонымен қатар Африка, Азия құрлықтарынан ағылған босқындар жеткілікті. Сондықтан қазақтың жағдайында жерді сатуға, қыз баланы басқа ұлтқа беруге болмайды. Мұны қазірден ойламасақ кеш қаламыз. Қолыма түскен 2009 жылғы статистика мәліметіне көз жүгіртсем, бір жылда 2000 қазақ қызы басқа ұлтқа тұрмысқа шыққан, солардың ішінде кім жоқ десенізші, орыс, қытай, түрік, әзірбайжан, ағылшын, неміс т.т. боп кете барады. Тіптен екеуі алыс Сібірдегі чукча азаматымен бас қосыпты. Сонда деймін, қазақтың қызы әркімнің құшағында кете беретін қолжаулыққа айналған ба? Бұлай кете беретін болса болашағымыз не болмақ? Ата-бабалары-

мыз біздерге жерді, елді, тарихты, дәстүрді, ән-күйді аманаттап кетті емес пе? Ал аманатқа қиянат жасағанды Құдай кешірмейді. Махаббат өз еркім деп жағтың түтінін түтетуге құштар қыздар өз ұлтының мүддесін неге ойламайды? Олардан туған бала қазақ болып жазылмайды ғой? Анасы нәрестесіне ақ сүтін бергенде бөтен жұрттың санын көбейт, намысын жырт деген жоқ шығар, сондықтан мен мұны опасыздық деп білемін. Екіншіден, мына жайтқа көңіл аударайықшы. Ежелден шахмат ойыны ақыл-ойдың ойыны саналады. Кеңес Одағы кезінде грузин қыздары Нона Гаприндашвили, Нана Александрия, Нана Иосилиани, Нино Гуриели, Мая Чебурданидзе шахмат спортынан әлем чемпиондары атанды. Сол шақта, шамамен 1950-60, 1960-70, 1970-80, 1980-90 жылдары, тиісінше, Аида Мүсілімова, Пану Әбдіқасова, апалы-сіңлілі Гүльнара мен Элеонара Сахатова және Ләззат Тәжиева Қазақстан чемпионы атақтарын ұстап тұрды. Ал бүгінде де жеті атаға дейін қыз алыспау, яғни қан тазалығын сақтаудың арқасында қазақ қыздары Динара Сәдуақасова мен Жансая Әбдімәлік 20 жасқа дейінгі жастар арасында 2016 және 2017 жылдардағы әлем чемпионы атақтарын жеңіп алды. Сонымен қатар, Ресей туы астында өнер көрсеткен он үш жасар Бибісара Асубаева Жансаядан кейінгі 2-ші орынды еншіледі. Соңғы, жүзден асқан мемлекет қатысқан шахмат олимпиадасында Гүлісхан Нақпаева бастаған, Гүлмира Дәулетова қоштаған аруларымыз 5-ші орынға табан тіреді. Бұл дегеніңіз ұлтымыздың асыл гені (1470 жылдары Керей мен Жәнібек хандардың енгізген тәртіп ережесінің нәтижесінде) қазақ әйелдерінің бойында сақталған деген сөз. Ендеше, оны сыртқа шығаруға болмайды. Үшіншіден, психолог мамандардың пайымдауында уақыт өте келе аралас некеге тұрғандардың арасы көп жағдайда суи бастайды, себебі ұлттық менталитет өз дегенін істейді. Көзқарас қайшылықтары пайда болып, ақыры жұп ажырасуға барады. Төртіншіден: күндер өте «күйеу бала» тарихи отаныма кетем деуі мүмкін ғой, сонда «қызымыз» ата-жұртын тастап кете бармақ па? Бесіншіден: жаман айтпай жақсы жоқ, ел басына күн туғандай болса, мысалы Украинадағыдай. 2014-

15 жылдары азамат соғысының кесірінен Донбас пен Луганскіден 3 млн адам үдере көшкен. Сонда аралас некеде тұрғандар, не істерлерін білмей дал болған. Әйелі Украинаның өзге облыстарына кетем десе, күйеуі Ресейге көшемін деп (не керсінше) лаң салған. Нәтижеде, балалары екі оттың ортасында қалып қатты қиналған. Бұл трагедия емей немене? Жапондар ұлт мүддесін жеке бастың бағынан жоғары қоюының арқасында өркениет көшінің алдына шықты. Англия болса, «ағылшынның мәңгілік жауы жоқ, оның мәңгілік ұлттық мүддесі ғана бар», – деп өз тілдерін әлемге таңды. Қытайлар: «аспан астының көркеюі мен күйреуіне әрбір ханзу жауапты», – деп халқын миллиардтан асырды. Қазақ қана: «жаман үйдің қонағы билейдінің» керін келтіріп, бөтеннің тілін төрге оздырды. Жерасты байлығын талан-таражға салды. Бұл ұлттық мемлекет құрмауымыздың салдары. «Қалаулым» сияқты қазақтың табиғатына сай келмейтін бағдарламаларды тудырып, қыздарымыздың жатқа кетуіне ықпал жасалып жатыр. Өз басым ұлт мүддесіне қайшы келетін дүниелерге мүлдем қарсымын.

2017 жыл

ӨЗ ҰЛТЫН СЫЙЛАМАУ, МАҚТАН ЕТПЕУ ...

Саясаткер Айдос Сарымның орталық газеттердің біріне берген сұхбаты осы кішігірім мақаланы жазуға түрткі болды. Ол өз сөзінде мына бір ойдың ұшқынын шығарады: «Батыстың ірі ойшылы Эрнест Ренан: «Ұлт дегеніміз – күнделікті плебисцит» дейді екен. «Бұл не деген сөз» дейді де оны былайша түсіндіреді: «Ұлт, мемлекет және оның азаматтары өзінің осы мәртебелі атаққа лайық екендіктерін күнделікті істерімен дәлелдеп отыруы тиіс... Ұлт қаймағы болып саналатын зиялы қауымның парызы 2030 жылғы қазақтың ғана емес, 2130 жылғы қазақтың тірлігі туралы да ойлануы, уайымдауы керек» деп қорытындылайды. Сол жолдарды оқи отырып: осы біз қаншалықты бұл қағидаға саймыз деп ойлайды екенсің.

Себебі, тіліміз анау, шұбарланып орыс пен ағылшын тілдерінің көлеңкесінде жүрген, байлығымыз ол алпауыт олигархтардың қанжығасына байланып сыртқа кетіп жатқан. Өндірісімізге келсек отандық тауарлар жоқтың қасы деуге болады. Кедендік одаққа кіреміз дедік те сапасы әлемдік стандарттарға сай келе бермейтін, тазалығы күмән тудыратын Ресей мен Беларусьтың өнімдеріне тәуелді болып көміліп қалдық. Өткеніміз болса қайта саралауды, ал болашағымыз бірыңғай экономикалық кеңістік аясында Евразиялық одақ құрылатындықтан тұманды болып тұр. Ресеймен құрамдас болып тұрғанда жазылған тарихымыз да ұлттық мүдде тұрғысынан қайта жазуды күтуде. Салт-дәстүріміз де (әсіресе қалалық жерде) тиісті деңгейде сақтала бермей сыр беріп жатады. Еліміздің бас мерекесі Тәуелсіздік күнінің өзі батыстық құндылықтарға негізделген православиялық діндік үлгісі, католиктік сипаты бар, орыс халқының ертегілерінің желісімен қойылатын шыршаның тасасында қалып жүр. Музыкамызға келсек те ол ұлттық бояумен, халық әндерінің нақышымен әрлене бермей жат-жұрттардың (орыс, ағылшын, қырғыз, түрік, өзбек) әуендерімен былғануда. Тізе берсек кемшін түсіп жатқан тұстарымыз жетерлік. Оның бәрін санамалауды мақсат тұтпадым.

Жаны ашымастың басы ауырмас

Осы ойдың жетегінде отырып бір ғана ұлттық құндылығымыз домбыра туралы айта кетсем деп едім. Халқымызбен ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан киелі аспап домбыраны да көпшілік қауым қолға ала бермейтін болды. Бабаларымыз болса іштегі шерін, көңілдегі мұңы мен қуанышын, өмірдегі салтанатты шақтарын, қаралы күндерін осы екі ішекті, бір тиекті, тоғыз пернелі домбыраның үнімен шығарып келді. Оны қастерлеп төріне ілді. Келген қонақтар да, үй иелері де кәде сыйы мен ауылдың алты ауызын домбыраның сазды әуенімен жеткізетін. Осы дәстүрді жалғастыра отырып бүгінгі біздер де домбыраны төрімізге ілсек, сонда оны көріп көздері үйр болған ұл мен қыздарымыз да күндердің күнінде қолдарына киелі аспапты алары сөзсіз. Домбыра

құдіретін насихаттау мақсатында мәдениет бөлімі ауданымызда бес жыл бойы «Нағыз қазақ домбыра!» байқауын өткізіп келеді. Соңғысы өткен жылдың желтоқсанында өтті. Сонда әрдайым ойлаймын жүрегі «қазақ» деп соғатын ауыл округтарындағы және оқу орындарындағы жауапты қызметкерлер мен мұғалімдер бұл шарадан тыс қалмай өз жүйректерін өнер бәйгесін қосады ғой деп. Бірақ іс мәдениет жаршылары болжағандай бола бермейді. Жер-жерде ұлттық шараға тым селқос, жүрдім-бардым, атүсті қарайды. Құдды бір бөтен елдің құндылықтары уағыздалып жатқандай. Мысалы 2012 жылы байқауға 64 өнерпаз қатысса, былтырғы жылы олардың саны бар болғаны 47 санын құрады. Себебі таза қазақ мектептері І.Есенберлин, Абай, Ж.Молдағалиев, Балқаш, Оян, Құлжабай батыр, сондай-ақ аралас саналатын М.Горький, К.Тоқаев, С.Морозов, Дзержинск, Панфилов, Тельман атындағы мектептер байқауға ересектер де, оқушылар да арасында бірде-бір үміткерін қоспады. Мұны қалай түсінуге болатынын өз басым ұқпадым. Көбісінің айтатын уәжі бізде домбыра үйрететін мұғалім жоққа саяды. Солай-ақ болсын делік, бірақ бес жыл бойы бұл мәселе ойластырылса бір амалын табуға болар еді ғой? «Жаны ашымастың басы ауырмас» деген, ұлттық мүддеден аулақ жүретін адамдардың іс-әрекеті қашанда осындай шалағай болады. Тағы бір ескерер жай, ата-бабаларымыз музыка мектебінен өтпей-ақ қолдарына домбыра ұстады. Насихаты дұрыс болса бала өз бетімен де үйреніп кетеді. Тек ынта мен ниет болсын дейік. Жалпы ішкенге маз, жегенге тоқ болып жүре берсек ұлттығымыздан не қалады? «Қызметтің құлы болғанша, қазақтың ұлы бол» демеуші ме еді данышпандарымыз. Ал қаһарман батыр Бауыржан Момышұлы «Өз ұлтын сыйламау, мақтан етпеу сатқындықтың белгісі»деп шорт кеседі. Осы түсініктерді естен шығармасак екен.

2014 жыл

АШАРШЫЛЫҚ НӘУБЕТІ

XX ғасырда халқымыз бұрын-соңды қазақ даласы көрмеген ең ауыр зұлмат ашаршылық нәубетіне ұшырады. Боздақтардың рухына тағзым ете, тарихшылар еңбектеріне сүйене отырып, ашаршылық қасіретін ой елегінен өткізіп көрейікші.

Аштық қасіреті

«Саяси қуғын-сүргін» ұғымы Қазақстан үшін қазақ халқының 1916 жылы отаршылдыққа қарсы шыққан кезеңінен бастау алады. Ал оның салдары – аштық Қазақ елінде 1918 жылы басталып, 1932 жылдың қанды қырғынына ұласты. Халқымыз үш рет сұрапыл аштықты басынан кешірді. Біріншісі, 1918-19 жылдары Ресей қоғамында ақтар мен қызылдар соғысында болды. Сол жылдары қазақтың қолындағы малын біресе ақтар, біресе қызылдар тартып алып, халықты аштыққа ұрындырды. Қорытындыда, 700 мың адам көз жұмды. Екіншісі, 1921-22 жылдардағы аштық, мұның себебі, күні кешеге дейін айтылып келген қуаңшылық емес, кеңес үкіметінің экономика саласында жүзеге асырған «соғыс коммунизмі» саясатында жатыр. 1920 жылы Қазақстан шаруаларынан 44 млн пұт астық, 5 млн пұт ет, 333 мың пұт май және басқа да өнімдер күштеу, зорлау арқылы жиналып, Ресейге жіберілді. Осындай озбыр саясаттан 1 млн 200 мың адам аштан өлді. Үшіншісі, 1928-32 жылдардағы ұжымдасу және жаппай индустрияландыру науқаны саясатымен тікелей байланысты. Халықтың қолындағы малы колхоз меншігіне тартылып алынды. Ғылыми негізделмеген жоба миллиондаған халықтың қасіретті тағдырына айналды. Кеңес Одағында 1500 зауыт, фабрика, әскери нысандар, Мәскеу метросын салу жоспарланды. Жұмысшыларды тамақпен қамтамасыз ету үшін 1928 жылдың 27 тамызында кәмпеске жайлы қаулы шықты. Соған орай, байларды тап ретінде жойып кәмпескелеу, өздерін жер аудару, көнбегендерін «банды» деп оққа ұстау көзделді. Соның салдарынан айрандай ұйып отырған қазақ елі быт-шыт болып, тоз-тозы шықты.

Қазақстанда колхоздар арқылы жиылған қыруар малды сол жылдары құрылған «Союзмясопродукт», «Животноводсоюз», «Скотовод», «Овцевод», «Ленинградмясопродукт», «Москвмясопродукт» т.б. алпауыт ұйымдар арқылы жұтып қойып отырды. Сол шақта алай-дүлей соққан борандай елде шолақ-етек белсенділер қаптап кетті. ГПУ бар, партия өкілдері бар аюдай ақырып, бурадай бақырып, өгіздей өкіріп ауылдарға келді. Үй-үйді тінтіп, барды сыпырды. 1925 жылы Үкімет басына Ф.Голощекин келердің алдында қазақта 47 млн мал болды, содан 5-ақ млн қалды. Кешегі қора-қора қой, табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқы қостары тып-типыл болды. Қазақтың малы мен астығын күштеп тартып алған соң «құс не балық аулағандар сотталады» деген жасырын қаулы шығарылды. Содан аштық басталды. «Революция зорлықсыз болмайды» деген ұранмен большевиктер халықты, осылай, қанды қырғынға ұшыратты. Жұрт қынадай қырылып, халық қан жұтты. Елінен босқан қазақтардың зарлы әуендері, әйелдердің: «Адамға аяушылығы жоқ бұл не деген зар заман?! Не жаздық, бұл Құдайға құлындарымызды қосақтап алардай, не күнәміз бар еді? Торжорғадай толықсыған ел едік қой, не болды енді? Қайран ел, осылай тоз-тоз болып кеткенің бе?» деп зарлаған дауыстары әлі күнге дейін жаңғырып естіледі. Мұндай адамзат тарихында болмаған қолдан жасалған қырғынды ешкім ақтай алмайды. Бұл ұлы дала бұрын-сонды көрмеген сұмдық тажал болды. Елі мен ерінен айырылып, қанатынан қайырылған халық табандары тілініп шұбырындыға ұшырады. Еңіреген ел қорек іздеп бастары ауған жаққа босып кетті. Аштықтан халық шығарға өр, кірерге көр таппады. Ауылдарда үрерге ит, сығарға бит, тігерге тұяқ қалмады. Халқымыздың шаңырағын шайқалтып, қайғы-қасірет әкелген сол бір сұмдықтарды айтып тауысу мүмкін емес. Адамдар өлекселердің етін жеп, шөп тамырларын қазды, қайыр тілеп көшеде қаңғыды, Қоқыс төгетін шұңқырлардан тамақтың қалдығын терді. Қараусыз қалған балалар аурудан, суықтан, аштықтан қиналып өлді.

Салық зобалаңы

Колхоздастыру тұсында шаруаға салатын салық өте көп болды. Қазаққа салықтың 16 түрін салды. Әр отбасына жүн, тұяқ, мүйіз, тері-терсек, астық, ет, май т.б. салықтар салынып зорлық үстемелене берді. Отын, қатық салығы да болды. Қыстың қақаған қысында көрпе сөктіріп, мал қырықтырып, жүн салығын төлеттірді. Халықты қорлау мен қинау үшін тышқан мен жыланның, кесіртке мен иттің терісін өткізуге міндеттеді. Мұның бәрі ашыққан халық аштан өлсін деген шара еді. Бір сиыры барларды екі сиыр өткізесін деп қоқан-лоқы көрсетті. Жауыздар қазақ халқына жантүршігерлік азаптаулар жасады.

Салық төлей алмағандарды қыста жалаң аяқ қардың үстінде жүргізіп қинады.

Бойжеткен қыз балаларды зорлап, ұрып-соғып өлтірді. Кейбір қазақтарды төбесінен керосин құйып тірідей өртеп жіберген оқиғалар да тіркелді. Салық үстіне жаңа салық облигация қосылды. Оны халыққа бөліп беріп, ақша төлетті. Төлей алмағандарды «бойкот» деп жариялады, яғни, олар қоғамға қарсы элементтер болып саналды. Орындау мүмкіндігі жоқ, шамадан тыс салынған салық саясаты халықты ашындырып көтеріліске шығарды. 1929 – 32 жылдары Қазақстанда 380 шаруа көтерілісі болды. Олар жандарын шүберекке түйіп, мылтық табылмаған соң, қолдарына шалғы ұстап, шоқпар іліп, сойыл сүйретті. Көтеріліске қатысқан мыңдаған адамдардың ісіне саяси астар беріліп, олар зеңбіректің оғымен қанға бөктірілді. Адамзат тарихында болмаған аштық даланы, осылай, қанға бояды. Қазақтың кең даласы қаңырап бос қалды. Ұлт рухы өшті. Сүйектері көмілмей шашылып қалған олардың әруағы әлі де болса өз мекендерін қиып кете алмай, туған жер аспанында қалықтап ұшып жүр. «Ей жазықсыз қырылған жақын-жұрағат, аға-бауыр, іні-қарындас, обалдарың зар заманға, озбыр большевиктерге, қатыгез адамдарға болсын. Жатқан жерлерің жайлы, топырақтарың торқа болсын! Қазақ даласының әр қиырында жазықсыз қырылып, тұқымы ұрпақсыз кеткен аруақтарға облыс, аудан орталықтарында

ескерткіштер тұрғызылсын! Олардың рухынан кешірім сұрап, ата-бабамызды қастерлейік! Сонда ұлтымыздың қасиеті бұрынғы қалпына түседі», – дейді ұлт мүддесін көздейтін көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар. Осылайша, үш дүркін соққан аштық апатынан 5 млн жуық адам қаза болды. 1 млн босқын қазақ шетелге ауды. «Қазақстанды мекендейтін барша жұрт қазақ ұлтының қаралы трагедиясының шындығын білуі тиіс. Ащы да қасіретті тарихты білу диаспора өкілдерін қазақ төңірегіне топтастыра түседі» дейді қоғамтанушылар. Соған баршамыз үлес қосайық. Азамат ретінде менің қолымнан келгені мемлекеттік қызметте жүргенімде мектеп оқушыларымен жоғарыдағы оқиғаларды сахналық қойылымдар түрінде жұртшылыққа көрсеткенім болды.

2018 жыл

ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ

Қасиетті аң саналып, күрделі бетбұрыстарға бастайтын барыс жылы халқымыз үшін қанды қырғынмен басталды. Себебі 30 жыл бойы ұшар шыңның басында қазынаның кілтін, қазанның құлағын ұстап отырған дөкейлерді күндіз-түні жер-көкке сиғызбай мақтап, құлдық санаға ерік берген сарай бұлбұлдарының әрекеті тым шектен шығып кеткен еді. «Тек!» деген жандардың аузына құм құйып, қолдарына кісен салып, темір тордың қапасына тоғытты, одан қалса атты (А.Сәрсенбаев, З.Нұрқаділов т.б.), не шетел асырды (Ә.Қажыгелдин, Ғ.Жақиянов, М.Аблязов, С.Медетбеков т.б.). Ақырында дұшпан болар көп өтірік пен шектен шыққан әлімжеттілік отқа сүйреп қан төккізді, ел тыныштығын бұзғызды. Өрі, әлем халықтары алдында масқара болып, мемлекетіміздің беделіне, абыройына орасан зор нұқсан келді. Нәтижеде, бұл елдің кожайыны мен боламын деген Құдай сүйер қылығы жоқ диктатор тағынан тайды. «Үлгісізден би қойсаң қасиеті болмайды» деп бұрынғылар бекер айтпаған екен. «Патша залым болса, жұрт азып тозады» деген осы болар.

Жауға жаныңды берсең де ...

Елдегі 162 олигарх қазақ халқының бар байлығының жартысынан астамын иеленіп отыр деген мәліметтің өзі туындаған мәселенің түп-төркінін айқындап тұр. Бар ауыртпалық кедей-кепшік, жоқ-жітіктің мойнына түсті. Қымбатшылық, жұмыссыздық, тойымсыздық, ашкөзділік, жемқорлық, паракорлық, әділетсіздік, заң алдындағы қорғансыздық, тіл саясатының бұрмалануы т.б. келеңсіздіктер жинала келе бір күнде дүйім жұртты алаңға шығарды. Ол Қазақстанның барлық өңірін қамтып, халықтық сипат алды, ешкім одан шет қалмады. Үйде қалғандардың өзі оларға тілектес болып отырды, бірақ арандатушылардың кесірінен соны насырға шапты. Билік шылбырының бір ұшын ұстап отырғандар мен арнайы жасақталған жандайшаптар екі араға ши жүгіртіп, бейбіт басталған шерудің ойран-ботқасын шығарды. 1986 жылғы жастар көтерілісі де Барыс жылына тұспа-тұс келіп еді. Оның саяси бағасы 35 жыл өтсе де берілмегендіктен осындай қайғы-қасіретке, зорлық-зұлымдыққа ұшырадық. Өткенді зерделеп, он шешімін шығарғанда мұндай зардапты бастан кешпес едік. Елде орныққан диктаторлық биліктен еш жақсылық күтуге болмайтынын өмірдің өзі көрсетті, халық күйзелді, жаншылды, езілді. Билік өзара ит пен мысықтай өш болғандықтан ТМД елдерінің ҰҚШҰ-на өтініш айтылып сырттан әскер кіргізілді. Ескертпей оқ атуға бұйрық беріліп, адамдар тозақ отына таңылды. Өз басым оның салдары ауыр болады деп ойлаймын. «Алмақтың да салмағы бар» деген, ендігі Ресейдің илеуі мен шылауында болатындығымыз анық, әрі бұл қазақ тарихының бетіне түскен кезекті қара таңба, оны бұдан былай еш сылып тастай алмайсың. Елімізде Қорғаныс пен Ішкі істер министрліктері және арнайы құрылған жасақтарда 280 мыңдай әскерилер бар деп айтылады ресми ақпараттарда. Солар ары кетсе мыңға жуық лаңкестерге, басбұзарларға төтеп бере алмайды деуге сену қиын. Әскери эксперт Амангелді Құрметұлының айтуында қарулы күштердің, яғни армияның ең жақсы деген бригадалары бүлікшілерге қарсы пайдаланылмаған. Мысалы, аэро-

мобильді күштер, десантшылар, теңіз жаяу әскері сияқты қуатты, дайындығы мықты бөлімдер бүлікті басуға жіберілмеген. Ал кіргізілген сыртқы әскер біздің бар құпиямызды, бекіністерімізді, шептерімізді, қорғаныстарымызды, қоймаларымызды т.б. біліп, қойын дәптерлеріне түртіп қайтқан. Бүгінгі дос ертең жау болмасына кім кепіл, сонда бәрі алдымыздан шықпай ма? «Соқырдан қарауыл қойсаң, елді жауға алдырасың» дегенді ұмытпайық. Соңғы жылдары Ресей билігінің жерімізге көз алартып жүргенін әркім де біледі. «Жауға жаныңды берсең де, сырынды бер ме» деген қазақтың баласы емес пе едік, сондықтан досқа күлкі, жатқа жем болып жүрмейік.

Жақсыда кек болмайды ...

Қаңтар қақтығысында қаншама жастың қанаты қайырылып, қыршынынан қиылды. Олар бір отбасының жалғыз ұлы, немесе асыраушысы, әкесі, жары, екінші бір жанұялардың сенім артқан серкесі, тірегі, сүйікті перзенті, өмірлерінің жалғасына баланған боздақтар емес пе еді? Дүрмекке еріп, туындаған жағдайға байланысты арнайы дайындалып, қаруланған содырлардың ішінде қосаққа қосылып кеткендеріне қаншалықты кінәлі? «Құс жаңылса торға түседі, ер жаңылса қолға түседі» дегендей қазірде оларды тергеп қинап жатыр. Желідегі ақпараттардан олардың соққыға жығылып, небір қатыгездіктерді бастарынан кешіріп жатқандарын естіп, біліп, көріп отырмыз. Ата-бабаларымыздың «жақсыда кек болмайды, жаманда тек болмайды» дегенін оқығаным бар еді, соған орай, ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мен ішкі істер министрлігінің полициялары кек алудың қамымен асыра сілттеп жатқан сияқты. Еуропа Парламенті де бұған назар аударды. Кей күштік құрылымдардың ұсталғандарға жасап отырған зұлымдықтары жан ауыртады. «Есер болмай ер болмайды» дегенді де ұмытпайық. Қызды қыздымен артық кеткендік болған да шығар, оны ескерген жөн. Арыстан жүректі жігіттерге темір шынжыр ар емес. «Аттың жақсысы кермеде, жігіттің жақсысы түрмеде» деген де бар. Тәуелсіздік үшін күресте Алаш қайраткерлерінің

абактыда отырмағандары кем де кем. Ер үйірінен шықса, үйіріне қосылар, олай болса ерін сыйлаған жұрт қашанда төрге озады. Шын жақсының ашуы болғанмен кегі болмайды, сондықтан ақ пен қараны ажыратып, әділдігін айтайық, бір-бірімізге кешірімді болайық. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетедінің» керін келтіріп, дүкен біткенді тонағандардың іс-әрекеті, әрине, айтар ауызға тым ұят. Арқаға батқан қу кедейшілік пе, жоқ әлде бойға біткен тексіздік пе бұған итермелеген? Қалай болғанда да мұны бүкіл әлем көрді, біздерді жабайы халық деп ойлайтын шығар. «Тамыры қураған ағаш көктемейді», сондықтан мұндай сұмдықтарды түп-тамырымен жою керек. Ол үшін демократиялық құндылықтарды ту еткен әділ билік керек және ұлттық идеологияға пәрмен беру қажет. «Ел иесі құт болса, халқы ала болмайды» деген, ендігі қорқыту, үркітумен ел басқара алмайсың, билік пен халық арасында екі жақты диалог орнату қажет.

2022 жыл

БИЛІКТІҢ БАСТАУ КӨЗІ – ХАЛЫҚ!

Қасіретті қаңтар көтерілісінің себептері мен салдарын және соған орай туындаған жағдайды халық болып талқылауымыз керек. Сол ойдың жетегімен қолыма қалам алып отырмын. Өткен айдың басында интернет өшірілгенде амалсыздан мемлекеттік теледидар арналарын көруге мәжбүр болдым. «Ауру қалса да әдет қалмайды» дегендей олар сол баяғы биліктің ығына жығылып, оқиғаларды біржақты көрсетуге тырысып бақты. Әсіресе, көзқарасы күмән тудыратын Д.Кривошеев деген жүргізушісі бар «Хабар» арнасы әсіре белсенділік танытты. Айтатындары бәріне кінәлі сол баяғы терроршылар, лаңкестер, нашақорлар, бұзақылар, ішкіштер, мародерлер дегендей. Әлі есімде, 1986 жылдың желтоқсанындағы жастардың бас көтеруі де дәл солай бағаланған. Шын мәнінде жағдайдың қалай болғанын кейін білдік қой.

Жау кеткеннен кейін қылышыңды ...

Теледидарлар көтерілістің астарына тереңдеп бара бермейді екен. Мысалы, «терроршылар» деп арнайы ұрыс-құралдарымен қаруланған лаңкестік бұзақы топты, ал «мародерлер» деп соғыс кезінде жаудың дүние-мүлкін тонаушыларды айтады. Ал бейбіт шеруге шыққан халыққа мұндай атауларды таңу қылмыс деп білемін. Алаңдар мен көшелерде теңіздей тасып, селдей аққан қалың жұртты экраннан көрдік. Олар қолдарына қару емес ұрандар мен плакаттар ұстап шықты. Президенттің өзі айтты ғой: «Мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекет етілді» деп, ендеше, бұған халықтың қандай қатысы бар? Өзара иттей ырылдасып, билікке аш қасқырдай таласқан екі топтың арасындағы текетірестің ара-жігін ажыратып, себеп-салдарын өздері таратып айтып берсін. Соны биліктен талап етуіміз керек. ҰҚК ұзақ жылдар бойы жасырын түрде содырлар тобын дайындап келгендігі туралы да айтылды емес пе? Олай болса қарапайым тұрғындарды айыптауды доғару қажет. Ресейден әскер шыққанда-ақ содыр-сотқарларға хабар беріліп, олар алаңнан ізін суытқан. Арандап қалғандар әділдік үшін күрескен бейбіт шерушілер. Әскерилердің оғынан қаза болғандар да, жараланғандар да солар. Бүгінде оларға жазықсыз жала жабылып, қудалау процес-тері жүруде. Мейірімсіз, тасбауыр биліктің күштік құрылымдары өздерінің істеген заңсыздықтарын жасырып-жабу үшін қолға түскен жігіттердің көбін аяусыз азаптап, жазбаша түсініктер алу-да, жасамаған істерін мойындарына ілуде. Бір сөзбен айтқанда, ерлердің басына күн туып, етіктерімен су кешуде. Темір торда отырған қорғансыз жандарға таяқ батыру адамгершілікке жата ма? Мұндай қатыгездік қазақ қоғамында бұрын-соңды болған емес. Кеш бата, түн қата бала-шағаны шошытып, ұлардай шулатып үйге 20-25 автоматпен қаруланған СОБР жауынгерлерінің кіріп келуі не маскара?! Олар құдды бір аса қауыпты кәнігі қылмескерді (рецидивисті) тұтқындауға келгендей әсер қалдырады. Осындай, небір сорақылықтарды көріп жатырмыз. Мұндай өрескел жайларға жол беруге болмайды. «Адаспаймын деген ерді, қалың тұман адасты-

рады» демекші, сол бір аласапыран шақта аяқты шалыс басқан, ағат кеткен тұстар да болған шығар. Ондайда, бабаларымыз: «от түтінсіз, кісі қатесіз болмайды» деп болған іске түсіністікпен қараған. Бірер лаңкестің кесепаты мыңға тиіп жатыр. Екінші жағынан ойлап қарасаң арнайы жасақтар айбынды болса, неге озбыр сойқандар алаң төсінде ойран салғанда қайсар мінез көрсетіп, ерлік танытпады? Неге сонда дұшпанмен арыстандай арпалысып, жолбарыстай жұлмаласпады? «Жау кеткеннен кейін қылышыңды боққа шап» деген, ендігі батырсыну жөн емес. Былтырғы жылы да осындай әлімжеттіліктерді көргенбіз. Митингтерге шыққан 30-40 адамды әй-шайға қарамай, кәрі-жас, әйел-бала демей, қол-аяқтарын қайырып, ұрып-соғып автозагке тоғытқан. «Мал аласы – сыртында, адам аласы – ішінде» деген осы. Бейбіт шерудегі халыққа қарсы қол көтеру, қару кезену шектен шыққан әдепсіздік деп білемін.

Хан қасында уәзір білгіш болса ...

Жаңа Қазақстанның іргетасын қалаймыз деген биліктің қаракеттері әзірге сын көтермейді. Билік сарапшыларының түбегейлі оң өзгерістер болады, саяси және экономикалық реформалар жүргізіледі деген сәуегейліктері байқалмайды. Жаңарған үкімет құрамы «қосылғыштардың орнын ауыстырғанмен қосынды өзгермейтінін» көрсетіп отыр. Баяғы сол таныс есімдер, бірінің орнын бірі алмастырды. Парламент пен Сенат және «НұрОтан» партиясы таратылмады, облыс пен аудан әкімдері мізбақластан орындарында отыр. Сонда халық асыға күтіп отырған оң өзгерістерді кім жүргізбек, бұрынғы шенділер ме? Жүргізсе, отыз жыл бойы ай қарап, шошқа тағалап отырды ма? Дана билер: «Хан қасында уәзір білгіш болса, қара жерден кеме жүргізеді», «Патша ғалым болса, жұрт озады» деп көрегенділік көрсеткен, яғни Президент пен Үкімет және Парламент пен Сот жүйесі білікті, білімді, мемлекетшіл болса халқы азбайды, бөтен жұрттан озбаса қалмайды. Кадр тапшы дейді, сонда «Болашақ» бағдарламасымен ғылымы озық шетелдерден оқып келген 25 мың, сонымен қатар өз беттерімен сыртта білім алған 10-15 мың жас қайда? Олардың қазір

нағыз бауырларын жазып, көсіле шабатын кезі емес пе? Олай болса жас түлектердің әлеуеті неге пайдаланылмайды? Оқыған, тоқыған, ғылымды бойына сіңірген 30-40 білікті маманды тандап ала алмасақ, оларды халықтың ақшасын шашып несіне оқыттық? Сұрау қайда? Қазіргі таңда есті азаматтар «Алаш автономиясы» мен «Алашорда» үкіметі қайраткерлерін еске алуда. Сол кезде Алаш партиясы мен Үкімет құрамы Еуропа мемлекеттерінде оқып келген (алды екі институттан бітірген) тұлғалардан жасақталды. Былтырғы жылы газетімізде «Қазақ оқығандары» айдарымен олардың өмірлері мен қызметі жайлы ақпарат бердік. 1917 жылы Алаш қайраткерлері үкімет ұстанымын айқындағанда: «Біз батыс елдердің дамуынан 50-100 жыл артта қалған Ресейге қарайламай Жапонияның экономикалық және ағылшындардың лейбористік партиясының сайлау туралы тұжырымдамаларын үлгі ғып алуымыз керек», – дегенді. Міне, көрегенділік деп осыны айт. Біз болсақ 100 жылдан астам уақыт өтсе де, Мәскеуге жаутандап, сол жұрттың тілінде сөйлеп күнімізді өткізудеміз. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Екі өмір жоқ. 1960 жылы компартияның кезекті съезінде 1980 жылы Кеңес Одағында коммунизм болады деген қарар қабылданды. Бала болсақ та бәрі тегін болады дегенге қатты қуандық. Тәуелсіздік алғаннан кейін Назарбаев: «Ендігі, біз Кувейттің өзінен бес-алты есе артық өмір сүреміз, себебі бізде мұнаймен қоса газ, алтын мен күміс, жез бен мырыш т.т. бар» деп барша жұртты желпіндірді. Қарап отырсам мұның бәрі жалған екен. Мен секілді аға буын қоғамды жаулап алған өтірік, көзбояушылық, екіжүзділік, жағымпаздық, жемқорлық, сатқындық аясында өмір сүріпті. Мемлекетімізді ірітіп-шіріткен келеңсіздіктерді көре тұрып шарасыздық таныттық, себебі істің ақиқатын, сөздің шындығын айтқан адам «халық жауы» атанды, мазмұны өткір мақалалар басылмай мысты басты. Бұдан былай олай болуын қаламаймын. Жас ұрпақ ашық демократиялық қоғамда өмір сүруі керек.

Жеке басқа табынушылық

Бүгінде мемлекетіміз биліктегі сатқындардың кесірінен, жариялылықтың жоқтығынан, халықтың немқұрайдылығынан то-

қырауға, азғындауға (деградацияға) ұшырады. Алдағы уақытта жағдайды түземесек салдары ауыр болады. Байқаймын, өткеннен сабақ алатын түріміз жоқ. Қайтадан сол жаттанды сөз: «Президент Тоқаевтың маңына бірігейік, қолдайық, біз мықтымыз, күштіміз» дегендей даңғаза ұрандарға жол берілуде. Отыз жыл бойы Назарбаевпен ымдастық, жымдастық, қолдастық, мақтандық ақыры не болды? Жеке адамның басына табынуды қашан қоямыз? 1956 жылы Сталинды әшкерелеген XX съезден бері де 60 жылдан астам уақыт өтіпті, ендігі құлдық санадан арылатын кез келді ғой? Біз халық болып бірігіп, ұлт болып ұйысуымыз керек, сонда ғана аңсаған арманымызға қол жеткіземіз. Саясаткерлер: «Халқы қандай болса, билігі де сондай» деп бекер айтпайды. Ал Ата-заңымызда: «Биліктің бастау көзі – халық!» деп анық та қанық көрсетілген. Ендеше, билікті мақтау дегенді доғару керек. Халыққа қызмет ету олардың міндеті, сол үшін жалақы алады. Соны түсінетіндей болдық емес пе? Жоғарыда айтылып кеткен «Коммунизм іліміне» орай бірер сөз айта кетсем. Менің замандастарым интернационалдық идеологияның насихатымен тәрбиеленді. Аз ұлттарды жою үшін шовинистер «коммунизм кезеңінде ұлтқа бөлінушілік болмайды, бәріміз Кеңес халқы атанамыз, сол үшін бір тілде, яғни орыс тілінде сөйлейміз» деп ұран көтерді. Содан бастап тілге шабуыл басталды, сол әлі жалғасып келеді. Осыған таңым бар. Ал шындығына келсек таңғалатын еш нәрсе жоқ, себебі біздерді кешегі коммунистер басқарып келеді, тек олар «НұрОтан» кейшіне енген. Үнді көсемі Махатма Ганди: «Отаршылдар тәрбиесінен шыққан элита – өз халқының басты жауы», – деген. Оны өткен көтеріліс айқын дәлелдеп берді. Кешегі Метрополияға қызмет еткен автократиялық билік Қазақстанда әлі отыр. Олар отарсыздандыру саясатын жүргізбеді, халықты құлдық санадан айықтырмады, сауықтырмады, сондықтан ұлттық құндылықтардан алыстап кеттік. Назарбаев, Тоқаев, Мәсімов, Нигматуллин, Есімов, Үмбетов, Тасмағамбетов, Ахметов, Сапарбаев т.б. бәрі де кешегі отаршылдардың өнімдері. Олар Мәскеу билігіне бас ұрды, тізерлеп

қызмет етті, «Ляппай тақсыр!» деп айтқандарын істеді. Ал бүгінде біздерді де бір шыбықпен айдап, қойдай өргізіп, жылқыдай жусатып отыр. Сонда тура жолға қалай түспекпіз? Балтық жағалауы елдері коммунистерді бірден барлық деңгейдегі қызметтерден алып тастады, орындарына ұлтшылдарды қойды. Қазір соның жемісін жеп, гүлденіп отыр. Кеңес кезінде естеріңізде болар билік қаусаған бір шалдың қолынан екіншісіне өтіп, ақыры алып империя ыдырап тынды. Брежнев – Андропов – Черненко ауыс-түйістерін аға және орта буын ұмытпаған болар. Біздікі де сол, екі шал бірін-бірі ауыстырды, ақыры қайырлы болсын дейік. Тағы бір түсінбейтінім, билік қара басының емес, ел болашағын ойласа «ақылдасып піпкен тон келте болмайды» деп реформалар жасауға, неге қуғындағы Ә.Қажыгелдинді, Ғ.Жақияновты, Т.Тоқтасыновты, З.Батталованы, Е.Нарымбайды, Б.Меңдіғазиевті, С.Медетбековты т.б. шақырмайды. Мұхтар Жәкішев болса дайын тұрған премьер-министр емес пе? Басқа да үкіметте қызмет істей алатын азаматтар баршылық қой, мәселен, Санжар Боқаев т.б. «Соқыр көргенінен жазбас» деп абырой-беделден айырылған кадрларды тарта бергенмен не ұтамыз?

2022 жыл

АНА ТІЛДІҢ УЫЗЫНА ЖАРЫМАҒАН ҰЛТ – ЕКІ ҰДАЙ КҮЙ КЕШЕДІ

Қыркүйек айының үшінші аптасының соңы, Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің күні. «Жартасқа бардым, айғайға салдым, онан да шықты жаңғырық», – деп дана Абай айтпақшы Тәуелсіздік алған 21 жылдың ішінде мемлекеттік тілдің ер-тұрманы бір бүтінделмей-ақ қойды. Өгей баланың күйін кешіп, есіктен төрге оза алмаған ана тілдің тағдыры бұл күнде көкпарға түсіп тұр. Есесіне, ресми тіл саналатын орыс тілі мен ағылшын тілі аузын айға білеп, білім ошақтарының бастауыш сыныптарына, оның ішінде ана сүті аузынан кетпеген 1-сыныптың бүлдіршіндеріне

үйретілуде. Осылайша, қазақтың туы көкте желбіреп, әнұраны аспанда қалықтағанымен тілі тұтығып, не мақау емес, не сақау емес күйге түсті. Осыдан кейін кімге өкпелейсің? Тәуелсіздік алған бұрынғы Кеңестер одағының құрамындағы Республикалардың ішіндегі мемлекеттік тілін өркендете алмай отырған жалғыз ел, ол – қазақ мемлекеті.

Ақымақтар ғана күмәнданбайды

Иә, Тәуелсіздік ала тұра, өз елінде, өз жерінде жүріп жат жұрттың тіліне «кұлақкесті құл болуды» ешкім де ойламаған шығар, бірақ жағдай солай болып тұр. Жоғары билік: президент аппараты мен үкімет және парламент мемлекеттік тілді өгейсініп орыс тіліне үстемдік берді. Сол тілге бас ұрып, тәуелсіз ел екенін ұмытып, құдды Ресейдің бір губерниясын басқарып жүргендей күй кешуде. Салдарынан қазақ тілі тұрмыстық тілге ойысып, барлық негізгі сала: өндіріс, құрылыс, қаржы, әлеуметтік құрылым, банк, темір-жол, авиация т.т. ресми тілде сөйлеп кетті. Өркениет заңы бойынша билік мемлекеттік тілде сөйлемесе ол заңнан тыс саналады. Түйіткіл мәселелерді белден басып шешуге үйренген үкімет оған пысқырып та қарамады. Ендігі ұлттың ұпайын түгендемесек тамырсыз, нәрсіз құл-құтанға айналатынымызды ұлт жанашырлары айта бастады. Тіліміздің қолданылу деңгейінің көңіл көншітпейтінін, сын көтермейтінін, әркім де біледі. Түлкі бұлаңмен, көпірме көзбен жиырма екі жылды да артқа тастадық. Көпшіліктің есінде болар Тәуелсіздік алғаннан кейін 1990-шы жылдардың басында билік басындағылар арнайы бағдарлама қабылдап «Қазақстан халқы 2000 жылы мемлекеттік тілде сөйлейтін болады» деді. Қуанғанымыздан бөркімізді аспанға аттық. Бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған арманға да жеттік-ау деп көзге жас алдық. Көп ұзамай ХХІ ғасырдың жаңа жылы да келіп жетті, бірақ өзгерген іс шамалы болды. Үкімет қабылдаған бағдарламасы туралы жақ ашпады, оның орындалмағанына ешкім жауапқа тартылмады. «Оу, бұларын қалай, берген уәде қайда?» деп сұрау салған жан да табылмады. Үнсіздікті ұтымды пайдаланған жоғары лауазым иелері ел-жұртқа қайтадан жаңа бағдарлама ұсынып, 2010 жылы барша қазақстандықтар

ұлтына қарамай қазақша сайрайтын болады деп уәдені үйіп-төгіп халықты тағы бір желпіндріп қойды. Мұны да құп көріп, ол жылды асыға күттік. Уақыт деген желдей есіп өте шығады екен. Көздеген күндерге де жеттік, бірақ тіл көші орнынан қозғалмады. Қайта үлкен қалалар Павлодар, Петропавл атауларын қазақшалауға батылымыз жетпеді. Ұсыныс айтып көргендер болды, бірақ орыс тілділердің қатулы қабағы мен ызаға булыққан кейпін байқаған соң, «ойбай арамызға жік түсіп, сына қағылмасын» деп, жым болыстық. Қостанай, Қарағанды, Өскемен, Алматы тағы басқалары 80, 90 пайыз дерлік орыстанды. Бағдарлама тармақтарының қаншалықты іске асқандығы жөнінде билік тағы да жұмған аузын ашпады. «Ер кезегі үшке дейін» деп межені 2020 жылға ысырды. Бабаларымыздың: «Жылан жүрген жерде у болады, кейбір адам түлкідей қу болады» деген теңеуі үкіметке қарата айтылғандай. «Ақымақтар ғана күмәнданбайды» демекші менің де кезекті бағдарлманың орындалатынына күмәнім бар. Бос сөз, қитұрқы әрекеттер нәтиже бермейтінін өткен жылдардың ащы сабағы айқындап берді. Ендігі арқаны кеңге салуды уақыт көтермейді. Билікте жүрген ат төбеліндей аз ғана топтың сәнді өмірі үшін бүтін ұлттың мүддесін құрбандыққа шалуға болмайтынын түсінген жөн.

Тексізден тезек артық


Қазақстан халқын бір ортаға ұйыстыратын құдіретті күш, ол мемлекеттік тіл. «Баршаны бір қазанға тоғыту үшін бір тілдік орта керек, сонда бір қазаннан ас ішіп, бір самаурыннан шай ішіп, бірлігіміз жарасады» дейді озық ойлы азаматтар. Осы идеяға ден қоюымыз керек. Мөңке би бұдан үш жүз жылдан бұрын айтқан екен: «Құрамалы қорғанды үйің болады, айнымалы-төкпелі биің болады, халыққа бір тиын пайдасы жоқ, ай сайын бас қосқан жиын болады» деп. Әулие адам ғой, айтқаны бүгінде айна-қатесіз келіп тұр. «Күлтөбенің басында күн де жиын» демекші, басшылар бас қосудан кенде емес, ал тіліміз болса тұралаған күйі еңсесін тіктей алмай келеді. Ұлттық болмыстан ажыраған, орысша ойлап, орысша сөйлейтін билік мұны түсіне алар емес. Орыс ғалымы Владимир Даль бекер айтпаса керек «Адам қай тілде сөйлесе, сол

ұлттың өкіліне жатады» деп, осыдан-ақ бажайлай беріңіз істің мәнжайын. Ел боламын деген жұрт: бір мемлекет, бір ұлт, бір тіл аясына шоғырланатынын оқымыстылар айтудай-ақ айтып жүр, бірақ оған құлақ асып жатқан билік жоқ. Осы бетімізбен келімсектердің тілі мен дінінің жетегінде кете берсек көп ұзамай ұлт ретінде жойылып кетуіміз бек мүмкін. Қазақ деген атымыз қалар, бірақ затымыз орыс болады. Оны құдай да, әруақ та кешірмейді, соған қарамастан қоғам немқұрайлылықтан, енжарлықтан, көзбояушылықтан арылар емес. Әркім өз тірлігімен әуре-сарсаңға түсіп «сен тимесең мен тиме, бадырақ көз» деп күнкөрістің қамымен уақыт өткізуде. Өзгенің көңіліне қарап тілімізді қолжаулыққа айналдыру ұлтымыз үшін үлкен қауіп екенін түсініп, белсенді әрекетке көшу керек. Бірінші кезекте жоғары билік, отырыстарын, жиындарын мемлекеттік тілде жүргізуі тиіс. «Биліктің негізі халық» деп Атазаңымызда тайға таңба басқандай жазылған, ендеше ұйқыдан оянып осыны талап ету қажет. Тарихшылардың жазуына көз тіксек, Ататүрік билікті қолға алысымен «Дүниедегі ең керемет түрік, ең керемет ұлт түрік ұлты» деп ұлт көшін өрге сүйрепті. Соның арқасында бүгінде түрік мемлекетінің айбыны асқақтап тұр. Біз болсақ өз қағымыздан өзіміз жеріп, айдың күні аманда «бізге тұрақтылық керек, тыныштық керек» деген желеумен ана тілімізді тәрк етіп отырмыз. Ал оған жол беруге болмайды. Жиырма жыл ішінде билік тілге қатысты көп тәтті сөздер айтты, «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деді де, жеме-жемге келгенде оның бәрі құрғақ сөз боп шықты. Тегінде ана тілінің уызына жарымаған, рухы сөнген жетесіз жандарға қалай айтсаң да санасына кірмейді. «Тексізден тезек артық» деп бекер айтылмайды ғой. Сондықтан барлық өркениетті елдердегідей Қазақстан азаматтарын заң күшімен мемлекеттік тілді білуін жүзеге асыру керек, яғни оған қажеттілік тудыруды міндеттеген дұрыс. Болмаса «балақтағы бит басқа шығып» кешегі келген келімсектердің тілінде сөйлеп, «қаңсығын таңсық» қылып, атабабалар аманатына қиянат жасаймыз. Ал оның зардабы ұрпаққа тиетінін жадымыздан шығармайық.

2013 жыл

II

ТҰРМЫС. САНА. БАҒА



СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

«Жыл деген ат басын бұрғанша, ай деген аунап тұрғанша», – демекші көктем де келіп, егістік науқаны басталып кетті. «Асты-үсті жеріміздің толған қазына, байлығы таусылмайды мың ғасырға», – деп ата-бабаларымыз жырлап өткендей, су да өлшеусіз байлық, себебі «су – тіршіліктің көзі, өмірдің нәрі» деп, бекер айтылмаса керек.

Мәуелі бак

Қысы да, жазы да жанға жайлы, топырағы құнарлы, суы тұнық, шөбі шүйгін көк майсалы Қаратал өңірі – жердің ұйығы десе де болады. Обалы не, Кеңес кезеңінде Үштөбе қаласы шындығында да тіршілікке қолайлы көрікті мекен еді. Жердің жүзі жайнаған жаз айларында сүйікті шаһарымыз жасыл жібекке оранып, бәйшешектей түрленіп кететін. Теміржолды айтпағанда, небір алып өндіріс орындары: зауыттар мен фабрикалар және жеті бірдей құрылыс (ПМК) ошағы жұмыс істеді. Онда мыңдаған адамдар еңбек етті. Көшелерде арықтардан ағын су сылдырлап ағып, әр үйде бау-бақша өнімдері тау боп үйіліп жатты. 1960 жылдары, орталықты айтпағанда, сонау қиыр шеттегі (М.Горький көшесі) нағашыларыма барғанда қарағайдай биік өскен алма ағаштардың бұтақтары сынып кетердей иіліп, майысып тұратын. Алманың көптігі соншалық, қайсысын таңдап үзерінді білмей аңтарылатынсың. Көздің жауын алатын жүзімнің сабақтары да алқызыл гүлдей шайқалып, өзіне еріксіз тартатын. Алма ағаштардың бұтағына ұялаған құстар сайрай жөнелгенде, айырықша бір ғажайып сезімге бөленетінсің. Ал кештің қоңыр салқын самалы ескенде алма, қарақат, алхоры, шие, т.б. неше-алуан жеміс ағаштарының иісі аңқып, көңіл құсын күйқылжыта түсетін. Кеседей ірі ақ, сары, қызыл алмалар күзге қарай уылжи пісіп, жерге төгілгенде төбедей боп жатушы еді. Сол заманда, көк өрік түйін тастағаннан әр отбасы таңнан тұрып, арықтарын тазалап, жерін аударып, дәнін сеуіп, көшеттерін

отырғызып әбігерге түсетін. Үштөбенің мәуелі бағын көрген ел келуге құмар болып, сүйсініп кетуші еді. Айтып-айтпай не керек, шыбық ексең шынар шығатын, масатыдай құлпырған, балалық шағымызда құлын-тайдай асыр сап ойнақтап өскен қаламыздың бүгінгі тынысы көңіл көншітпейді.

Су жетпейін демейді ...

Бүгінде негізінен бюджеттік мекемелер мен сауда-саттық орындары жұмыс жасайтын шаһарымыздағы ағын су жайы сын көтермейді. Шеткері аймақтарды айтпағанда орталық тұсқа су бармайды. Егемендік алған жылдардан бастап, суғару жүйесі қараусыз қалды. Алғашқы екі-үш жыл кеңестің шиырлап салған ізімен біраз амалдадық, кейіннен тиіп-қашып қол тигізілгені болмаса арықтар торабын қалпында ұстау, сақтау, уақыт талабына сай жетілдіру, дамыту істері қолға алынбады. Сондықтан кей жерлерде су арналары жойылды (құрылыс жүргізілді т.т.), немесе тозды, істен шықты, бұта, тал-шілік, шөп, күл-қоқыс басты, осылайша «жаман сайға су бітсе, өткел бермес кешугенің» керін кидік, су арналарынан шығып, көздеген межесіне жетпеді. Мұндайда «су жетпеймін демейді, жар жеткізбейді», – дейді халық нақылы, оның алдынан адам қолымен жасалған тосқауыл, тас қамал бөгет шықты. Тәуелсіздік алғаннан кейін, ұлы Абай айтқандай: «Биік мансап – биік жартас, оған екпіндей ұшып, қыран да шығады, өрмелеп жылан да шығады», – деп билік басына: «Елім деп, ет жүрегі езілген, халық қамын ойлап, қабырғасы сөгілген» азаматтармен қатар, қара басының қамын ойлаған (ағасы бар, жағасы бар, қалтасы бар) кездейсоқ адамдар да келді. Нәтижеде, көп салада кенжелеп қалдық. Соған қарамастан, бүгінде он екіде бір нұсқасы жоқ су проблемасын, «ұзын арқан кең тұсауға», сөз бұйдаға салмай, кешенді түрде шешу керек. Есті адам бүгін істелетін істі ертеңге қалдырмайды, сондықтан су ескексіз қайықтай бет алдына жүріп, ысырап болмасын, қала тұрғындары көкөніспен өздерін қамтамасыз етсін десек бұл шаруаны үлкен жауапкершілікпен, ыждаһаттылықпен қолға алу қажет. Пішуі қисық бұйымның, тігуі тұзу болмайтынын естен шығармай, суландыру

мәселесінің жобасын тоғыз қабат тор сүзгіден, ғылыми сараптамадан өткізіп, судың бірінші кезекте орталыққа, сонан соң қаланың шет аймақтарына жетуін жүзеге асыру керек. Ата-бабаларымыз: «Ер өлсе – көмгенше жылайды, жер өлсе – өлгенше жылайды», – деп тегін айтты деймісіз? Жердің бағасы қымбат екенін, оны қадірлей білу қажеттігін біздерге аманат етті. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. «Қорғаушысы жоқ – жер жетім», жердің қорғалмауы, игерілмей бос жатуы – қылмыс. Ұлтарактай болса да жерді күту, баптау, әр адамның бұлжымас міндеті. Сөздің түйіні, іргемізде кер маралдай керіліп Қаратал өзені ағып жатыр, бірақ «етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда?» демекші, оның пайдасын көре алмасақ, бос мақтан кімге керек? Қолдағы бар дүниені ұқсата алмай – біліксіздіктің белгісі.

Шырылдауық шегіртке ...

Жаратқан: «Сенен қаракет, менен берекет», – дейді ғой, талпынып әрекет жасамасақ, тоқшылық қайдан келмек? «Көктен жаудырсын, жерден өндірсін», – деп ниет етумен қатар, қолды да қимылдату керек. Мына, кедейшілік көк желкеден басып, қымбатшылық жайлаған шақта көкөніс халыққа көп көмек болар еді. Үштөбеде бау-бақша өнімдерімен өзінді ғана қамтамасыз етіп қоймай, жақын-жұрағатыңа, жоқ-жітікке көмек қолыңды созып, артығын базарға да шығаруға мол мүмкіндік бар, тек су керек. «Жеті күн жауған жаңбырдан, жүгіріп өткен су артық», – деп айтады ғой бабаларымыз. Кеңес кезеңінде суды сәуірдің үшінші онкүндігінде міндетті түрде беретін. Ал тәуелсіздік таңы атқаннан кейін ағын су қаламызға мамырдың 22 беріліп жүр (соңғы үш жылда). Онда да айқай-шудан соң. Жаздай тұрғындар судың әлегімен арпалысып жүргені. Судың басындағылары су ішіп, аяғындағылары «у» ішіп жүр. Көршілерімен қабақ жыртқысып, түлкідей түнде жортса да бақшаларын суғару мұң. Судың жоқтығы, жетіспеушілігі көп адамдарды жерден қол үздіріп жирендірді, жалқаулық синдромын тудырды. Осыған орай, Крыловтың ұлы Абай аударған нұсқасындағы: «Шырылдауық шегіртке, ыршып жүріп ән салған, көгалды қуып

гөлайттап қызықпен жүріп жазды алған» өлеңін естен шығармасак екен. Өйткені ала жаздай ән салсақ, қыста селкілдеп билей беруден басқа амал жоқ. Жоғарыда атап өткеніміздей, бұрындары Қараталдың ұлан-асыр жеріне егін мол салынып, бау-бақша мен жеміс-жидек көп өсірілетін. Сол үрдісті жанғырту қажет. Сонау қиын-қыстау заманда Ескелді, Балпық бабаларымыз «қапияда ой, қараңғыда жол тауып» тығырықтан шығып еді, сондықтан бүгінгі билік те бұл істің оң шешімін табар деп үміттенеміз. Тек «жабулы қазан, жабулы күйінде қалмаса» екен.

2020 жыл

АСЫРА СІЛТЕУ БОЛМАСЫН...

Ел ішінде ас пен тойды өткізу туралы қарама-қайшы, екі ұдай пікір қалыптасуда. Бірі жал-жасаясы, қазы-қартасы, мая-мая еті бар үйметабақты тарту, аста-төк дастарқан жасау ысырапшылық пен астамшылыққа ұрындырады, сондықтан «асты қорлама, құстырады» десе, екіншілері ас мәзірін шектеу, жұпыны дастарқан жаю қазақтың қонақжайлылығына мін дейді. Соған орай өз ойымды білдірсем, әрі дәстүрлі қазақ мәдениеті бұл жайлы не айтады, соған қысқаша тоқтала кетсем деп едім.

Ас

Этнографтар мен ғалымдардың, соның ішінде халық ағарту ісінің үздігі Н.Әлімбайдың жазуында Пайғампар жасынан асқан, ел-жұртына қадірлі, сыйлы, көпке танымал адамның қайтыс болғанына бір жыл толғанда арнайы ас берілген. Тағы бір ғалымдар ат жалын тартып мінген жігіттен бастап, 63 жасқа жетпеген кісі қайтыс болған кезде тек жылы ғана өткізіледі, одан асса ғана асы беріледі дейді. Ас беру «топырақты өлімге» байланысты аза тұту мерзімінің аяқталуын айғақтайды. «Әруақты оздыруға» арналған бұл іс ең үлкен шара ретінде ұлттық салтқа айналған. «Әруақ риза

болмай, тірі байымайды» деген ежелгі ұстанымды жүзеге асыру болып саналған. Ғалымның дәйегінше ас халқына еңбегі сіңген атақты адамдарға берілетін болғандықтан өзгешелеу болған. Оған «той тондынікі, ас аттынікі» деп жете алғанның бәрі барған. Еліне ерекше сыйлы, артына мол дәулет қалдырған ақсақалдардың жылын ұрпағы көп жағдайда үлкен асқа айналдырып, той дәрежесінде өткізген. 3, 5, 7, 9, 12, 20, 30, 40 т.т. жылдардан соң да ас беру мүмкіндігі болған. 1822 жылдан бастап қазақ даласында Ресей жүргізген саяси реформалар (хандық жүйенің жойылуы) еліміздің азаматтық өзін-өзі басқару жүйесіне үлкен соққы болып тиіп, ата-бабаларымызды кедейшілікке ұшыратумен қатар, астың салтанатын солғындатты, болмаса астың атқарар рөлі аса зор болған делінеді. Абылайдың, Сырым Датұлының, Абайдың атасы Өскенбайдың, Мұса Шорманұлының, Сағынайдың т.б. астарында 500 үйге дейін тігіліп, 1000 жылқы, 2000 қой сойылып, 20000 шелек қымыз ішіліп, 500-ден астам бұхар кілемі ілініп, 5 тонна шай ішілген т.т. Ас беру сауын айтудан басталып, өткізілетін орны мен мерзімі, үй тігу, жерошақ орнату, мал сою, ас беруге келу салтанаты, қонақтарды қарсы алу, өткізілу барысы, табақ тарту, өткізілетін ойындар топтамасы, тұл атты сою, қаралы үйді сындыру, ас берудің аяқталуымен мәресіне жеткен. Асқа жұмсалған және берілетін жүлделер есептелген. Мысалы, эпостарда: «Аламан бәйге шабылар, жүлдеге санап шығарған бес мың жылқы, бір мың нар, алты жүз қой, мың сиыр, алты жүз нардың үстіне атлас көрпе жабылар», – деп айтылатындай, ата-бабаларымыз бәйгеге өте қымбат, бағалы жүлделер тіккен. Асқа келгендер дәулетіне, жақындығына, тілектестігіне қарай жерлеуге шығатын шығынның орнын толтыру үшін он-шақты жылқы, түйеге дейін жетектеп келген. Бұл «Аза» деп аталған. Жақын-жұрағат тарту-таралғыларын «Азаға қосқанымыз», «Бата жасарға әкелгеніміз» деген, яғни ауыртаплықты көп болып бірлесіп көтерген. Ас беру салтының ғұрыптық және әлеуметтік саяси функциясын зерттеген ғалымның пікірінше, ас беру біріншіден, қазақ қоғамының ежелден қалыптасқан өлшемдері мен принциптерін

әспеттеудің тиімді жолы болған. Екіншіден, ас беру барысында қазақ ішінде қордаланған мәселелер (жер, жесір даулары, барымта, құдаласу т.т.) өзінің шешімін тауып отырған, яғни әлеуметтік қатынастарды реттеудің аса көрнекі тәсілдерінің бірі болған. Соған сәйкес ғалым А.Құралұлының жазғанындай асқа дейінгі атқарылар дәстүрлі жерлеу салтының: арыздасу, атаукере ішкізу, имансу ұрттату, не тамызу, өлген адамның денесін сақтау және күзету, сүйекке түсу, жаназа шығару, жерлеу, Үші, Жетісі, Қырқы, Жүзі, Жылы, Асын беру, естірту, көңіл айту, жоқтау рәсімдері бұрмаланбай бұрынғының жолымен салтымызға сай өткізілгені жөн деп санаймын. Сол үшін де имамдарымыз бен молдаларымыз қазақ халқының тарихын, әдебиетін, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіпті, бес ғасыр поэзиясын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын оқулары тиіс. Болмаса, «үш тілділік» деп езеуреген биліктің орыстандыру және ағылшындандыру саясатына дін өкілдерінің арабтандыру әрекеті қосылса қазақ қайтіп ұлт болмақ, ойлансақ болар еді, ағайын?

Той

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында «Асыра сілтеу болмасын!» ұранымен коллективтендіру саясатын жүргізген шолақ етек белсенділер халықты қынадай қырып тастады. Сол тәрізді, мынау, ішкен маз, жеген тоқ сұрғылт заманда бірімізден-біріміз асыра, даңғаза той жасаймыз деп жүріп, ұрпақты тура жолдан тайдырып, адастырып алмасақ деймін. «Аттылыға ерем деп, жаяудың таны айырылыпты» дегендей көштен қалмайын деген кей жұрт материалдық жағдайы көтермесе де жалған намысқа тырысып, той жасап, қарызға батуда. Мұның бәрі ішкі мәдениеттің төмендігінен деп білемін. Ұлы Абай «Толық адам» ілімінде «той жарыстырма, ой жарыстыр» дегенді айтады, яғни білімге, ғылымға бет бұр, мал тап дейді. Алаш арысы А.Байтұрсынұлы жаңа техника, технологияларға, ғылымға ұмтыл, бос сөзге үйір болма деп ұрпаққа жол сілтейді. Біз болсақ өндірісті ұмытып, той бизнесін қыздырудамыз. Малынып киініп тойға барамыз, ол болса бір-екі сағат кешігіп басталады. Содан

мадақ пен мақтауға толы, көпірме көбік сөздер ағыны әншілердің фонограммамен әрлендіріп, түрлендірген әндерімен өріледі. Кәсіби деңгейлері әрқилы асабалар болса тойшыл қауымның көңілінен шығу үшін барын салады, дегенмен тынымсыз шудан шаршайсың. Әрине, ағайын-туыстың дос-жаранның қуанышына ортақтасу парыз, бірақ уақытты ұтымды пайдалануды да естен шығармаған жөн, сондықтан білімпаз О.Жәлел: «Той санын қысқарту керек» дейді. Қосыламын. Кейбір шараны ұлан-асыр той жасамай-ақ кішігірім ортада да өткізуге болады ғой? Француз жазушысы Томас Манн: «Бірде достарым келіп, өтініп қоймаған соң кешті солармен бірге өткіздім, ертеңіне оянып өзімнің жер-жебіріме жеттім, «это преступная трата времени», – деп яғни бос кеткен уақытын қылмысқа теңеген. Тағы бір айтайын дегенім, «Иман» журанлының 10 нөмірінде «Той жарыс – қасірет!» атты мақала (авторы Б.Қайратұлы) аста-төк ысыраптың жаза сұрауы ретінде 30-шы жылдардағы ашаршылықты мысалға келтіреді. Келіспеймін. Иә, 1920-1933 жылдары үш дүркін қолдан жасалған ашаршылықтан тарихшылар деректері бойынша 3-5 млн қазақ аштан қырылды. Адамзат тарихында болмаған қырғын қазақ даласында болды. Жазықсыз қырылған жандардың обалы ысырапта емес, озбыр большевиктердің қанқұйлы саясатында. Оны жасырып, жабуға болмайды. Көмусіз қалған ашаршылық құрбандарының рухтары жай табуы үшін бұл зұлматқа мемлекет тарапынан әлі күнге саяси баға берілмей келеді. Содан бері 90 жылдай уақыт өтті. Тәуелсіз ел болғанымызға да 30 жылға жуықтады, бірақ тұтастай бір мемлекет халқы жер бетінен жойылып кетсе де біздің билік үнсіз, әлі күнге Мәскеудің қабағына қарап, жалтақтап отыр. Осыдан кейін кім бізді тәуелсіз ел, саналы ұлт деп сыйлайды? Еврейлер де, украиндар да, армяндар да өздеріне жасалған басқыншылардың геноцидін әлем халқына жария етті. Ал адам санына шаққанда ең көп зардап шеккен қазақтар ұйқыдан ояна алар емес. Білетінім, аруақтар рухы тыншымай, біз ешуақытта ілгері баспаймыз да, көгермейміз де. Осы той тойлап, гәккудің әніне салып жүргеніміз жүрген.

Байлық

Байлық туралы бірер сөз. Мына сарайдың «бұлбұлдары», даланың «дүлдүлдері» билікті мақтап жатқан заманда, күнкөрісі төмен отбасылар мен көп балалы аналар несие қамытын киіп, тіршілік ауыртпалығын тартуда. «Байда рахым, ұлықта әділдік жоқ, енді жанды сақтаймыз қайда барып?», – деп митингіге шыққандарды полиция қызметкерлері ықтырып, бұқтырып, тулақтай қағып темір торға тоғытуда. Осындай өлара шақта ас беру, той жасау оңай емес, қаржы керек. Біреулер оған «...мал тапсасқа немене, жігіт жанды бұласа», – деп адал еңбектерімен қол жеткізсе, екіншілері қызмет бабын пайдаланып, «қолда барда қонышыңнан бас» ұрда-жық ұранын ұстанып шекпен тепкісімен баюда. Ойшыл кемеңгер Мәшһүр Жүсіп: «Байлық – қазақтың құты. Байлықтың негізгі мақсаты – қайыр, яғни өзгелерге кедей-кепшікке, жоқ-жітікке көмектесу», – дейді. Ал пролетариат диктатурасын ту еткен Кеңес үкіметі керісінше тексіздікті төрге шығарып, байларды қудалады, ал оның арты аштыққа апарды. Халқымызда: «Жамандарға мал бітсе, өзара итше таласар» деген нақыл бар, ендеше «қазіргі байларды ұлтқа, руханиятқа пайдасы тиетін меценаттар қылып тәрбиелеу қажет. Идеологияда даңғаза ұраншылдықты қойып, қоғамды мәңгүрттер мен маргиналдардан тазарту шарт» дейді бүгінгі оқымыстылар. Анық та, қанық айтылған тұжырым. Мақала соңында Шәкәрім қажының: «Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қылам», – деген қанатты сөзі ойға оралады. Шындығында жақсылық жасауға ниет еткендердің күнәлары кешіріледі екен, олай болса асыра сілтеушіліктен арылып, қайырымдылыққа бет бұрайық.

2018 жыл

ШСШ ЖЕТІЛМЕГЕН РЕФОРМА

Сонымен, әйелдердің зейнетке шығу жасы ұзартылып 63-ке апарылды. «Біз еркектермен тең құқылы болуымыз керек» деп гендірлік саясаттың туын көтеріп жүрген бұрымдылар ақыры дегендеріне жетіп тынды. Бөріктілермен жағаласа жүріп бұл мәселеде де теңесті. Қазақтың дәстүріне, болмысына жат, менталитетіне келмейтін гендірлік ұстаным өз дегенін істеді.

Не ексең, соны орасың

Ел Парламенті Мәжілісінің 105 депутаты бірінші оқылымда ақ бірауыздан дерлік (екеуі қарсы, сегізі қалыс қалған) үкімет ұсынысын бекітті. Жоғары Палата - Сенат та бұл шешімді қолдар, себебі нұсқау солай шығар. Міне, «халық қалаулылары» деп айдар таққан депутаттарымыздың шынайы бет бейнесі айқындалды. «Сенген серкем сен болсаң күйсегеніңе болайын» дегенді бабаларымыз осындайда айтса керек. Бәріне өзіміз кінәліміз. Мәселенің түп-төркіні сайлауларда жатқанын, оның әділ өтпейтінін көзі ашық, көкірегі ояу жандар біледі, бірақ «аш бәледен, қаш бәле» деп үндемейді, «сен тимесең, мен тимен бадыраң көз» деп тойған қозыдай томшиып жүре береді. Сайлауда дауыстың бұрмаланатынынан елдің, халықтың, ұлттың сөзін сөйлейді деген азаматтардың дені депутаттықтан сырт қалады. Нәтижеде ұлт, халық мүддесі таразыға түскенде опық жеп жейміз. «Не ексең, соны орасың» деп бекер айтылмайды ғой. Шын мәнінде зейнет реформасы халық талқысына салынбады, оның пікірі сұралмады, партиялар мен басқа да қоғамдық ұйымдардың айтыс-тартысына түсірілмеді, мекемелер мен кәсіпорындар ұжымдарында сөз болмады. Халықтың әлеуметтік жағдайын ескермей мәселеге тек қаржы тұрғысынан қараған үкімет ойлағанын жүзеге асырып тынды. Енді не істемек керек? Бас көтерсең биліктің кәріне ілігесің, «халық жауы» атанасың, «байтал түгілі бас қайғының» күнін кешесің, сондықтан да айдауға жүресің, айтқанға көнесің, басқа

амал жоқ. Жүйе сондай. Ата заңымызда «биліктің негізі халық» деп жазылғанымен, іс жүзінде жағдай мықтылардың бекіткен сценариймен өрбиді. Бізге «Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап», – деп ұлы Абай айтқандай шыбындаудан басқа амал жоқ.

Көрмес, түйені де көрмес

Ал әйелдердің шынайы өміріне келсек, жағдай билік айтқандай мәз емес. Әлемдегі озық мемлекеттер Жапония, Норвегия, Германия т.б. елдердегі зейнет жасы алға тартылады, бірақ олардағы тұрмыс деңгейін біздікімен салыстыруға еш келмейді ғой. Арақашықтық аспан мен жердей екенін көзіқарақты жұрт жақсы біледі. Оларда бай-бақуатты өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Не ішем, не кием демейді, Жұмыстан кейін алаңсыз демалады, еңбек демалыстарында алыс-жақын мемлекеттердің қайсысына барып, ел, жер көремін, болмаса курорт, санаторийде денсаулығымды түзеймін десе де жалақылары бәріне жетіп артылады. Біздер болсақ қайтсек бала-шағаны асыраймыз деп «арқа етіміз арша, борбай етіміз борша» болып жүргеніміз. Елімізде қараша халықтың өмір сүру сапасы төмен екендігіне ешкім дау айта қоймас. Қаншама әйелдердің ауыр тұрмыстан, күйбең тіршіліктен, әуре-сарсаңнан қалжырап, етектеріне сүрініп-қабынып әрең жүргенін көзіміз көріп жүр. Жандайшаптар мен жағымпаздар ғана «көрмес, түйені де көрмес» деп, «көкелері» не айтса соны тоты құстай қайталап отқа май құйып жүр демесеңіз. Ертерек зейнет жасына жетсем, балаларыма қол ұшын беріп, немерелерімді бақсам деген қаншама аяулы аналарымыздың, асыл жарларымыздың үмітіне тұсау салынды. Кезең-кезеңмен енгізілетін реформа алдағы он жылда жүзеге аспақ. Уақыт деген немене желдей соғып өте шығады. Зауытта ауыр жұмыс жасайтын, ауылда мал қоралап, бақша егетін, мекемелерде қағаз кеміретін, мектепте бала оқытып жүйкесін тоздыратын мұғалімнің 63 жасқа дейін несі қалады? Шаңырағына келсе отбасының қамы, тірлігі, тамағы, кір-қоңы, үйді жинау, сондай-ақ от жағып, күл шығару, су тасу тағы бар. Ыстық су тұрмақ, ауыз судың өзі мұң қаншама ауыл бар. Дәретханаға екінің бірі қақаған суықта сыртқа барады. Коммуналдық қызмет барлық жерге бірдей жеткен жоқ. Құнарлы

тамақ ішуге де қолға тиетін мардымсыз жалақы мүмкіндік бермейді. Оның үстіне жас ұлғайған сайын ауру меңдейді. Бас ауырып, балтыр сыздайды. Бел шойырылып тұрудан, тізе сырқырап жүруден қалғызады. Жұмыссыздық анау өршіп тұрған. Жастар екі қолға бір күрек таппай жүргенде, кәрі-кұртаң қалай қызметке орналаспақ?

Статистика агенттігі елімізде әйелдердің өмір сүру жасы 73,7 деп көрсетіпті. Қайдам, өз басым сене қоймаймын. Биылғы Наурыз мерекесі күндерінің өзінде Қазақстанда қырық бес адам автокөлік апатынан қайтыс болғанын теледидардан естідік, ал басқа да ауру-сырқаудан, мезгілсіз келген ажалдан ерте қайтыс болып жатқан әйелдер қанша ма? Бұл өмірде азап пен бейнеттен арылмаған нәзік жандар жетіп артылады. Мұндайда әйел қауымына қарата айтылатын, сұлулықты паш ететін «исі жұпар аңқыған, дауысы қудай саңқыған, назыменен күйдірген, қылығымен сүйдірген» деген көркем теңеулер жайлы сөз қозғаудың өзі әбестік. «Қаржы көзі жетіспейді» дейді, сонда ең байлыққа ие дейтін қазақтың жер асты мен үстіндегі қазынасы қайда кетіп жатыр? Ат төбеліндей аз ғана топтың бар байлықты иеленіп алғанын халық білмейді емес біледі. Оны қашанғы жасырады, бір күні ол да ашылады. Қайсы бірін тізбелей бересің. Айтып-айтпай не керек, мына жөнсіздікке Ел Президенті «вето» қойып, тосқауыл болмаса пісіп жетілмеген реформаның зардабы халыққа ауыр тиері анық. Тағы бір қосарым, миллиард халқы бар Қытайда, қалың орманды Ресейде, халқы бізден екі есе көп, өзімізше «артта қалған» деп менсінбейтін Өзбекстанда, сондай-ақ Әзірбайжан мен Тәжікстанда әйелдер зейнетке 55 жастан шығады. Сонда олар ақшаны қайдан алады? Бірден, бұл мемлекеттерде ел байлығы әділірек бөлінетін болғаны ғой деген ой келеді. Біздің билік шетелдік компаниялармен жасасқан келісімшарттарды жариялауы керек және бюджеттің орындалуы ашық жүргізілуі тиіс. Сөздің ұзын-ырғасы халықтың өмір сүру сапасын Батыс Еуропа елдерінің деңгейіне жеткізіп, сонан кейін зейнет жасын ұлғайту туралы мәселе қозғалуы тиіс. Оған дейін, жабулы қазан, жабулы күйінде тұрғаны жөн.

ТОЙДЫҢ КӨРКІ – «ТОЙ БАСТАР»

«Құдайдың қазынасында төрт нәрсе бар, айт пен той, келін түсу, шілдехана», – деп айтылады хадисте. Соған орай, бүгінде небір көркем тойлар өтіп жатыр. Той халықтың қазынасы болғандықтан, ол, әрине, таусылмасын, сарқылмасын қайта уақыт озған сайын бәйшешектей құлпыра түссін. Тек, тойға бар асылын киініп, бақанын сүйретіп келетін халық үшін той ұлттық үлгіде өтсе екен дейсің.

Жақсыға той бастатқан қазақ халқы ...

Ата-бабаларымыз «бәйгенің көркі – аламан» деген, егер ол шабылмаса бәйге өттіге санамаған. Сол секілді «тойдың көркі – шашу мен той бастар» деп айтқан. Бұл рәсімдерсіз тойдың сәні болмаған. Қазірде, шашу шашқанымызбен «Той бастар» айтудан қалып барамыз. Дәстүр көмескіленсе, ұлттық болмысымызға қауып төнетіні тарихтан белгілі, сондықтан немқұрайдылыққа жол беруге болмайды. Халқымыздың салтында той соңына қарай «той-тойға ұлассын!» деген ізгі ниетпен ортаға неше түрлі тәтті дәм мен сый-сияпатқа толы «Той бастар» табағы тартылып, міндетті түрде «Той бастар» әні айтылады. Оның түрлі нұсқасы халық жадында сақталған. Шанырақ иесі «Той бастаңдар!» деп өтінгенде ән құмар қазақтың үлкен-кішісі тұс-тұстан ән тиегін ағытқан. «Жақсыға той бастатқан қазақ халқы, халықтың сақтайық та дәстүр-салтын» деп, рухани құндылықты сақтауға шақырған. Өлең жолдарына көз салсаңыз «Той бастарды» бірінші болып, елге сыйлы, көпке қадірлі азамат айтқан: «Өрісің төрт түлікке толып тұрсын, басыңа бақыт құсы қонып тұрсын ...», «Ешкіңіз қотан толы қойға ұлассын, жылқыңыз қырға сыймай ойды бассын, кенелген қуанышқа той иесі, тойыңыз құтты болып, тойға ұлассын!». «Біз бастап, сіздер қостап, дегендейін, әндетіп отырайық ашық-жарқын» деген көрікті тілектер мен құнарлы сөздрге тұнған әуендер тойдың сәнін келтіріп, бағасын арттырған. Әндердің бірінен соң бірін төгілткен өнерпаздар сый-құрметке бөленген. Құтты

қонақтардың арасынан шыққан сері жігіт, тіптен: «... келіншектің анау-мынау керегі жоқ, қасыма екі-екіден қыз қойыңыз», – деп желпінген. Той бастау жай өлең айту емес, оның астарында той иелеріне деген ризашылық сезімді білдіру, көпшілікке ой салу, әсем ән тамылжыту және ұрпаққа қалдырар өнеге жатыр. Жалпы, тойда ән көп айтылған. Оны мына өлең мәтіндерінен аңғарамыз: «Жаңбыр жауса бетеге өсер қаулап, ойын-тойда құрбыжан өлең салулат ...», «... Неге отырсың өлеңді дүрілдетпей, дүрілдетіп қалайық дүние өтпей», «... Азырақ білгенімше ән салайын, өлеңді қайда айтамыз тойда айтпаған». Мұндайда той иесі жомарт болса, «Той бастарды» әуелеткен әншінің астына ат мінгізіп, иығына шапан жапқан. Басқалардан да сый-сияпатын аямаған. Соны білетін ақын-әншілер де лайықты сый алуға құмартып, той бастауға құлшынған. «Тойынды топ алдында өзім бастап, артайын жоралғысын қара нарға» деп емеурін танытқан. Ендеше, тойда арнайы шақырылған әншілермен қатар қарапайым жұрттың да ән шырқағаны дұрыс.

Ұлт дәстүрі – заңнан биік

Тойдың мәнді де сәнді өтуі, той бастардың айтылуы бірінші кезекте асабалардың қолында. Той иесі көбінесе дастарқан мәзірі мен қонақтарды қарсы алу, кімге қашан сөз беру керектігімен шектеліп, мәдени жағына араласа бермейді. Тізгін қолға тиген соң асабалар қабілет-қарымына қарай көсіліп, тойдың шырайын келтіруге, мың құбылтып түрлентуге тырысады. Өздерінің айтуларында, біреулері әзіл-қалжыңмен, ән-күймен өрілтіп жүргізген дұрыс десе, екіншілері кім-кімді де елең еткізетін, құлағының құрышын қандыратын шұрайлы да дәмді сөзімен, кестелі тілімен тәнті етуге талпынады, үшіншілері сан-түрлі ойын ойнатып, жұмбақ шешкізіп, би билетіп көптің көңілін көтеруге әрекеттенеді. Тағы бірі діни уағыздар айтып, халал тойларды өткізуді жөн көреді, яғни қай-қайсысы да өзіндік ерекшелігіне, қалыптасқан қолтаңбасына қарай жүргізеді. Адамдар болса тойға ағайын-туыстың, дос-жаранның қуанышына ортақтасуға баратындықтан жақсы демалып қайтсам деген ойда болады. Бірақ, өкінішке қарай, кейде көңіл құлазитын: «апырмай,

неге солай жасады екен?» деген сұрақтар туындайтын сәттер де кездесіп қалады. Менің айтпағым «Той бастар» болғандықтан, тек екі түйіткілге назар аударсам деп едім. Этнографтардың жазуында ата-бабаларымыз Наурыз мерекесінде «жалғыз шала сәуле болмас» деп, қос шырақ жаққан, себебі отты кие тұтқан, қасиетті санаған. Ол тіршілік пен жылылықтың көзі деп білген. Оны өшіруді жаман ырым санаған, сондықтан «Отың өшпесін!», «Шырағың сәнбесін!» деген. Жаңа түскен келінге шаңырақтың табалдырығын оң аяғымен аттата сала: «От ана, Май ана! Жарылқа! Жарылқа!» дегізіп отқа май құйғызған. Бұл рәсім отбасын сыйлаудың үлгісі ретінде, әрі жастар оттай қауласын, шаңырақтарында молшылық пен тоқшылық болсын деген ақ ниетпен жасалған. Қазіргі тойларда шырақ жағудың орнына, шырақданды өшіретін болдық. Ал ұзату тойларында гүл жапрақшаларын қыз баланың аяғының астына шашып жатамыз. Сондайда халық дәстүрінің білгірі этнограф Жағда Бабалықтың: «Бұл қазақтың «көктей солған» деген сөз тіркесіне келеді және ырымға жаман» дегені ойға оралады. «Төсегіш болсақ «Қыз Жібек» фильмінде көрсетілетіндей тулақ төсейік. Сол кинода оның қасиеті және не үшін төселетіні туралы айтылады» дейді. Қазіргі істеп жүргендеріміз (шырақты өшіру, гүл төсеу) ақылға симайтын, көңілге қонбайтын тірлік. Жат жұрт солай жасайды екен деп «біреудің қаңсығын, өзімізге таңсық ету» жарамайды. Өзімізді екі ғасырдай отарлаған ұлттың тілінде сөйлейміз, мәдениетіне бас ұрамыз, сонда біз кім болғанымыз? Тәуелсіз елдің перзенттеріміз бе, жоқ әлде құлдық санадан арылмаған тобырмыз ба? Бүгінде «Ұлт дәстүрі – заңнан биік!» деп жазып жүрміз. Ендеше, өз әдет-ғұрыптарымызды көздің қарашығындай сақтайық. Ал микрофон ұстаған той басқарушыларына жұртты адастырып, шатастырмас үшін қазақ әдебиеті мен фольклорын және этнографиясын оқындар дер едім.

АСПАННАН АЛШЫС ТҮРЛІ ЖАУСА ПӘЛЕ ...

«Дүние қызыл түлкі бұландаған, адамды алдандырып сыландаған. Сусылдап, ирелендеп ұстатпайтын, тұрлаусыз бұл не деген жылан заман» деп ата-бабаларымыз айтып кеткендей мына жалған дүние айдың күні аманда, қалың жұртты тығырыққа тіреп, не бір еліне тірек болар, қысылған кезде ағайынға сүйеу болар асыл азаматтарды жер қойнына алып кетті. Хан демей, қара демей, дүниенің қызығын судай сапырған байды да, мардымсыз жалақы мен болмашы жәрдемақыға он екі айда бір рахат көрмей күн кешіп жатқан кедейді де аяр түрі жоқ.

Тұрмайды бір қалыпта заман құрғыр

Күні кеше ғана бейбіт заманда, тыныштық аясында той тойлап, сауық-сайран құрып, қонақ күтіп алаңсыз өмір сүріп жатқандай едік, тосыннан киліккен індет мұның бәрін бір сәтте тәрк етті. Бойымызға қорқыныш пен үрей ұялатты. Бұрынғылардың «Тұрмайды бір қалыпта заман құрғыр» дегені осы болар. Бір жарым жыл бойы ащы ішектей созылып келе жатқан бұл сойқанға тоқтау бола ма, жоқ әлде, ол, осылайша, оқтын-оқтын қайта айналып келіп тұра ма? Шындығында бұл сұрақтың жауабын ешкім де тамырын дөп басып, айта алмас. Оны тек «сақтансаң сақтаймын» деген бір Құдай ғана білер, сол үшін де дүниенің жетегінде, ойдың шырмауында кете бермей ешкімді есіркеп, мүсіркей қоймайтын короновирус дертінен, жоғарыдан бекітілген ережеге сай сақтанайық. Бұл жалғанда «біреуге біреу қонақ екеніне» көзіміз, ендігі, жеткен шығар. Қазақ ғылымы мен білімінің, мәдениеті мен әдебиетінің небір айтулы тұлғалары індет салған дерттен өмірден өтті, кешегі көз көрген кейбір таныс азаматтарымыз да бүгінде арамызда жоқ, сондықтан мұндай ауыртпалы кезеңде (өтпелі деп ойлайық) бойымызға Жаратушы берген ерік-жігерді сарқа пайдаланып, сабыр сақтайық, «алтынның қолда барда қадірін біл» деп, ағайын-туыстан, дос-жараннан, көрші-қолаңнан, қызметтес әріптестерден қол үзбейік,

алыстамайық, пейіліміз тарылмай, бір-бірімізге жанашырлық танытайық. Осы тұста дәрігерлер мен медбикелердің жанкешті еңбегін айта кеткен жөн. Бастарына төнген қауып-қатерге қарамастан адам жанына араша түсіп, қаншама аурудың сауығып кетуіне дәнекер болды десеңізші! Оларға көпшілік қауым рахметтерін білдіреді. Егер екі арада келіспеушіліктер болса, оған түсіністікпен қарайық. себебі «ауру адам тырысқақ» деп бекер айтылмайды ғой. Алдағы уақытта Алла қаласа ел болып, жұрт болып бұл сынақтан да өтерміз, қуанышты күндерге де жетерміз. Алаңдататыны дәрі-дәрмектің удай қымбаттығы, кейбірінің аса қаттығы, оны құдайдың күндізінде шам алып іздесең де табылмайтындығы. Құрығы ұзын шенділер, қалтасы қалың байлар және орта дәулетті адамдар қарызданса да ой мен қырға шапқылап, іргедегі Талдықорғанды қойғанда қияндағы Елорда мен Алатаудың баурайындағы Алматыдан алдырады. Ал ас-суын зорға айырып, қоңторғай тіршілік кешіп отырған қараша жұрт не істеуі керек? Кімге барып қол жаяды? Дәрігерлер құнарлы тамақ ішуге кеңес береді, ал азық-түліктің бағасы болса аспандап кетті. Денсаулыққа пайдалы, колориясы мол дәмді әркім де өз дастарқанынан көргісі келеді, бірақ бәрінің бірдей оған қолы жете бермейді, неге десеңіз қалтасы көтермейді. Қазынаның құлағын ұстап отырғандар осыған назар аударса деймін. Бүгінгі күнге дейін қаншама сайда саны, құмда ізі жоқ бағдарламалар қабылданды, солардың нәтижесі қайда? Неге оған сұрау салмаймыз? Бұған біреу жауап беру керек қой? Қоғамда болып жатқан жағымсыз істерге, өрескел қателіктерге салғырт, атүсті қараймыз, немқұрайдылық, бейқамдық танытамыз, қорытындыда асты-үсті қазынаға бай елде кедейшілік күй кешеміз. Жағдайды түзеу үшін өз тарапымыздан да белсенділік танытып, кәсіп қуып табыс табайық, ағайын, ел-жұртқа шама келгенше адал қызмет етейік және бабаларымыздың: «Аспаннан алпыс түрлі жауса пәле, сонда да күдер үзбе бір Алладан» деген нақылын жадымызда мықтап ұстайық.

2021 жыл

БАЗАРҒА, ҚАРАП ТҰРСАМ, ӘРКІМ БАРАР ...

Ұлы Абай: «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар, іздегені не болса, сол табылар. Біреу астық алады, біреу маржан, әркімге бірдей нәрсе бермес базар ...», – деп жазғанындай, өткен жексенбіде сауда нарқын білмек болып, мен де базар бардым.

Көңілдегі көрікті ойды ...

Қаламыздың мал базарында адам қарасы да, мал саны да аз екен. Төрт-түліктің бағасын сұрастырып көрсем, құны аспандап кетіпті. Сатушылар мал басына «ердің құнын, нардың пұлын» сұрайды десем, артық айтқандық болмас. Құлаққа түрпідей тиетін көтерме бағалардан абдырап, тосылып қалдым. «Көңілдегі көрікті ойды базардағы баға бұзады», – деп осындайда айтса керек. Марқа қозы, тоқты, ісек, тұсақ, саулық қой бағасы: 25-тен 55 мыңға дейін барады екен. Желіні жер сызатын, сүті нәрлі қазақ ешкісі 25-30 мың. Бала-шағаға май шайқап, айран ұйытып, құрт қайнатып беретін сиыр – 300 мың. Құнажын, бұқа, өгізше, тайынша, бұзау және малдың төресі жылқы тұқымының түрі сатылымда болмады. Төрт-түліктің үлкені түйе де мүлдем көрінбеді. Білетіндердің айтуында сауда ісінде екі арада жүретін делдалдар малды үй-үйден сатып алып, Көксу ауданының орталығы Балпық би кентіндегі арнайы жасақталған мал базарына шығаратын көрінеді. Сондықтан біздегі сауда нарығында ірі қара, жылқы түлігі жоқтың қасы. Бағаға келсек, мал баққан шаруаның да уәжін түсінуге болар. Ауыл маңайындағы өріс тарылып, жайылым жерлер азайған. Ертеректегі хош иісі мұрынды жаратын, биіктігі белуардан асатын көк шалғын шабындықтарды да бүгінде көрмейсің. Бір тең (тюк) шөптің бағасы 600 теңгеден асқан. Жем де удай қымбат. Мұндай жағдайда өнімнің өзіндік құны қалай арзандамақ? Өткенге көз жіберіп көрейікші, бұрында қазақ ғұрпында: «Қонақ тоймадым демейді, соймадың» деуші еді. М.Әуезовтың «Абай жолы» романында Абай ағасы Тәкежанның ауылына Ербол досымен барғанда

жеңгесі Қаражан сараңдық танытып, оларды өлі етпен қайтарады. Бұған өкпелеген қайнысы уытты, шымшыма өлең шығарып, ол елге жайылып кетеді. Содан, екі жақ қырғи-қабақ болысып, Абай көпке дейін аға-жеңгесінің үйіне ат-ізін салмайды. Қазірде қарапайым қазаққа келген қонаққа мал соймақ түгілі, қазан көтерудің өзі мұң боп тұр. Тәуке хан тұсындағы: «Ойпаң жерге он отау, қыраң жерге қырық шатыр тігіп, қонағымды жайласам», – деген дәуір, ендігі келмекке кеткендей. Сол шақта орда ішін жайнатып, ертелі-кеш қазанын оттан түсірмей қайнатып, дастарқанда ет таудай боп үйіліп, сапырылған сары қымыз үсті-үстіне құйылып, қонақ күтілуші еді. Келген мейман тойғаннан соң ат шаптырып, бәйгесі үлестірілетін. Сол бір су тілесе бал берген, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман қайтып оралар ма екен?

... Сауданың түбі – кеніш

Мал бағасына қаныққаннан кейін ат басын орталық базарға бұрдым. Бұл жерде халық қара-құрым екен. Күнкөріс қамымен сырттан әкелген, іште өздері өндірген өнімдерді базарға шығарған ірілі-ұсақты саудагерлердің де қарасы мол көрінді. Мемлекетке салмақ салмай, өз-өздерін жұмыспен қамтып: «Қарыздың түбі – борыш, сауданың түбі – кеніш», – деп сауда көрігін қыздырып жатқан олардың еңбегі ерен деп білемін. Сол жандардың арқасында жоғымызды түгендеп, барымызды бүтіндеп жүрміз. Сондықтан да оларға іштей ризашылығымды білдіріп, көш секілді шұбатыла созылған сауда қатарларындағы өнімдердің бағаларына көз тігіп келе жатқанымда, шеттеу тұстан әлдекімнің, шамасы тісқаққан, алғыр сатушының бірі болар: «Кел әлеумет, жарандар, мендегі барды қараңдар, бүлдіргенім көнектей, қауындарым шелектей, қиярларым теректей...», – деп бұрынғының жаршыларындай сарнаған дауысы естілді. Исі жұпар аңқыған қазақы жарнамаға ішім жылып қалды. Өз ісінің шебері осындай болуы керек қой, деген тәтті қиялмен бірінші кезекте «ас атасы – нан» екендігін ескеріп, бидай бағасын білуге асықтым. Бір шелек бидай – 800, арпа – 600, ұнтақталған жем – 800 теңге екен. Келесі кезекте, «Балық

еті бал татыр», – деп өзен суы өнімдерінің бағасына көз салдым. Олардың келісі көлемдеріне қарай: сары бауыр сазан – 600-1000, кара суды қақ жарып тереңде жүретін, бір өзінің еті қазан толтыратын жайын (сом) – 600-1000, қос қанатты, екі өркешті көксерке (судак) – 800-1000, еті дәмді, бірақ қармақ қаппас ақмарқа (жерех) – 500 теңге екен. Дәрумені мол көкөніс бағаларына көз жіберсем, олардың келісі: картоп – 150-200, жуа – 100-120, сарымсақ – 500-1000, сәбіз – 150, қылша – 100-150, қияр – 150, қызанақ – 200-600, қырыққабат – 100-130, бұрыш – 300-700, баялды – 250, алма – 250-500 теңге екен. Құс өсірушілер болса тауық балапанының бір айлығына – 1000, екі жетілігіне – 700, үш күндігіне – 500 теңге сұрап тұр.

Шайдың көркі – қант пен май

Жорығымның соңында азық-түлік дүкендеріне бас сұқтым. «Шайдың көркі – қант пен май» дегендей, шай ішпесе басы ауыратын қазақтың бірі болғандықтан, солардың бағасына үңілдім. Шайдың 250 г. қорабы түріне қарай – 650-900, қанттың келісі – 220-250, сары май – 2600, сұйық майдың бес литрлік құтысы – 2000-2400, жиырма бес келілік 1-ші сортты ұн қабы – 4500, жоғары сорттысы – 5000-5200 теңге. Сүттің литрі майлылық көрсеткішіне байланысты 165-190, кілегей – 570, ірімшік – 700, жұмыртқаның он данасы – 300-350, шұжық сапасына қарай – 1600-1850 теңге, басқа да өнімдердің бағалары осылай тізбектеліп кете береді. Өзі жемесе де мейманына бір асым етін сақтап қоятын қонақжай қазақ үшін еттің орны бөлек екенін жоғарыда айтып өттік. Ал оның нақты бағасына келсек, сол күні сиыр еті – 1700-2000, қой еті – 1700, жылқы еті – 2300-2400, қазы-қарта – 2500-2700 теңгеден саудаланды. Сонымен, бағалар құбылысы (феномені) осындай мазмұнда өрбіді. Оларға түсінік беруді оқырмандар құзырына қалдырайық. Менің қосарым бұрыннан бар «дәстүрлі» қымбаттау үрдісі биылғы жылдың наурыз айынан өршіп кетті. Соған орай айтарым, жіліктің майлы басын ұстап отырған кәсіпкерлер, бабаларымыздың: «жаманға жазатайым бітсе дәулет, шалқақтап ішпей-жемей болады

мастың» керін келтіріп, бағаны шектен тыс өсіріп жібермесе екен. Мүмкіндіктері барлары, шамалары келгендері тарыққан жандарға жәрдем беріп, көмек қолдарын созса сауабы болар еді.

Малымды алсаң да, пейілімді алма


Сөз түйініне көшсек, сатушы мен тұтынушының арасында от пен судай қарама-қайшылық бар екендігі әркімге аян. Бірі қымбатырақ сатып олжаға батсам, екіншілері арзанырақ алып, ақша үнемдесем дейді. Бұл ақылға қонымды, түсінікті жай. Ақиқатында бағаны сұраныс пен ұсыныс реттейді, оны ешкім теріске шығара алмайды. Соған қарамастан, адам баласының денсаулығына аса қажет тауарларға: дәрі-дәрмек пен азық-түліктің кейбір түріне (нан, қант, май, шай т.б.) мемлекеттік реттеу және бақылау орнату керек. Бүгінде қай салада болмасын түйіні тарқатылмай қордаланған мәселелер, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай, өсіп келеді. Оларды уақытылы шешпесе жағдай ушыға береді. «Жау айтып келмейді» дегендей, жоқ жерден өмірімізге коронавирус індеті килікті. Оның үстіне әлемдік мұнай бағасы арзандап, қара алтын өндіретін еліміз үшін бұл «жығылғанға жұдырық» болды. Проблемалар біріне-бірі жамалып, қоңторғай тіршілік кешіп жатқан қара халық үшін көптеген қиындықтар мен ауыртпалықтарды туындатты. Сондықтан, сауда ісінде абай болған жөн. Кейбір, құдай сүйер қылықтары жоқ, қу бастан қуырдақтың етін алатын пысықайлар мен жұмыртқадан жүн қырқатын алаяқтар бағаны орынсыз, жөнсіз көтеріп, отқа май құяды. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді», – дегендей шектен шыққан ашқарақтық, ашкөзділік, асырасілтеушілік, тойымсыздық сияқты жағымсыз әдеттер мен әрекеттер орға жығатынын естен шығармайық. Адам баласының көзін топырақ қана толтыратынын жадыда ұстайық. Ел қамын ойлаған жырауларымыздың: «Термен тапсаң бидайық, бір уысы ас болар. Арамдық жанды қинайды, жегенің харам тас болар. Періштедей пәк болсаң, жалмауыз да сенен жасқанар», – деген тәмсілін көңілге түйіп, байлықты маңдай термен, адал еңбекпен табайық. Екіншіден елдегі жұмыссыздық та еңсені басып, небір бұлаңдаған жігіттердің бағын байлауда.

Қорқыныштысы – жоқшылық, жетіспеушілік, шарасыздық адамның жүйкесін жұқартып, рухын түсіреді, ал түсінген адамға оның зардабы орасан зор болмақ. Мұны ескермесек болмайды. Қаратүнек тұманнан кейін, шуағын шашар сәулелі күндер болатынын да ұмытпайық. «Малымды алсаң да, пейілімді алма» деген қазақтың баласымыз ғой, бар болса асып-тасымайық, жоқ болса жасымайық. Барларымыз тарылмай күнкөрісі, тұрмысы, әлеуметтік жағдайлары төмен отбасыларға қарайласайық, көмектесейік. «Байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес», – деп ұран көтерейік.

2019 жыл

III

2-ші ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ЕРЛЕРІ



ЕРЛІГІМЕН ЕСКЕРТКІШ ҚАЛДЫРҒАН ЖАУЫНҒЕР

Есімдері әлемге әйгілі ойшыл ақын ұлы Абай, кемеңгер тұлға Шәкәрім, ғұлама жазушы М.Әуезов сынды біртуар перзенттерді дүниеге әкелген ұлылар мекені аталатын Абыралы жерінің Алғабас ауылында (бүгінде Абай ауданы), қазақ даласында алапат ұлт-азаттық көтерілісі тұтанған 1916 жылы дүниеге келген соғыс ардагері Саржанов Төлеубайдың 2-ші Дүниежүзілік соғыста жүріп өткен жолы мен көрсеткен ерліктерін айтпас бұрын оның туып-өскен жері туралы бірер сөз айта кетсек.

Абыралы алқабы

Асан Қайғы бабамыз осы өңірді көргенде, ғажайып сұлу өлке екеніне тамсанып: «Абыралы, Жалаулы, сары қиың тұр қалаулы, қылтанақты бір жусан, бір тоқтыға балаулы» деп кең жазиралы жердің шөбі шүйгін, суы айдын, сайын даласы мен тау баурайлары, өзен бойлары арқар, елік, қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, дуадақ, құр, бұлдырық, бөдене, бүркіт, қаз-үйрек сынды аң-құсқа толы екеніне сүйсінеді. Өкініштісі, данышпан Абайдың өмірі және шығармашылығымен тығыз байланысты өлке тарихының көңіл құлазығтар күйініштілігі. Кеңес заманы кезінде Абыралы алқабының Дегелең тауына ұрымтал жазықта Мәскеу билігінің пәрменімен 1949 жылдың 29 тамызында, дүниежүзінде алғаш рет атом бомбасы сыналды. Сол күннен 1989 жылға дейін созылған 40 жылдық ядролық жарылыстардың дүмпуінен, жойқын сілкіністерінен қазақ халқы орасан зор зардап шекті. Қасіретті ошақ аймағында атом радиациясынан жапа шеккен адамдар санында есеп жоқ, көңіл жабырқатады. Ал 1928 жылы кеңестік солақай саясаттың Қазақстандағы қолшоқпары Ф.Голощекин бастаған большевиктер: «Өрісте мал, көгенде қозы, желіде құлын қалмасын!» деген ұрандарын жалаулатып, жаңа қоғам – социализм орнатамыз деп даурықты. Нәтижесінде, колхоздастыру науқаны басталып, байлар мен орта дәулетті шаруалардың малдары тәркіленді. Осы қолдан

жасалған қастандықтың кесірінен, көп күттірмей ашаршылық нәубеті басталды. Міне, сол шақта «ауылымды сұрасаң сиырлы бай, тұрады сары қатық үйіріліп-ай!» деп күнкөрістеріне жетерлік төрт-түлік ұстап, мамыражай өмір сүріп отырған Саржановтар әулеті бар малы мен дүниесінен айырылып, аштық зобалаңына ұрынады. Содан, әке-шеше қолдағы бар дәмін ұл-қыздарының аузына тосып, өздері жер қойнына кете барады. Ұрпақтарының ішінен тірі қалған ересектері Төлеубай мен Нысанды құдайына қараған адамдардың бірі «жетім жыласа жер жылайды» деп Семей қаласындағы жетімдер үйіне тапсырады. Сол күннен, олар «жетім қозы тас бауыр, отығар да тойынар» дегендей, қараусыз қалған балалардың ортасында, кеңестік идеологияның ұстанымына сай орысша оқып, отаншыл рухта тәрбиеленеді. Өсе келе жас бөлтіріктер елі мен жері үшін кіммен болса да жүрексіңбей айқасатын көкжал қасқырларға айналады. 1939 жылы балалар үйінің түлегі Төлеубай қазақтың байырғы білім ошағы Семей педагогикалық техникумының орыс тілі және әдебиеті бөлімін бітіріп, мұғалімдік қызметке кіріседі, әрі комсомол қатарына өтеді. Бірақ, көп ұзамай соғыс өрті тұтанып, дүниенің астан-кестені шығады.

Брянск орманы

1941 жылдың 25 желтоқсанының ақ түтек боранында азуын тасқа білеген, ақсұңқар құстай түлеген Төлеубай Саржанов «күлдір-күлдір кісінеп, күреңді мінген 25 жасында» Көкпекті аудандық әскери комиссариатының табалдырығынан лейтенант шенінде майдан даласына аттанады. 1942 жылдың қаңтар айында Семейден шыққан әскери эшолон қазақтың көзі көріп, құлағы естімеген Десна өзенінің сол жағалауындағы Брянск өңірі маңындағы кішігірім станцияға тоқтап, қазығын қағады, шатырын тігеді. «Көл жайлаған қоңыр қаз, шөлге қонса не болмақ» демекші жасы бар, жасамысы бар құрамы ала-құла солдаттар легі мұз боп қатқан қара жердің тоңын сүйменмен ойып, жеркепелер қазады. Іргесін мықтап, табанын орнықты етіп тегістеп, жертөлелер салады. Үстін снаряд өтпейтіндей бөренелермен қалындап жауып, еденіне төсеніш

ретінде тал-шілік, шөп-шалам тастайды. Қыстың сақылдаған сары аяздарында сол тұрақтарында «тоңған торқа көреді, қырық қырау ескіні» деп, бар көрпе-жастықтары мен шинелдерін жамылып жатады. «Брянск орманы – Ресей мақтанышы!» деп орыс халқы жер ұйығына балаған, шыршасы мен қарағайы және емені көк тіреген, өсімдіктері мен жануарлары алуан-түрлі алқапты бой тасалаған жауынгерлер алдағы ұрыстарға дайындалу мақсатында әскери жаттығуларға кіріседі. Ал ас-суларын айыру үшін орманда өріп жүрген саңырау құр (глухарь), тоқылдақ, қоян, қабандарды аулап, жазда саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді теріп, үйрек-қаздарды атып азық етеді. Осы қалың орманның әр түкпірінде 60 мыңға жуық адамнан тұратын партизандар отрядтары мұз жастана, қар кеше жүріп жау құтын қашырған екен. Олар тұрақты армиямен байланыс жасап, бір-бірінің көмегіне сүйене отырып, мыңға жуық эшполонды, жүздеген көпірлерді, ондаған шақырым теміржол танаптарын істен шығарады. Лейтенант Т.Саржанов алғашқыда Орталық, кейіннен 1-ші Беларусь майданының құрамындағы 4-ші Бежийск атқыштар дивизиясы, 36-шы атқыштар полкінің қарамағындағы взводтың командирі болып тағайындалады. Дивизия сарбаздары партизан отрядтарымен орман ішінде бірге жортып, жау бекінісі мен шептеріне тұтқиылдан шабуыл жасайды және лагерлерде отырған әскери тұтқындар мен Германияға қара жұмысқа айдауға әзірленген жастар топтарын қамаудан босатып, өз құрамдарына қосып отырады. Соған, 1943 жылы қыркүйектің 1-нен басталып қазан айының 3-не дейін созылған қиян-кескі ұрысқа қатысып, 11-ші тұрақты армия (қолбасшысы генерал-майор М.М.Попов) және оның құрамындағы 4-ші Бежийск дивизиясы партизан жасақтарының қолдауымен Брянск және Бежийск қалаларын неміс басқыншыларынан азат етіп қана қоймай, бас сауғалап бытырай қашқан жауды басқан іздерімен өкшелей қуып, Десна өзенінің арғы бетіне асырып жібереді.

Одер өзені

Жаудың сілікпесін шығарған осы сұрапыл шайқаста көрсеткен көзсіз ерлігі үшін лейтенант Саржанов Төлеубай «Отан соғысының

1-ші дәрежелі орденімен» марапатталады. Сондай-ақ, 39 атқыштар полкінің командирі полковник Моисейконың жоғары әскери басшылыққа жазған ақпаратында Т.Саржанов 24.07.1943 және 13.09.1943 жылы екі рет жараланып, бір контузия алды делінеді. Ол майдан даласында өзін ержүрек те батыл, өжет те епті, шебер де ысылған командир ретінде ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар, қарамағындағы солдаттар мен сержанттардың жауынгерлік дайындығын жетілдіріп, жоғары деңгейге жеткізгені үшін взвод жетекшісі Т.Саржанов 1945 жылдың 3 наурызында «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталады. Ерлігі алыс пен жақындағы, ылдый мен өрдегі әскери бөлімдерге кеңінен жайылған офицердің ерлік жолы ары қарай да жалғаса береді. 1945 жылдың көктемінде 1-ші Беларусь майданы (қолбасшысы маршал Жуков Г.К.) Берлинге тікелей шықпақ оймен жолдағы Кюстрин қаласын плацдарм ретінде пайдалану мақсатында Одер өзенінен жылдам, әрі тездетіп өту үшін 25 көпір, 40 паром салдырады, соның арқасында гүрсілі мен тарсылы жер-көкті көшірген зеңбіректер мен минометтер қолдаған танк бригадалары тау құлатардай екпіндерімен Польша жерінде құландай ұйытқып, атқыштар армиясының жаяу әскерімен бірлесе 30 наурызда жау шептерін толық талқандайды. Екі айға созылған ұрыста қазақ лейтенантының взводы айырықша көзге түседі. Ол туралы полк командирі подполковник Золотов марапатқа ұсынған марапаттық қағазында: «1945 жылдың 10 наурызында Одер өзенінің батыс бөлігінде (Лебус қаласының солтүстігіне қарай) орын тепкен плацдармды кеңейтуге бағытталған шайқаста лейтенант Т.Саржановтың қарамағындағы взвод оқ қардай борап тұрса да бірінші болып шабуылға көтерілді. Ол: «Жолдастар, ажал келмей өлім жоқ. Отан үшін алға!» деп окоптан қарғып шығып, алға ұмтылды. Оның соңынан ерген жауынгерлер жанқиярлық ерлік көрсете отырып, ұшқырлық таныта жаудың орына (траншеясына) бірінші боп секіріп, қоян-қолтық айқасқа кірісті. Олар бурадайын бұлқынып, бұқадайын жұлқынып еңгезердей фашистермен табан-тіресе айқасып, жығылғандарын винтовкаларының найзасымен

түйреді, әрі қол гранаталарын лақтырып, қырыққа жуық фашистерді жер жастандырды, қалғандарын қашуға мәжбүр етті. Жаудың қисапсыз қолын көрсе де еш қорқып ықпаған, қабаған иттей арсылдаған ауыр артиллерияның нөсердей жауған оғынан да үркіп тайсалмаған взвод алдарына қойылған міндетті орындаған соң, гитлершілдердің қарсы шабуылдарына тойтарыс беру үшін тез арада қорғаныс амалдарын жасап, шептерін түзеді. Басқыншылардың тұйықтан шығу үшін ойластырған қарсы әрекеттеріне жол бермеді. Сол бір шешуші сәтте қиыннан қиыстырып қол бастаған взвод жауынгерлері бүкіл полкке дем берді» деп баяндайды, оған өз тарапымыздан аз ғана әдеби бояу қостық. Марапаттық құжат дәл сол 10 наурызда жазылыпты. Осы теңдессіз ерлігі үшін взвод командирі «Отан соғысының 2-ші дәрежелі орденімен» марапатталады.

Прага көктемі

Сұрапыл соғыста бұрынғының жүрек жұтқан батырларындай қолына ту ұстап, қалың жауға «уралап» қарсы шапқан жауынгердің тағы бір ерлігін айғақтайтын құжат 1945 жылдың қаңтарында жазылып, ардагердің жеке ісіне қатталған екен. Ол бұйрықта армия генералы М.Попов: «СССР Жоғары Советі төрағасының атынан майданда неміс басқыншыларымен болған ұрыста әскери тапсырманы ойдағыдай, әрі үлгілі орындағаны және соған орай көрсеткен ерлігі мен қажырлы қайраты үшін лейтенант Саржанов Т. «Ерлігі үшін» медалімен марапатталсын» делінген. Бұған қоса, азуы алты қарыс қанды балақ жаудан қаймығып айылын жимаған Төлеубай Саржанұлы «1941 – 45 жылдардағы ҰОС жеңісі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарымен наградталады. Осылайша, саптарынан шепті бұзған ер де, суырылып шапқан батыр да шыққан айбынды взвод майдан даласында өздерін көктегі құсқа да жердегі жауға да алдырмай төмендегі қалалар мен елді мекендерді басып өтеді: Брянск - Донецк - Луганск - Харьков - Ахтырка - Зенков - Туршийск - Река де Турья - Добре Место - Калининград - Франкфурт на Одере - Лукенвальд. Бұл жол бағдары ғаламтордың «Халық жады» сайтынан алынды. Қорыта

айтқанда, аласапыран ауыр шайқастарда фашист біткенге қырғидай тиіп, озбыр жауды төстен түлкі қоймаған тұйғындай өз ордасына дейін қуған лейтенант Саржановтың взводы асу бермес асқар таудадай көрінген Берлинге таяу тұста көктемнің шуақ шашқан күнінде Чехословакияның астанасы Прагаға жетіп, тізгіндерін тартады. 1945 жылдың 29 қыркүйегінде айбынды офицер әскери қызметті абыроймен атқарып, аға лейтенант шенінде елге оралады.

Қаратал елі

Бейбіт өмірде ешкімнің көңілін қалдырып, маңдайынан шертпеген, азуын батырып, бетіне «сен» деп көрмеген, жүрегі жұмсақ, жаны жайсаң азаматтың соғыста асау мінез танытып, жауға қарсы дара шабуы айырықша құбылыс деуге келеді. Шамасы, дұшпанмен Отан үшін жан алысып, жан беріскен шақта әке қаны және ана сүтімен бойға сіңген тектілік, балалар үйіндегі кеңестік тәрбие Төлеубай әкемізді ерлікке итермелеген болар. Алғыр да батыр жауынгер соғыс соңында коммунистік партия мүшелігіне қабылданады (ол кезде ерліктерімен танылған командирлерді өзгелерге үлгі ету үшін партия қатарына тартқан). Осылайша, майдандағы жауынгерлік жолы ерлікпен өрілген офицер елге келген соң, бірер жыл, Семей қаласының оқу-ағарту орындарында қызмет істеп, 1949 жылы сол кезеңдегі кеңестік идеологияның тұжырымына сәйкес облыстық партия комитетінің жолдамасымен Жетісу өлкесіндегі Қаратал аудандық партия ұйымына жол тартады. Ал жергілікті атқару органының оқу бөлімі КОКП Орталық комитетінің ұлттық білім ошақтарында орыс тілін тереңдетіп оқытуды күшейту туралы қаулысына сәйкес оны аудан білімінің қарашанырағы Тастөбе ауылдық орта мектебіне, сол дәуірде күдіреті жүріп, дәрежесі аспандап тұрған ұлы көсем Лениннің тілі саналатын пәннің қатардағы мұғалімі қызметіне жібереді. Сол ұжымда соғыс ардагерлері мектеп директоры Сауранбаев, ұстаздар Л.Фисанов, З.Тұнғатов т.б. майдандас серіктестерімен арқа-жарқа қызмет етіп, өскелең ұрпақ бойына білім нәрін себеді. Осы күндерден киелі Қаратал жері Төкеңе құтты мекенге айналады. Жастығының жалындаған шағында жау-

мен күрескен ер жігіт нағыз орда бұзар отызында Оян ауылының тумасы жаны жомарт, көңілі көл Қайыпжамал Аманқызымен бас қосып, шаңырақ көтереді. Көп ұзамай «Новый мир» совхозының шалғайдағы бөлімшесі Майлыбай ауылындағы мектеп-интернатқа директор болып тағайындалып, малшы қауым баласына білім және тәрбие беру ісіне білек сыбана кіріседі. Сол қызметінде жүріп, 1974 жылы 58 жасында соғыс салған жарадан қайтыс болады. Артында екі қызы және ұлы Жанат қалды. Жамал Төлеубайқызы әке жолын жалғастырып, Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ сыныптарына орыс тілі мен әдебиетінен дәріс беретін факультетті тәмамдап, мектепте мұғалім, Үштөбе балалар үйінде тәрбиеші, оқу және тәрбие ісінің меңгерушісі, директоры қызметтерінде табысты еңбек етіп, әке аманатын орындады. Жәнияш та «Қазақстан-1» телеарнасының Алматы қалалық филиалында ағартушылық қызметпен айналысып, әке арманын жүзеге асыруда. Немересі Мағжан Жанатұлы болса атасының майдан даласындағы қанды қырғында жүріп өткен жолын ғаламтор желісінен тауып, осы мақаланы жазуға түрткі болды. Өмірде адал еңбек етіп, барды қанағат тұтқан, оқ пен оттың ортасында жүріп, артына ерлігімен ескерткіш қалдырған Төлеубай әкеміздің есімі ұрпағының жадынан кетпек емес. Марқұмның топырағы торқа, жаны жанатта болсын!

2021 жыл

НАР БУРАДАЙ ШАБЫНҒАН ЕР

XX ғасырдың басында 1902 жылы дүниеге келіп, қырық жастың қызуына өртеніп, серілік құрып жүрген шағында соғыс өртіне шарпылған, азан шақырып қойған есімі Ахметкерім, ал жеке төл құжаты бойынша Ахмет Жаманбаланов деп жазылған азаматтың соғыстағы ерлік қимылы мен бейбіт өмірдегі игі істері жайлы естіп-білгенімді, оқып-көргенімді оқырман қауымға жеткізе кетсем деп едім.

Түркіб құрылысы

Арғы-бергі ата-бабалары ғасырлар бойы балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған Қараталдың жағасын жайлап, желілеп бие байлап, «ойпаң жерге он отау, қыраң жерге қырық шатыр тігіп қонағымды жайғасам, пышақтан малым кетпесе, қазаным оттан түспесе, ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе. Он кісіге жараса, бір кісіге арнап тартқан табағым» дейтін кеңпейіл, аса қонақжай, дәулетті кісілер болған екен. Сол ата жолын қуып, Ахмет те әкесі Жаманбаламен бірнеше үйір жылқы жусатып, неше табын сиыр айдап, отар-отар қой өргізіп шат-шадыман бақуатты өмір сүріп отырғандарында, Кеңес үкіметі күш алып, кешегі сән-салтанатқа толы дәурен көзден бұлбұлдай ұшады. Мал колхоз меншігіне өтіп, отбасы жұтта қалғандай таяқ ұстап қалады. Жаратқанның құдыретімен айдаудан аман қалған әулет ауыр жағдайға тап болса да мойымай, жасымай жаңа заман лебіне бейімделіп, жусанды дала алқабын тіліп, табан темірден (рельстен) жол төсегін салып жатқан Түркіб құрылысына жұмысқа тұрып, жол төсеуші, көпір салушы жұмысшылар легінің қатарынан табылады. Қарулы да өжет Ахмет қолына күрек, қайла, балта, ара, лом, балға ұстап жер қазады, тас қашайды, ағаш кеседі, шпал салады, рельс төсейді, шеге (костыль) қағады, жүк тиейді, ат-арба айдайды. Қандай жұмыс болмасын табиғатынан бұла күшке ие Ахаң бәрін қоғадай жапырып, иін қандыра істейді. Уақыт өткен сайын қарқынына қарқын қосып, социалды жарыстың жеңімпазы атанады. Тарих беттерін парақтасаңыз сол кездегі жол құрылысындағы жұмысшылар мен қызметкерлер темірдей тәртіпке бағынған екен, маскүнемдік дегенге мүлде жол берілмепті. Күніге 10-12 сағаттан жұмыс істеген жұмысшылар уақыт тауып клубқа, қызыл отауға, спорт алаңына да барып волейбол ойнапты. Теміржолдың құрылысында жүріп кейіпкеріміз сауатын ашады, газет-жорнал оқитын дәрежеге жетіп, орыс тілін меңгереді. Сонымен, шойын жолдың қазанында қайнап, құрыштай шынығып, қайыстай қатып ысылған шағында жау көрсе бәйге атындай тықыршып тұра алмайтын Қаратал жерінің төл ба-

ласы 1942 жылдың қаһарлы қысында, аудандық комиссариаттың дәлізінен майдан даласына аттанады.

Ленинград майданы

Қатардағы солдат Ахмет Жаманбаламов ғаламтор желісіндегі ақпарат көзіне сүйенсек 391 атқыштар дивизиясының 1280 атқыштар полкінің құрамында Ленинград майданының Волхов бағытындағы әскер тобында, 2-ші екпінді армияны қоршаудан босату және Кеңес елінің көсемі В.И.Лениннің туған қаласын қорғау үшін Усть-Тосненская операциясы аясында ұрысқа қатысады. Бойына туа біткен жігермен қолына қару алып, алғашқы текетіреске түскенінде тұла бойы толқындай тулап, екі көзінен ұшқын атады. Дене-бітімі Еңсегей бойлы Ер Есімді көзге елестететін алып күшке ие қазақ солдаты арлан бөрідей айбар шеккен қанды көз фашистерге нар бурадай шабынып, екпіні оттай қабына сес көрсетеді. Бастапқыда екі жақ та окоптарында тұрып, бірін-бірі көздеп атумен болады. Ет пісірім уақыт өткенде ауыр артиллерия іске қосылып, зеңбіректердің оқпан, ұңғылаларынан от шашады. Оның артын ала жау әскері сүзісетін бұқадай Кеңес жауынгерлерінің шебіне жақындап, оқ дегеніңізді қарды шашқан борандай ұйытқытады. Бас көтеру мүмкін болмай қалады. Міне, осы қысылтаяң шақта қайсар мінезді, қызу қанды Ахаң дүр сілкіне жұлқынып, жауға қарсы винтовкасынан оқ жаудырады. Өліспей беріспеуге бекінген фашистер де қарап қалмай оқтарын төпелетеді. Сол сансыз оқтардың бірі Ахметкерімнің оң иығының бұлшық етін жұлып әкетеді. Сүйтіп, 1942 жылдың 10 тамызында ол ауыр жараланып, госпитальға түседі. Осы жойқын шайқаста көрсеткен батылдығы мен жүректілігі үшін, қатардағы солдат А.Жаманбаламов «Ерлігі үшін» медалімен наградталады, әрі «1-ші дәрежелі Даңқ орденіне» ұсынылады. Сонымен қатар, 09.05.1945 жылы ол «1941 – 1945 ж.ж. ҰОС Германияны жеңгені үшін» медалін кеудесіне тағады. Осындай жанкешті ерлігімен қораздайын құтырған жауды ықтырып, бұқтырып қашуға мәжбүр еткен Ахаң ауыр жарақатының салдарынан дәрігерлер шешіміне байланысты соғыс алаңында әскери

борышын өтеуді доғарады. 1942 жылдың соңында атқан оғын оздырып, жау біткенді тоздырған қазақ солдаты қиын-қыстау күндерде бір қазаннан ас, бір құтыдан су ішкен қарулас жолдастарымен қимай қоштасып, «анам Айкүміс келін болып түскен жұрт, мендей батыр туған жұрт, кіндігімді кескен жұрт, кір-қоңымды жуған жұрт» Үштөбе қайдасың деп, елге бет алады.

Аханнан асқан ер болмас!

Түр-сипаты келіскен, сән-салтанаты жарасқан, дала төсінде түлеп, қаңтардағы бурадай күйі қатты жараған Ахаң елге оралады. 42 жасында уыздай уылжыған 18 жасар. ақылына көркі сай Нұрғайша сынды үлбіреген сұлуға үйленеді, Жары көргенді жердің қызы болғандықтан: «Жақсы әйел бойын түзеп сыланады, өз күйеуінен басқаны ұнатпайды. Үйіне мейман келсе «Қош келдің деп», еш адамнан рұқсат сұрамайды» деген ұлтымыздың ұлағатты тәмсілін бойына сіңіріп өскендіктен, қонақ біткенді қабағын шытпай, ақ пейілімен қарсы алып, самаурынын қайнатып, дастарқанын жайнатып, салтанатпен отырып, меймандарын тойдырған күндері аз болмаса керек. Ниет түзу болған соң да шаңырақтарына Қызыр қонып, бақ дариды. Ахаң аз-кем қала іргесіндегі мал фермасында меңгеруші болып істеп, еңбек майданындағы қалған қырық жылын жүн, тері-терсек, басқа да нәрселер мен заттарды (макулатураны) жинап дайындайтын кеңсенің (Заготконтораның) шашасына шаң жұқпас бәйге атындай мықты қызметкері (заготовителі) болды. Ол заманда «заготовитель» дегеніңіз, ханға сәлем бермейтін, айырықша мамандық иегері болатын. Мал ұстайтын жұрт жылына бір-екі рет жүн өткізіп, шала байып қалатын. Бұл шикізаттар (жүн мен тері) сол шақта тау болып үйіліп, мая болып қаланып көз сүйсінтетін, ал бағасы қазіргідей көк тиын емес өте қымбатты, себебі оған сұраныс орасан көп еді. Елімізде тон, күртеше, киім-кешек, аяқ-киім тігетін, тоқыма тоқитын фабрикалар мен тері илейтін зауыттар жетіп артылатын, сондықтан да болар осы тірліктің басы-қасында білек сыбана кірісетін Ахаңның халық арасында беделі зор болды. Есімі ел аузынан түспеді. Бір сөзбен айтқанда

дәурені жүріп, дегені болып тұрды, шайқап ішіп, ұрттап төкті, бірақ асып-тасып шектен шықпады, адамгершілік қағидасын ұстанып, шеңберінен аспады. «Қайырлы болса баекен, ел-жұртына қарасар ...» деп бұрынғының текті байларындай бір рулы елді асырамаса да кедей-кепшікке, жарлы-жақыбайға, жетім-жесірге қарайласып, қамдарын көздеп, қаржылай көмегін аямады. «Сұлуға сұқтанбас жігіт болмас, жомарттың сандығында кілт болмас» деген қанатты сөз дәл сол кісіге қаратып айтылғандай. Ата-бабаларымыздың терең мағыналы «Кісі көрсең есікке, жүгіріп шық кешікпе, қарсы алмасаң мейманды кесір болар несіпке» деген нақылын туғып ұстанған Ахаң мен Нұрғайша әпкеміздің аста-төк дастарқаны ер-телі-кеш жиылмай, қазы-қартасы асылып, бауырсағы пісіріліп, қазаны оттан түспеген екен. Сондықтан да алыс-жақыннан келген ағайын-туыс, жақын-жұрағат, құда-жекжат, көрші-қолан, дос-жаран, жолдас-жора шаңырағынан үзілмеген. Тізе берсеңіз ол кісінің қайырымды істері көп-ақ. Әке-шеше қанымен бойына қонған біліктілігі мен іскерлігі, бұрынғының билеріндей арыдан ойлайтын сұңғылалығы мен көрегенділігіне қарап Қаратал жұрты оған: «Халық ішінен шыққан академик» деп айдар тағып қана қоймай, «Бүркіттей қыран құс болмас, Ахаңнан артық ер болмас» деп есімін асқақтата аспандатады. Мұндай қошамет пен құрметке бірді-екілі жан ғана қол жеткізуі мүмкін. «Келмейді таудың көркі тас кеткен соң, ер жігіт шау тартады жас кеткен соң» демекші кешегі асқар таудай биік тұлға да уақыт озған соң нардай шөгіп, қартаяды. Соған қарамастан, зейнетке шыққан соң да отбасы ошақ қасында отырып қалмай, күзет ведомствосында қызмет етеді. «Дүние өте шығар ойнақтаған» дегендей бұл өмірде алдынан қара кетпеген, артынан кісі жетпеген, ақылға бай, ойға тұнық, сөзге жүйрік, қарасөздің хас шебері атанған Ахметкерім Жаманбалаұлы 1984 жылы маусым айының шуақты күнінде, сексеннің сеңгірінен асқан шағында дүниеден өтеді. Бүгінде артында қалған үш ұлы мен жеті қызы және олардан тараған ұрпақ қара ормандай жайқалып өсіп келеді. Оларға әке-аталарының өнегелі өмірі үлгі болғай! Ал,

Үштөбе қаласында қарашаңырақтың түтінін түтетіп, отын лаулатып отырған тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы Әлік бауырымыз бен Анар келінімізге Қаратал жұртына танымал әулеттің береке-бірлігін арттырып, ынтымағын жарастыра беріңдер деген тілегімізді білдіреміз.

2021 жыл

БӘРІНЕН ДЕ АЛТЫН ҰЯҢ – ОТАН ҚЫМБАТ!

1921 жылы Қаратал жерінде «Бесағаш» ауылының киелі топырағында қоңыр тірлік кешкен қарапайым шаруа Әбдіқұловтардың шаңырағында Ахмет бала дүниеге келеді. Жастайынан жақсылыққа құмартып, ізгі істерге талпынып өскен жеткіншек, кейінгі ұрпаққа өнеге болатындай ғұмыр кешемін деп ойламаса керек.

Сарғайған құжаттар

Ағаның артындағы ұрпағына қалдырып кеткен мұра есебіндегі құжаттарды парақтап отырып, әкелеріміздің сол бір қиынқыстау кезеңдегі өнегелі өмірлеріне, ауқымды істеріне тағы бір тәнті болдым. Жарқын болашақ үшін жан аямай күресіп, жанкештілік танытқан қайран ағалардың арпалысқа толы ғұмыры, бүгінгі ұрпаққа ой салса екен дейсің. Уақыт табынан сарғайған қағаздар (анықтамалар, бұйрықтар, өмірбаян, кадрларды есепке алу парақшасы, еңбек кітапшасы, көшірмелер, куәліктер, мадақтамалар т.т.) нақты деректермен кешегі күндердің тірлігін боямасыз көз алдыға келтіреді. Ер жетіп, оң мен солын танығаннан кейін Ахан әлемді дүр сілкіндірген сұрапыл соғыс басталар тұста, 1941 жылы Жаркент педагогикалық училищесін тек бестік бағаға, айта кетері үлгерімі туралы ведомсволар мен аттестацияларда мектепті де, 1945 жылдың 7 шілдесінде Кеңес Одағының Батыры генерал-майор А.И.Лизюков атындағы «Қызыл Жұлдыз» Орденді, Қызыл Тулы 1-ші Саратов Танк училищесін де, 1956 жылы Алматы қаласындағы

Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтты да кілең бестік бағамен бітіреді. Соншама құжатты көздің қарашығындай сақтағаны да таңданыс тудырады. Мұндай ұқыптылық пен тиянақтылық, асқан ыждағаттылық екінің бірінде болмайтын қасиет. Еңбек жолын Қоғалы ауданының Бостан ауылдық мектебінде физика-математика пәнінің мұғалімі болып бастаған педагог, 1942 жылдың мамыр айында «Бәрінен де алтын ұяң-Отан қымбат» деп қан майданға аттанады.

Майдан даласы

3-ші танк армиясы 79-шы полкінің аға жүргізуші механигі болып, кіші лейтенант дәрежесінде арпалысқа толы қиян-кескі ұрыстарға кіріп кетеді. Содан соғыс өрті аяқталғанша майдан даласында көк бөрідей жортып, толарсақтан саз кешеді. Небір, адам айтса нанғысыз, сұрапыл шайқастардан қу жанды шүберекке түйіп аман өтеді. Жүрегінде оты, бойында рухы бар жалындаған жас, әрдайым, «өлімнен-ұят күшті» қағидасын ұстанып, соғыстың ыстығы мен суығына, ащысы мен тұщысына бір адамдай қанығады. Әскери әдебиеттерден білетініміз, көп жағдайда ұрыс тағдырын танк полктары шешіп отырған. Жаудың қорғаныс шебін бұзарда генералдар шынжыр табанды ауыр танктерді пайдаланған. Олардың төтеден, не оң мен сол қапталдардан баса-көктеп жасаған тегеурінді шабуылдары қарсылас жақтың зәре-құтын қашырып, оларды бей-берекет қашуға мәжбүрлеген. Бұл мағлұматтарға ағаның Сталинград шайқасы туралы қалдырған жазбасына көз жүгірткенде де қанықтым. Генерал Паулос қолбасшылық еткен 6-шы неміс армиясы 1942 жылдың 12 қыркүйегінде мемлекет басшысы Сталиннің құрметіне қойылған «Волга» бойындағы қалаға шабуылын бастайды. Міне, осы тарихта қалған қырғынның, Сталинград қорғанысының табан тірескен шайқастарының бел ортасында Маршал Василий Чуйковтың 62-ші армиясы қарамағындағы полктардың бірінде Ахаң да жүреді. Жай жүрмей, белді бекем буынып, экипаж мүшелерімен «өлім мен өмірдің арасында, не көрсек те, бірге көреміз», – деп бір-біріне сөз беріседі. Сол серттерінен қандай қиын жағдай туындаса да

айнымауға тырысады. Орыстың әйгілі фильмі бар емес пе «три танкиста, три веселых друга-экипаж машины боевой», – деп әндететін, Ахан да серіктерімен бірде көңіл құсына ерік беріп әнге басса, бірде көңілдері құлазып мұңға батады. Танктерге қарсы артиллерия мен самолеттер және жаяу әскер күштері ұдайы қолданылған. Зеңбіректер мен миноменттер толассыз оқ жаудырып, зуылдаған снарядтардың жарылысы дүниенің астаң-кестеңін шығарып, алға жүргізбей дінкелеткен. Оның үстіне төмендеп ұшқан самолеттердің бойға қорқыныш ұялататын гүрілімен қосарласа тасталынатын бомбалар, ойда-жоқта бүйір тұстан шүйлігетін истребительдердің пулеметтен төккен оқтары, жаяу әскердің жер бауырлай барып ту сырттан лақтыратын гранаталарынан аман қалу Алланың сүйікті құлдарына ғана бұйырған бақыт болар. Екі жақтың танктері бетпе-бет келіп, нар бурадай шайнасқан тұстар да аз болмағанға ұқсайды. Зеңбіректер мен танктердің жеке тайталастары да жиі орын алған. Мұндай атыстардан, танктердің гүрсілі мен зеңбіректердің жалын шашқан снарядтарынан екі жақ әскерінің де құты қашып, зәселері зәр түбіне кеткен. Ахмет ағамыз осындай жан алысып, жан беріскен ұрыстардың бірінде 1943 жылдың 23 қаңтарында сол жақ иығынан ауыр жараланып Саратов шаһарындағы әскери госпитальға түседі. Содан екі-ай жарым емделіп 9 сәуірде ауруынан толық айықнаса да қайтадан сапқа тұрады. Танкісіне отырып майдан даласындағы жорықтарын жалғастырады. Талай ұрыстарда жау шебіне тосыннан килігіп, тұтқиылдан шабуылдап неміс әскерінің үрейін ұшырып, тоз-тозын шығаруға әрекет етеді. Фашист басқыншыларының жолын бөгеп, алға бастырмауға тырысқан сәттерді де бастан кешіреді. Шындыққа сүйеніп, әділдігін айтсақ, бас сауғалап қашқан, амалсыздан шегінген тұстар да аз болмаған көрінеді. Соғыс болған соң бірде жеңіп, бірде жеңілістің ащы дәмін татып отырған ғой. Осылай ар-намысты ту еткен азамат сан мәрте басын бәйгеге тігіп, ажал оғына қарсы келеді. Ақыр соңында темір тұлпармен тас қамал, бөгеттерді бұза-жара жосылтып Берлинге дейін жетеді. Жау ордасын талқандап, ерліктің ерен үлгісін көрсетеді. Жертөлесі танк

болған, сонда түнеп талай таңдарды көз ілмей атырған кейіпкеріміз қиямет-қайым тозақтан аман қалып, «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі», – деп 1946 жылдың тамызында елге оралады.

Қызмет өткелдері

Тасты өзек ауылына келіп мұғалімдік қызметін жалғастырады. Екі ай өтпестен ауданның білім бөліміне инспекторлық қызметке бекітіледі. Бір жыл өте Сарыөзек станциясының комсомол комитетінің хатшысы, әрі жергілікті мектепте математика пәнінен оқушыларға сабақ береді. Сұңғақ бойлы, дене бітімі, түр-тұрпаты келіскен, айтқанынан қайтпайтын тік мінезді, алмас қылыштай өткір, қыран тектес жас офицер қыз-келіншектердің де көздеріне оттай басылып, жүрек түкпірлеріне арман болып ұялайды. Солардың ішінен Кәмария сынды сұлудың бағы жанып, екі жас отау тігіп, шаңырақ көтереді. Жар сүйіп, көңілі орныққан Ахаң қызметтің де көрігін қыздыра бастайды. Екі жыл өте атқарған толымды еңбегі еленіп, партия кабинетінің меңгерушісі қызметіне жоғарылатылады. 1951 жылдың көктемінде кір жуып, кіндік кескен, ойнап-күліп ер жеткен туған жері Қаратал өңіріне қызмет бабына орай ауысады. Үштөбе станция торабы партия кабинетінің меңгерушісі, екі жыл өте Бөрлітөбе ауданының Матай станциясы саяси бөлімі бастығының көмекшісі, жыл өтпей жатып паровоздар депосы партбюросының хатшысы қызметтерін атқарады. Осылай Қаратал мен Бөрлінің, Үштөбе мен Матай станцияларының арасында дамыл таппай шапқылап, біршама абыройлы істерге мұрындық болады. Саяси астары мол үгіт-насихат жұмыстарында жүріп білім мен ішкі істер салаларының майталман қызметкеріне айналады. Таратып айтсақ, Матай станциясы жұмысшы жастар мектебінің, артынша 1959 жылы, сол елді-мекендегі №256 орта мектептің директоры, 1963 жылдың ақпанында Үштөбе қалалық білім бөлімінің меңгерушісі, жыл өтпей жатып жаңадан бой көтерген №1 мектептің (қазіргі К.Тоқаев атындағы) директоры болып істеп, 1964 жылы облыстық партия және атқару комитеттерінің шешімімен аса жауапты Бөрлітөбе ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы

қызметіне тағайындалады. Соғыстың қатал сынағынан өткен, ақиқатшыл, білімді де білікті, қайсар мінезді, қайда жүрсе де баршадан темірдей тәртіпті талап ететін, батыр Бауыржандай нық, әрі тік сөйлейтін азамат сенімді ақтап, көп жылдар бойы бұл қызметті абыроймен атқарады. Кеңестік дәуірде кадр саясатына аса зор мән берілгенін көзіміз көрді. Қызмет баспалдақтарымен бүтінгідей емес, негізінен, өз ісін жетік білетін адамдар өсіп отырды. Ал, ержүрек майдангердің соңғы кезеңдердегі еңбек жолына келсек, милиция майоры, жолдас А.Әбдіқұлов 1974 жылы Қаратал ауданы ішкі істер бөлімі бастығының саяси тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, келесі жылдың ақпанында облыстық ішкі істер басқармасына қарасты медицина қызметі және күзет тәрізді екі бірдей басқарманың бастығы қызметтерін аз-кем атқарады да лауазым иелерінің арнайы бұйрығымен тағайындалған жоғары – 175 сом 20 тиын көлеміндегі зейнетақысын алып (ол кезде бұл өте үлкен сома болатын) 1975 жылдың соңында подполковник шенінде зейнет демалысына шығады.

Ел мүддесін көздеген Ахаң зейнетке шыққаннан кейін де отбасы ошақ қасында отырып қалмай, еңбек ардагері ретінде қоғамдық істерге, ұрпақ тәрбиесіне белсене араласады. Қызмет біткеннің жілігін шағып, майын ішкен ол аудандық ішкі істер және білім бөлімдері өткізген шаралардың төрінде жүреді. Ақыл, кеңестерін беріп, көштерін түзеуге ықпал етеді. 90 жылдардың басында ақсақал қария аудандық мұсылмандар қоғамы кеңесі төрағасының орынбасары ретінде Үштөбеде алғаш салынған мешіттің халық игілігіне қызмет етуіне көп еңбек сіңіреді. Бастамашыл топтың ішінде атойлап жүріп ғимараттың бар қаржылық есеп-қисабын шыныдай таза қалпында жриялық түрде ашық жүргізеді. Осылай игілікті істерімен ер атанып, қатарының алды болады.

Ер бағасы

Ел айтатындай «Ердің бағасы істелген істерімен» өлшенетінін ескерсек, соғыс және еңбек майдандарында аты озып, ел құрметіне бөленген Ахаң Отан қорғаудағы өшпес ерлігі және бейбіт өмірдегі

үлгілі қызметі мен ерен еңбегі үшін орталық үкімет пен министрліктерден, облыс жән аудан әкімшіліктері тараптарынан берілген марапат пен қошамет саны көз сүріндіреді. «Қызыл жұлдыз» және 2-ші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендері, 20-ға жуық медаль, 30-дан аса Құрмет грамоталары, оның ішінде атақты армия қолбасшыларының бірі, Кеңес Одағының Маршалы Иван Конев қол қойған құнды марапат және мектеп жасында өте жақсы сабақ үлгерімі мен үлгілі тәртібі үшін алған «күн көсемдер» Ленин мен Сталиннің суреттері таңбаланған мақтау қағаздары соның айқын дәлелі. Бұған қоса, ол кісіге 1939 жылдың өзінде оқудағы табыстары мен жетістіктері үшін Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесіне арнайы жолдама беріледі. Шалғайда жүрген ауыл баласына мұндай құрмет тегін көрсетілмесе керек. Ахмет аға 1995 жылы дүниеден өтті.

«Бес баланың анасын «жаным» десе болмай ма, он баланың анасын «ханым» десе болмай ма?» деп отағасы үйдің ырысы мен кеніші ғана емес, сонымен қатар аяулы ана, асыл жар бола білген Кәмария ханыммен бес ұл, бес қызды «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» тәрбиелеп, ел қатарына қосты. Соған сәйкес, 90-ға иек артқан апамыз да сый-құрмет пен марапаттан шет қалмай «Ана даңқы» ордені және «Алтын алқа» алқасымен марапатталды. Бүгінде шешей қара шаңырақтың иесі, кәсіпкерліктің қазанында қайнап жүрген баласы Қуат пен отбасының тынысын кеңейтіп, мерейін асырған келіні Светлананың аялы алақаны мен шуақты қамқорлығында ұрпағының амандығын тілеп отырған жайы бар. «Әртүрлі әркімдерде күнелтіс бар, бір әке, бір шешеден туғанменен», – демекші артында қалған үрім-бұтағы болса саятүрлі салада еңбек етіп, әке аманатына адалдықтарын танытуда.

2015 жыл

ЖІБЕРДІ ЖАУЫНГЕР ДЕП ЕЛІМ ЖАУҒА ...

Сұрапыл соғыс өрті тұтанғанда «жіберді жауынгер деп елім жауға, жасқанып, бұқпаймын мен денім сауда» деп, «ат ауыздықпен су ішкен, ер етігімен су кешкен» сол бір алмағайып заманда Үштөбе станциясынан қан майданға аттанған жауынгер Сағымқан Ниязбековтың төрт бөлімнен тұратын өлеңдер жинағын оқи отыршы, «ердің ерлігін білу парыз» деген ниетпен өлең жолдарынан түйгенімді оқырманмен бөлісуді жөн көрдім.

Пайда ойла ма, арды ойла

Бала күнімнен ол кісіні көріп өскендіктен болар кітап мазмұны қатты қызықтырды. Шындығында, ағаның кескін-келбеті, түр-сипаты, ой-өрісі, парасат-пайымы, мінез-құлқы, сөз саптауы адам қызығарлықтай еді. Өміріне «Пайда ойла ма, арды ойла» ұранын жалау еткен, «обал, борыш, сауап» ұғымдарымен ғұмыр кешкен, кеңес дәуірінің өзінде «мен ұқтым үйсін-найман шежіресін» деп, сөзден түйін түйген әкеміз соғыстың да қаһарлы күндерін қағаз бетіне әдемі түсіріпті. Бозбала шағында екі жылдай ескіше хат танып, кейіннен өз бетімен білімін жетілдірген айтулы жан жас кезінің өзінде, сонау ақ пен қызыл соғысқан 1918-1925 жылдары, асау аттай бұлқынып, елдік істерге араласады. 200 түйелік керуенге басшы болып, бандыны қуады. Ауылда хатшылық қызмет атқарып, белсенділік танытады.

Соғыс сойқаны

«Соғысты көріп келдім тірі тозақ, ажалға екі-ақ елі жетпей аз-ақ» дей келе кейіпкеріміз ажалмен бетпе-бет келген, арпалыспен өткен төрт жылынан там-тұмдап хабар береді. Соғыстан тірі келіп, ұрпаққа өмір бергендер мен соғыс салған сойқаннан жастығын жерге көмгендер туралы сөз тербейді. Жер үсті от пен оққа оранған сол бір аласапыран шақта ұрпақ үшін қан кешкен боздақтарды ұмытпау керектігін еске салады. «Соғыстың табы қалды табанымда, осылай қан кештім мен заманында. Адамды адам қырған кез

болғанын, айтайын ұрпағыма аманымда» деген аманатын бүгінгі толқынға жеткізу бізге де парыз. Қайсар мінезді солдат «соғыстың іштік талай қанды суын, ойласаң сырқырайды сүйек, буын» деп келеді де белшеден кешкен ажалды азапты, елге деген сағынышты, қардай бораған оқ пен қасқырдай ұлыған снарядтардан қарға адым мұң болған қорқынышты сәттерді, аспаннан бомба жауғанда араша болған көрдей окопты, тас қамал блиндажды, жеті күн бойы ас-сусыз қалғанда аштық азабынан жеген жапырақ пен саңырауқұлақ дәмін, қу жанды шүберекке түйіп, немістің қара туын құлатпақ үшін атойлап ажалға тура шапқан кездерді шұрайлы да құнарлы тілімен еске түсіреді. «Қазақтар майданда да шұрқырастық, атыстан тыным болғанда Абайдың әнін шырқастық» дей отыра, тар жол тайғақ кешуде майдандас болған қанды көйлек қимас достарына «Қайдасындар?» деп сұрау салады. Батыр да ержүрек жолдастары жайлы сөз қозғайды Майдан даласында қан кешіп жүрсе де көңілін бұлт торламаған ақжарқын Бекбосынұлы Нұрқасымға, қара ниет жауға «өздері ғой тиіскен, әйтпесе қару алар ма-ек?» деп ұрысқа сұңқардай саңқылдай енетін Сүндетбайұлы Сағымбекке, шабуылға шығарда қоштасып, қорғанысқа түскенде көрісіп, егіз қозылардай маңырасқан Тәттібайұлы Әбдірасылға жүректен шыққан адал сөзін арнайды. Төрт жыл ұдайы соғысуға жігіттің жігіті ғана шыдай алатынын, көп ұрыстың бірінде танкі табанына түскенін, тағы бір жан алысып, жан беріскен шайқаста фашистпен бетпе-бет келіп қап, оның жаралы жолбарыстай өзіне атылғанын, содан «жауды аяған жаралы болады» деп, шүріппені басып қалғанын, миналар ойған шұңқырларда өлгендермен айқасып бірге жатқанын, осындай тозақ отынан қалай аман келгеніне таңданысын жасырмайды. «Жоқ болды бұл соғыста көрмегенім» деп айта келе қас-қағым сәтте қырық адам бомбадан қырылғанда боздақтарды бір көрге көмудің қаншалықты қиын болғанын, қан жұта жүре Кенигсберг, Витебск, Шауляй, Варшава қалаларын неміс басқыншыларынан азат еткендерін жырына қосады. Соғыс салған қасіретті бір адамдай бастан өткерген жауынгердің шері оқырманды тебіrentпей қоймайды.

Кім әкетті?

Ниязбектің бес баласы бірдей соғысқа барады. Үшеуі жат жерде көз жұмады, артынан ұрпақ қалмайды. «Сендер қайтпай мен келдім, кешіріңдер. Қайтейін денеме оқ дарымады» дейді. Сөзінің соңында «Қаймығындар Құдайдан, ей адамдар, соғыс атты сойқанды өшіріңдер!» деп жар салады және «Сұм пиғыл бірді-бірге шабыстырған, қара ниет жауласып шағыстырған, әйтпесе не жетпеді екі елге, бір-бірінен соншама алыс тұрған» деп соғыс жауабын береді.

Иә, жарды емес, автоматты төске басқан қайран әкелер өмірі тым ауыр, әрі қысқа болды. Қайтейік, обалы сұм соғысқа болсын. Айта кетері қарт солдат 70 келіп желкеден бүрген кезде өмір-дүние туралы көп толғанғаны байқалады. Артына қалдырған асыл сөздерінің өзі бір төбе: «Жақтырмай берген уызың, сүт емес, болар «у» мен тең», «Жаман болса жекжатың, сөзінді ұқпас малмен тең» боп кете береді. Туған жері «Ақтасты» мен жастығы өткен «Қора» жайлауы да көп жырланады. Сағымқан аға, соғыстан кейін аты арып, тоны тозбай бақуатты өмір сүрді. Күйбең тіршіліктен жоғары тұрып, ағайын-туыстың, ел-жұртының береке-бірлігін ойлады. «Ата алдынан келіні кесіп өтіп, немересі жат тілде былдырлағандар мен атадан мұра боп қалған әдет-ғұрыпты аттап өтіп, салт-дәстүрден кім әкетті ұлтымды жолдан бұрып?», — деп көпшілікке сауал тастайды. Бір-біріне қайырымы жоқ ұрпақты ойлап, жүрегін уайым мен ой қармайды. «Ағайынды жамандап, туғанды қайдан табасың?» деп кесімді сөзін айтады.

2020 жыл

ҚАНДЫ СОҒЫС ЕРГЕ СЫН ...

Зор құрбандықпен келген Жеңіс күнінің 75 жылдығы күні кеше аталып өтілді. Соған орай, алапат соғыстың қанды-қасабына бастан-аяқ қатысып, қазақ атына кір келтірмей, елге жеңіспен аман-есен оралған Кәлпе ауылының тұрғыны Нұри Исабаев ағамыздың ерлік жолына көз жүгіртсем деп едім.

Тебініме шыдайтын кім бар дейсің ...

Ол 1941 жылдың қарлы суығында 5 желтоқсанда кір-жуып, кіндік кескен туған жерімен, ағайын-туыс, жолдас-жорамен қимай қоштасып Қаратал аудандық әскери комиссариатының жолдама-сымен майдан даласына кете барады. Бұл кез жаудың Мәскеу түбінде талқандалып, кезекте Сталинград шайқасы тұрған шақ еді. Түтінін будақтатқан эшалон ұзақ күндерге созылған жүрісінен соң құба жондағы мидай далада орын тепкен Ресей станцияларының біріне келіп тоқтайды. Сол жерге әскер табан тіреп, дислокация құрады. Содан соғыс тірлігі басталады. Басшылық сарбаздарды әскери бөлімдерге жібермес бұрын, оларды сұрыптаудан өткізіп, содан кейін ұрысқа салуды көздейді. Қай қайсысын да қарым-қабылеттеріне қарай іріктеп, топ-топқа бөле бастайды. Ондай мықтылар ортасында «тебініме шыдайтын кім бар дейсің, айдаһардай ысқырып мен келгенде» деп делебесі қозып, қабағынан қар жауатын, үзеңгісі берік, күш-қайраты өзіне серік, ер мінезді Нұри бірден көзге түсіп, ақсұңқар құстай түлеген, азуын тасқа білеген небір атан жілік, апайтөс жігіттермен сын тезінен сүрінбей өтіп, барлау тобына қабылданады. Артынша, барлау десе жүйрік аттай тықыршып тұра алмай, асау кердей дүр сілкіне жұлқынатын қазақ солдаты 67 гвардиялық дивизияның, 201 атқыштар полкінің барлау тобына жіберіледі. 1942 жылдың шілде айында үрей мен қорқынышқа толы алғашқы ұрысына кіріп, Сталинград қорғанысының қиян-кескі шайқастарына қатысады. Құмырсқадай құжынаған екі жақтың қалың әскері бірімен-бірі бетпе-бет келіп

айғырдай тебісіп, бурадай шайнасады. Зәрені ұшырар снарядтар ботадай боздап, қасқырдай ұлып жарылғанда, зуылдаған оқ қарша борап, бас көтертпей бұқтырғанда қу жанды тығарға жер таппай аласұрады. Соған қарамастан қиыннан қиыстыра амалын тауып, жауға табанды қарсылық көрсетеді. 1943 жылдың ақпан айына дейін созылған сол бір тозақ отының қазанында бұрқылдап қайнасада, Құдайдың құдыретімен аман қалып, ауыр сынақты артта қалдырады. Осылайша, Сталинград түбінде әкелеріміз қазақтың батыр ұлт екенін әлемге танытты. Соғыс естеліктерінде ең өжет те батыл солдаттар қазақтар деп тайға таңба басқандай жазылды.

Барлаушы болсаң барлай біл ...

Қатарынан суырылып шығып, «барлаушы болсаң барлай біл, арбасқан жауды алдай біл» деген қағиданы берік ұстанған Нұри ағамыз барлаушылар үшін, бірінші кезекте «қиуадан ақыл алатын, қияннан айла табатын» тапқырлық пен ептілік, қырағылық пен батырлық керек екенін сезінеді. Білекпен бірді, ақылмен мыңды жығуға болатынын түсінеді. Барлаушылар үнемі оқ пен оттың ортасында жүрді. Әскердің көзі мен құлағы солар болды, әрі олардың әр қадамы ажал мен қатерге толы болғандығын көркем әдебиеттен біліп өстік. Ұрыс алдында жаудың әскери бөлімдерінің қалай орналасқанын, техниканың қай жерде шоғырланғанын білу аса маңызды еді. Оны дәл анықтағанан кейін ғана артиллерия іске қосылып, артынан іле-шала жаяу әскер мен танктер шабуылға шығатын. Міне, осындай аса жауапты міндеттер барлаушылар тобына жүктелді. Соғыс ардагерінің ұрпағына айтқан естелігін қағаз бетіне түсірсек, бірде взвод командирі боп тағайындалған жолдас Исабаевты полк командирі шақыртып, жаудың алдыңғы шебінен мәлімет алу үшін «тірі тіл» әкелуді тапсырады. Бұйрықты орындау үшін бір топ сайыпқыран түн жамылып, әр қадамын аңдып баса, орманды жердің сайлы жықпылымен жорыққа шығады. Алда, құрық тастам жерде, «батыр жігіт қол бастар» деп, Нұридін өзі жүріп отырады. Ойлы-шұқырлы, сайлы жырамен суыт жүріп, картада көрсетілген нүктеге қозы көш жер қалғанда, барлаушы-

лар сақтық үшін бауырлай жылжып, қан сорпа болады. Жақыннан жаудың алдыңғы атыс шебіндегі бақылау пунктін көреді. Блиндаж сыртында винтовка асынып, күзетте тұрған солдаттың да қарасын байқайды. Осы сәтте, «тәуекел түбі жел қайық, өтерсің де кетерсің» деп барлаушының бірі қарауылдағы солдатқа тарпа бас салып, жайратып салады. Нүрекең болса блиндаж есігін теуіп ашып, бір бұрышта көмескілене жанып тұрған шам жарығымен қолына қалам ұстап, құлағына телефон трубкасын тосқан фрицті көріп, оған бірден аш бүркіттей шүйіліп, аш кенедей жабысады. Алысқанын алып ұратын әдетімен, еңгезердей фрицті қайыстыра бұрап, жерге сылқ еткізеді. Қалғандары түнгі тәтті ұйқыдан шошып оянған фашистермен сілкілесе алысып, сіресе шайнасып, олардың быт-шытын шығарады. Қазды қағып алған қаршығадай тояттанған дала арланы блиндаждан шыға сала, серіктеріне көзінен ұшқын ата: «Соңымнан еріндер!» деп жүгіре жөнеледі. Жолдастары артынан винтовкаларын кезеп ұстап, аяқ-қолы байланған, аузына шүберек тығылған «тірі тілді» екеулеп көтере соңынан ілеседі. Бірер сәттен кейін есін жиған немістер қызылды-жасылды ракеталарын аспанға атып, оқтарын жаудыра бастайды. Төбеден оқ ызыңдай ұшады. Өкшелей қуған немістердің оғынан құлағаны бар, жан тәсіліммен аман қалғандары бар барлаушылар тобы, әупіріммен, «тілді» штабқа жеткізіп, басшылар тарапынан алғысқа бөленеді. Мұндай тапқырлық пен қырағылықты қажет ететін аса жауапты да қауыпты тапсырмаларға ол талай рет барады. Бірақ, қашанда, бірінші кезекке өз қарамағындағыларды жау тылынан аман-есен алып шығуды алдына міндет етіп қояды. Ия, мұндай ерліктен кейін «Алдынан су, артынан жау қуғанда, ерлігі ер жігіттің осындайда» деген тамаша теңеуді Қаратал сұңқарына қаратып, қалай айтпайсың?

... Қаштаған жау елге сын

1944 жылдың шілде айында 3-ші Белорусь майданы (қолбасшысы маршал И.Д.Черняховский) және сол жылдың қазан айында 2-ші Прибалтика майданы әскерлері (қолбасшысы маршал А.И.Еременко) Шығыс Еуропаның жазығында, Балтық теңізі жағалауының

қоңыржай белдеуінде орналасқан Кеңес Одағы құрамына кіретін, тиісінше, Литва және Латвия Республикаларының бас қалаларын азат ету операцияларын бастайды. Міне, осы екі бірдей әскери құрамның қатарында (кейбір бөлімдер соғыс жағдайына байланысты армияны күшейту үшін бір құрамнан екіншісіне жіберіліп отырған) майдангер жерлесіміз арлан бөрідей айбат шеккен жаумен қаймықпай айқасады. Ойпатты да қыратты Литва елінің астанасы Вильнюске. иірімдері мен қайрандары көп Даугава өзенінің алқабына орналасқан Латвияның астанасы Ригаға жасалған шабуылдардың өтінде жүреді. Жерлерінің жартысына жуығы қарағай мен еменнен тұратын орманды, әрі оннан бірі батпақты болып келетін Прибалтика елінде соғыс ұрыстарын жүргізу оңайға соқпайды. Батпақты жердің шетінен, төтелеп жүріп жол салып, қаптаған қара дауылдай, қара нөсер жауындай төгілген жаудың қалың әскерімен «Қанды соғыс ерге сын, қаптаған жау елге сын» деп ұрандата шайқасады. Айта кетері, осы, 2-ші Прибалтика майданы құрамында жауынгерлік міндетін өтеп жүргенінде 26 шы атқыштар дивизиясының сапында халқымыздың қаршадай қаһарман қызы Әлия Молдағұловамен майдан тезіне бірге түседі. Полктегі барлық қазақ оғландары аяулы қарындастарын қамқорлықтарына алып, оны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, көздерінің қарашығындай сақтауға тырысады. Мергендер мектебін үздік бітіріп келген ефрейтор шеніндегі құралайды көзге атар 18 жасар Шығыс шынары снайперлік атыс-тартыста 78 неміс солдаты мен офицерін, бірінен-соң бірін, жер жастандырады. Ел кегі мен ер намысын қорғаған өрімдей жас, батыр Әлия қанышер жаумен қасықтай қаны қалғанша айқасып, 1944 жылы Новосokolники стансасының маңында өткен ауыр шайқаста қаза табады, оны кезінде тарих сабағынан оқыдық. Сол бір, көрген тұстей, көзді ашып-жұмғанша өте шыққан майдандағы эпизодтық көріністі Нүрекен айырықша сезімталдық тебіреніспен есіне алып отырған сәттері аз болмаса керек. Ұрыстар болса жалғасын тауып, кейіпкеріміз 1945 жылдың сәуір айында 3-ші Белорусь майданының құрамында Ке-

нигсберг қаласын алуға атсалысады. Даулы шаһарды өзіне қарату үшін кеңес қарулы күштері 26 штурм отрядтары мен 104 штурм топтарын жасақтап, жау шептерін артиллериялық бомбалауға жарлық етеді. Менменсіген жау жасағын ауыр снарядтармен төмпештеп, жуасытып алғаннан кейін, отрядтар мен топтар бірден батыл әрекеттерге кірісіп, мақсаттарын жүзеге асырады. Штурм отрядтары жеңіске жетуде маңызды рөлі атқарғанын қолбасшылар өз мемуарларында жазып көрсеткен. Осы шабуылдаушы топтардың ішінде жаудан қорқып ықпаған Нұр аға да болады.

Дүниеде қалаған тас қыш қалады ...

Майдан даласында Отан үшін от кешіп, қан жұтқан ерлердің есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Соның бір айғағы ретінде осы мақала жазылып отыр. «Сүйреп әкеп салған тазы түлкі алмайды, зорлап майданға түсірген жігіт ерлік көрсетпейді», – деп бұрынғылар бекер айтпаған екен. Жүрек қалауымен алғы шептегі кескілескен ұрыстарға қатысып, ерліктің озық үлгісін көрсеткен Нұри Исабаев КСРО мемлекеті тарапынан III дәрежелі Даңқ, Қызыл жұлдыз және I дәрежелі Ұлы Отан Соғысы ордендерімен, сондай-ақ «Ұрыстағы ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Қанды қырғын аяқталысымен Нүрекең елге бірден қайтпай, әскери қызметін жалғастырып, 1945 жылдың 20 желтоқсанында ғана демобилизацияға түседі. Туған жері Кәлпе ауылына оралып, теміржол торабына жұмысқа тұрады. Құдай қосқан қосағы Теңгебаламен Нұрғали сынды жанапшыр ұлды тәрбиелеп немере, шөбере сүйеді. 1973 жылы еңбек демалысына шыққанға дейін Айнабұлақ дистанциясына қарасты Кәлпе станциясында кезекші сигналист (дабылшы) болып жемісті қызмет атқарады. «Дүниеде қалаған тас қыш қалады, елге еткен адал еңбек іс қалады» дегендей, бар ғұмырын елінің болашағына арнаған Нұри ағамыз 1993 жылы 80 жасында дүниеден озады. Марқұмның жаны жаннатта болып, артындағы ұрпағының мерейі, әрдайым, үстем болсын деймін.

ЕР ЖІГІТ ЖАУҒА АТТАНСА – ЕЛДІҢ КӨРКІ!

24 маусымда Мәскеудің Қызыл алаңында Ресей Қарулы күштерінің қатысуымен Жеңіс шеруі өтті. Кеңес Одағында алғашқы әскери шеру соғыс аяқталысымен 1945 жылы өткізілді. Міне, сол тарихи шеруге алты алаштың айбары болып, жерлесіміз Р.Құсайынов қатысып, Жетісу жұртының абыройын асқақтатты.

Өлімнен ұят күшті

Елтай ауылының тумасы Рамазан аға Алматы қаласындағы заң мектебін 1938 жылы бітіріп, Қаратал аудандық прокуратурасында тергеуші қызметін атқарады. Ал келесі жылдың қара бұлт аспанды торлаған сұрғылт күзінде үлкендердің ақ батасын алып, анасының ақ сүтін ерлікпен ақтау үшін әскери борышын өтеуге Қызыл армия қосынына аттанады. «Ер жігіт жауға аттанса – елдің көркі!» демекші, ағайын-туыс, көрші-қолаң оны қимастықпен шығарып салады. Әке естелігін қағазға түсірген Сайра Рамазанқызының айтуында мақала қаһарманы соғыс басталған соң өзі қызмет атқарып жатқан Калинин әскери бөлімінде қалып қояды. Содан жер-дүниені тозақ отына айналдырған соғыс зобалаңы аяқталғанша майдан даласында болады. «Өлімнен ұят күшті», – деп Отан үшін қасық қаны қалғанша озбыр жаумен жан алысып, жан берісе айқасады. Соғыстың қиямет-қайымымен, әдіс-тәсілімен ауызданбаған жас түлек «атысам десең – атысам, алысам десең – алысам», – деп атқыштар дивизиясының құрамында алғашқы ұрысына да кіреді. Бойды шырмаған қорқыныштан бірте-бірте арылып, жаумен арпалысқа түсіп қана қоймай, қайрат та көрсетеді. Осылайша, соғыс өртіне шарпылып кете барады. 1941 жылы немістердің жолын бөгеу үшін Кеңес генералитеті Мәскеу түбіне әскерді үйіп-төгіп, тас қамал қорғаныс шебін құрғанын, бірақ қару-жарақ жетіспегендіктен, әрі солдаттар толыққанды әскери әзірліктен өтпегендіктен адам шығыны көп болғандығын тарих беттерінен білеміз. Шындығында соғыста қоян жүрек қорқақтар да, әскери антты бұзғандар да, Отанға

опасыздық жасағандар да, шешуші сәтте бас сауғалап қашқандар да, шегінген шұбырынды әскерлермен қатар, төбеден бұршақтап жауған оққа қарамастан өліспей-беріспейтін жүрек жұтқандар да, бір сүрініп, бір тұрып, бүктетіле жазылып алға ұмтылған жауынгерлер де аз болмағандығы көпке аян. Міне, солардың сапында қараталдың қыраны да «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деп басын оққа тігіп жүрді. Небір арпалыстар мен сынақтарды бастан өткерді. Кейде түнделетіп, бұралаң жолдармен суыт жүріп, қауіпті жорықтарға шықты. Сан-түрлі стратегиялық маңызы бар қорғаныс шептерінде тұрып, қиян-кескі шайқастарға қатысты. Әсіресе, Вязьма маңындағы ұрыс аса ауыр тиеді. Біздің әскер жыландай ирелеңдеген окоптарды пана еткендерімен, қара нөсер жауындай қаптаған жау әскерінен қара құстан жан сауғалаған торғайдай, қасқыр шапқан қойдай үрке қашқан күндерді бастан өткереді. Апталап қырынбай, рахаттанып жуынбай, өзекті жалғар дәм таппай, бос дорбалары мен кателоктарын белдеріне қыстырып, мылтықтарын асынып, құр сұлделерін сүйретіп, қалың орман ішін үй еткен шақтары да аз болмаған көрінеді. Дүниенің астаң-кестеңін шығарып жарылған снарядтардан, минометтер мен зеңбіректерден үздіксіз атылған оқтан, дала төсінде жөңкіген танктерден қорықпау мүмкін емес еді. Талай боздақ сол шайқастарда оққа ұшып, жастығын ала өлді. Олар ақтық демдері қалғанша өмірлері үшін күресті, бірақ соғыстың аты соғыс, ол құрбандықсыз болмайтыны белгілі. Өмірге деген құлшыныс қана қуатты күш екенін сезінген жерлесіміз ақ сұңқар құстай түлеп, айғырдай азынап, арандай аузын ашқан жаумен көк бөрідей алысып-жұлысып, шайнасып-тістесті. Взвод командирі ретінде шешуші ұрыстарда сұңқардай саңқылдап, қол астындағы жауынгерлерін «Алға!» деп уралап, шабуылға бастады. Айтып-айтпай не керек сеңгір-сеңгір тауларды, асқар-асқар белдерді артқа тастап, Рекең бұрынғының батырларындай қолына байрақты ту алып, қардай бораған оқтың астында, қарулас достарымен аш қасқырдай жалақтаған қандыкөз жауды Мәскеу түбінен түре қуып, Берлинге шейін өкшеледі. Құты қашқан жауға көкжал арландай айбат шегіп, оны өз ордасында талқандады.

Жеңіс шеруі

«Шіркін, жігіт болса, осындай болсын!» дейтіндей түр-сипатқа ие, болмыс-бітімі кісі қызығарлық, ер мүсінді, тау тұлғалы азаматтың ерлігін ескеріп, дивизия қолбасшылығы Рамазан ағамызды Мәскеудегі Жеңіс шеруіне қатысушылардың тізіміне енгізеді. Осылайша, қисапсыз қол көрінсе қорқып жаудан қайтпаған жауынгер «көлге біткен құрақтай, суырылып озған пырақтай» қатарынан озып, шеруге қатысуға мүмкіндік алады. Содан Тайбурылдай желпініп, нар бурадай шабынып, екпіні оттай қабынып, табаны жерге тиместен Мәскеуге бет алады. Қала сыртындағы ұзақ жағтығуларда ерік-жігерлерін, жауынгерлік қырларын, дене-күштерін шыңдап, жүріс-тұрыс қимылдарын бір ізге салып, моншақтап тер төгеді. 24 маусымда Қызыл алаңның төрінде маршал Рокоссовскийдің қолбасшылығымен құнан қойдай бой тастап, тұлпар аттай ойқастап, қайғы-қасіретке толы күндерді артқа тастап, аяқтарын алшаң-алшаң басып әскери шеруге шығады. Жотасына су құйса да төгілмейтін боз жорғадай бар сән-салтанатымен қырандай қалықтап, көз сүйсіндірген солдаттар мен офицерлерге барша Кеңес халқы зор қошамет білдірді. Тұяғы бүтін тұлпардай, көзге түсер сұңқардай шайқақтаған әскерилердің екпіндері тау бұзып, тас жарардай болғандығын өзімізде құжатты фильмдерден көрдік. Сол шақта «Алпыс күн атан болып күн кешкенше, алты күн бура болып бұрқылдандар!» деп ұрандатқан қазақ солдаттарының мерейі үстем болып, ел құрметіне бөленді. Қан майдандағы ұрыста көрсеткен ерліктері мен тайсалмас табандылығы, қайсар мінезі және батылдығы үшін жолдас Құсайынов «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен және 6 бірдей (соның ішінде Жуков медалімен) марапатталды.

Бейбіт өмір

Мәскеудегі көрікті салтанаттан кейін қызды-қыздымен кейіпкеріміз қиыр шеттегі Жапония мемлекетіне аттанып, Квантун армиясының тоз-тозын шығаруға атсалысты. Менменсіген самурайларды сабасына түсіріп, тәубесіне келтірді. Содан, жау шықты

десе оттай жаньп, тау суындай таситын жас лейтенантты тағы бірер жылға әскерде қалдырып, елге тек 1948 жылы қайтарады. Кіндігін кескен жұртына, кір-қоңын жуған жеріне оралған соң кешегі майдангер офицер «надандық жұт, ақылдық құт» деп, аудан мен ауыл тірлігіне белсене араласады. Қаратал аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің инспекторы, Қаратал, Қапал аудандық комсомол ұйымдарының 1-ші хатшысы қызметтерін атқара жүріп, Алматы жоғары партия мектебінің үш жылдық курсың тәмамдайды. Зоотехникалық-малдергерлік оқу орнын да бітіріп, ауылшаруашылығы мамандығына ие болады. Үш бірдей диплом иегері атанған соң қызметі өсіп, Қапал аудандық партия комитетінің хатшысы орынтағына тағайындалады. 1955 жылы туған ауылы «Абай» совхозына оралып, шаруашылық саласында зоотехник, ферма меңгерушісі, кеңес және кәсіподақ ұйымдарында жауапты қызметтер атқарады. Арасында «Жетісу» колхозына да жетекшілік етеді. 1987 жылы зейнет демалысына шығып, немере мен шөбере қызығына бөленеді. Сөз түйініне келсек, ұзақ жылдар бойы өз ісіне адал болған отаншыл жан басшылар алдында маймаң қағуды білмеді, айтқанынан қайтпады. Атқарар ісін сөз бұйдаға салмай уақыттылы орындап, көп көңілінен шыға білді. «Келмейді таудың көркі тас кеткен соң, ер жігіт шау тартады жас кеткен соң» дегендей бейбіт өмірде де айтқаны өтіп, атқаны жеткен қарт жауынгер 1998 жылы 77 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. «Әкеміз соғыс батыры болды» деп арттағы ұрпағы мақтанышпен айтатындай дәрежеге лайық өмір сүрген марқұмның топырағы торқа болсын.

2020 жыл

СТАЛИНГРАД ТҮБІНДЕГІ ШАЙҚАС

Кешегі жер-дүниені дүр сілкіндіріп өткен 2-ші дүниежүзілік соғыстың күркірі әлі күнге басылар емес. Аждаһадай сұрапыл тажалдың қан майданында жаумен арыстандай арпалысып, жолбарыстай жұлмаласып ауылға жеңіс туын желбіретіп қайтқан солдаттың бірі жерлесіміз Зәби Тұңғатов еді.

Төзақ оты


1942 жылдың аспанды қара бұлт торлаған жаңбырлы көктемінде жазы жібек, жері сая Панфилов (Жаркент) қаласындағы педучилищені бітірген кейіпкеріміз жастықтың жалындаған қызуымен әскери комиссариатқа өз еркімен өтініш түсіреді. Сол күні-ақ жас қыран «артымда қалып барасың, атамекен, о жалған!» деп кіндігін кесіп, ойнап-күліп ер жеткен жұрты Елтай ауылынан майдан даласына кете барады. Небір жаугершілік заманда белдеуден аты, белінен қару-жарағы кетпеген жаужүрек бабаларымыздың ұрпағы болғандықтан жауға қарсы аттануды азаматтық борышым деп біледі. Үштөбе станциясынан әскери эшелонға отырып, сонау құлақ естіп, көз көрмеген құла түздегі Сталинград жерінен бір-ақ шығады. «Ер басына күн туса, бұта түбі үй болар» деп сол шақтан тар окоптың табанын паналайды. Аз-кем әскери жаттығу жиынынан соң буырқанып бұрсанған, мұздай темір құрсанған жау әскерімен бетпе-бет келеді. Сталинград түбіндегі шайқастың 200 күнге созылғанын және сол соғыстың барысында түбірлі бетбұрыстың жасалғанын тарихтан білеміз. Екі жақтан да миллионнан аса адам қаза тапты. Қолбасшылар Чуйков пен Шумилов бастаған 62 және 64 армиялар құрамында Қазақстанда жасақталған 27, 72, 73 атқыштар дивизиялары болды. Соның бірінде Зәбең де сусын орнына лай су іше жүріп, ашқұрсақ күйінде аюдай ақырып, бурадай бақырған озбыр жаудың әскерімен күндіз-түні атысып, қара қанға батысты. Кезекті бір алапат ұрыстың алдында құлаққа ұрған танадай тыныштық орнайды. Бұл қан судай ағатын шайқастың болатынын


сездірген алдамшы жылымық сәт еді. Көп ұзамай немістер тарапынан ауыр артиллериядан атылған снарядтар зуылдап, көк аспаннан тасталған бомбалар гүрс-гүрс жарылып, жердің астан-кестені шығады. Аласапыран қырғын басталып, кеңестің жер қайысқан қалың қолы қорғаныс шебінде жамбастап жатып алады. Іле-шала жау әскері құмырысқадай қаптап, шабуылға шығып, алдыңғы шепті жаншып тастайды. Ат жалында ойнап, ауыздықпен алысып өскен қазақ жауынгерлері амалсыздан жер бауырлап, жыландай жорғалауға мәжбүр болады. Зәби Жігітұлының балаларына айтқан естелігінде, сонда оларға үш сарбазға бір винтовка мен бес оқтан берген екен. Бірің өлсең, екіншің соның мылтығына ие боласың деген. Міне, соғыс шындығы осындай болған. Жаңбырдай жауған оқтан бас көтере алмай жатқан жауынгерлерге қарсы шабуылға шығуға бұйрық беріледі. Жанұшырған солдаттар от жалынның ішінде өлген-тірілгендеріне қарамай, қу жандарын шүберекке түйіп, алдыдағы шоқыны алу үшін жанталаса ұмтылады. Алай-дүлей сокқан борандай қарша бораған оқ адымды аштырмайды, бірақ шегінуге рұқсат жоқ. Осылайша, бас қолбасшы Сталиннің «Ни шагу назад!», Маршал Жуковтың «Бір солдат, соңғы оқ қалғанша артқа шегінуге жол жоқ» деген бұйрықтары үлкен шығынға ұшыратады. Ұрыс даласында жан алысып, жан беріскен жауынгерлердің өліктері тарыдай шашылып, таудай боп үйіліп қалады.

Жат елдегі азап

Ротадағы сексеннен астам адамның төртеуі ғана қансыраған күйде тірі қалып, қорқыныш пен үрей құшағында тұтқынға түседі. Мұндай сұмдық жауынгерлерді ашық өлімге итермелеудің салдары десе болады. Содан жолдас Тұңғатов фашистік концлагерлердің аштығы мен азаптауын, тозақ отын басынан өткеріп, тағдыр тәлкегіне түседі. Күндердің күнінде «тәуекелшіл ер жігіт, адаспай жүріп жол табар, қараңғы түнек тұманнан» деп ол ат төбеліндей аз ғана топпен лагерден қашып шығады. «Далада құлан шұбырса, егеулі оққа жолығар. Мезгілсіз жолда жусаса, аш қасқырға жолығар» қағидасын ұстанған тұтқындар, сауысқандай сақтықпен


күндіз-түні жорта отырып, аман-есен ит арқасы қияндағы Франция ормандарына жетеді. Сол жердегі партизан отрядының құрамына еніп, ерлік жолын жалғастырады. Жау шептері мен саптарына тұтқиылдан шабуылдап, шығынға ұшыратып отырады. Үнемі жортуылда жүріп, фашистердің зәре-құтын қашырады. Осындай қаһарлы күндерді бастан өткеріп, Жеңіс күнін шет жерде қарсы алады. Ал Кеңес үкіметі «жылқы жат жерде қазықсыз, ер жат елде жұбынсыз тұра алмайды» деп елге қайтқан мыңдаған тұтқындарды аяусыз жазаға тартты. 1945 жылдың күзінде 1 млн 388 849 тұтқын елге оралса, соның бірі Зәби Жігітұлы. Тұтқынға түскендердің артынан шырақ алып түседі, істерін май шаммен қарайды. Кінәлі деп талқандарын 10-20 жылға «ит жеккенге» Магадан мен Колымға айдайды. Зәбеңнен еш кінәрат таппаған соң, амалсыздан туған жеріне қайтарады. Ержүрек батыр көрсеткен ерліктері үшін бірнеше медальдармен марапатталады. Соның ішінде «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдары ҰОС соғысында Германияны жеңгені үшін» және «2-ші дәрежелі Отан соғысынның партизанына» марапаттар. Майданнан абыроймен аға сержант дәрежесінде оралған партизан бейбіт күннің тіршілігіне белсене араласып, ұстаздық етеді. Бірінші май, Тастөбе, Елтай ауылдық мектептерінде неміс тілі пәнінен сабақ беріп, жас ұрпақты отаншылдық рухқа тәрбиелейді. «Азамат күйі әйелмен» деп Сағыдат сынды көрікті перизатпен отау құрып, шаңырақ көтереді. «Түзде жүрсе батыр, үйге келсе пақыр» болған жауынгер ағамыз асыл жарымен төрт ұл, екі қызды әлпештеп өсіріп, өмірге қанат қақтырады. Олар бүгінде халық шаруашылығының сан-саласында жемісті еңбек етіп, немере, шөберелердің қатарын көбейтуде. Көпке пайдасы тиетін көктемдегі жауындай жақсы адам болған қазақ жауынгерінің ерлігі мәңгі ұмытылмайды.





IV

ДУНИЕ – ҒҰМЫР



АСЫЛ ТУҒАН ЖАҚСЫНЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫ КЕҢ БОЛАР ...

«Асыл туған жақсының ақыл-ойы кең болар, ел аузында сөз болар» демекші, ел мүддесін көздеп, Жетісу өлкесінің мәдениеті пен өнер көшін іргелі істерге бұруда, зіл батпан ауыр жүгін өрге сүйреуде қара нардай қайрат танытып, биік белестерге шығара білген Егеубек Далбағаев ағамыздың дүниеден өткеніне де бір жылдың жүзі толып отыр. Атадан асыл туып, жасынан білім қуған, аласаны аялап, биіктерді қадірлеген, ой-өрісі кең, парасат-пайымы келіскен, қабілет-қарымы жалын ұстағандай жанның өмір жолы мен атқарған қызметіне көз жіберсеңіз көңіліңіз өседі. Бүгінгі ұрпақ біле жүрсін, әрі өнеге тұтсын деген ақ ниетпен, ол кісінің қол астында қызмет еткенімде, санама ізгіліктің нұры мен іскерліктің сырын сіңірген ұстазымның бойындағы кейбір штрихтарды (ерешеліктерді) айтып өтсем деп едім.

Білімді туған жақсыға ...

1980 жылдың тамызында Үштөбе киіз-үй комбинатында жұмыс істеп жүргенімде Қаратал аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне қызметке қабылдандым. Содан, көп ұзамай, 1982 жылдың қаңтарында құзырлы мекеменің өкімі және Талдықорған облыстық Мәдениет басқармасының бастығы Егеубек Даданбекұлының бұйрығымен Қаратал аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалдым. Сол күндерден ағамен қызметтік қарым-қатынасым басталды. Айта кетері, Егеубек аға ағынды Ақсу жерінің тумасы болғанымен еңбек жолы біздің Қаратал ауданынан басталды. 1953 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының түлегі, жолдамамен Қаратал өңірі білімінің қара шаңырағы Тастөбе ауылындағы Жамбыл атындағы орта мектепке келіп, өскелең ұрпаққа білім нәрін септі. Сол шақта осы оқу орнында небір жақсы мен жайсаң ұстаздық еткенін айта кетсек артық болмас. Солардың шапағаты тиді ме

жыл-жарым өте жас маман Қаратал аудандық партия комитетінің жауапты қызметіне тағайындалды. Артынша, көп ұзамай, өзін жақсы қырынан көрсеткен қызметкерге, билік, бірден аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметінің тізгінін ұстатады. Ал уақыт өте Қаратал аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін абыроймен атқарады. Сонымен, киелі Қаратал жерінде жастықтың жалындаған қызуымен 18 жыл қызмет етеді. Аға буын өкілдері ауданымызда жемісті еңбек еткен, өмір деген ұлы көштің алдыңғы толқындары Нұрділдә Махамбаев, Егеубек Далбағаев сынды жоталы ағаларымызды, тұғыры биік тұлғаларды жақсы біледі деп ойлаймын. Бізден кеткеннен кейін аға Көксу ауданы мен Талдықорған облыстық партия комитетінде аттан да ерден де түспей небір лауазымды қызметтерді, тұлпар шабыс таныта отырып, атқарды. «Білімді туған жақсыға залал қылмас мың қарға» деп Ақтамберді жырау жырлағандай кемел ойлы азамат қызмет біткенде «жүйрікке бәрі бірдей ылди-өрі, ол шапқан сайын көсіледі» деп бауырын жаза, қанатын қаға самғады.

Жақсылар жанға жайлы сөз айтады ...

Мәдениет саласындағы қызметіне ойыссақ, алғашқы алқа отырысына қатысқаннан-ақ ағаның тегін адам еместігін аңғардым. «Жақсылар жанға жайлы сөз айтады, балқытып тыңдаушысын лебізімен» дегендей ұшқыр ойы, сергек қиялы, терең білімімен өзіне бірден баурап алды. Талай жиындар, салтанатты шаралар, жауапты байқаулар, шырайлы жүздесулерге қатысып, Егеубек Даданбекұлының кәсіби мектебінен, іскерлік сынағынан өттім. Кесек мінезді, өр тұлғалы жанның алқа отырысын жоғары деңгейде өткізетінін көрдім. Нендей тақырып, сұрақ қаралмасын оны майлы ішектей айналдырып, тиісті шешімін табатын. Отырыста кімде-кім өрескел қылық танытса, не қызметтік этикадан, әдептілік шеңберінен шығып кетсе, екі көзінен ұшқын атып, арлан бөрідей айбат шеккенде залда құлаққа ұрған танадай тыныштық орнайтын. Мықтымын деген талайдың апшысын қуырып, зәре-құтын қашырып, екі аяғын бір етікке тығып жіберетін. Талғамы мен өресі биік болғандықтан қызметкерлеріне де қатаң талап қойып,

жауапты міндеттер жүктейтін. Одан біз жаман болған жоқпыз. Коллегияда бағытымызды айқындап, атқарар істерімізді талдап саралап беретін. «Төл аспаптарымыздың төресі бір тиекті, екі шекті, тоғыз пернелі қара домбыраны дәріптеңдер. Күйді сезініп шеберлікпен ойнайтын өнерпаздарды іздеңдер, дарындарың болса бағалай біліңдер. Ескексіз қайықтай бет алды жүре бермей, көштеріңді түзеңдер. Мәдени іс-шараларыңа абай болыңдар, концерттік бағдарламаларыңа әуезді, сазды шығармаларды енгізіңдер. Әншілеріңді ән салғанда тасты балқытып, теңізді тулататындай дәрежеге жеткізіңдер. Өнерпаздарыңның киген киімдерінің кемкетігі болса түзеп отырыңдар. Атқарар істеріңді ұзын арқан, кең тұсауға салмай уақытылы өткеріңдер. Өтірік деген әзәзілден аулақ болыңдар, оған жақын жүрсеңдер отқа сүйреп салатынын есте ұстандар. Айлық, тоқсандық, жылдық есептеріңді нақты санға құрыңдар. «Өнер деген – жігіт көркі», сондықтан ел-жұрттарыңа адал қызмет етіңдер. Болмашы дүниеге қызығамын деп пендешілікке бармандар. Нендей істі болсын сөз бұйдаға салмай дер кезінде орындаңдар», – деп соқырға таяқ ұстатқандай ақылын айтатын. Сөзден түйін түйе білетін ағамыз жиын соңында бұрынғының сұңғыла билеріндей бойын тіктеп, иығын қомдап, ұлағатқа толы монологын бастайтын. Сонда, баршамызды алаламай, бөліп-жармай, төрелігін бұрмай, қорытынды сөзін қаққан қазықтай, шегелеп түйіндейтін. Алқа мүшелері облыстық ұйымдардың жетекшілері Таңатар Алшабеков (бүгінгі Сүйімбай атындағы филармония директоры), Нағима Нұрқалбаева (С.Сейфуллин атындағы кітапхана директоры), Сәулебек Асылханов (Б.Римова атындағы театрдың көркемдік жетекшісі) Нұртай ... (М.Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры) т.б. шоқтығы биік тұлғалар еді. «Хан қасында уәзірлері білгіш болса, қара жерден кеме жүргізеді» деген тәмсіл нақ соларға қарап айтылғандай әсерде болушы едім. 1980 жылдардың он жылдығында аудандарда «Сен тұр, мен атайын!» деген кілең жүйрік, өңшең жорға азаматтардың шоғыры өсіп жетілді. Қарабұлақта Сәбит Биболов, Көксуда Тельман Құрмашев, Панфиловта Нұржау Байдалиев, Бөрлітөбеде Рах-

мет Есдәулетов, Кербұлақта Базарбек Ысқақов, Қараталда мен дегендей. Арамызда қынаптан суырып алған алмас қылыштай жарқылдап жүретін талғамы биік, талабы таудай Рахмет досымыз ортамыздан бәйге атындай суырыла озып, облыс мәдениетінің тізгінін ұстады және ағаның тура жолын біліктілікпен жалғастыра білді. Жақсыдан тәлім алғандығын көрсетті. Жетісу мәдениеті серкелерінің барлығы дерлік ағаның алдын көрді, «парасатты ер жігіт жақсыдан ғибрат алады» деп тәрбиесін алды. Көбіміз ол кісіні ұстаз тұттық. Шәкірті ретінде «жақсы жетектесе тартына көр ме, жаман жетектесе артынан ер ме» қағидасын ұстанып, өз қолтаңбамызды қалыптастырдық, сүрлеуімізді салдық. Кезінде партия көсемі Сталин: «Кадр – бәрін шешеді» деп айтқанындай Егеубек Даданбекұлы орталықтағы да, өңірлердегі де кадрлардың тұлға ретінде өсуін жіті қадағалап отырды.

Кадрге деген қамқорлық

Қысылған сәттерінде көмек қолын аямайтын. Бірде Үштөбе киіз-үй комбинатының автокөліктерге арналған бокстары бар екі қабатты ескі ғимараты босап, оны иемденуге талас болды. Мәдениет бөлімінде он бір автоклуб болғандықтан, әрі кеңсеміздің тозығы жеткендіктен мен де оны еншілеуге ұмтылдым. Бірақ үміткерлердің теңдік бермейтінін сезіп, ағаға қоңырау шалдым. Содан ертеңіне мені 1-ші хатшы А.С.Гребенщиковқа алып кіріп, мәселені оңынан шешіп берді. Облыстық мәдениет басқармасының күрделі жөндеуге материалдық және қаржылай тұрғыда көмектесетіндігі таразы басын бізге қарай аударған сыңайлы. Енді бірде жас кадрлар мәселесін шешпек оймен, белді бекем буып, балансымызда жоқ жатахананы жөндеуден өткіземіз деп, үш пәтерлі үй салуға бекіндім. Бұл қаржы тәртібін бұзу екендігін түсіндім, бірақ жастықтың қызуымен «тәуекел түбі жел қайық, өтерсің де кетерсің» деп істі бастап кеттік. Құрылыс бел ортасынан ауғанда қаржымыз түгесілді. «Енді не істемек керек?» деп тығырыққа тірелдім. Тұйықтан тағы да Егеубек Даданбекұлы шығарды. «Ниетің дұрыс, игілікті шара істепсің, аяғына дейін жеткіз. Мен құрылыс материалдарымен де, қаржымен де көмектесем» деп қолтығымнан демеп жіберді. Соның

арқасында үш бірдей отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Жалпы алғанда, бұл «партизандық» тәсіл еді, бірақ Құдай оңдап, қыл көпірден аман-есен өтіп кеттік. Тағы бір қиын сәтте ағаның жанашырлық танытқан көмегін ұмытпақ емеспін. «Мәдениеттің көрігін қыздырып, жалауын желбіретемін», – деп ақ тер, көк тер болып жүргеніме бір жарым жыл толғанда 1-ші хатшы шақырып: «Біз жастарды өсіруіміз керек, сен енді екі совхоздың біріне парторг болып барасың» деп мәселені төтесінен қойды. Қызметтік жолымда мұндай бұрылыс болады деп ойламағандықтан бірден «Бармаймын» деген кесімді жауабымды айттым. Ол кезде партия жетекшісінің айтқанын орындамау қылмыс саналатын. Мәдениетке бауыр басып, қызметкерлермен енді тіл табысқанда үйреншікті ісінді тастап кету оңай болмайды екен. Тағы да ағаға қоңырау соғуға тура келді. Жағдайды түсіндірдім, ертеңіне жүзіктің көзінен өткендей ақ «Волгасымен» аға да келіп жетті. Қаһарына мінгенде үзеңгісін үзіп жібере жаздайтын сұсты басшының кабинетіне алып кірді. Екеуара жылышырайда сөйлесіп, мені орымда қалдыратын болды. Шамасы ағаның: «Маған да кадр керек», – деген уәжі салмақтырақ болды-ау деймін. Содан кейінде онаша бір сәтте айтқаны бар: «Түсінбейтінім, неге Қараталда басқа аудандардағыдай 1-ш хатшылыққа, не аудандық атқару комитеті төрағасы қызметіне өзінің жергілікті азаматтарын қоймайды. Олар жоқ емес, бар ғой», – деп Қанапия Берлінбаев, Рақымжан Мұрадилов, Балтабай Нұрғабұлов, Төкен Құсмолданов және Наурыз Қылышбаевтың есімдерін атап еді. Сол жадымда қалып қапты. Байыптап қарасам, шынында да бұл аса жауапты лауазымды орынтақтарға сырттан келгендер ғана тағайындалыпты. Иә, сұңқар құстың төресі болса, Егеубек Даданбекұлы ер-азамат біткеннің төресі еді. Неге екенін қайдам, мәдениеттің жілігін шағып, майын ішкен ағамыз 60 жасқа толысымен зейнеткерлікке шығарылды. Бәрімізде «Қап- ай!» дестік. Жасыратын несі бар, одан кейінгі басшылар да, қосшылар да ұсақталып кеткендей әсерде қалдым. «Мыс алтынға, қарға қыранға теңелген мына заманда» кімнің-кім екенін де айыру да қиын болды ғой.

Зейнеткерлік ғұмыр

Осылайша, ойламаған жерден есімі жұртқа дастан болған, білімі көптен асқан, атақ-даңқы, алған ордендері мен медальдары, халықаралық және мемлекеттік дәрежедегі марапаттары атан түйеге жүк болатындай көлемдегі марапатқа ие Егеубек Даданбекұлы нағыз болған, толған шағында зейнеткер болып шыға келді, бірақ сонда да ел-жұртынан қол үзбеді. 21 жыл бойы Талдықорған облыстық ардагерлер кеңесі мен ақсақалдар алқасының төрағасы болып қызмет етті. Жастарға ұлағатты тәрбие бере білген қазыналы қарт, небір күрмеуі көп шаруаларды жүзеге асыруға атсалысты. Әріптестерімен «Шежіре» отауын құрып, Жетісудың тарихы мен мәдениетін насихаттады. Соғыс және еңбек ардагерлері бұрынғы жайбасарлықты тастап, қоғамдық жұмысқа белсене араласатын болды. «Ардагер әжелер» ұйымдары отауларын тікті. Нәтижеде, Алматы облыстық «Ардагерлер» ұйымының озық іс-тәжірбиесі Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі аймақтық кеңестеріне таратылып, үлгі ретінде басшылыққа алуға ұсынылды. Бұл енді айта берсе ұзаққа созылатын әңгіме, оны газет беті көтермейді. Отбасына келсек «Адал жар – асыл қазына» дегендей, ағамыз Құдай қосқан қосағы, оқу ісінің үздігі Зағипа Бақытқызымен ұзақ ғұмыр кешіп, төрт баланы тәрбиелеп өсірді. Барлығы жоғары білім алды. Бүгінде, олар халық шаруашылығының сан түрлі саласында жемісті еңбек етуде. Үлкендері Ардақ – экономист, Ғазиза – құрылыс инженері, «Асылдың ұшып түскен сынығындай, жігіттің ел басқарар кемеңгері» демекші, әке жолын қуған Әділбек бірер жыл Ақсу ауданының әкімі қызметінде болды, қазір өз мамандығы бойынша мал дәрігері болып еңбек етуде. Қара шаңырақтың иесі Бүркітбек орман шаруашылығының инженері. Ұрпағынан бүгінде жеті немере, екі шөбере өрбіп отыр. Олардың қазандары ортаймай, білімдері сарқылмай өмірде табысты болсын деген тілегімді білдіремін. “Өліп жатқан сұңқардың жүніне қарға қона алмас, кешегі айтқан көп жаман, бір жақсыдай бола алмас» деп естелігіме нүкте қоямын.

2021 жыл

ДҮНИЕНІҢ КӨЗІМ ЖЕТТІ ЖАЛҒАНЫНА ...

Ата-бабаларымыздың: «Адам баласы баянсыз бұл жалғанның базарында, жүреді аз ғана күн дүрілдетіп» дегеніндей, мына желден жүйрік, судан терең дүниеден бұдан жиырма бес жыл бұрын 59 жасында өмірден өткен Төкен Сәсенұлы Құсмолдановтың есімі қалың қазақ жұртына өз уақытысында кеңінен танымал болды. «Атамыз - Алаш, керегеміз – ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз», – деп аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың баспанасы болған киіз үй жасауды заман талабына сай өндірістік жолға қойған ол, Үштөбе киіз үй комбинатының директоры қызметін ұзақ жылдар бойы абыроймен атқарды.

Арпалыс

Үштөбе қаласының іргесіндегі №47 разъезд тұрғыны, құрметті теміржолшы Сәсен отағасының отбасында дүниеге келген Төкең 1955 жылы еңбек жолын Молалы станциясына қарасты автокөлік ротасында жүргізуші болып бастады. Ол кезде заман қиын еді. Елде соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатты. Жас өрен сол еңбек майданында шындалып, сонан үш жыл Кеңес әскері сапында Отан алдындағы борышын өтеді. Әскерилер оқу-жаттығу жиындарында аса белсенділік танытып, үздік нәтижелер көрсеткен жауынгерге көз қызықтырып, офицерлік қызмет ұсынып, әскер қатарында алып қалуға әрекеттенді, бірақ ол әке-шешесінің жағдайын ойлап, өтініштерін қабылдамай, оқу іздеп Алматы барды, сондағы қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын бітіріп, жолдамамен ауданымыздағы «Новый мир» қой совхозына келді. Директор талапты жастың көзіндегі отты, жүрегіндегі шоқты байқап, бірден бас инженерлік қызметтің тізгінін ұстатады. Жұмысқа бар жан-тәнімен кіріскен білімді де жігерлі, қайратты да батыл жанды дер кезінде тани білген аудан жетекшілері жас маманға 1969 жылы киіз үй жасау фабрикасына басшылық етуді сеніп тапсырады. Халқымыз үшін қасиетті, әрі киелі құтты қара

шаңырағымыз, бөлінбес еншіміз, бағалы мүлкіміз, мақтан тұтар көркем дүниеміз деп бағаланатын киіз үйді шығару ісін қолға алуымен, оған аса зор жауапкершілік жүктелгенін ол жақсы түсінді, сондықтан шағын цехтардан тұратын, қол жұмысына негізделген өндіріс ошағын қайтсем ғылым мен техника жетістіктеріне сүйеніп, озық технология желісі орнатылған индустриалды өнеркәсіп орнына айналдырам деп күндіз-түні арпалысты. Республикалық орман және ағаш өңдеу министрлігінің лауазымды шенділерімен бірлесіп, Мәскеудегі бүкілодақтық құзыретті мекеменің инженер-конструкторлық орталығына шығып, ойын жүзеге асырды. Кешегі артта қалған шағын фабриканы заман талабына сай соңғы үлгідегі өндіріс құралдарымен жабдықталған ірі комбинатқа айналдырды. Бұл 1972 жыл еді.

Комбинат

Мен осы жетпісінші жылдардың соңында сол кісінің қол астында үш жыл жұмыс істеп, көп нәрсені көңілге түйдім, қызметкер ретінде өстім. Қатарынан қара озып дараланған өр мінезді, өктем сөзді, батыр тұлғалы Төкең қызметте қатал, әміршіл, билеп-төстеуді ұнататын (жақсы тұрғыда), сондықтан инженерлік техникалық қызметкерлер құрамына (ИТР) жоғары талап қоятын, соған орай жұмыс дегеніңіз қазандай бұрқ-сарқ қайнап, жоспар асыра орындалып жатты. Ол алдында тұрған асуларды алуда, бөгеттерді жоюда неден болса да тайынбады, қандай кедергі кездессе де, тосқауыл қойылса да бұзып-жарып өте шықты. Сол шақта комбинатта жылына 16 мың дана киіз үй шығарылатын. Кәсіпорында 800 ден астам адам еңбек етті, солардың әрқайсысының тілін тауып, жұмыс істете білді, әрі жағдайларын да жасап отырды. Жалақы жоғары болды, әр тоқсан сайын және жыл соңында өндірістік көрсеткіштердің орындалуына қарай сыйақы төленді. Комбинат асханасында еті мол құнарлы түскі ас әзірленді. Жұмысшылар мен қызметкерлер үшін 100 пәтерлі тұрғын үй, 280 орындық балабақша пайдалануға берілді. Оның сыртында қаншама бір және екі пәтерлі жеке үйлер салынды. 70 жылдардың соңында еңбек ұжымы дамыған капиталистік Жапония,

Финляндия, Швеция т.б. елдерден сол кезде аса қат болған халық тұтынатын импорттық тауарлар легін (киім-кешек, аяқ-киім, кілем т.т.) алып тұрды. Қызметкерлер мен жұмысшылар осындай атағы шартарапқа кеткен кәсіпорында жұмыс істейтіндерін мақтан тұтты. Төкен Сәсенұлы қарамағындағы еңбеккерлерінің мерейін өсіріп, тұрмыстық жағдайларын көтеру үшін қолындағы бар мүмкіндікті пайдаланып, жақсылық біткенді үйіп төкті. Жастар арасында өнер мен спортты насихаттауды да назарынан тыс қалдырмады. Кәсіпорын намысын қорғау үшін көркемөнерпаздар мен спортшылар құрамы жасақталып, олар аудандық байқаулар мен сайыстарда оза шауып бәйге алды. Еңбек озаттары мен денсаулықтары сыр берген науқас жандар курорттар мен санаторийлерге тегін жолдамамен жіберілді. Еңбеккерлерге деген қамқорлық шындығында да зор еді. Төкеңнің өңі суық болғанмен, жаны жомарт, көңілі таза болатын. Жетісу өңірінде аттылыға жол, ауыздыға сөз бермейтін ағамыз жұмыс барысында, комбинат цехтарын аралағанда, таудан аққан тасқындай төгіліп жүретін. Ай сайынғы белгіленген өндірістік көрсеткіштер кестеге сай орындалмай жатса цех жетекшілерінің зәре-құтын қашырып, аюдай ақырып, екі аяқтарын бір етікке тығатын. Жараталысынан топ бастайтын серкелік қасиетке ие, жүрегінің қалауымен білікті инженер дәрежесіне көтеріліп, өндіріс технологиясын бес саусағындай меңгергендіктен, ол барлық жұмыс процесстерін кесіп-пішіп, танып-біліп отырды, сондықтан оған қарсы ешкім дау айта алмайтын. Осындай талапшылықтың, білгірліктің, еңбекті ұйымдастыра білудің арқасында ұжым бүкіл Кеңес Одағына танылды. Небір социалистік жарыстарда топ жарып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көрінді. Брежнев билігі тұсында Қазақстандағы қой санын 50 млн басқа жеткіземіз деген ұран көтерілгенде Үштөбе комбинатының өніміне сұраныс одан сайын арта түсті. Тіптен Ресейдің қиырындағы малшылар мен бұғы өсірушілер, тау-тас кезген геологтар мен жер жүзін шарлаған саяхатшылар да қазақтың киіз үйіне қызығушылық танытты. Армения Республикасының Ленинакан қаласында алапат жер сілкінісі

орын алғанда, ондаған мың адам баспанасыз қалды, сонда көмекке біздің комбинат келді. Қазақ үкіметінің өкімімен бауырлас елге 2000- нан астам үй жіберілді. Иә, ол өте бір еңбек қарбаласына толы, қарқынды да екпінді қызықты жылдар еді. Қазір оның бірі жоқ, бұрынғы дүрілдеп тұрған өндіріс ошақтары қаңырап бос тұр. Барды ұқсата алмадық, бұл енді бөлек әңгіме. «Туған ай толғаннан соң о да кетер, тұрмақ жоқ ешбір нәрсе қалыбында» дегеннен басқа айтар сөз жоқ. «Мұжылып тау таусылса, темір тозса» демекші, КСРО империясының күйреуімен комбинаттың да басынан бағы тайды. О баста дұрыстап ойластырылмаған нарық экономикасы және жабайы жекешелендіру кәсіпорын түбіне жетті.

Мөлдір махаббат

Қажырлы еңбегінің арқасында қиындықтарға қайыспай қарсы күрес жүргізіп, жоғарығыдай жетістіктерге жете білген, өз заманында есімі ел аузынан түспей, аты үнемі озып тұрған Төкең бұл жағдайды аса ауыр қабылдады. Жүйкесі тозып, жүрегіне салмақ түсті, ақыры ауыр науқасқа шалдығып: «Дүниенің көзім жетті жалғанына, жеткізген кімді тағдыр арманына», – деп өмірден кете барды. Расында да дүние, шіркін, кімге серік болған. Содан бері де ширек ғасыр өткен екен. Ал Төкеңнің артында ескерткіш болып, елге еткен адал еңбек ісі қалды. Өмірлік жолдасынан, сенім артқан тірегінен ерте айырылып, қамкөңіл күй кешкен Роза жеңгеміз де күні кеше қыстың қытымыр аязында өмірден өтті. Екеуі арман қала, жас қала Алматыда студенттік «махаббат қызық мол жылдар» кезеңінде танысып, ағамыз «батырлық байлық кім де жоқ, ғашықтық жөні бір басқа» деп, толған айдай толықсып, ақ сазандай бұлықсыған Арқа жерінің ерке аруын құлай сүйіп, ғашықтық дертіне шалдыққан еді. Дегеніне жетпей қоймайтын қайсар мінезді ағамыз бойдағы бар өнерін ортаға салып, «ақ дидарын көргенде тұра алмаймын, сенсіз жерде салтанат құралмаймын» дей жүріп, кербез сұлуды өзіне қаратты. Үйленіп, отбасын құрған соң сүйген жарының төбесінен құс ұшырмай, маңдайына күн тигізбей өмір бойы алақанына салып, аялап өтті. Ұл-қыз тудырып, артына ұрпақ

қалдырды. Төкеннің ыстық махаббаты мен шексіз қамқорлығына бөленген Роза Рысбайқызы ұзақ жылдар бойы Үштөбе қалалық теміржол және аудандық ауруханада дәрігер болып қызмет етті. Ешнәрседен таршылық көрмеді, тіршілікте үлде мен бүлдеге оранып өтті. Көп адамдарға берген емі шипа болып, шарапаты тиді. Осылайша, бұл дүние аз күн алдап өте шықты. Марқұмдардың топырағы торқа болып, жандары жаннатта болсын.

2021 жыл

ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ...

«Дүние өте шығар ескен желдей, түрі жоқ тілегінді ескергендей, таусылса татар дәмің жөнелерсің, қоныстан қопарылып көшкен елдей» демекші, кезінде ауданымыздың айтулы азаматтарының бірегейі болған Қ.Әбдірахмановтың да бұл өмірден өткеніне 20 жылдың жүзі болыпты. Бар күш-жігерін туған өлкесінің өсіп, өркендеуіне жұмсаған Қошақан ағамыз дүниеге қазақ даласында «Кіші Октябрь» революциясын жасаймын!» деп даурыққан әумесер Голощекиннің қызыл заманында 1930 жылы дүниеге келіпті. Сол шақта ашаршылықтан халық шыбынша қырылып, әсіресе емшектегі нәрестелер мен тоғыз жасқа дейінгі балалардың аман қалғандары некен-саяқ болған екен, себебі аналар омырауында сүт болмаған, ал сәбилік шақтан асқандары өз бетімен жүріп қорек іздеп таба алмаған.

Міне, осындай сұрапыл қырғыннан аман қалған Қошекең 64 жыл өмір сүріпті, жоғарыдағы жайларды ескерсек бұған да тәубе деу керек шығар. Елтай ауылдық округінің тумасы бала кезінен оқуға зеректігінен жасынан білім қуып, сол кездегі ең беделді жоғары оқу орны КазГУ-дың математика факультетін бітіріп, жолдамамен туған жеріне оралып, аудандық білім бөлімінде еңбек жолын инспекторлық қызметтен бастайды. Көп ұзамай жас ұрпаққа білім беруді аңсап Тастөбе ауылына қоныс аударып, оқушыларға ма-

тематика пәнінен дәріс беруге кіріседі. Нәтижеде еңбегі жанып, шәкірттері сан-алуан олимпиадалық сайыстарда оза шауып бәйге алады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші оқу-ағарту ісіне жан-тәнімен берілген жас маман есеп-қисаптың қыр-сырына жеткіншектерді қанықтырып жас математиктерді даярлаудың озық үлгілерін көрсетеді. Жемісті еңбегін жалғастыра беруге сол тұста халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру науқаны қызу жүріп жатқандықтан білікті кадрлар тапшылығына байланысты Қошақан Әбдірахманұлы аудандық партия комитетінің шешімімен кеңес қызметіне жегіліп, шенеунік ретінде халықтың тұрмыс-жағдайын көтеруге бел шеше кіріседі Содан атынан аумамай талай қызметтің дәмін татып, басын шалып, тізгінін ұстайды. Болмыс-бітімі мол пішілген, парасат-пайымы келіскен ақылға бай, ойға тұнық, сөзге жүйрік жігерлі жан ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, Қаратал аудандық атқару комитетінің жоспарлау бөлімінің бастығы қызметіне жоғарылатылады, яғни ауданның барлық саласының даму тетігі қолына ұстатылады. Бірде-бір өндірістік, қаржылық, құрылыстық, әлеуметтік жоба ол кісінің қолынсыз өндіріске жіберілмейтін, себебі кеңестік дәуірде экономика алдын ала 5 жылға жасалған жоспарға сай түзілетін. Білімі мен біліктілігі қатар ұштасқан өр тұлғалы, кесек мінезді, иманжүзді сырбаз ағамыз шындықты бетке айтатын турашылдығымен де, керек деп тапса өктем де сөйлей алатын паңдығымен де дараланып тұратын. Осы тікшілдігі басшыларға ұнай бермейтін, сол үшін де оны тізгіндеп ұстап, ары қарай өсірмеді. Шындығына келсек 1970-1980 жылдары аудан көлемінде: «Бел десең де тау деме аласаны, аласаның басынан мал асады, сөзі де ерсі жаманның өзі де ерсі, ойнап-күлсең жақсымен жарасады» дегендей, небір жаны жайсаң, қабілет-қарымдары кісі қызығарлықтай, іскерліктері тау қопаратындай мықты мамандар өсіп жетіліп еді. Коммунистік партия жетекшілері неге екенін қайдам сол кадрлардың адымын аштыра қоймады, мүмкіншіліктерін сарқа пайдаланбады? Әйтпесе өңіріміздің сүт бетіне шығар қаймақтары, сөздері де, істері де ірі,

кісіліктері де мол Рақымжан Мурадилов, Қаналия Берлінбаев, Қошақан Әбдірахманов, Балтабай Нұрғабұлов, Төкен Құсмолданов, Әбіл Ниязов сынды азаматтар кімнен кем еді? Олардың аудан тізгінін ұстап, көшін өрге сүйрей алатын мүмкіншіліктері жетіп-артылатынына көпшілік сенімді еді. Әбіл Аманбайұлының айтуында бұл шоғырды қалыптастырған 1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың басында ауданның бірінші хатшысы болған Айтақын Алпысбаев екен. «Болайын деген баланың бетін қақпа, белін бу» қағидасына сүйенген басшы көптің ішінен тұлпар шабыс танытар жандарды іріктеп алып, өндірістің негізгі саласына ысылсын, жетілсін деп қоя біліпті. Кім білсін, ішінен біреуін өз орнына қалдыруды да ойлаған шығар, бірақ Кеңес заманында кадрларды сұрыптап орналастыруда биліктің өз ұстанымы болды, оның шідерінен босанып, құрсауынан шығу мүмкін емес-ті. Ал басшылыққа А.С.Гребенщиков, Ю.Кузнецовтар келгеннен кейін бұл тұлғалардың қызмет бабымен өрлеуі сап тиылды. Сол пешенелеріне жазылған екінші рөлдерді атқарумен өмірлері өтті. Қазірде «...жақсымен өздеріндей сырласқанда, ездіріп құрт ішкендей шерден шығам» дейтіндей кім қалды? Кердері ақынның «Бұл күнде арғымақтан мәстек озды, бұрынғы жақсылардың бәрі тозды...», – деп айтатындайы бар. Шынтуайтында бұл арнайы талдауды қажет ететін тақырып. Ал кейіпкерімізге оралсақ, ол кісінің болмысында бекзадалық қасиет те бар болатын. Қараталдың айтулы ақыны Әбдірахмандай жақсыдан ғибрат алып, текті әкенің ізін басқан, тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы Қошекең де сөз өнерінің марқасқасы еді. Өзі қош көретін ортада баяғының билеріндей көсіліп, тілдің майын тамыза көркем сөйлейтін. Сүйсінбеске лаж қалмайтын. Ол ұлт ұстанымын сақтаған жандардың бірегейі еді десем артық айтқандық емес. Өткенді ескерген өскендіктің белгісі болса, онда «ел» деп туған ағаларымыздың етегін басып, жолын қуған кейінгі буын біздер олардың өрелі істерін еш ұмытпауымыз қажет. Жуырда отбасының береке-бірлігін келтіріп, ошақтың отын өшірмей, қазанын оттан түсірмей отырған ағаның Құдай қосқан қосағы Күлтай жеңгеміз

бен артында қалған ұрпағы ағайын-туыстың, дос-жаранның басын қосып әке бейнесін еске түсіру мақсатымен абзал жанның аруағына бағыштап ас берді. Қабыл болсын!

2014 жыл

ШОҚТЫҒЫ БИІК ТҰЛҒА ЕДІ

Ауданымыздың мәдениет саласының өсіп өркендеуіне айрықша үлес қосқан айтулы ағаларымыздың бірегейі Таңатар Иманғалиұлы көзі тірі болса биыл сексеннің сеңгірегіне шығып, «...сексен келді бүйірден, қалдырып кетті-ау үйірден» деп ұрпағының мейірім шапағатына оранып отырар еді. Амал не «жетпіс келді төтелеп, кәрілікті жетелеп» дегендей, кәрілікке енді иек артқанда дүниеден өтті. Өмірде тұлпар шабыс танытқан, ой-өрісі кең, өресі биік, сөзі мірдің оғындай жанмен, 1982 жылы аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып істеп жүріп, ойда жоқта, мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалғанда жақын таныстым.

Бұл қызметті сол шақта Тәкең атқаратын. Қақаған қаңтар айының басында аудандық партия комитетінің хатшысы Ин В.В. мен атқару комитеті төрағасының орынбасары А.Н. Ромащенконың бастауымен Пушкин көшесінің бойындағы бөлім кеңсесінің табалдырығын аттадым. Бізді жаугершілік заманда дұшпанға дара шапқан батырлардың тұлғасындай еңсегей бойлы, болмыс-бітімі келіскен жігіт ағасы жылышыраймен қарсы алды. Мен болсам қысыла қымтырыла кірдім, себебі өндіріс саласының маманы болғандықтан бұл қызметке тағайындалам деп еш ойлаған жоқ едім, бәрі көрген түстей болды. Менің күйімді іштей сезген Тәкең, оң қабақ танытып, «Бүгіннен бастап бұл кеңсенің қожайыны сен боласың, батылырақ бол, жігітім», – деп дем бергені. Сол сәтте үстімнен бір ауыр жүк түскендей жеңілденіп қалдым. Содан ресми шара аяқталып, жасалған ауыс-түйіске байланысты жайылған ақ дастарқан басында отырғанымызда аға маған шынайы көңілімен ақ

батасын беріп еді. Сондағы айтқаны әлі есімнен кетпейді. «Мен бұл мекеменің тізгінін он төрт жыл жеті ай ұстадым, ыстық-суығына бір адамдай малындым. Жаман атым шыққан жоқ, қолдан келгенше өнердің өрісін кеңейтіп, көкжиегін көтеруге талаптандым. Менің қолымнан келгені осы болды, ендігі жол сенікі, шыққан биігімізден төмендеме. Шабысың арынды, табысың толымды болсын!» – деді. Содан, ағаның ақ жарма тілегінен нәр алған мен де бөлімді 1999 жылға дейін (90-шы жылдардың экономикалық қиындықтарына байланысты бөлім жабылғанша) 17 жыл бойы басқарыпшын. Бойдағы барымды салып, сенімді ақтауға тырыстым. Ол кезде бөлім қарамағында 28 мәдениет үйі мен клуб, 35 кітапхана, 10 автоклуб, бір «Қызыл отау» бар болатын, штаттағы қызметкерлер қарасы 147 санын құрайтын. Таңатар Иманғалиұлы шаруашылық ісіне, ұйымдастыру жұмысына мықты еді, оны маған қол астында істеген қызметкерлері жыр ғып айтып отыратын. Шынында да ол кезде барлық мәдениет ошақтары тұрғындарға есіктерін айқара ашып талапқа сай жұмыс істеп тұрды. Халықтың да көңілі көтеріңкі тұс еді ол шақ. Кітап оқылатын, кино көрілетін, мәдени шаралар жер-жерде өткізіліп тұратын, соған орай мәдениет ошақтарындағы жұмыс бұрқ-сарқ қайнап жататын. Әсіресе малшы қауымына мәдени қызмет көрсету биліктің арнайы бақылауында болды. Алда-жалда, жаз жайлауда, қыс қыстауда отыратын шопандарға медицина қызметкерлері, автолавка, автоклуб қызметі бекітілген кестеге сай уақытысында бармай қалса, ол төтенше жағдай боп есептелетін. Мәселе уақытылы шешілмесе бюрода не аудандық атқару комитетінде қаралып, басшылар тиісті жазасын алып жататын. Сондай шақта Тәкең шаруасын ұршықтай үйіріп, өзіне жүктелген міндетті өгіздей өрге сүйрей білді. Автоклубтар қаңтардың үскірігінде де, ақпанның қарлы боранында да, шілденің аптап ыстығында да бір сәт дамыл таппай малшылардың қасынан табылатын. Қызметкерлері киносын көрсетіп, газет-журналдары мен кітаптарын таратып, елдегі соңғы жаңалықтармен таныстырып, домбыраларын шертіп, әндерін құйқылжытып салатын. Жанармай

дегеніңіз, керегінше, артығымен бөлінетін, тек автокөлікке қажетті қосалқы бөлшектер қат болатын. Ол кезде ағаның ел ішіндегі беделі жоғары, соның арқасында тиісті орындардың есігін батыл ашып керекті заттарына қол жеткізетін. Автоклуб меңгерушілеріне, кинемеханиктерге, жүргізушілерге, жалпы барлық қызметкерлерге қатаң талап қоя білетін. Сөз бұйдаға салып, ұзын арқан, кең тұсау танытатындарды бұлтартпас дәйектерімен тәубесіне келтіріп, қажет болса қағып та, сілкіп те алатын. Оған ренжіген адамды естімеппін. Ағамыздың ауыз толтырып атап өтер аса зор еңбегі кезінде атақтары бүкіл Қазақстанға жайылған «Қаратал әуендері» және «Ритмы Семиречия» эстрадалық ансамбльдерін құруы дер едім. Құрамына ауданымыздың талантты да талапты жігіттері мен қыздарын топтастырған басшы, көркемдік жетекші Дмитрий Цоймен бірлесіп тамаша шығармашылық ұжымды қалыптастырды. Ансамбльдер алғашқы күндерден көрермендердің ыстық қошаметі мен ілтипатына бөленіп облыстық, Республикалық байқаулардың жеңімпазы атанып, 1978 жылы Бүкілодақтық фестивальде топ жарды. Кеңестер Одағының астанасы Мәскеудің төрінен өнер көрсетуге жолдама алған жас ұжым репертуарын түзеп, сахналық киімдерін әшекейлеп тіктіріп, аспаптарын жаңалап, бес қаруын сайлап дегендей, алыстағы шаһарға жол тартады. Жоғарыда атап өткендей сапында «небір сен тұр, мен айтайын» дейтіндей өрендері бар ансамбль емкімнен қаймықпай, жүрексіңбей жоғары деңгейде өнер көрсетіп, одақтың шартарабынан келген барша әріптестерін жолда қалдырып ВДНХ-ның (Бүкіл одақтық халық шаруашылығы көрмесінің) лауреаты деген атақты жеңіп алады. Бір жеті бойы түрлі мәдениет сарайларында, саябақтарда, концерттік алаңдарда талғамы жоғары мәскеуліктердің алдына шығып өнерлерін паш етті. Қазақтың, орыстың, корейдің сан-алуан тамылжыған әндерін шалықтата шырқап, көрнекті де келісті билерін мың бұрала билеп, құлақ түрген тыңдарман мен көз тіккен көрерменнің айызын қандырады. Айды аспаннан шығарған өнерпаздарды Қаратал жұрты да салтанатпен қарсы алып, сый-сияпаттарын тарту етті.

Шығармашылық ұжымның құрамын еске түсірер болсақ, олар музыканттар Трофим Хан, Қожабек Маймақов, Николай Чередниченко, Афансий Те, Леонид және Наталья Шевляковтар, Виктор және Наталья Ким, Тен Владислав, Николай Зленко, Сон Василий, концертті жүргізуші Әлия Таласпаева, вокалдық трио Ляззат Рамазанова, Цай Галина, Эм Роза, жезтандай әншілер Алексей Пягай, Нұрфазыл Құдайбергенов, Төлеген Нұғыманов, Людмила Тен, Мәншүк Тәженова, Әлия Домолдаевалар болатын. Өнер әлемінде өзіндік өрнектерін салған осы бір жандардың жанқиярлық еңбегін ара-тұра болса да еске алып тұрсақ орынды болады. Мәдениет пен өнердің майын езіп ішкен ағамыз көптеген абыройлы істерді атқарды, сондықтан да есімі қашанда ел аузында жүреді. Зейнет жасына жеткеннен кейін де Тәкең үйде байыз тауып отыра алмай ауданның қоғамдық өміріне белсене араласты. Ардагерлер кеңесінің жұмысын қолға алып ілгері істердің атқарылуына мұрындық болды. Оны көзі қарақты азаматтардың бәрі дерлік біледі, көздері көрді, куә болды. Әсіресе, Жолбарыс би-батырдың мерейтойын өткізерде ұйымдастырушылық қабілеті жарқырай көрінді. Байсалды да байышты, сабырлы мінезге ие айтулы аға «ақырын жүріп, анық бас» қағидасын бұлжытпай ұстанатын және елге айтар сөзін әбден пісіріп, иін қандырып жеткізетін. Өмірдің ащысы мен тұщысын бірдей көрген азамат «көпті көрген ер жігіт, көсем болар төселіп» демекші, ел ағасы дәрежесіне көтерілді. Аудан басшылары қандай да күрмеуі қиын мәселелердің шешімін іздегенде қапияда ой, қараңғыда жол таба білетін Тәкеңнің ақылына құлақ салып, сөзіне тоқтайтын. Тіршілікте «аттылығы жол, ауыздығы сөз бермеген» қазыналы қарт шын мәнінде ақыл-ойдың қазығы еді, орны ойсырап-ақ тұр. Кейінгі толқынның бірі ол орынды толтырар, дегенмен де дәл өзіндей бола алмас. Өнегелі өмірге ие тұлғаның ішіне бүгіп кеткен бір сыры әнқұмарлығы деп айтсам қателеспеймін. Сахнаға шығып ән салмады демесеңіз өз ортасында әнді әсерлі үнімен, кең тынысты дауысымен шарықтатқанда, естіген ел таңдай қағатын деп еститінмін, соған өзім де бір жолы куә болғаным бар. Бірде

шалғайда жатқан ауылдарға іссапарға шығып бара жатқанымызда ағамыз жол үстінде өте бір көңілді отырып әнге ерік берді. Сондағы дала төсін жаңғыртқан әніне риза болған бәріміз, «япырмай, мына кісі уақытысында неге әнімен көрініп танылмаған, нағыз тұнып тұрған тума талант қой!?» деп сүйсінгеніміз барды, содан бері де талай жылдар сынаптай сырғып өтіпті. Өлгендерге иман, тірілерге ғұмыр тілейік. Ағамыздың ұрпағы аман болып, бастарына бақ қонсын деп естелігіме нүкте қояйын.

2016 жыл

ДҮНИЕ ӨТЕ ШЫҒАР ЕСКЕН ЖЕЛДЕЙ

Ауданымыздың мәдениеті мен өнерінің дамуына айтарлықтай үлес қосқан Н.А.Құдайбергенов тірі болса бүгінде 70-ке толып, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында мерейтойын атап өтер еді. амал не, сұм ажал оны нағыз болған-толған, бала-шағаның қызығын көрер шағында ортамыздан алып кетті. Жігіттің серкесі, елінің еркесі болған Нұрфазыл Ахметұлы қырық жылдан астам Үштөбе балалар шығармашылығы орталығында ұстаздық, әрі басшылық қызмет атқарды. Қолынан музыканың әліпшесін үйреніп, оның тұңғиығына бойлаған, қыр-сырына қаныққан қаншама жас түлектер қанат қағып шықты десеңізші. Санында есеп болмаса керек. Еңбектегі алғашқы қадамын қаламыздағы бір кездері атағы дүркіреп Кеңестер Одағына тараған ет комбинатының мәдениет үйінде киномеханик болып бастаған ағамыз кино өнерін насихаттауда жастық жігермен оттай жана еңбек етіп, ел көзіне көрінді.

Ол заманда кино саласы өнердің төресі еді ғой, себебі теледидардың шыға қоймаған кезі, адамдар клубтарға, кинотеатрларға өте көп баратын. Көрген фильмдері, оқыған кітаптары туралы тамсана айтысып, ой бөлісетін. Бүгінде қоғам өзгерді, бірақ рухани құндылықтарды бойға сіңіру жағынан алға оздық деп айта алмайсың. Бұл енді басқа тақырыптың өзегі. Нұрағамыз болса

уақыт өте Алматының Чайковский атындағы училищесін, артынша Қарағандының мемлекеттік университетін бітіріп, Үштөбе музыка мектебінің тізгінін қолына алды, содан өмірінің соңына дейін ұрпаққа ақ-адал тәрбие, тұнық білім беріп, қажымай-талмай ұстаздық етті. Шығармашылық ісінің қазанында қайнап, ыстығына күйіп, суығына бой алдырды. Оқу орнында шынайы шығармашылық жұмыс қағидасын ұстанып, оқытушылардың біліктілігі мен белсенділігін арттырды. Игі іс жемісін беріп Жекен Теберіков, Төлеу Қанатбаев, Леонид Шевляков, Наталья Ким, Алла Ин, Ирина Лысенко, Юрий Кочнев т.б. мамандар өсіп, жетіліп, небір дарындары бүр жарған, қабілет-қарымдары жалын ұстаған талантты жастарды өнер көгіне самғатты. Солардың ішінен Ғайни Есімбекова, Әлия Момбекова, Гүлмира Биғадырова, Венера Мұқашева, Зоя Ус, Алмас Нұғыманов сынды есімдерді атасақ та жеткілікті болар. Шәкірттерінің толайым табыстары ағаның көңілін өсіріп, мерейін тасытатын. Сондай бір шалқыған шағында ойында жүрген асқақ армандарын, ішкі сырларын бүкпесіз ақтарып салатын. Өзі иелік еткен өнер ордасын кеңейтіп, пән сыныптарын көбейтсем, алтын ұядан республикалық, халықаралық конкурстар мен байқауларда өзгелерден озық тұратын, «топ көрсе тоты құстай таранатын, қырандай жан жағына қаранатын» дүлдүлдер шықса екен деп, сөз тиегін ағытатын. Сол көксеген биіктеріне жетті де. Өткен ғасырдың елуінші жылдары салынған мектеп ғимаратының жоғын бүтіндеп, жыртығын жамай жүріп, биліктің босағасын тоздырды. Ақыры күрделі жөндеуден өткізуге қол жеткізді. Екінші қабатын салдырып, класс бөлмелерін арттырды. Материалдық база нығайып, жағдай жақсара түскен соң өнер бәйгелерінде топ жарар саңлақтардың да саны жыл өткен сайын өсе берді. Мектеп алдыңғы қатарлы ұжымдардың қатарына қосылды. Өнердің жілігін шағатын жаны жомарт, жүрегі таза, көңілі көл, майталман ұстаз ұжымның алдына үлкен мақсаттар қоя білді. Соның арқасында беделдері артып, талай рет жоғары мәртебелі орындардан сый-құрметке бөленді. Оның бәрін тізіп жату мүмкін емес. Өзім, 1982 жылдың қаңтарында аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалғанда

Нұрфазыл Ахметұлының ағалық қамқорлығын көп көрдім. Жол таба алмай қиналып, қысылғанда қол ұшын беріп, қанатының астына алды, бағыт-бағдар берді. Содан бері сыйлас аға, сырлас інідей болып кеттік. Талай кешті бірге өткіздік, дастарқандас, дәмдес болдық. Қолына екі шекті домбырасын алып, құлақ күйін келтіріп, «ән салсаң мендей сал баяулатып, қалқаның құлағына таяулатып», – деп үзілдіріп, төгілдіре қалқытқанда, буының босап, еріксіз сүйсінетінсің. Оның дауысы көмейінен емес жүрегінен шығатын, сондықтан да тыңдаушысын еліктіріп баурап алатын. Өмірде сыпайы, ұстамды, ізетті ағамыз әнге келгенде кірпияз, талғампаз болатын. Әр шығармаға байыппен, сын көзімен қарайтын, тандаулысын ғана репертуарына алатын. «Басқан із, көрген қызық бәрі қалар, бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек», – деп ұлы Абай айтқандай, бәрі де бір күнгідей болмай келмеске кетеді екен. Бірақ ағаның бекзат болмысы көзден кетсе де көңілден кетпейді. Нұраға зейнетке шыққаннан кейін де ұжым сенім артқан соң қызметін атқара берді. «Дүние өте шығар ескен желдей...», – демекші, қызметтен қол үзер уақыт келгенде, неге екені белгісіз, ағамыз оны тым ауыр қабылдады. Жүйкесі жұқарып, денсаулығы сыр берді, беймаза күй кешті. Үйдің төрт бұрышына сыймады, патша көңілі думанды ортаны аңсады ғой деймін. Артынша ауруханаға түсіп, көп ұзамай, бақилық болды. Алдыңғы толқын ағалардың көрнекті өкілі, осылай, Алланың үкімімен, талқаны таусылып, өмірден өтті. Артында аяулы жары Маржанкүл жеңгеміз, сүйікті ұлы Айдар мен инабатты келіні Ұлжан және көз қуанышы немерелері қалды. Тәңіріміз олардың ғұмырын ұзақ қылып, бастарына бақ қондырсын. «Жаманмен мың күн күліп сыйласаң да, жақсының болмайды екен бір күніндей», – деп атам қазақ бекер айтпағанын бүгінде сезінгендеймін. Жаны жайсаң, пейілі таза ағаның ақ көңілі, жайдары мінезі, жарқын ісі, орынды ақылы артындағы өкшесін басқан кейінгі толқын інілері біздерге (ағтарын атап, түсін түстемедім, бірін қалдырып кетсем ыңғайсыз болар деп ойладым) жетіспейтін секілді. Амал нешік, өлгендер енді қайтып келмейді. Алла алғанын қайтып бермейді.

2011 жыл

ДИДАРЫ ЖАҚСЫ АҒАНЫҢ ЖАҚҚАН ШАМДАЙ

Сұрапыл соғыстың қаһарлы күндерінде 1943 жылы дүниеге келген Бақты екі ананы (абысынды Қамбы, Күлшәрі) тел еміп, екі әкенің тәрбиесін (ағайынды Байжұма, Сағымқан) қатар көрді. «Байлаған бұзау бұқа болмас» дегендей, жасынан еркін, бұла өсті, ешкім бетінен қақпады. Үштөбе қаласындағы №16 мектепті (қазіргі №13) кілең бестік бағаға бітірісімен «Қаз ұшар айдын көлден қаңқылдаған, су шашып қанатымен салқындаған, 15 пен 20 арасында әрнеге жігіт емес талпынбаған», – деп тәуекелге бел буып, өзбек елінің астансаы Ташкентке барады. «Өзекең өз ағам, өзегімнен теппейді», – деп жоғары оқу орындары арасында дәрежесі биік саналатын Мемлекеттік политехникалық институтқа түседі. 1967 жылы білім ордасының қызыл дипломын қалтаға салып, кітапарын қоржынына басып «Бөтен жердің гүлінен, туған жердің тікені артық», – деп ұлтына деген сүйіспеншілігі ерен дарынды жас өскен өлкесіне оралады. Сол кезде өнімі бүкіл Кеңестер Одағына тарайын Үштөбе ет комбинатына бірден бас энергетик болып орналасады. Қуатты техниканың тілін, электр жарығының сырын хас шебердей меңгерген жас маман басшылардың көзіне түсіп, өзіне жүктелген міндетті ұршықтай иіріп алып кетеді. Әрі ұйымдастырушылық қабілетімен дараланып, екі жыл өте жергілікті атқарушы биліктің ұйғаруымен аудандық комсомол комитетінің 2-ші хатшысы қызметіне тағайындалады. Өзіне көрсетілген зор сенімді сезіне білген Бәкең күндіз-түні дамылсыз шапқылап, жастарды іргелі істерге жұмылдырады. Қашанда тың бастама көтеріп, еңбектің алғы шебінен табылған жас көп ұзамай Қапал аудандық комсомол комитетінің 1-ші хатшысы қызметіне жоғарылатылады. «Тасқа неге қонайын тау тұрғанда», – деп өзіне жоғары межелерді қоя білетін, қандай істі де майлы ішектей айналдыратын, бекзадалық болмысы кім-кімді де өзіне тартып тұратын, ақыл-ойы кең, өзіндік айтары бар жанға бұл қызмет те тарлық етіп, болашағы

кемел мемлекеттік қызметкер ретінде Талдықорған қалалық партия комитетіне жауапты қызметке тартылады. «Барды бар, жоқты жоқ», – деп нендей мәселенің де атын атап, түсін түстеп үйренген қабілетті де білікті маман, сол бір тоталитарлық жүйе үстемдік құрған заманда өзіне тиесілі сүбелі қызметке қол жеткізе алмады. Әсіре белсенділер мен кімнің тарысы піссе, соның тауығы болатын, қызғаныштың қызыл итімен ауыратын жарамсақтар беделі мен лауазымы күн санап өсіп келе жатқан кадрды аяғынан шалып, шаужайынан тартып алға оздырмады. Содан, ол «тәуекелшіл ер жігіт адаспай жүріп жол табар, қараңғы түнек тұманнан», – деп партияның қалауымен Шұбар ауылшаруашылық техникумының (бүгінде Көксу ауылшаруашылық колледжі) тізгінін қолына алады. Осы оқу орнында аттай 17 жыл бойы абыройлы қызмет атқарады. Ұжымының сүйіспеншілігіне бөленіп, жас ұрпақтың бойына білім нәрін құяды. Білім мен тәрбиені қатар ұштастырады. Колледжге еліміздің айтулы қайраткерлері мен өнер жұлдыздарын шақырып кездесулер ұйымдастырып тұрады. Олардың қатарында кімдер болмады десеңізші: мәдениет министрі Дүйсен Қасейнов, мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, есімі бар қазаққа танымал, атағы жер жарған композитор Шәмші Қалдаяқов, қазақтың бетке ұстар жезтаңдай әншілері Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Қайрат Байбосынов т.б. Мұның бәрі жастардың ұлттық құндылықтарға бой ұруына, рухани талғамдарының өсуіне игі әсер етті. 90-шы жылдардың басында экономика тығырыққа тіреліп, идеология саласы бетімен жіберілгенде ағамыз бизнес саласына ауысып, оның да қазанында қайнайды, көрігін қыздырады. Сонан кейін де сан-түрлі қызметтің шылбырына иелік етті. Өмірінің соңында әкімшілік қызметке қайта оралып, Алматы облыстық ішкі саясат басқармасында жемісті еңбек етті. Осылай ерден түссе де аттан түспей, ат ауыстырып отырған Бәкең қайда жүрсе де жүзі жарқын болды. Кескін-келбеті мен болмыс-бітімі мол пішілген, ақыл-парасаты келіскен, жаны жайсаң азаматтың құшағы кімге де болса ашық болды. «Жылағанды – жұбат, жығылғанды – деме,

адасқанды – ізде, айырылысқанды – табыстыр, сазды – жер ет, азды құрап – ел ет», – деп халық нақылын айтып, ағайын-туыстың басын құрап отырушы еді. Көзінің тірісінде елінің еркесі, жігіттің серкесі, азаматтың төресі атанған Бақтының жүрген жері тойдуман, ойын-күлкі, әзіл-қалжың болатын. «Заманында жігіт пе, сұлуды сүйіп құшақтап, жүйрікті тандап мінбеген» дегендей салсерілікті де бастан өткерді. Көз тоймас келбеті мен сымбатына ісі сай азаматтың жанында қыз-келіншектер үйіріліп жүрді. Осындай қырандай жарқылдап, сұңқардай құбылып жүретін ағамызды әрдайым сағынышпен еске аламыз.

...Өлсең де өлмегенмен боласың тең

«Аралап ағайынды жүрген қандай, дидары жақсы ағаның жаққан шамдай», – деп халық жырында айтылатындай жұрт сыйлаған қабырғалы азаматтың өлке өңіріне сіңірген еңбегі ескеріліп Ескелді ауданының «Жастар» ауылынан көше атауы берілді. Осыған орай Көксу ауылшаруашылығы колледжінің гүл мен баққа оранған алаңында салтанатты жиын өтті. Оған Бақты Байжұмаұлымен өмір айдынында, қызмет бабында серіктес, үзеңгілес болған, иық тірестіре жүріп қуаныш-қайғыны бірге бөліскен жора-жолдастары, дос жарандары, аудан әкімдігі қызметкерлері мен ауыл тұрғындары, колледж ұстаздары мен студенттері және аралас-құралас жүріп, басы ауырып, балтыры сыздағанда қасынан табылған ағайын-туыс пен жекжат-жұра қатысты. Адам қарасы көп болды. Жиынды Нұрмолда Алдабергенов атындағы ауылдық округінің әкімі Төлеген Мұсапиров ашып, Бәкеңнің ұрпақ тәрбиелеудегі ізгілікті істерін, аудан мен округтің әлеуметтік дамуына қосқан үлесін және қоғамдық өміріне белсене атсалысқан қызметін атап өтіп, көше атауын беру туралы аудандық ономастика комиссиясының шешімін жария етті. Халық ыстық ықыласпен дуылдата қол соғып, қошаметін білдірді. «Жігіт жолдастарымен танылады, досы жоқ адам тұзы жоқ тамақ секілді дәмсіз болады» деген, ал Бәкеңнің достарының көптігі жан толқытып, көңіл қуантты. Солардың атынан есімі Жетісу жұртына кеңінен танымал Наурыз Қылышбаев салиқалы сөз, мағыналы ой айтып, өткен күндердің шуақты сәттерін

еске түсірді. Облыстық ішкі саясат басқармасының қызметкері Ғалым Жазылбеков болса өз сөзінде Бәкең ғұмырының соңы осы құзырлы мекемеде өткенін, ол әрдайым жастарға ақылшы, үлкенге сыйлы, кішіге үлгі болғанын інілік ілтипатпен білдірді. Сонымен қатар, Ескелді аудандық мәслихатының хатшысы Қалабек Тастанбаев, бүгінде Бақтының ізгі ісін жалғастырушы жалынды жас, колледж директоры Мәлік Қарасаев, білім ісінің үздігі, еңбек ардагері, ауыл ақсақалы Сағи Жүнісұлы ақ ниет, тілектерін көпшілікке арнады. «Асыл туған ағаға, жақсы болса іні ортақ» демекші, Бәкеңнің өкшесін басқан бауыры Ортақ Ниязбеков ағайын-туыс атынан бастамаға мұрындық, ұйымдастыру ісіне ұйытқы болған барша жандарға жүрек жарды ризашылық лебізін жеткізді. Жиын соңы көңіл тербетер концертке ұласты. Жанбота сынды ару қыз Бақтының ұрпағына қалдырған өлеңдерін оқып, Жангелді досы бастаған әріптестері ағаның «Бал сезім» әнін тамылжытты. Ал спортшылар болса жасыл алаң төрінде футбол ойынының туын тігіп, Бақты Ниязбековты еске алуға арналған турнирдің жүлдесін сарапқа салды. Күн көзі бел ортаға көтерілгенде жиылған жұрт көше басына барып, граниттен қашап жасалған ескерткіш тастың жамылғысын сыпырып, көгілдір лентаны қиды. Бұл құрметті, күні кеше Қазақ елі Парламентінің сенаторы қызметін атқарған Жомартқали Жексембинов пен Ескелді ауданы әкімінің бірінші орынбасары Қайырғали Әлібаев жүзеге асырды. Жаңбырдай боп шашу шашылып, ақ тілектер айтылды. Комсомол ұйымында ағамен бірге жастық жігермен аттай шауып, оттай жанған достары атынан Зура Молдабаева көшенің жасы үлкен тұрғындарына сый-сияпат ретінде шапан жауып, камзол кигізді және балауса бүлдіршіндерге де сыйлықтар үлестірді. Шара легі мәресіне жеткенде барша жұрт мейрамханада жайылған дастарқаннан дәм татып, артындағы ұрпағына жұбату тілектерін білдірді. Аяулы жары Анар жеңгеміз келген жұртқа рахметін айтса, тектінің тұяғы, асылдың сынығы Ерлан Бақтыұлы көпшілікті әке аманатына берік болатынына сендірді.

«МАСАТЫДАЙ ҚҰЛШЫРҒАН ҚАЙРАН ЖАҚСЫ»

«Білгенмін туғаннан соң өлерімді, жалындап жанғаннан соң сөнерімді», – деп бұл өмірден Мақсат Нұрқасымұлының да өткеніне бірер айдың жүзі болды. Тірі болса қаңтарда 60-қа толар еді. Тәңірінің ісіне шараң бар ма, пенденің татар дәмі тамам болса не амал. Көзі тірісінде маған «Жексенбек, артта жастық қалды, алда қарттық тұр. Біз базардан қайтып барамыз», – деп қалжыңдаушы еді. «Мәке, о не дегенің біз әлі базардың ішінде жүрміз, шығуға әлі ерте», – деп мен де базарлы күндерді қимай қайыра тіл қататынымын. Тіршілікте сәлеміміз түзу болды, артық ауыз сөзге барыспадық. Етене де жақындасып, сыр шергіспедік. Бірақ, замандас болған соң, әрі ол аудан билігінде жүргендіктен өзімсініп, кейде іштегі қыжылды айтып қалушы ем. Бірде оған «Мәке, биліктің қазанында қайнап жүрсің, ал қоғамды жайлап алған ашкөздікті, тойымсыздықты, әділетсіздікті қалай көрмейсіңдер, ұлт байлығының сыртқа кетіп жатқандығынан да хабарсызсыңдар ма? Неге осы мәселелерді жоғарыға жеткізбейсіңдер?», – деп қызбаланып сауал тастайтынмын, сонда ол «Қайтесің ары барып, беріден қайтайық, ол біздің қолдан келетін шаруа емес, уақыты келгенде бәрі орнына келер, бастысы ел іргесі бүлінбесін, тыныштық болсын», – деп басу айтып, сабырға шақыратын. Ол күндер де туар, бірақ өкініштісі ол енді көре алмайды. «Адамның жетер жері жетпіс-сексен, сонан кейін боларсың жермен жексен» деушеді дүние сөзі, ал Мәкең бұл жасқа жете алмады. Алпыстың асуына шыққан шақта кесел болып жабысқан дерт жолын кесті. Көп уақытқа төсек тартқызып, аяғын байлап тастады. Ақыры өз дегеніне жетіп тынды. «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» дейді халық нақылы, сол үшін де елге еңбегі сіңген азаматтарды көзі тірісінде ғана емес, о дүниеге аттанған соң да ұлықтаған жөн. Осыны ескерген аудан азаматтары ертеңгі күні Фрунзе мектебінің спорт залында жұртына елеулі болған ерді еске түсіруге арналған волейболдан турнир өткізеді.

Бұл да болса көңілге медеу шара деп ойлаймын. «Бір жұлдыз бар аспанда айдан жақсы, шөлдегенде қара су шайдан жақсы, бір сөз айтсаң жаманға кек алады, масатыдай құлпырған қайран жақсы», – деп бабаларымыз тегін айтпаса керек. Қашанда жақсының қарасы аз болады. Оларды күндіз шырақ альпі іздесең де таппайсың. Заманның беталысынан қорқасың, әркім өз қамын күйттеп барады. Мұндай жағдайда іздегенінді табам деу бос әурешілік. Жаңаөзенде айдың күні аманда халыққа оқ атылды, сонда ешқайсымыз «Бұл не сұмдық? деп айтуға жарамадық, әдеттегідей үнсіз қалдық. Әйтеуір өз бала-шағам аман болсын деп, арыға бармадық. Бұл моральдық тұрғыдан азғындауымыздың нақты көрінісі деп білемін. Маңғыстаудағы бауырларымыздың отбасыларының қара жамылуы елдігімізге де, ұлттығымызға да үлкен сын. Әрине, ол арнайы тақырыпқа тиек болар әңгіме. «Жақсыны» таппай іштей мүжіліп, күйінген соң айтып жатқаным ғой. Мәкең ел ішінде өзін қарапайым ұстады, асып-тасуды, өтірік көлгірсуді білмеді, лауазым иесі екенмін деп айнала-төңірегіне кәрін төгіп, зілін шашпады. «Тек» дегеннен ары бармады. Жағымпаздықтан аулақ жүрді. Байыпты, сабырлы қалпынан аумады. Жастық шақта алған білімі оны өрге сүйреді. Көрген тәрбиесі ата-ананың парызын ақтатып, ата жолын сақтағты. Өмір көгінде қырандай самғатып, өз орнын тапқызды. Мінезі салмақты, өресі биік, көпті көрген ер жігіт ел билеу ісіне ерте араласып, көпке қамқорлық таныта білді. Еңбек жолының бастапқы кезеңдерінде «Қаратал» совхозында кәсіподақ комитетінің төрағасы, партком хатшысы болып ауыл еңбеккерлерімен біте қайнасты, тізе қоса қимылдап, шаруашылықтың тасын өрге домалатты. Қызмет баспалдақтарында асығы алшысынан түсіп отырған, Мақсат Нұрқасымұлы кейіннен аудандық су жүйесінің бастығы, Үштөбе қаласының әкімі болды. Көп ұзамай аудандық мәслихат хатшысының тізгінін ұстады. Сол тұста шамасы келгенше тарыққанға жәрдем, жоқ-жітікке көмек беруге тырысты. Біреуге қиянат қылып, жамандық жасапты дегенді құлақ естімепті. Сұрау салып келгендердің қабағына қарап жылы қабылдағанын,

шарапатының көпке ортақ болғанын көз көрді. Сөзі өтімді, ісі тартымды, уәдесіне берік азаматқа қашанда төрден орын берілді, сыйқұрмет көрсетілді. Ғұмыры қонақсыз, той-думансыз өткен емес. Аудандағы ірілі-ұсақты шаралар оның қатысуымен өтті. Сонау тоқсаныншы жылдардың басындағы Ескелді, Балпық билердің мерейтойларынан бастап мен оны мереке-жиындардың бел ортасынан көретінмін. «Ойласам туған-жердің ойы-қырын, қайысып қос қабырғам сөгіледі», – деп халық жырында айтылатындай өзімен жақын жүрген жолдастарының мерейін асырып отыратын, соның ішінде белгілі қаламгер Қоныстың Қарашасын айырықша бөле-жара атайтын. Бағасын асырып, мақтауын келістіріп өткерген еңбектеріне жоғары баға беретін. Елдік шараларды өткізерде көзі көп нәрсеге қанық, халықтық істердің жайын білетін Қараша ағасымен ақылдасып, кеңескенді жөн санайтын. Сондай жақын достарының тағы бірі, кезінде ауданымызда қаржы бөлімін біліктілікпен басқарған, бүгінде бизнесті өміріне серік еткен Мәкет Ниязбеков болатын. Екеуі сырт көз қызығарлықтай жарасып жүрді. Досының басына, тар пейілді біреулердің айтағымен қара бұлт үйірілгенде, «бір күн үшін дос болған» әлдекімдердей сырт айналмады, қасынан табылып, қолтығынан демеді, сүйеу болды. Өмірінің соңында, ауыр науқастан қатты қиналса да бірінші кезекте балаларының тілеуін тіледі, солар бақытты болса екен деп армандады. Ер көңілін өсіретін әйел емес пе, жан жары Шәрбану өмір соқпақтарында ауыртпалықты бірге көтерісті. Думанға толы қызықты күндерде де жанында болып қуаныш-қайғыны бірге бөлісті, отағасына адалдық танытты. Амал қанша, құлқыны бір тоймайтын қара жер оны нағыз болған, толған, ұрпағының қызығын көрер шағында бұл дүниеден алып кетті. Ол жақта да жақсы адамдар керек көрінеді. Көтен тәуіп бабамыз: «Жоқ екен өткен өмір қайта келмек, дүниеге келгендердің бәрі өлмек» деп айтқан екен. Алланың әмірінен ешкім де қашып құтылмақ емес, аруақтарды ардақ тұту парызымыз, сол үшін де ойларымды қағаз бетіне түсіруді жөн санадым.

КӨРГЕ КІРСЕҢ ҮЛГІЛІ ЖАҚСЫ АТАҚПЕН ...

Адамзаттың барлығын жалмаса да құлқыны бір тоймайтын қара жер өз қойнына Қараталдың ардақты ұлдарының мақтанышы «жігіт бар, мінезі ауыр, асылзат ажар берген өңі тәуір», – дейтін теңеуге лайық Асылбек Пұсырманов сынды жігіттің төресін алып кеткеніне де бір жылға жуықтапты. «Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен, өлсеңде өлмегенмен боласың тең», – дегендейін, көзден кетсе де көңілден кетпейтін азаматтың өрелі істері халық жадынан кетпек емес. Мына аумалы-төкпелі, көзбояушылық пен жемқорлыққа толы заманда ақша табудың оңай жолы алып-сағумен ебін тауып байып, бес ешкі айдаса да ысқырығы жер жарып, «жаманға жазатайым бітсе дәулет, шалықтап ішпей-жемей болады мастың» керін келтіріп жүргендердің қатарынан емес, тәуекелге бел буып, аяққа тұсау болған кедергілердің бәрін жойып, өндіріс орнының рентабельдігін арттырып, бәсекеге қабілетті кәсіпорын құра білген, сапалы өнімдерімен сырт елдерге де танымал болған аяулы жанның қазасы көпшілікке ауыр тиді. Өз ісін дөңгелетіп, еңбегінің жемісін көріп, кәсібінің несібесін жеп отырған шағында дүниеден өту әрине өкінішті-ақ. Кәсіпорнына бекітіліп берілген нысандардағы жұмыстарды уақытылы, әрі сапалы жүргізгендіктен, жарияланған тендрлерді ұтып алып, кең байтақ Қазақстанның шартарабында ісін майлы ішектей айналдыра жүргізген, қандай да табысқа адал еңбегі және маңдай терімен қол жеткізген іскер азамат қайырымды істерімен де ерекшеленді. Мына жұмыссыздық пен бейберекетсіздіктен жүйкесі жұқарған, көңіл-күйі төмендеген адамдарға қаншама рет қол созғанын есептеген жан болса ұзын-сонар тізім болатынына сенімдімін. «Қайтсем ұжымымдағы халықтың әл-ауқатын жақсартамын», – деп еңбек көрігін қыздырған жан өзгелерден де қамқорлығын аяған емес. «Жаманға жазатайым ісің түссе, жарамайды ашылғанда бір қымтарға», – деп халқымыз бекер айтпаса керек. Дүниеқоңыздыққа салынып байлықтың құлақкесті құлы болған,

жақсылықтары өз бастарынан аспаған небір бай-манаптарды көріп жүрміз. Ал Асекеңнің болмыс-бітімі, кісілік мінезі ала-бөтен еді. Қысылғандарында көмектесуді сұрап кім оның алдына келмеді, кім алдына бармады десеңізші? Кәрі де, жас та, алыс та жақын да, дос та, қас та алдын орап, үмітпен қарайтын. Сондай да ол шама-шарқынша ешкімнің де меселін қайтармауға тырысып, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіріп отыратын. Ұлы Абай: «Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас», – дейді. Иә, оның алдынан ер де, ез де өтті. Бұл енді өмірдің заңды шарттылықтары, сондықтан берген ризығын азсынған ездер де болған шығар. Оны енді олардың өз ар-ұятына қалдырайық. Өз басым мәдениет пен өнердің жоғын жоқтап, мұнын мұндап жүрген шақтарымда өткізілер іс-шараларға материалдық қолдау көрсетуін сұрап барғанымда бірде-бір рет қолымды қаққан емес. Сұрағанда қолға ұстатып, көңілді марқайтып қайтаратын. Сондайда «Не деген мәрт азамат!», – деп ризашылығым мен таңданысымды жасырмайтынмын. Ал ауданға соңғы 10-15 жылда жоғарыдан Астана, Алматы, Талдықорғаннан қаншама өнер ұжымдары, концерттік топтар, жекелеген әншілер келді десеңізші?! Сондайда «Қайтсендер де мына билеттердің ақшасын жинап беріңдер», – деген облыстық деңгейдегі шенеуніктерден зілді нұсқау алғаннан кейін, амалсыздан «Енді не істемек керек», – деп басымызды қатыратынбыз. Содан қысыла-қымтырыла «Тамас» ЖШС-не қоңырау шалатынбыз. Басшы болмай қалса телефонды ұжымның есебін шашпау шығармай жіпке тізгендей санап отыратын Асекеңнің аяулы жары Қалиша қарындасымыз алатын. Істің мән-жайына қаныққаннан кейін өздеріне бөлінген билеттерді қабақ шытпай алып, тиісті соманы қолымызға ұстататын. Тағы бірде қазақтардың басына әңгір таяқ ойнатқан коммунистердің көсемі Лениннің салып кеткен «сара жолымен» ұжымымыз көктемгі сенбілікке білек сыбана шыққан. Мекеменің айналасындағы аумақты күл-қоқыстан тазартып, жеміс ағаштарының көшеттерін отырғызып, қарқынды жұмыс істеп жатқанбыз. Бір сәтте жолай кетіп бара жатып, біз-

дерді көрген Асекең арнайы ат басын бұрып: «Еңбектерің ретті болсын, көрер қызықтарың көп болсын!», – дей отырып, «Мынау енді менің ұжымдық еңбектеріңе қосқан үлесім, аз да болса көптей көріңдер», – деп қалтасынан әжептәуір соманы шығарып қолымызға берді. Сонда бір «жырғап» қалғанымыз есімде. Жалпы Асылбек бауырымыздың көңілі мен қолының кеңдігі кімге де болса қол ұшын созуға даяр тұратындығы туралы балаларды спортқа баулып жүрген жаттықтырушылар Алмас Жыңғылбаев, Сұлтан Ибраев, Роберт Ким тағы басқалар жыр ғып айтып отырады. Мен спорт тақырыбына ден қоятынымдықтан бұл жайлы олардың аузынан көптеген жылы лебіздер естідім. Ол туралы газет беттерінде айтып та жүрдім. «Қарғаны қайырғанмен бүркіт болмас, есекке алтыннан ер салсаң да тұлпар болмас», – деген. Қазір де елімізде ебін тауып екі асап, қара халықтың есебінен байып отырған небір қалталылардың бар екенін білеміз. Жақсылықтары өз бастарынан аспаған тоғышарлар өздерінің мықтылығын қанша жерден дәріптегенмен шынайы келбеттерінің қандай екенін көпшілік сезеді. Сондайда Асылбек сынды асыл азаматтың жарқын бейнесі көз алдыма келеді. «Дүние опасы жоқ жиғанменен, кетеміз бір күні тастап қимағанмен», – демекші қу дүниең бар болса жақын-жұрағатпен, жоқ-жітікпен бөліскенге не жетсін. Қай заманда да абырой мен инабат ердің азығы, ал адалдық – ердің сипаты. Олай болса ағайын, жақсылардың қадірін тіршілікте білейік, кейін кеш қалып, өкініп жүрмейік!

2014 жыл

ДҮНИЕ КӨРГЕН ТҮСТЕЙ ӨТЕ ШЫҒАР

«Опасыз бұл дүние – жалған дүние. Ханды да, сұлтанды да алған дүние», – деп бұрынғылар айтып кеткендей, мына жалған дүниеге өмірді аңсай келіп, бай-қуатты болуды қалаған Жақанбай Беркімбаев сынды айтулы азаматтың өмірден өткеніне де 30 жылдың жүзі болыпты.

Ер-азамат еліне бас болады

Жер дүниені дүр сілкіндірген сұрапыл соғыс аяқталып, елімізде халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқан кеңестік дәуірде, 1947 жылдың шілде айының шіліңгір ыстығында керіле аққан сулы өзеннің бойында, тоғыз ай толғатқан анасы Нұрқамиланың құрсағынан: «Қараталдың жағасы тал болады, ер-азамат еліне бас болады», – деп дүниеге інгәләй келген нәрестенің өмірі қысқа болғанымен мағынаға толы болды. Ойы мен қыры мыңғырған малға толған алтын тамырлы Қожбан ауылының құнарлы топырағы қашан да жанға да, малға да, дәнге де жайлы болғанын өлке тарихынан білеміз, сондықтан да арғы және бергі аталары (атасы Беркімбай, әкесі Жарқымбай) ер туып, ел қорғаған, мыңдап жылқы айдаған, жүздеп нарды байлаған ауқатты, көпті көрген, көкірегі ояу кісілер болған екен. Сонан болса керек көргенді жас мектеп бітіре әскери борышын өтеу үшін Кеңес әскерінің қатарына аттанады. 3 жыл бойы қару асынған сарбаз, оқу-жаттығу жиындарында алдына қара салмайды. Елге оралысымен еңбек майданына араласып, өзін жақсы қырынан танытады. Өңірімізде кең етек жайған құрылыс индустриясының қырсырына қанығу үшін ПМК-48 өндіріс ошағына жұмысқа тұрады. Артынша, Талдықорған индустриалдық техникумын үздік бітіріп, озат маман атанады. Еңбек көрігін қыздыра жүріп, махаббат отына оранады. Көрші ауылдың сұлуы Зәкира қызға ғашық болып, «Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да», – деп әндете жүріп көңіл қосады, отау тігіп, шаңырақ көтереді. Содан жарық дүниеге су періштесіндей әдемі Алтынай, Толқынай, Әсем есімді қылықты қыздары келеді. Отбасылық тіршіліктермен қатар, еңбектен қол үзбей, ой да қуады. Алматыдағы мемлекеттік ауылшаруашылығы институтының инженер-механика факультетін сырттай бітіріп, Қаратал аудандық ішкі істер бөліміне қызметке келеді. Кіші лейтенант шенінде күрмеуі көп қиын істерге «тәуекел түбі жел қайық, өтерсің де кетерсің» деп белін бекем буа кіріседі.

Досыңа достық қарыз іс ...

Атадан жақсы боп туған көзінде от, жүрегінде шоқ, бойында намысы бар Жарқымбай әкенің топқа салған серкесі, бала кезден спорт деген күдіретке құмар болған еркесі уақыт оздырмай өзін білікті маман ретінде көрсете бастайды. Тастыбай Бегасилов сынды өз ісінің һас шебері атанған азаматтан тәлім алып, тәжірибе жинақтайды. Уақыт өте табиғатынан мінезге бай: байсалды, сабырлы, орнықты, сөзге сараң, іске мығым талапты қызметкер қулықтарына құрық, сұмдықтарына сырық бойламайтын небір қылмыскерлерге, бұзақыларға қырғидай тиіп, аш бүркіттей шүйіледі. Шу асауларына құрық салып, бұғақтайды. Кеуделеріне нан піскен сотқарларды сабасына түсіреді. Көркем сөзбен бейнелеп айтсақ, қоғамдық тәртіпті бұзып, шектен шыққандармен қан сорпа болып айқасады. Осылайша, лауазым иелерінің көзіне түскен жас офицердің дәрежесі өсіп, жастықтың жалындаған қызуымен қызмет қызығын судай сапырады. Қапал, Кербұлақ, Панфилов, ал 1982 жылдан Қаратал МАИ жол инспекциясының бастығы орынтағына тағайындалады. Тай-құлындай тебісіп, бірге өскен жолдас-жораларының және қызметтес болған серіктестерінің, айтуында Жахаң, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде: «Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа – әділ бол» қағидасын ұстанады. «Құс ұйқылы» полиция қызметкерлерінің өмірі ат үстінде өтетіні белгілі. Күн-түн, ыстық-суық демей бастарын қауіп-қатерге тігіп, жорыққа шығады. Сонда, бидің баласындай – тік, ханның баласындай – нық сөйлейтін, ал ақыра қалса жер сілкінетін, сонымен қатар, әрдайым сабырлық пен ұстамдылық көрсететін қатал майор қандай да аты-шулы көкжалдардан айылын жимай, амалын тауып, ауыздықтайды екен. Жол ережесін бұзып, жауапкершіліктен қашқандарды дала төсінде автокөлікпен жолдың ой-шұқырына қарамай таудан-тасқа жосылта қуып, апшыларын қуырады. Ерекшелігі, кейіпкеріміз жүргізушілермен қарым-қатынаста әр қашан сыпайылық танытып, бекітілген ережелерден, қызметтік әдептен (этикадан) аттамаған, боқтап сөйлеп, дөрекілік танытпаған. Дау-

дамай туындаса жазықсыз жанға кінә артпай, тырнақ астынан кір іздемеген, буынсыз жерге пышақ ұрмай, азуын батырмаған. Қандай да қақтығысты заң шеңберінде шешіп отырған. «Бармак басты, көз қыстыға» бармаған. Жалпы, жол полициясы қызметінде автокөліктің техникалық жағынан ақаусыз және іші-сыртының таза болуына жіті мән берген. Жүргізушілер мен МАИ қызметкерлерінің ит пен мысықтай арбасуына жол бермеген.

Опасы жоқ адамға ...

Жақанбай Жарқымбайұлы, осылайша, бұл дүниеде кейде аяндап, кейде желіп, кейде шауып өмір кешеді. Қызметте басы қандай абыройлы болса, отбасында да көпке сыйлы қамқор әке, адал жар бола біледі. Бірақ, күндердің күнінде алды-артты, барды-жоқты ойлантпаған, тіршілікте ешкімге серік болмаған баянсыз жалған дүние мәресіне жетеді. 1991 жылдың 8 ақпанында қырық жастың қызуына өртеніп, дүрілдетіп жүрген шағында (42 жасында) Жақанбай бауырымыздың дәм-тұзы таусылып, талқаны бітіп, өмірден өтеді, жүрегі соғуын мәңгілік тоқтатады. Алланың жазуымен сол күні өмірінің жалғасы, жылдар бойы аңсап күткен ұлы Жалғасбек: «Опасы жоқ адамға, сұм дүниеге келдім деп», – өмір есігін шырылдай жылап ашады. Тағдыр, шіркін, кімді арманына жеткізген, әке жарықтық шақалақтың әуезді шырылын естімей, қошақан түрін көрмей, жұпар иісін сезбей о дүниеге қоныс аударып кете барады. Әрине, өкініш өзекті өртейді-ақ. Жүрекке қасірет толып, жан жараланған сол бір қаралы күнде қайғыға ортақтасып, ағайын-туыс, жолдас-жора жандарынан табылады. Көңілдеріне демеу, тірліктеріне сүйеу болып сабырға шақырады. Бүгінде, Жалғасбек анасы Зәкирамен Алматы қаласында бір шаңырақтың астында тұрады. Айта кетері, Жахаңның бауырлары Айхымбек пен Алтынбек аға жолын қуып, ішкі істер бөлімінде жемісті қызмет атқарды. Қазірде олар запастағы подполковниктер. Қарындастары Раушан, Райхан, Күляйхан да өмірден өз орындарын тауып, балашағаларының шапағатына бөленуде.

АРТЫҢДА ІСІҢ МЕН СӨЗІҢ ҚАЛСА...

Осыдан тура бір жыл бұрын, 2015-тің 11 қыркүйегінде Қараталдың сыршыл ақыны, қарымды журналисі Гүләйім қарындасымыздың нәзік те өршіл жүрегі соғуын тоқтатты. «Дүние өте шықты ескен желдей, қарамай алды-артына көшкен елдей» деген осы екен. Кешегі қызыл гүлдей жайқалып, қызғалдақтай құлпырған, «елімнің ертеңі үшін аянбай еңбек етемін», – деп құлшынған аяулы қызымыз, бір сәтте, қар жаумай, қатқыл ұрмай солды да қалды. «Күн болған соң көлеңке, өмір болған соң өлімнің болатындығы» заңдылық. Алладан үкім келген соң, еш шара жоқ екенін де түсінесің. Дегенмен, мезгілсіз келген қаза арамыздан өмірге құштар, аса талантты жанды ерте алып кетті. «Жаны жаннатта болсын!» дейміз. Гүлайым, менің және үзеңгілес жолдастарым Қараша мен Жекеннің көз алдында бәйшешектей түрленіп тірлік етті. Қызмет бабымен онымен серіктес болып, қатар жүрген күндеріміз аз болған жоқ, сондықтан біз ізімізді басқан, оратылған жібектей қара шашы тізесіне түскен, оймақ ауыз, күлімкөз қарындасымызды жақын тұттық, жан сырын ұғынуға тырыстық. Таратып айтар болсақ: «Қызды сұлу көрсетер бойы емес пе, сөзді сұлу көрсетер ойы емес пе?» деген әдемі теңеу Гүлайым қарындасымызға қаратып айтылғандай көрінеді. Ақылына көркі сай, парасат-пайымы келіскен, биязы жанмен тіршілікте аздықөпті сыйлас, сырлас болғанымызға шүкіршілік етеміз. Өршіл рухты қыздың ішкі әлемін тану үшін, оның шығармашылығына үніліп көрейік. Сонда көрікті жанның көркем ойынан туындаған сұлу сөздің сырын ұғынармыз. Өзі айтады: «өлең деген сиқырды жүрегім қалайды, сондықтан поэзия менің өмірім», – дей келе, оны тіршілігіне ту еткенін мақтан етеді. Жүрек жылуымен жазылған өлеңдері тақырып жағынан сан түрлі. Табиғат суреттері: тау мен дала, өзен мен көл. Жыл мезгілдері: көгілдір көктем, жадыраған жаз, қоңыр күз, қытымыр қыс. Ел мен жер тағдыры, ұлт мүддесі және т.т. боп кете береді. «Армысын, мамыр!» өлеңінде «Патшалығын

орнатып жер бетіне, сүйсінтіп сұлу сүмбіл келбетіне, мамыр келді далама маңғазданып, аққу-қазын қондырып, көл бетіне» дейді. Осындай шұрайлы сөз тіркестеріне қалай сүйсінбейсің?! Тағы бір туындысында көктеммен жарыса келіп, ұя салатын «жақсылықтың жаршысы» қарлығашты өлеңіне арқау етеді. Киелі құстың жоғалып, есесіне қарқылдаған қара қарғаның қаптап, мазаны алып жатқанын айта келе, Алтайдың мұзбалақ қыраныдай, ел сөзін сөйлейтін ерлер қайда? деп оқырманға сауал тастайды. Ер-азамааттардың ұсақталып бара жатқанына налиды. Ал, «Аппақ қарды ерімесе екен деймін» атты жыр шумағында ақ ұлпа қарға сүйсіне отырып, оның ерімегенін қалайды. Ол ерісе онымен бірге ақтық пен тазалық, адалдық пен әділдік бірге кететіндей күй кешеді. Осы ой «Тайғанақ» өлеңінде де көрініс береді. «Түкте емес қара жердің тайғағы, қайда барады адамдардың ойлары, өреліні көре алмаған шалып қап, құлатуға құмары бір тоймады», – дейді. Өмірде жағымпаздық пен жарамсақтық, қызғаныш пен көреалмаушылық тәрізді қылықтардың орын алып отырғанына жаны ауырады. Белден басатын Батыраштардан әлі де арылмағанымызды меңзейді. Жақсылығы мен жамандығы тартысқа түскен сұр өмірдің күйкі тірлігінің арпалысынан шаршағанын да айта келе, атамыз қазақтың «дос болып, қас болғаннан сақта Құдай, қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген аталы сөзіне назар аударады. Шынында да «қас дұшпан қасындағы достан шығады», не болмаса «ел қамын ойлайтын бір ұл туса, оны қабатын бір ит қоса туады», – деп бұрынғылар бекер айтпаса керек. Осы торығу Алаштың көсемі А.Байтұрсыновтың «Қинамайды абақтыға жапқаны...» өлеңімен сарындас екенін айта кетсек артықтығы болмас. Ұлы Абай: «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, көбінің сырты бүтін іші түтін», – деп тегін айтпаған ғой. Гүләйім де соны бастан кешкен сыңайлы. Соған қарамастан, бойында өршіл рух, қайсар мінез, табандылық пен сабырлықтың барын: «Кім айтты осы мені бақытсыз деп», – деген өлеңінде анық аңғартады. Елі мен жері, Отаны мен ұлты туралы тебіренеді. Босағада қалған тілді, «қағынан жеріген құландай» ана

тілінен безген надандарды, көк тудың қадірін білмейтін жетесіздерді аяусыз сынайды. «Ұлттық мүддеміз неге төрге озбай, аяққа тапталады, патриоттық болмысымыз неге солғын, шындық неге айтылмайды, парақорлық пен жемқорлық неге дендейді?», – деп ашынады. Өзімен де сырласып, ішкі сезімін ақтарады. «Махаббатсыз дүние бос», – деп сүйгенін тосады. Ақ жаулығы желбіреп, қолынан құмғаны түспеген, бес уақыт намазын қаза қылмаған әжесінің келбетін көз алдыға келтіреді. От ауызды, орақ тілді Қарымбай, Пышан, Жолбарыс бабалары мен әке-шешесін де өлең жолдарына қосады. Ойсыз, мұңсыз, өткен балалық шағын аңсайды, сол бір сағым болған күндерді сағынады. Балалары мен немерелеріне де ақылын айтып еміренеді. Сөз соңында айтарым, «Қызда қылық болмаса, құр шырайдан не пайда?», – дегендей назыменен сүйдірген, қылығымен күйдірген, аузынан сөз емес, уыз төгілген қарындасымызды біздер қашанда сағынышпен еске аламыз. Өкініш өзекті өртемес үшін жақсының қадірін тіршілікте білейік, алтынды қолда барда бағалайық. «Бүгін бар досың, көрінгенмен, бұл дүниенің көрген түстей өтіп кетерін» бабаларымыз айтып кеткен, соны естен шығармайық. Көнекөз қарттарымыздың: «Артында ісің мен сөзің қалса, өлсең де өлмегенмен боласың тең», – деген дана сөзімен марқұм қарындасымның алдындағы ағалық парызымды өтесем екен деп едім.

2016 жыл

ҚЫЗҒАЛДАҚТАЙ ҚҰЛПЫРҒАН ҚАЙРАН ӨМІР ...

«Бұл өмірден қаңқылдаған қаз да өтер, үш ай тосқан жаз да өтер, қылықты туған қыз да өтер, қыран текті ұл да өтер», – деп ата-бабаларымыз айтып кеткеніндей, мына адамға опасы жоқ өмірден бұл дүниенің қызығын судай сапырар, нағыз болған, толған айдай толысқан шағында, аудан өнерінің қазанында бұрқ-сарқ қайнап, мәдени іс-шаралардың ағынында гүлдей жайнап, құрбы-құрдастарының ортасында ойнап-күліп жүрген кезінде, мезгіл-

сіз келген қазадан жібектей есілте салған лирикалық әндерімен көпшіліктің ризашылығына бөленген аяулы қарындасымыз Елмира Жантемірова өмірден өтіп, қара жердің қойнауына кете барды. «Қызғалдақтай құлпырған қайран өмір, қар жаумай қатқыл ұрмай солады екен» деген өлең жолдары, осындай, жан ауыртар шақта айтылса керек.

Жақсының тіршілікте қадірін біл ...

«Дүние жалған, өмір қысқа» деген осы. «Жақсының тіршілікте қадірін біл, бүгін бар досың, болар ертесі жоқ» деп, бұрынғылар тегін айтпаған екен. Зейнетке шыққаннан кейін өзіңнің ішкі жан-дүниенің толғанысымен, әрі қашанда бір бітпейтін күйбең тірліктің қамымен жүріп, кешегі қызметтес болған әріптестеріңнен алыстап кеткенінді байқамай да қалады екенсің. Тосыннан суыт хабар келгенде сенер-сенбесімді білмей: «Бұл қалай болғаны?» деп есенгіреп тұрып қалдым. Өзіме келгенде: «Неге ғана хабарласып, хал- жағдайын біліп тұрмадым?» деген ащы сұрақ тұла бойымды шарпып өтті. Көз алдыма кешегі аралас-құралас қызмет еткен шуақты күндер сағымдай созыла елестей берді. 1993 жылдың жадыраған жазы болса керек (ол кезде мен Қаратал аудандық Мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметінде едім) жұмыс бөлмеме орта бойлы, бет ажары арпа-бидай ақ ұндай, аққұба өңді (эпостарда жырланатындай), қолаң шашты, көзі күлімдеген, әдемі қыз жымия кірді. Шымкенттің Мәдениет институтын бітіріп, жолдамамен келген беті екен. Содан, жас маманмен әңгімелесіп, сұрақтар қойып, өмірбаянымен танысып, өнеріне назар салдым. Ол көз алдымда ән шырқап, күй шертті, сырнайда ойнап, музыка әуенін төгілтті. Осы қабілет-қарымымен өзіне тәнті еткен, бойына ақыл, көрік, дарын бірдей біткен жоғары оқу орнының түлегі сынақтан сүрінбей өтіп, еңбек майданына мидай араласып кетті. Сол шақтан өңіріміздің мәдениетін өрге сүйреуге бір адамдай үлес қосты.

Ұзақ таңға қарлықпас қайран дауыс

Қарт Балқаштың қалың қамысы жайқалған жағасында орын тепкен Көпбірлік ауылында үйі бүтін, түтіні түзу шығатын шаңырақта, білім саласының қамшы салдырмас дүлділі Отанаман сынды

ағамыздың отбасында дүниеге келген нәресте, асылдың ұшып түскен сынығындай, жасынан әнге құмар, өнерге құштар болып өсті. Қара судан қара балық аулаған балықшы ауылдың қызы болғандықтан шығар, бала кезінен сары бауыр сазанның дәмді етін жеп, бал сорпасын ішіп өсті. Сондықтан да болар, дауысының мөлдір бұлақтай таза, ашық, кең болуы. Ата-анасының ұлға бергісіз «ажары сұлу көркемді, қызда болса серкемді» дейтін ерке қызы бала күнінен ән салып, есейе келе өнер жолына біржолата бет бұрды. Сахнаға басына үкілі бөрік, үстіне төгілдіріле тігілген ақ жібек көйлек, оқалы барқыт камзол, аяғына күміспен әшекейлеп оюлаған былғары мәсі киіп шыққанда, көктемнің қырмызы гүліндей құлпырып, бұрынғының хор қызына айналып кетуші еді. Ал енді ақша беті арайлап, күн нұрына қарайлап ән әуенін шальқтатқанда көрермен біткеннің айызын қандырып, таңдайын қақтыратын. Шыны керек, ән салғанда қарға аунаған түлкідей құлпырып кететін. Талғамы мен түсінігі жоғары болғандықтан репертуарына әуезді, сазды, әсерлі әндерді алатын. Жалпы, өнердегі шабыты дәрияның жайылған суындай шалқар болды десем артық айтқандық емес. «Ән жақсысы әншіден» деп, ұзақ таңға қарлықпас қайран дауысымен шаршы топта сұлу да сырлы әндерін күмістей таза, таңғы шықтай мөлдір дауысымен тігісін жатқызып, иін қандырып, талықсыта, кейде өршіте өршелентіп, неше-алуан түрлентіп шырқағанында, жоғарыда айтқанымдай, сүйсінбейтін жан қалмайтын. Қараталдың бұлбұл үнді әншісі атануы да содан. Алматы облыстық вокалистер байқауларында, небір күрмеуі көп қиын сындардан сүрінбей өтті. Бәрінде дерлік озық болды, не жүлдегерлер қатарынан көрінді. Қалай айтсақ та ол көркем әндерімен талай тындарманның жүрегін тербетті, сезімін балқытты, көңілін өсірді. Қараталдың кең байтақ даласының әр түкпірінде, өзеннің сағасында да, егін алқаптары мен малшылар қосындарында да, түрлі мекеме мен өндіріс алаңдарында да ән шырқап, ел-жұртына мәдени қызмет көрсетті. Қағаз жазуға да жүйрік болды. Ауылдық мәдениет ошақтарының жұмыстарын үйлестіріп, әдістемелік көмектерін берді. Атқарылған мәдени-көпшілік істердің есебін алып, оны мазмұндарына қарай реттеп,


үлгідегі мәліметтерге сай жоғарыға есеп пен анықтама беріп отырды. Көркемөнерпаздарды аудандық, облыстық байқауларға, конкурстарға дайындауда да, мерекелік атаулы күндерге байланысты өткізілетін жауапты концерттерді әзірлеуде де жауапкершілік, әрі белсенділік танытты. Ұстаз ретінде өнерге қанат қаққан балауса балғындармен жұмыс істеп, шәкірт те тәрбиеледі. Тағы бір айта кетері, 90 жылдардың ортасында құрылған «Қызғалдақтар» волейбол командасының үздік ойыншысы, әрі капитаны болды, яғни спортты да өгейсінбеді.

Өмір деген осы ...

Өмірде қарапайым, ақжарқын, алды бар, арты жоқ жайдары мінезді Елмира қарындасым қашанда кем-кетікті білдірмей, қиындықтар кезіксе мойымай, көңілді жүруге тырысатын. Қандай да бір отырыстарда: «Неге отырмыз өленді дүрілдетпей, дүрілдетіп қалайық өмір өтпей», – деп ән мен күйдің тиегін ағытып, ортаны думанға айналдырып, көңіл шіркінді өсіріп жіберетін. Иә, кейде болмашы нәрсеге бұртиып, ренжіп қалатыны да бар тұғын, бірақ онысы өзіне жарасатын. «Жақсының өкпесі шәй көйлегі кепкенше» дегендей, сәлден кейін-ақ қабағы ашылып, жаны жадырап жүре беретін. Отбасында «жақсы әйел ер көңілін өсіреді» деп, Құдай қосқан жолдасы Нұрланға адал жар, балаларына мейірімді ана бола білді. Екеуі үш ұл (Мағжан, Ержан, Темірлан) өсіріп, немере сүйді. Өнерде өзіндік орны бар, әні мен сәні келіскен, сымбатына сыры сай, дидары дарияның ақ сазанындай аяулы жанның қаншама асқар таудай арманы орындалмай, айтылар әндері шырқалмай қалды. «Өмір деген осы, ешкімнің емес досы, болар еді досы, аумаса егер қосы» деген осы екен. Әркімнің де қосы ерте ме кеш пе ауады. Бұл жалғанның баянсыз базарында, аз-күн ғана дүрілдетіп жүреді екенбіз де, Алладан үкім келген соң о дүниеге аттанады екенбіз. Жан баласы одан сырт қалмақ емес. Елмира қалқам, біздер, сенің ағаларың, әріптестерің, құрбы-құрдастарың, достарың сенің жарқын бейненді еш ұмытпаймыз. Сен бізбен бірге, әрдайым, ортамызда қала бересің!

V

**СӘТТИ СҰХБАТТАР,
ӘСЕРЛІ ӘҢГІМЕЛЕР**



ЕСТУГЕ КІМ ҚҰМАРТПАС ҒАЛЫМ СӨЗІН

Жуырда қаламызға дәм тартып, жеке шаруасымен келген экономика ғылымдарының докторы, профессор, шаруашылық философиясы Ресей Академиясының толық мүшесі (академигі), «Тұран» білім беру корпорациясының вице-президенті Орақ Жолмырзаұлы Әлиев мырзамен жолығудың сәті түсті. «Көруге кім ынтықпас күннің көзін, естуге кім құмартпас ғалым сөзін» демекші, орайы келген ұтымды сәтті пайдаланып, ғалым ағамызға бүгінгі күннің өзекті мәселелері жайлы бірер сұрақтарға жауап беруін өтіндім. Уақытының тығыз екендігіне қарамастан, қасиетті Қаратаалдың қалың жұртын сыйлағандығынан болар, өтінішімді жерге тастамай, сауалыма құлақ түрді.

Ореке, ғалым ретінде қазақ елі экономикасының даму барысын қалай бағалар едіңіз? деген сөз аузымнан шығуы мұң екен, маған таңырқай қарап: – Сен не айтып тұрсың өзі, случайно, водочкой не увлекаешься, бізде ешқандай экономика жоқ. Бар дегендердің сөзі сандырақ, – дегені. Мен сасып қалғанымды білдірмеуге тырысып, үнсіз қалдым, ол болса сөзін жалғастырып:

Мен ұзақ жылдар фундаментальды ғылыммен айналысып жүрген адаммын, теоретикпін. Бүгінге дейін ұстаз ретінде жиырма ғылым кандидаты мен докторын дайындадым. Докторлық диссертациямды 35 жыл жазып, Қазақстанның ғылыми ортасында түсіністік таппаған соң Санкт-Петербургтің мемлекеттік университетінің қабырғасында, орыс оқымыстыларының ортасында қорғадым. Олардың тарапынан жоғары баға алдым. Әр жыл сайын Ресейдің көптеген жоғары оқу орындарынан шақырту аламын, лекция оқимын. Өткен аптада ғана Кострома қаласынан оралдым. Әлемдік экономикалық тәжірибенің үш сара жолы бар. Біз соның болашағы жоқ арнасына түсіп кеттік. 1-сі мейнстрим – батыстық басты ағым (англо-саксондық экономикалық көзқарас – теориялық тұжырымдамасы). Бұл жолды халықаралық валюталық қор (МВФ)

және Әлемдік банк (Всемирный банк) ұстанады. Олар қаржы, кредит, банк саясатында үстемдік танытып баршаны қойдай өргізіп отыр. Экономикалық тұрғыда өз ұстанымдарын мәжбүрлеп міндеттейді, күштеп жүктейді, яғни өз дегендерін жасатуға тырысады. Әлемді дүр сілкіндірген дағдарыс солардың қаржылық саясатынан туындады. 2-сі әлеуметтік-рыноктық экономика. Оның теориясы ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында Германияда қалыптасты. Практикада оны жүзеге асырған осы елдің Федеративтік канцлері Людвиг Эрхард. Орысша айтқанда бұл бағыт «социально-ориентированная рыночная экономика» деп аталады. (Айта кетері ғалым «рынок» деген сөзді «нарық» деп аудару дұрыс емес, ол оның мағынасын, түптөркінін толық бере алмайды, сол үшін де оны осылай «рынок» деп қалдыру керек дейді). Бұл жолды өзара келісімге негізделген экономика деп те айтуға болады: Бүгінде оны Скандинавия мемлекеттері (Норвегия, Финляндия, Дания, Исландия) ұстанады, сондықтан олар дүниежүзінде халықтың әлеуметтік тұрмысы жағынан көш бастап отыр. Оларда бірде-бір миллиардер жоқ, ал бізде бір күнде дүние астан-кестең төңкеріліп, көп жылдар бойы жасап келе жатқан жоспарлы экономика тәрк етілді. Рыноктық қағидалар бұзылып, дамудың жабайы түрі – мейнстрим жолы қалап алынды. Бір қолдың күдіретімен (одним росчерком пера) мемлекеттік меншік жеке меншікке беріліп, қазақтың білегінің күші, найзасының ұшымен қорғалған жерасты байлығы сырттан келген келімсектердің қанжығасына байланып кетті. Машкевич, Шодиев, Ибрагимов, Ким сияқты келімсектер бір сәтте миллиардер болып шыға келді. Өндіріс шатқаяқтап, әлеуметтік сала тұралап қалды. Халықтың тұрмысы күрт төмендеді. Алаштың байлығы ат төбеліндей аз ғана топтың иелігіне өтті. Экономикадағы бүгінгі кемшіліктер осыдан туындап жатыр. 2-ші жолдың өзегі салық саясаты. Скандинавия елдерінде салық көп салынады, бірақ сол салықтан алынған қаржының 55-60 пайызы халықтың тұрмыстық жағдайын көтеру үшін әлеуметтік салаға жұмсалады. Сондықтан да олардың әлеуеті өте жоғары. Осы жолдың 2-ші түрі – Қытай ере-

кшеліктеріне негізделген социалистік рыноктық экономика. Онын атасы Ден Сяопин. Бұл ұстанымның арқасында аспан асты елінің экономикасы қарыштап өсті. 3-ші түрі. Ислам құндылықтарына негізделген тау суындай таза, терең тамырлы ислам экономикасы. Түпкі ұғымы мүшарака серіктестігі. Екі жақ серіктестік құрып пайда мен зиянды бірдей бөліседі, сонда екі тарап та жауапкершілік танытады. Қулық пен сұмдыққа жол берілмейді. Басты қағида адал еңбектеніп пайда тап (үлкен үстемелік пайызбен несие беру, мұнда жоқ). Берілген несиені уақытысында қайтармадың деп ешкім де сенің дүние-мүлкіңе қол сұғып тартып алмайды. Қандай да шешімді (шариғат қағидаларына қарсы келмейтін) Алланың ақ жолымен министрлік деңгейіндегі арнайы ұйым шығарады. Бұл елдердің қатарына қарқынды экономикаға ие Сауд Аравия, Біріккен Араб Эмираттары, Кувейт, Малайзия мемлекеттерін жатқызуға болады. Батыс та бұған қызығушылық білдіруде. Мысалы, Лондон қаласының өзінде 6 ислам банкісі бар. Біз болсақ әупірімдеп жүріп бір банк аштық. Екіншісін аштырмай, сөзбұйдаға салып сағыздай созып жүр. Енді не істеу керек, дегенде, мен ислам экономикасының негізгі құндылықтарын сақтай отырып, екінші жолдың 4-ші түрін әлеуметтік экономиканы (социально ориентированная рыночная экономика) ұсынамын. Бұл әлеуметтендірілген экономика-дисконттық жүйе: бастапқы тауар өндірушілер, қызмет берушілер (оның ішінде делдалдар да бар) және түпкілікті тұтынушылар араларындағы экономикалық байланыстарды үйлестірудің бірден-бір тиімді экономикалық құралы болып табылады. Барлық тараптардың экономикалық мүдделерін барынша теңдестіру (ұпайларының түгел болуы) арқылы қызығушылық тудырылады, сонда олар жүйе туғызған пайданың қаймағын алады, майлы сорпасын ішеді. Түсер пайдадан ешкім шет қалмайды. Жүйені жүзеге асыру үшін бірінші кезекте адам капиталы пайдаланылады (оған алдын ала білім, тәрбие беру арқылы). Сондай-ақ дәстүрлі экономиканың тетіктері ұтымды қолданылады (салық салу, кредит беруді жеңілдету). Жалпы барлық экономиканың діңгегі, өзегі,

күретамыры-рынок болып табылады. Ол билеп-төстеуші үстем күш, бәрі соған бағынады. Ал, мен ұсынған концепцияда әлеуметтік экономикаға рынок тәуелді болады, соған қызмет етеді. Бірінші кезекте халықтың қамын ойлау керек, соған рынокты жүгіндіріп бағындыру қажет. Біз болсақ, рынокқа қызмет жасап жатырмыз. Осы ойларымды Ресей ғалымдарының ортасында баяндадым, олар мұны мақұлдады, ал өзімізде билік өкілдері мұны тыңдағысы келмейді.

– Сонымен, сіз экономика жоқ дейсіз, ал соңғы 10 жылдың бедерінде қабылданған, атынан ат үркетін, әдемі естілетін бағдарламаларды қайда қоясыз? Импорт тауарларының орнын басу, диверсификация, корпоративті көшбасшы, серпінді жоба, мемлекет-жеке кәсіпкерлік әріптестігі, технодром, кластерлер, дағдарысқа қарсы бағдарлама, индустриялық-инновациялық бағдарлама т.т.

– Мұның бәрі имитация жасау. Бағдарламалардың аты өзгеріп жатқанымен заты бір, ол шикізатты өңдеу саласын дамыту, өз тауарларымызды шығару. Мақсат, мүдде оң болғанымен, жүзеге асыру жолдары теріс, оны жоғарыда айтып өттім.

– Ғылым, өндіріс, қаржы, банк, сауда салалары қашан қазақша сөйлейді деп ойлайсыз? Білуімше диссертациялардың да 95 пайызы орыс тілінде қорғалады екен?

– Өзің білесің, Тәуелсіздік алғаннан кейін сан жылдық даму тарихы бар, барлық ғалымдардың басын қосқан Ғылым Академиясын жауып тастады, ғылымның тамырына балта шабылды десе болады. Мұнан кейін ғылым туралы сөз қозғаудың өзі қиын. Қазір ғылымды жекелеген жанашырлар (энтузиастар) ғана өрге сүйреуде. Мұнымен қордаланған проблемаларды шеше алмайсың. Ғылымды белгілі бір жүйеге түсіру үшін мемлекеттің қамқорлығы қажет. Мен 36 жыл ұрпаққа сабақ беріп келемін. Термин жасау жұмысшы тобының жетекшісімін. Қолдан келгенше қарманып жатырмыз, аянып қалған жеріміз жоқ, бірақ қазақ тілінің өндірісте қолданылуы әрине, көңіл көншітпейді. Осы жерде айта кетейін, «кредит» термині кредит

болып қалуы керек, ал сауданың баламасы – несие. Есінде болсын, биліктің ұлттық мүддеге, тілге деген көзқарасы өзгермей қай сала болмасын қазақыланбайды.

– Қоғамдағы болып жатқан келеңсіздіктерді (парақорлық пен жемқорлық, ұлтсыздану мен көзбояушылық) көре тұра Астана, Алматы қалаларындағы зиялы қауым өкілдерінің дауысы неге қатты шықпайды?

– Көп жылдар бойы тіл, тіл деп келеміз, не өзгерді? Бой үйреніп, ет төселіп кеткен тәрізді. 2-3 ғасыр орыс империясының боданында, илеуінде болдық, сондықтан ба, құлдық санадан арыла алмай келеміз. Келеңсіздіктерден арылып, ұлттық мүддені төрге оздыру үшін биліктің саяси жігері қажет.

– Сіз 1982 жылы жер мәселесі бойынша кандидаттық диссертацияңызды қорғапсыз. Жер дауы деген қиын мәселе, оның жекеменшікке берілгеніне көзқарасыңыз қандай?

– 1989 жылы «Советская Россия» газетінде Кеңестік Республикалардың жері Одақ пен Республикалардың меншігінде деген мақала басылды. Содан мені қазақтың жері неге Одақтың меншігінде болуы керек деген ой мазалап, «Кто хозяин земли?» атты он беттік еңбек жаздым. Оны «Казахстанская правда» газетіне апардым, бірақ олар, жолбарыс шапқандай шоршып, жолатпады. Содан «Ленинская смена» басылымына барып едім, жолым болды. Қалай айтқанмен, ондағы кадрлар жас қой, тәуекелге бел буып, «Обсуждаем проект закона о земле» деген айдармен басты да жіберді. Содан біраз шу болды. Жер маманы, академик Ғани Қалиев, саясаткер Ғани Қасымов бастаған бір топ азаматтар мені қолдады. Мақала партияның Орталық комитетінде де сөз болды. Даттағандар жетіп артылды. Қалай болғанда да осы мақала біраз жайдың бетін ашты. Бауырым, жерді жеке меншікке беру туралы сөз қозғаудың өзі ерсі. Дүниеде екі зат бар, бірін адам баласы қолымен жасайды, ал екіншісі адам еңбегінің жемісімен емес, Құдай жаратты, сондықтан оған меншік деген ұғым жүрмейді. Жерге, шартты түрде айтқанда ортақ меншік деп қараған абзал.

Иә, адамзат баласы саяси құқықтық жағынан жерді мемлекет болып бөлісіп алды. Ендігі ол елде тұрып жатқан халықтың ортақ меншігі саналып, тұрғындардың мүддесіне пайдаланылуы тиіс. Жерге тек экономикалық тұрғыдан қарауға болмайды. Тілсіз ұлт жоқ, деген секілді, жерсіз де ұлт жоқ, олай болса биліктің саясаты ұлттық, халықтық мүддеге жұмыс істеуі керек. Жерді жеке меншікке беру туралы заңды Парламентте қабылдаған Тасмағамбетов басқарған үкіметті еш кешіре алмаймын. Біз батыс не істесе соны қайталауға құмармыз. Ол қазақтың өлшеміне, дәстүріне келе ме, келмей ме, оған бас қатырмаймыз. Сосын барып опық жейміз.

– Бүгінде байлықтың құлақ кесті құлы болып, тәубе, қанағат деген ұғымдарды тәрк еткен алпауыт олигархтар мен тойымсыз латифундистер аспан кеңістігін де бөліске саламыз деп желініп жүр ғой, мұны қалай түсінуге болады?

– Біз, космонавт Тоқтар Әубәкіров және белгілі ғалым, экономика ғылымдарының докторы Рахман Алшанов үшеуіміз бірігіп космос кеңістігі туралы ойымызды Ел Президенті Н.Назарбаевқа жазғанбыз, ол кісі оқып, танысып, пікір білдіру туралы бұрыштама қойып космос кеңістігінің басшысы Талғат Мұсабаевқа жолдағанды. Не екені белгісіз, ол жақтан бүгінгі күнге дейін хабар жоқ, мүмкін бұған Тоқтар мен Талғаттың арасындағы салқындық әсер етті ме екен деп те ойлаймын. Егер бұдан кейін де Агенттіктен хабар болмаса онда хат мәтінін баспасөзде жариялаймыз. Көңілді күпті еткен сұрақтарыңызға жауапты содан аларсыздар.

– Әңгімеңізге көп рахмет. Қашанда амандықта болып, халықтың ықыласына бөлене беріңіз.

Мен осы бір, әрбір сөзі адамға ой салатын дарынды жанның, атақты ғалымның қарапайымдылығына таң қалдым. Жүріс-тұрысынан, киім киісінен, бойынан ешбір паңдықты, менмендікті байқамадым. Елі мен ұлтының болашағын ойлаған жүрегі таза, жаны жайсаң азаматтың білімі мен біліктілігіне қатты риза болдым.

ӨНЕРДЕГІ ЖОЛЫМДЫ ҚИССА АЙТУДАН БАСТАДЫМ

Алматыда қазақ киносының корифейі, ай мүйізді серкесі, ҚР халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Киноматография Одағының үздігі, 150-ден астам фильмге түскен, атақ-даңқы атан түйеге жүк болар, қабілет-қарымы жалын ұстағандай дарынды талант иесі, жерлесіміз Н.Б.Ықтымбаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– *Нұржұман аға, сіздің есіміңіз ел аузынан түскен емес, атағыңыз шартарапқа жайылды. Мәскеуде өткен халықаралық «Сталкер» фестивалінде сіз басты рөлде ойнаған режиссер Р.Әбдірәшевтің «Сталинге сыйлық» кинофильмі «Ең үздік» шетеелдік туынды болып танылды. Артында Орынборда жалауын көтерген «Шығыс-Батыс» фестивалінде Қасым қартты сомдаған образыңыз «Ең үздік рөл» номинациясында жеңімпаз атанды. Бұдан басқа да табыстарыңыз ұшан-теңіз. Америкада, Ресейде, Францияда, Италияда, О.Кореяда киносүйер қауымға танылдыңыз. Мұндай жүлделерге қол жеткізудің сыры неде? Балалық шаққа, жастық кезеңге шолу жасап өтсек?*

– Балалық шағым ауыр кезеңге тап келді. Сұрапыл соғыстың қарсаңында Алтынемел асуында дүниеге келіпін. Әкем Байжұманның қызметіне байланысты (ол кісі Жетісу жұртына танымал ұстаз болған адам) сәби кезімде Қаратал ауданының «Жетіжал» колхозының (бүгінде Көксу ауданы) бөлімшесі саналатын «Өндіріс» ауылына көшіп келген екенбіз. Содан бал-дәурен шақ сонда өтті. Іргелес Көксу, Кәлпе станцияларында ойынның туын тігіп, шаңын қақтым. Соғыстың салған ойранынан біз ерте есейдік, қиыншылықты көп көрдік. Майданның қиян-кескі шайқастарынан ата-әкелеріміз елге кеш (1949-50 жылдары) оралды. Олардың көңілдерін аулау үшін, ауыл белсенділері тұрмыс өте жүдеу болса да «Соғым басы» кештерін ұйымдастыруды қолға алды. Үлкендер небір эпос, қиссаларды («Алпамыс», «Қобыланды», «Мұң-

лық-Зарлық») таңнан-таңға жатқа жырлайды. Олардан біз де қалыспаймыз. Шаршағаннан көзіміз ілініп, қалғып кетсек те бір сөзін қалдырмай жалғастыра береміз. 1957 жылы «15-20 жас арасында, әрнеге жігіт емес талпынбаған» нақылын ұстанып, тәуекелге бел буа, әншіліктің оқуын іздеп, Алматы бардым. «Ән салсаң өзімдей сал дүрілдетіп, сағымдай суға түскен дірілдетіп» деп сауық-сайранның көрігін қыздырып жүрген кезім, сондықтан болар адасып, шатасып жүріп, хореография училищесіне түсіп кетіппін. Одан кейін музыкалық джаз-эстрала оқу орнына құжатымды тапсырып, 600 үміткердің ішінен 7-дің бірі болып, студент атандым. Айтулы композитор Д.Ботпаев қолымнан жетектеп жүріп, дәстүрлі ән әлемінің алыбы Ғарифолла Құрманғалиевке алып барды. Ұлы ұстаздың алдын көріп, тәліміне ұйыдым. Әннің мазмұнын ашып, ажарын келтіріп, сан толқыта шырқауды ойыма түйдім және де мен ол кісінің алғашқы ресми шәкірті екендігімді мақтан етемін. Атақты өнер иесі Ұлықпан Мұхитовтан қос ішекті, қоңыр үнді домбырадан төгілетін күй құдіретін бойыма сіңіріп, күйшілік шеберліктен сабақ алдым. Мұның бәрі әншілік, күйшілік қабілетіме оң әсер етті. Ән салсам ел сүйсінетендей дәрежеге жетуге ықпалын тигізді.

– *Ал киноға қалай келдіңіз?*

– 1962 жылы алғаш рет киностудия табалдырығын аттадым. М.Бегалиннің «Тұлпардың ізімен» фильміне байқау жүріп жатыр екен, соған Сара Жорабаева сынды толған айдай толықсыған көрікті келіншек ертіп барды. Бірақ қалмадым, қашып кеттім, себебі түсірілімдегі адамдардың (еркегі, әйелі бар) бұрқыратып темекі шететін әдеттері көңіліме қонбады. Жаркент педучилищесін бітіріп, 1966 жылы сонда күрес, бокстан жаттықтырушы болып қызмет істеп жүргем. Қаламызға А.Қарсақбаев бастаған «Мазасыз таң» фильмін түсірушілер келді. Сонда Сара апаймен қайта кездесіп қалдым. Бұл жолы ол кісі мені мықтап қолға алып, шідерлеп ұстады. Әрі атақты өнер қайраткері Қ.Байсеитов ағам болмыс-бітіміме көңілі толды ма Абдоллаға «эпизодтық рөлге түсіріп көрсеңші» деген өтінішін

айтқан көрінеді. Тырнақалды қадамым сәтті өтіп, «Қазақфильм» киностудиясының штатына актер боп қабылдандым. Осылайша, кинодағы жолым Әбекеннің «Қилы кезеңіндегі» алғашқы рөлім Қапаннан басталып, ары қарай жалғасып кете барды.

– *Содан Ресей астыңыз?*

– Иә, солар шақырып 18 жылдан аса Мәскеуде «Мос, Лен фильмдерде» киноға түстім. Олар еңбегіме жоғары дәрежелік ставкамен ақы төледі. Хакас, ненец, якут, жапон, кәріс т.б. азия ұлттары кейіпкерлерінің образын сомдадым. Абырой-атақтан кенде болмадым. 1980 жылы «Нанның исі» фильмі үшін КСРО мемлекеттік сыйлығын алдым. Әр жылдары «Адал жүрек», «Жол қараушы» фильмдерінің Бас жүлделерін иемдендім. 1986 жылы КСРО кинематографиясының үздігі атандым. Мен атақты Голливуд студиясында фильмге түскен алғашқы қазақпын. «Қоян-қолтық соғыс» картинасының түсірілімінен кейін америкалық актерлер таңғаласып: «Қай жақта оқығансың?» – деп сұрады. Мен: «Қазақтың кең даласында оқығанмын», – дедім. Бүкіламерикалық өнерді қолдау қауымдастығының арнайы жүлдесімен марапатталдым. Мұхиттың ар жағындағы әріптестеріме, осылай, қазақ өнерінің мықтылығын мойындаттым.

– *Елге қашан оралдыңыз?*

– 1980 жылдардың бастапқы кезеңінде Мәскеуде Кеңес Одағын құрайтын 15 Республика кинематографиясының фестивалі өтті. Оған Одақ басшылары да қатысты. Менің Қазақстанның емес Ресей фильмдерінен көрінуім Д.А.Қонаевтың көңіліне тисе керек. Соңынан мені шақырып алып, қарағым: «Есі бар жігіт елін табар, есі жоғы жаттың отын жағар» деген, елге қайт деді. Үлкен кісінің сөзін жерге тастамай Отаныма оралдым. Айтқан уәдесінде тұрды. Барлық жағдайымды жасады. Алматыдан үш бірдей пәтер берді. Еш нәрседен тарылтпады. Алаңсыз жұмыс істедім. Шығармашылық табыстарға кенелдім.

– *Кеңес заманында қырғыз фильмдерінің шоқтығы биік болды, олар басқалардан бір бас жоғары тұрды десек артық айтқандық*

болмас. Сізді олар да меншіктеп алды ғой?

– Иә, көршілес бауырлардың 8 фильміне түсу бақытына ие болдым. Қалап шақырған соң бардым. Болот Мансуров, Толомуш Өкеев бастаған өнер қайраткерлері қырғыз киноөнерін биік белестерге көтеріп, өзіндік мектептерін қалыптастырды. Бұл жерде Шыңғыс Айтматовтың шығармалары да орасан зор рөл атқарғанын айта кеткен орынды болар. Қырғызстанның «Ақілбіріс» ұлттық киножүлдесінің лауреаты атандым. «Әлемдік кинематографияға қосқан үлесі үшін» арнайы жүлдесімен марапатталдым.

– Кинода қосалқы құрамның (дублерлардың) ойнайтын: бұла күшті, қайсар мінезді, көк бөрідей жүректілікті, гимнастикалық шеберлікті, акробатикалық ептілікті, небір айла-шарғыны т.б. қасиеттерді қажет ететін аса қауіпті трюктарды әлем жұлдыздары Брюс Ли, Ван Дам секілді өзіңіз орындадыңыз. Шынын айтыңызшы, қорықпадыңыз ба?

– Мәселе қорқу-қорықпауда емес, образды табиғи қалпында, нанымды шығару үшін қолдан келсе трюкті өзің орындағаның дұрыс. Болмаса шикілігің көрініп қалады. Иә, зардабын көп шектім. Айлап ауруханада жаттым, жылдап мазасыз күй кештім. Таудан тасқа да, құздан қияға да қарғыдым, үш қабатты үйден де үш рет секірдім. Үш жігіт көтерер тасты да жерден қозғап лақтырдым. Басына құрық тимеген асау аттарды да жуасытып, ауыздықтадым. Аш бөрінің адымын аштырмаған құлагердей өрен жүйріктермен де тау мен тастың арасында жауға шаптым, не олардан қаштым. 60 шақырымға жаяу да жүгірдім. Атыс-шабысқа, төбелеске толы көріністерде қарсыластарыммен тау соққандай майдандастым. Үш қабырғамды, екі омыртқамды сындырдым. Тұла бойымда сау-тамтық жерім жоқ десем де болады. «Нар түйеге оқ тисе, жәй түйедей бақырмас, артқы аяғын бір сілкір» деп, Құлнияз ақын айтқандай қатты ауырсынып тұрсам да шыдамдылық танытып, көрініс аяқталғанша қиналғанымды білдірмеуге тырыстым.

– «Жүйрікке бәрі бірдей ылди-өрі, ол шапқан сайын көсіледі» демекші, кино айдынында бәйге атындай көсіліп, алдыңызға

қара салмадыңыз. Өнердің жсілігін шағып, майын іштіңіз. Қазіргі киноның қазанында да қайнап жүрсіз. Актерлік мансабыңызда «Тарлан» сыйлығын, «Парасат» орденін алдыңыз. Шен тағып, шекпен кимей таза өнер ісімен айналыстыңыз. Айтыңызшы, бүгінгі қазақ киноөнерінің даму барысына көңіліңіз тола ма?

– Кеңес кезінде цензура қалай болғанда да дамуды тежеп отырды. Соған қарамастан тамаша көркем туындылар дүниеге келді. «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Менің атым Қожа», «Шоқ пен Шер», «Мәншүк туралы жыр» т.т. Ш.Айманов, А.Қарсақпаев, М.Бегалин, С.Қожықов, Қ.Қасымбеков секілді ірі тұлғалы, кесек мінезді режиссерлар болды, Қ.Жандарбеков, Қ.Байсейітов, Н.Жантөрин, Ә.Молдабеков, Ы.Ноғайбаев сынды өресі биік, салмағы ауыр өнер жұлдыздары тұлпар аттай ойқастады. Оларға тең келетін актерлер қазірде жоқ. Парасатты жандар жақсыдан ғибрат алады. Өз басым олардан актерлықтың қыр-сырын, адамгершіліктің қағидаларын үйрендім. Мысалы, «Махаббат туралы поэма» туындысындағы Жантөрин сомдаған Қодар образы «шедевр» деген теңеуге лайық. Шеберлік деген сол, содан үлгі-өнеге алуымыз керек. Бұлқынған өрен жүйрік жастардан шығады. Соларға көңіл бөлінуге тиіс. Даму жоқ емес, бар, бірақ ойдағыдай деп айта алмаймын. «Қарғаны қайырғанмен бүркіт болмас, жабыны жемдегенмен дүлдүл болмас» деген. Тума таланттарға назар аударған жөн. «Мыс алтынға, қарға қыранға теңелген» жайлар да кездесіп қалады. Ұсақталып бара жатқандаймыз. Ірілік жетіспейді. Кинода театрландыру элементері қылаң бере берген соң, актерлердің сөзі мен үні де жасандылыққа ұрынды. Қаржының талан-таражға салынуы, мәдениет пен өнер саласындағы лауазым иелерінің келеңсіз қылықтарға баруы біраз дау-дамайға тұздық болып, кино мен театрдың беделіне нұқсан келді. Танымал атанамыз деп ұлтты қорлайтын фильмдер де түсіріліп кетті. Дегенмен, болашағынан үміт күттіретін жаңа буын шоғыры өсіп келеді. Алдыңғы толқын режиссерлер Дамир Манабай, Сатыбалды Нарымбетов, кейінгі толқын Рүстем Әбдірешев, Сәбит Құрманбеков, Серікбол Өтепбергенов, Жәнібек Жетіруов, Болат

Шәріп және актерлер Болат Қалымбетов, Дулыға Ақмолда, Саят Мерекенов т.б. айтары мен салған сүрлеулері бар, қолтаңбалары қалыптасып келе жатқан өз ісінің білікті мамандары деп білемін.

– *Қолыңыз бос уақытта не оқисыз, немен айналысасыз?*

– Әлем және қазақ тарихының арғы-бергісінің ұңғыл-шұңғылына үңілемін. И. Есенберлиннің шығармаларын оқуды ұнатам. Қолөнерді жақсы көремін. Зергерлікпен және күмістен белбеу соғумен айналысам. Сонымен қатар, қолыма домбыра алып, ән айтуды жаным сүйеді.

– *Отбасыңыз туралы айта кетсеңіз?*

– Менің ыстық-суығыма көнген жарым Шолпан жеңгенмен елу жылдан астам бұрын отасып, үш баланы өсіріп жеткіздік. Олардан өрбіген немерелер бар, солардың қызығын көріп жатырмыз. Ұрпағымның қазақы ортада өскенін қалаймын. Дәстүр мен әдет-ғұрыпқа жетік болса екен деймін.

– *Нүреке, тартымды сұхбатыңызға Қаратал жұрты атынан көп рахмет айтамын. Әңгімеңіз иін қандырып, әннің шырайын келтіріп айтады екенсіз, роликтеріңіз болса дайын, тек елге келуіңіз қалды. Ел-жұртпен жүздесіп қауышыңыз. Халық сізді үлкен қошаметпен қарсы алады.*

– Ниетіңе рақмет! Дәм тартса, сәті түссе барып қалармын.

2018 жыл

АҒЫ БАРДЫҢ НЕСІБІ БАР

Халықтың күнделікті тұтынатын азық-түлігінің бірегейі сүт өнімдері. Оларсыз дастарқан көркі солғын тартып, сәні кірмейтіні анық. Бүгінде облыс халқын сүт өнімдерімен қамтамасыз етіп жатқан «Үштөбе-Айдын» ЖШС тізгінін ұстап отырған, кезінде Қаратал ауданы әкімінің бірінші орынбасары қызметінде өңір көшін өрге сүйреп, іргелі істерге бұра білген, өмір айдынында көк

бөрідей жортып, ат үстінен түспей келе жатқан ақылға бай, ойы тұнық, өр мінезді, өктем сөзді айтулы азамат С.Б.Базархановты әңгімеге тартып, өндіріс жайлы сөз қозғадым.

– *Сейілхан Базарханұлы, аз-кем үзілістен кейін «ат айналып қазағын табар» деп ұзақ жылдар бойы табысты қызмет еткен ұжымыңызға қайтып оралдыңыз. «Жүк ауырын нар көтерер» демекші серіктестіктің түйіткіл мәселелерін шешуде қара нардай қайрат таныта беріңіз дей отырып, өндіріс ошағының бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы әңгіме өрбітсек. Алдымен зауыттың өткеніне қысқаша тоқталып өтсеңіз?*

– Кеңес Одағында саяси репрессия өршіп тұрған, сонау 1938 жылы Үштөбе кентінің іргесінде сүт өңдейтін зауыттың қазығы қағылып, цех құрылысы басталды. Содан бері де 80 жылдан астам уақыт өтіп, талай асулар мен белестер артта қалды. Сұрапыл соғыс қарсаңында 1940 жылдың ақпан айында кәсіпорын өзінің алғашқы өнімін шығарды. Сол шақта қуаты тәулігіне бір тонна болған екен. Кеңес үкіметі тұсында дәуір ұранымен рухтанған завод ұжымы еңбек көрігін қыздырып, сүт өнімдерін өндіруде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Тәуелсіздік таңы атып, нарық экономикасына бет түзегенде кәсіпорынымыз қиындықтарға тап болды. Дағдарыс жағдайында зауыт әкімшілігі біліктілік танытып, өндірісті қайта құрылымдап, жаңа цехтар мен технологиялық желілерді іске қосты. Соның арқасында өндіріс қуаты нығайып, еңбек өнімділігі артты. Бүгінде, кәсіпорын қуатты өндіріс ошағына айналды.

– *Көшпелі түркілер заманында өмір сүрген ата-бабаларымыз туралы орта ғасыр ғалымы М.Қашқари: «Үйір-үйір қой, түйе, жылқысы бар, жыбырлап ерте тұрып сүтін сауар» деп жазып кеткен екен. Шындығында да қазақтың малсыз күні болмаған зой. Сүтті қасиет тұтып, ысырап қылмаған. Тамақ индустриясында да сүт өнімдері өнеркәсібі басты рөл атқарады. Соған орай, «Үштөбе-Айдын» ЖШС келсек, сіздер нендей және қандай көлемде өнім өндіресіздер? Шикізат тапшылығы бар ма?*

– Иә, сүт аса бағалы тағамдық өнім, басқа азық-түлік оған тең келмейді десек артық айтқандық болмас. Халқымыз «ағы бардың несібі бар» деп, сүт тағамдарын жоғары бағалаған. Ол тіршіліктің көзі болып, дастарқан молшылығына жол ашқан. Сүтті ішеміз, шайға қатамыз, айран ұйытамыз, қаймақ түсіріп, май шайқаймыз, іркіт жинап, құрт қайнатамыз, сыр жасаймыз, нан илейміз дегендей. Наурыз тойында үлкендер: «Ауыз аққа жарысын, үйге береке дарысын!» деп бекер тілек айтпаса керек. Өндіріске келсек, тәулігіне 20 тонна сүт өңдеп, 16 атауға ие өнім шығарамыз. Соның ішінде: сары май, балмұздақ және пастерленген сүттің, айранның, қаймақтың, сүзбенің, ірімшіктің түр-түрін тұтынушыға ұсынамыз. Жалпы, жылына 4478 тонна сүт өңдейміз. Шикізат тапшылығы жоқ емес, бар. Ауданда сүт өндіру индустриясы жоғары қарқын алса, біздің де өрісіміз кеңейіп, өнім көлемін ұлғайта түсуге мүмкіндік алар едік. Оған кәсіпорнымыздың қуаты жетіп артылады.

– «Ақсұңқар құстың асылы, айдыннан таңдап қу алар» демекші, сіздер тауарлы сүт фермалары мен шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлер мен ауыл тұрғындарынан сүт аласыздар. Ара-қатынастарыңыз қалай? Шикізат сапасына байланысты түсініспеушіліктер туындамай ма?

– «Құлазыған далаға мал да тұрмас байласаң, айдын-шалқар көл болса, үйрек ұшып, қаз қонар» демекші, біз «ел қонбайтын шөл болмай, дария-шалқар көл болсақ» деген ниеттегі адамдармыз. Қысы-жазы сүт таситын автокөліктеріміз ауарайының қолайсыздығына, ыстығы мен суығына, жолдың ойқы-шойқысына қарамай «... жол қуған қазынаға жолығады» деп, облыстың елдімекендерін аралап, шикізат қабылдап алады. Зауытта тасып әкелінген сүттің әр партиясынан лаборанттар сынама алып, сапасын (сортын) анықтайды. Біз серіктестерімізге қырғи-қабақ танытпаймыз, олармен алтыбақан алауыз да болмаймыз. Әрдайым, бекітілген стандарттарға, ережелерге сай жұмыс істейміз.

– Олай болса, экологиялық тұрғыдан таза, сапасы жоғары өнім алудың басты талаптары қандай?

– Сапалы өнім алудың негізгі талабы: сүттің санитарлық талаптарға сай болуы, оның құрамында антибиотиктердің болмауы. Бір сөзбен айтқанда табиғи таза өнім болуы шарт. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендей, шикізат зиянды бактериялармен ластанбағанына қол жеткізу үшін алыс-жақыннан сүт тасымалдағанда сауысқандай сақ, қыран құстай қырағы болып, сүт құрамының тазалығын қатаң бақылауда ұстаймыз. Май шайқағанда да бір түйір бөтен заттың болмауын жіті қадағалаймыз. Сүт өндіруші де, өңдеуші біздер де ең алдымен өнімнің сапасына, құнарлылығының жоғары болуына жұмыс істеуіміз керек. Өнім бекітілген стандарттарға толықтай сай болуы тиіс. Бұл жағдайда шикізат басты роль ойнайды, оған біз байлаулымыз. Тұтынушы қазір «соқыр тауыққа бәрі бидай» демей, өнімді тандап алады. Бірінші кезекте, сапасына көңіл аударады.

– Өнімдеріңізді өткізуде қиындықтар, кедергілер бар ма?

– Өнімімізді сатуда ешқандай бөгеттер, тосқауылдар жоқ. Экологиялық тұрғыдан таза, бағасы қол жетімді табиғи өнімдеріміз тұтынушылар тарапынан жоғары сұранысқа ие. Өніміміз күнделікті Үштөбе, Талдықорған, Алматы, Текелі қалаларындағы, Қарабұлақ, Балпық би кенттерінде орналасқан 300 ден астам дүкендер мен балабақшаларға, мектептер мен ауруханаларға, балалар үйлері мен денсаулықты сақтау және сауықтыру мекемелеріне жіберіледі. Өнімді уақтылы жеткізу үшін 31 автокөлік пайдаланылады.

– Қазір өңделген сүттің сан-алуан түрін дүкен сөрелерінен көреміз. Сонау, жер түкпіріндегі Ресей мен Беларусьтан әкеледі. Сонда өнім ұзақ мерзімге қалай шыдайды? Мұнда бір шикілік бар сияқты. Әйтпесе, сауылған табиғи сүт жаздың ыстығында тез іріп кететінін әркім де біледі. Жасанды сүтті нарықтан қалай ығыстырамыз?

– Сақталу мерзімдерінің ұзақтылығы өнімнің ультрапастерленген (өте жоғары температурада) өңделгенін білдіреді. Әрине, оған жасанды компоненттердің (консерванттар, құрғақ ұнтақтар) қосылған-қосылмағанына ешкім кепілдік бере алмайды. Қолдан

жасалған сүттен қалай құтыламыз дегенге келсек, нарықты ұсыныс пен сұраныс реттейді. Сондықтан еліміз бойынша отандық өнім-сүтті теңіздей тасытып өндіруіміз керек.

– Өндіріс құрал-жабдықтарыңыз, технологиялық желілеріңіз бүгінгі күн талаптарына сай келе ме? Кәсіпорындарыңыз күрделі жөндеуді қажет етпей ме?

– Биылғы жылдың ақпан айынан ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізіп, желілерді ретке келтіріп жатырмыз. Ғимараттың іші-сыртын алтынмен аптап, күміспен күптеп қойсаңыз да іс тетігін озық технология, білікті маман және жанкешті еңбек пен жауапкершілік шешеді. Біз Ресейдің өндірістік құралдарымен жабдықталғанбыз. Батыс Еуропаның соңғы үлгідегі жоғары технологияларын алуға көп қаржы керек. Олар өте қымбат тұрады. Алған күнде өніміміздің өзіндік құны жоғарылап, ол сұранысқа ие бола алмай қалады. Әрі, аумағы кең заманауи технологияны орнатып, іске қосу үшін хан сарайындай, ат шаптырым өндірістік ғимарат қажет. Біздің бүгінгі өндіріс ошағымыздың көлемі оған тарлық етеді. Кәсіпорнымыздың бүгінгі өндірістік қуаты алдағы жылдарда да жемісті еңбек етуге толық мүмкіндік береді.

– Сүт өндірісінде іскерлік тұрғыда жаңа технологияны меңгерген алдыңғы қатарлы кәсіпорындармен тәжірибе алмасып тұрасыздар ма?

– Иә, технологтарымызды, шеберлерімізді біліктілікті көтеру курстарына жібереміз, сонымен қатар Еңбекшіқазақ ауданындағы «Адал» сүт зауытымен тәжірибе алмасып, білгендерімізбен бөлісіп тұрамыз.

– Қазіргі күні, «Қайғың болса ханға бар, қарның ашса байға бар» заманы туындап тұр ғой. Тұрмысы төмен отбасыларға қол ұшын созып, қайырымдылық көмек жасап тұрасыздар ма?

– Әрине, тосыннан келіп, үлкен қиындық тудырған дерттің талай адамға ауыртпалық әкелгенін сезінеміз, соған байланысты біз де «сусағанда берген су, шекер емей немене» деген ұстанымда соңғы екі айда өзіміздің 24 зейнеткерімізге көмек көрсетумен

қатар, аудан мен қала әкімдігі әзірлеген зейнеткерлер тізіміне орай оларға алған өнімдеріне есеп айырысуды зейнетақыларын алғаннан кейін жасауға мүмкіндік тудырдық. Сондай-ақ, 1-ші маусым Халықаралық балалар күніне орай Талдықорғанның «Айналайын» балалар үйіне, Үштөбедегі екі мүмкіндігі шектеулі балалар мекемесіне балмұздақ тараттық. Жылда «Мектепке жол» акциясы аясында кәсіпорын қызметкерлерінің балаларына, мектеп түлектеріне материалдық көмек көрсетеміз. Басқа да жандарға қол ұшын созып тұрамыз. Кәсіпорнымыздағы асханада барлық жұмысшылар мен қызметкерлерге жоғары калориялы ыстық тамақ тегін беріледі.

– Өнімдеріңіздің сапасы Республикалық, облыстық көрмелер мен байқауларда небір құрметті дипломдар және бағалы сыйлықтармен аталып өтіліпті. Санынан көз сүрінеді. Тізіп жазуға газет беті көтермейді. Сондай жоғары жетістіктерге жетуде кімдерді «еңбек озаттары» деп атап өтер едіңіз?

– Біздің еңбеккерлердің бәрі де «сен тұр, мен атайын» дейтін өз істерінің һас шеберлері, озық мамандары. Араларынан технолог-шебер Шолпан Иманалинованы, өндіріс меңгерушісі Василий Посмитныйды, сүт тасушы Мамыр Байгенженовты, цех жұмысшылары Сәуле Имамадиева мен Татьяна Зыкованы бөле-жара атап өтсем, басқалары ренжи қоймас деп ойлаймын. Сіздердің күнделікті жайылатын дастарқандарыңыздан көретін сүт тағамдарында сол завод жұмысшылары мен қызметкерлерінің барлығының да қажырлы еңбегі мен маңдай терлері тұрғанын ұмытпасаңыздар екен.

– Елге танымал этнограф Жағда Бабалықтың айтуында қазақтың денсаулыққа пайдасы мол төл тағамдарына ештеңе жетпейді. Ұлтымыздың қорында 1500 астам тамақ түрі бар көрінеді, соның 150 жуығы сүттен әзірленетін астың атауы. Бұл ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, саралап, зерттеп халық игілігіне пайдалану керек шығар?

– Иә, «Сабасына қарай піспегі» демекші әр ұлт тіршілігіне, тұрмыстық салтына, болмыс-бітіміне қарай ішетін тамағымен ерек-

шеленеді. Қазақ отбасылығының негізгі тамағы сүт пен ет болғаны, оны өздері өндіргенін бәріміз де білеміз. Дастарқан мәдениетін халқымыздың дәстүріне сай қалыптастыру қажет екенін қолдаймын. Шешелеріміз майды қарында сақтап, қыста сыйлы қонақтар келгенде, той-томалақта ашатын. Сүт қатып, қаймақталған шәй ішетін. Сабадан сүттің майын алған соң іркіт қайнатып, құрт жасайтын. Оны езіп ішсе күні бойы тоқ жүретін. Бұрынғының ірімшігі өте дәмді болатын. Сүзбесі тәбет ашып, астың дәмін келтіретін. Ұлттық тағамдарымызды қалпына келтіру, әрине, бүгінгі ұрпақтың міндеті. Бізге де барымызды ой елегінен өткізіп, ұлттық тағамдарымызды түгендеуге атсалысқанды жөн деп білемін.

– *Сұхбат соңында, газет оқырмандарына қандай тілек айтасыз?*

– Ұлы Абайдың: «Берекелі болса ел – жағасы жайлау ол бір көл, жапырағы жайқалып, бұлғақтайды соқса жел», – деп жазғанындай халқымыз береке-бірлігінен айрылмасын, ынтымағы жарасып, шаңырақтары шайқалмасын!

2019 жыл

ДӘРІГЕРДІҢ ДӘРІСІ ЕМЕС, СӨЗІ ЕМ

Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса дәрігерге жүгінеміз, көмегіне сүйенеміз. Қаншама адамның дертіне дауа, өмірлеріне араша болып жүрген абзал жандардың еңбектері адал екені анық. Қашан көрсен де аурухана дәліздерінде нөпір халықты көресің. Медицина қызметі барша жұртты толғандыратын болғандықтан бүгінгі таңдағы осы саланың аудандағы жай-күйін білмек оймен, кезінде өз істерінің қас шеберлері атанған В.Я.Попов пен Р.И.Жұмашев сынды ағаларымыз тізгінін ұстаған аурухананың табалдырығын аттадым. Бас дәрігер Б.Құмаров «жігіт бар мінезі ауыр, асыл зат ажар берген өңі тәуір» деген теңеуге келетін ізетті, сыпайы жан екенін бұрыннан білетіндіктен алдын ала дайындап

келген сұрақтарымды «билік кімде болса сұрау содан» деп қоя бастадым.

– Біржан Асқарұлы, медицинада дәрігер басты тұлға екені белгілі, осы ретте ауданда дәрігерлер қатары жетісе ме, жалпы олардың саны қанша?

– Білікті дәрігерлер легін жасақтау оңай емес, жетіспеушілік бар. Қазірде олардың саны 65, оның 17-сі зейнет жасында, осы межеге таяп қалғандары да жетерлік, яғни қартайып барамыз. Дәрігерлермен қамту 80 пайызды құрайды, медбикелер саны штатқа сәйкес 257. Мың тұрғынға шаққанда 1,4 дәрігерден келеді. (дамыған елдер көрсеткіші 3 санын құраса керек Ж.С) 2009 жылдан бері 17 жас маман қатарымызға қосылды. Бәрі де аудан әкімдігі тарапынан пәтермен қамтамасыз етілді

– Дәрігерлер базалық білімдерімен шектелмей оны жетілдіріп отыратын шығар. Олар қайда және қандай курстардан өтеді?

– Әрине дәрігерлеріміз үнемі оқу мен ізденіс үстінде жүреді, болмаса біліктілігі кенжелеп, көштен қалып қалады. Негізінен Алматы қаласындағы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде, сонымен қатар осы және Астана, Қарағанды, Семей қалаларындағы дәрігерлерді жетілдіру курстарында, қоғамдық денсаулық қорғау мектептерінде жылына он бес дәрігер, елу медбике дайындықтан өтіп білім нәріне қанығады. Бәрі де өз ісін жетік білуге талпынады.

– Медицина саласы өте жауапты екені белгілі, ал онда қызмет ететін жандардың әлеуметтік жағдайлары қалай, жалақылары жоғары шығар?

– Барлық дәрігерлердің үй жайлары бар, жоғарыда айтып өттім жас мамандар пәтермен қамтамасыз етілген. Жалақыға келсек учаскелік және ауылдық дәрігерлердің жалақысы алпыс мыңнан жүз жиырма мыңға дейін барады. Оның сыртында әр учаскенің көрсеткішіне қарай СКПН балдық жүйесі бойынша үш айда бір рет алпыс мыңға дейін ынталандыру сыйақысы беріледі. Терапия

бөлімінің стационарында істейтін терапевт дәрігерлердің жалақысы болса өте төмен, қолдарына алатыны отыз үш мыңның айналасы, сондықтан терапевт болуға ешкім құлшыныс білдіре қоймайды. Басқа мамандық иелерінің де алатын жалақысы шамалы.

– Материалдық-техникалық базамен қаншалықты жабдықталғансыздар? Заманауи қондырғылармен жұмыс істейтін маман кадрлар жеткілікті ме?

– Орталық аурухананың жабдықталуы 82 пайыз деп айтуға келеді. Әлі де ала түсу қажет. Бірінші кезекте керек деген құрал-жабдықтарымызға өтінімдерімізді беріп қойдық. Ауылдық жерде бұл көрсеткіш төмен. Соңғы үлгідегі қондырғылардың тілін білетін мамандарымыз бар. Рентгенолог қана Талдықорған қаласынан келіп кетеді.

– Бір жылда ауданымызда қанша адам стационарда ем-дом қабылдайды? Күн сайын орташа есеппен емханаға қанша адам келеді?

– Былтырғы жылы 7000 адам стационарда емделуден өтті. Жоспар бойынша 6500 керек еді. Емханаға күніне 680 адам аяқ басады, соның бәріне жан-жақты медициналық көмек көрсетуге тырысамыз. Норматив бойынша 500 адам қабылдауымыз керек.

– Науқас адам дәрігерге денсаулығын сеніп тапсырады, емдеп жасады деп үміттенеді. Осы тұрғыда сіздердің дәрігерлеріңізге қаншалықты сенім артуға болады?

– Ай сайын науқастар арасында балдық көрсеткішпен жасырын сауалнама өткіземіз, соңғы нәтижені айтар болсам олардың 85 пайызы қаралып жүрген дәрігерлеріне сенетіндіктерін білдірген. «Емдеудің сапасына ризасыз ба?» деген тікелей сұраққа 92 пайызы «иә» деп жауап берген. Емханада бұл көрсеткіш сәл төменірек 85 пайыз көлемінде болды. Осы қорытындыларға қарағанда сенімге иеміз деп ауыз толтырып айтуға болатын шығар.

– Бөле-жара сұрарым теледидардағы жаңалықтарды қарап отырсаңыз елімізде ана мен бала өлімі жиілеп кеткені байқалады. Сіздерде олардың жағдайына жүрдім-бардым қарау,

немқұрайдылық таныту деректері кездесе ме? Ана мен баланың денсаулығын қалай жақсартуға болады?

– Ана мен баланы айырықша қамқорлыққа алуға міндеттіміз. Ішке бала біткеннен аяғы ауыр аналарымызды акушер гинекологтар мен учаскелік педиатрлар арнайы тізіммен есепке алады. Босанғанға дейін учаскелік педиатрлар үйлеріне барып үнемі ақыл-кеңестерін беріп тұрады. Аналар толықтай барлық анализді өткізіп тоғыз айдың ішінде үш рет УЗИ-ге түсіп ана мен баланың денсаулығы тексеруден өтеді. Іштегі нәресте тұқым қуалайтын ауруға шалдығып ақыл-ес қабілеттілігіне ие болмаса түсік жасалады. Екі жұма сайын акушер гинекологтар алынған анализдерді саралап отырады.

– Осыған орай учаскелік педиатрлар мен медбикелердің жұмысы туралы айта кетсеңіз?

– Нәресте дүниеге келісімен олар оның денсаулығы мен күтімін қамқорлыққа алып бақылайды. Бала он төрт жасқа келгенше есептерінде тұрады. Қызметкерлеріміз өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, өйткені ана мен баланың амандығы біздер үшін қоғам алдында да, ар алдында да, ата-ана алдында үлкен сын, оның сұрауы да қатал.

– Жыл сайын перзентханада қанша әйел босанады? Өмірге қанша бала келеді?

– Өткен жылы 851 сәби дүние есігін ашты. Бәрі де дін аман, шетінеген шақалақ жоқ.

– Жалпы балалардың денсаулығы қандай дәрежеде деп айта аласыз? Оны бақылауға педиатр мамандар жеткілікті ме?

– Балалар бөлімінде жиырма төсектік орын жұмыс істейді. Балалар консультациясы да ақыл-кеңестерін ұсынады. Аудан бойынша он бір педиатр, жиырма бір балалар медбикесі қызмет етеді. Олар бар баланы қамтып отыр. Балалардың денсаулығына келсек, олар бірінші кезекте құнарлы тамақ ішуі керек. Ас адамның арқауы деген, Кеңес Одағы кезінде мектептерде екі мезгіл таңертеңгілік ақысыз сүт, түсте толыққанды тегін ас беретін, сол үрдісті жаңғыртуымыз

кажет. Мына қымбатшылық жайлаған заманда дәрумені мол нәрлі тамаққа зәру балалар аз емес. Осыны ескергеніміз жөн.

– *Сіздерде хирургияның кадрлық және материалдық базасы қанағаттанарлық па?*

– Бізде білімді де білікті алты хирург бар. Олар аяқ астынан туындаған төтенше, шұғыл жағдайларда аурудың сан түріне ота жасайды (жүректен басқа). Техникалық базамыз да өз дәрежесінде.

– *Жедел жәрдем көлігін тұрғындар жиі шақыра ма? Оның көмегіне жылына қанша адам сүйенеді?*

– Жылына орташа есеппен 48500 шақырту қоңырауы түседі. Қаламыз бойынша үш жедел жәрдем көлігі жұмыс істейді. Мұның сыртында ауылдық жерлерде алты жәрдем көлігі қызмет көрсетеді.

– *Тісті емдейтін стоматология қызметі жөнінде не айтамыз?*

– Асты ағзаға сіңіруде зор рөл атқаратын тістің бүтіндігі әркімді мазалайды. Мектептерде он стоматологымыз қызмет жасайды. Он сегіз жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар тегін емделеді. Ересектер жекеменшік клиникаларға барады, онда бәрі ақылы. Ауруға шұғыл түрде жәрдем көрсету керек болса мемлекеттің қарауындағы тіс дәрігерлері көмекті тегін көрсетеді.

– *Өткен жылдарға қарағанда түрлі аурулардың статистикасы бүгінде қандай дәңгейде?*

– Жүрек, бүйрек, бауыр, жыныс аурулары азайды. Керісінше демікпе (астма), жүрек пен тыныс демікпелері (бронхит), аллергия, анемия, ми қан айналысының бұзылуы (инсульт), жүрек ұстамасы (инфаркт), асқазан жарасы (язва), асқазан ауруы (гастрит), балалардың ас қорыту аурулары көбейді. Бұл ауру түрлері өсуінің басты себебі өмірдегі тұрмыстың ауырлығы, күнкөрістің қиындығы, жұмыссыздық адамдардың жүйкесін жұқартып психологиялық тұрғыда ауыр халге түсіруде. Уақытылы қуатты тамақ ішпегеннен кейін денсаулық сыр беретіні белгілі ғой. Тұрмыс деңгейін көтерген жөн.

– Науқасты емдеудің орнына қағаз жазуға уақытты оздырамыз деп жатады дәрігерлер, сондықтан да емделушінің ауруын танып білуге, онымен емін жарқын сөйлесуге мүмкіндік бола бермейді дейді олар. Осы сөз қаншалықты рас?

– Жаны бар сөз. Дәрігер уақытының 80 пайызын науқасқа бөлуі керек, бірақ көп жағдайда олай бола бермейді. Шынында да қағазбастылық мекемелерді жайлап алды ғой, бізде одан сырт емеспіз. Компьютермен тоқсан пайыз жабдықталғанбыз, соған байланысты аудандығы барлық 47700 тұрғын базада тұр. Есепке алу, аурудың тарихын жазу электронды және қағаз жүзінде қатар жүретіндіктен уақытты көп алады. Ақпарат беру деген тағы бар, қайсы бірін айта бересің. «Дәрігердің дәрісі емес, сөзі ем» деп бекер айтылмайды, науқасты жылы қабылдап жан жадыратар, көңілге сенім ұялатар сөздермен де ерік-жігерін жануға болады.

– Адамдарды медициналық тексеруден өткізу арқылы аурудың алдын алу тиімді, сонда аурудың дендеп кетуіне жол берілмейді, әрі басқа ағзаларға кесірін тигізбеуге мүмкіндік туады және оны емдеу арзанға түседі деп айтылады, сіздің пікіріңіз?

– Бұл ең дұрыс жол. Басты мақсат аурудың алдын алу. Барлық тұрғындарды медициналық тексеруден өткізіп тұруды заң жүзінде міндеттеу қажет. Мұндай шараны оқтын-оқтын жүргіземіз, бірақ қалыс қалып жататындар жеткілікті. Мысалы, әйелдердің емшек безін алдын-ала мамография құралы арқылы алғашқы кезеңде тексерсе ол жүз пайыз емделер еді. Дерт асқынып, ушығып кеткеннен кейін келеді, мұндай жағдайда емнің қонуы қиын. Осылай кеш келіп опық жеп жататындар қарасы баршылық. Жүрек, қан айналымы, тік ішек ісігі, балалар ауруларын сақтандыру (профилактикалық) тұрғыда тексеруден өткізіп тұрамыз. Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Мысалы арақ ішу, шылым шегу, дұрыс тамақтанбау зиянды екенін әркім есте ұстағаны жөн

– Сізді білікті хирург ретінде танимыз, жүгі ауыр әкімшілік қызметті қоса атқару мамандығыңыздың сапасына кері әсерін тигізбей ме?

– Жоқ, «қалауын тапса қар жанады» деген, жүрек қалауы болса екі міндетті қатар алып жүру қиындық туғызбайды.

– *«Ауру адам тырысқақ, аш адам ұрысқақ» демекші ем іздеп келуші науқастардан қабылдауға, не емдеудің сапасына көңілдері толмағандықтан арыз шағым түсіру деректері (фактілері) болып тұратын шығар?*

– Қателеспейтін жан болмайды, бізде пендеміз. Кейде түрлі себептермен бұған жол беріліп кететінін жасыруға болмас. Ауызша түскен шағымдарды, сол сәтте, уақытысында шешуге тырысамыз. Ал жылына екі-үш рет түсетін жазбаша арыздарды ішкі тексеру жұмыстарын жүргізіп, мәселенің анық-қанығын анықтап, иесіне жауабын береміз.

– *Ұжымның жұмысына оң да, теріс те әсерін тигізіп жататын моральдық ахуалдың, ауызбіршіліктің, береке-бірліктің сақталу жағғы қалай?*

– Ойдағыдай десем, артық айтқандық болмас. Ынтымақ пен жарасымдылықтың арқасында халыққа медициналық қызмет көрсету деңгейін көтеруге талпынып келеміз.

– *Мемлекеттік тілімізді қолдануға байланысты мына бір сұрақты қоймасам көңілім көншімес. Қытай елінен келген қандасымыз медицина ғылымдарының докторы, профессор, талай халықаралық марапаттардың иегері Тұрсынбек Қыдырбекұлын орыс тілін білмегендіктен Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласындағы облыстық ауруханаға жұмысқа алмаған, ал ол болса қалқанша безі, асқазан жарасы, өт жолы, варико́з, тік ішек, бауыр, ұйқы безі оталарын жасайды екен. Содан амалсыздан ауруларды үйінің алдындағы жертөледе, ол тарлық қылғаннан кейін көлік гаражын бейімдеп сонда науқастарды емдеуге мәжбүр болған. Мұндай кеселге шалдыққан аурулар шекара асып «аспан асты» еліне барғанша сол кісіге келетін көрінеді. Осыдан кейін қалай ғана налымассың, өз елінде жүріп жаттың тілін білмегендіктен бейшара халге түсу біздің «озық» елге ғана тән шығар. Бұған сіздің көзқарасыңызды білсем деп едім?*

– Деңгейі жоғары, білімді, заман талабына сай дәрігер әр тілді үйреніп білуге тырысады. Мен жұмысқа қабылдауға қарсы емеспін. Президентіміздің жүргізіп отырған саясаты бойынша үш тілді білу артық болмайды.

– *Соңғы сауалым, сіздің өмірлік ұстанымыңыз?*

– Өзіме жүктелген міндетті біліктілікпен адал орындау.

2013 жыл

ЕРЛЕР ЖОРТАР МАЛ ҮШІН ...

Халықтың тұрмыс жағдайы мәселелерін тоғыз қабат тор сүзгіден өткізіп бақылайтын аудандық әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы С.Ж.Амандосовқа жолығып, көпшілік көкейінде жүрген сауалдарды қоюдың сәті түсті.

– *Серік Жапарұлы, ата-бабаларымыз: «Ерлер жортар мал үшін, әйел-бала қамы үшін, әркім өзі талпынбақ, басына бітер бағы үшін» деп жұмыс жайын айтып кеткен, дегенмен екі қолға бір күрек таба алмай жүрген адамдар көп екенін жасырып-жаба алмайсың, соған орай қояр сұрағым: ауданда тіркелген кәсіпорындар және онда жұмыс істейтін адамдар саны қанша?*

– Ауданда 118 кәсіпорын тіркелген. Оның 3-орта, 115 шағын кәсіпорынға жатады. Оларда жұмыс істейтін адамдар саны 13400. Бұл бүгінгі күні жұмыс істеп тұрған өндіріс ошақтары.

– *«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы үш кезеңнен тұратыны белгілі, екеуі артта қалды, соның 2016-2020 кезеңін өтіп жатырмыз, орындалу барысы қалай? Жұмыссыздық қамытын кигендер әлі де аз емес, сонда олардың саны нақты қанша адам?*

– Соңғы кезеңнің әлеуетін арттыру мақсатында жол картасы шеңберінде жұмыспен қамту аясын кеңейтуге тырысудамыз. Жалпы, ауданда 1441 жұмыссыз тіркеуге алынған. Биылғы

жылы 781 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлап отырмыз. 2017 жылдың бірінші жартысында 459 жұмыс орны ашылды. Бұл жылдық меженің 58,8 пайызын құрады. Осы көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 6 орынға көбірек. Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында халықты жұмыспен қамту орталығына 536 жұмыссыз тіркеуге алынды. Олардың 210 қоғамдық жұмысқа тартылса, 131 өздері қалаған мамандықтары бойынша кәсіби білім алуда, сонымен қатар 127 әлеуметтік жұмыс орындарына, 34 түлек жастар практикасына жіберілді. 211 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

– Осыдан 6-7 жыл бұрын зой деймін, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы қабылданып, жас мамандарға ақшалай көмек және тұрғын үй алуға жеңілдетілген несие беру ұсынылған еді, қазірде бұл бастама жалғасын тауып жатыр ма?

– Иә, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуді жақсарту, қала мен ауыл арасындағы алшақтық пен сәйкессіздіктерді теңестіру, әлеуметтік сала мамандарының елді мекендерде тұрақтап қалу мәселелерін кешенді түрде шешуге бағытталған бағдарламаны жүзеге асыруда жергілікті атқарушы органдар мамандарды қызметтік үй-жаймен қамтамасыз етуде мүмкіншіліктері шектеулі болғандықтан қиындықтарға тап болып отыр. 2017 жылы аталған бағдарлама бойынша денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін бюджеттен 34,4 млн теңге қарастырылды, соның ішінде 24 маманға көтерме ақы төлеу үшін 3,8 млн, 9 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 30,6 млн теңге бөлінді. Ағымдағы жылдың алғашқы алты айында 12 маманға көтерме ақы төленсе, 4 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 12,2 млн теңгеге бюджеттік несие берілуі мақұлданды.

– Өндіріс пен оқу арасында нақты байланыс болмағандықтан жастар еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз, жоғары оқу орындарын бітіріп келген жастардың біліктілігі төмен деп айтылып

та, жазылып та жүр, Осы қаншалықты рас? Сонымен қатар, жұмысшы мамандар даярлау тұрғысында ауданда қандай шаралар атқарылып жатыр?

– Жоғары оқу орындарын бітіріп келген жастар өндірістің қазанында қайнап, тиісті деңгейде тәжірибеден өтпейтіндіктен біліктіліктері көңіл көншітпейтіні рас. Қазір бәсекелестіктің, белсенділіктің заманы, осыны жастар естен шығармағаны жөн. Сұрақтың екінші жартысына келсек ауданда жұмысшы мамандығының әлеуетін арттыру мақсатында қандай мамандықтар сұранысқа ие екені анықталып, қажеттілерінің тізімі бекітілді. Биылғы жылы 300 адамды қысқа мерзімді кәсіптік оқу және біліктілікті арттыру курстарына жіберу жоспарланды. Алғашқы алты айда бұл көрсеткіш 63 пайызға орындалып, 9 мамандық бойынша 189 азамат кәсіби білім алуда. Соның ішінде жұмысшы мамандықтары: трактор жүргізуші – 15, газ және электр дәнекерлеуші-16, электр желісін жөндеуші – 15, автослесарь – 15. Оқу мерзімі аяқталған соң олар тұрақты жұмысқа орналастырылады.

– Кезінде «Жасыл ел», «Тұрғын үй құрылысы», «Жол құрылысы» т.б. бағдарламалар көтерілген еді, соған орай жастарды жұмыспен қамту мәселесі қаншалықты қолға алынды?

– Бұл бағдарламаларға қатысты шаралар жоспарға сай атқарылуда. «Алматы облысы жастар ресурстары орталығының» Қаратал филиалы арқылы жүзеге асырылатын «Жасыл ел» бастамасына биылғы жылы әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасылардан 26 жас қабылданды. Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жастар практикасы бағдарламасы негізінде биылғы жылы 60 түлекті қамту жоспарланған. Бүгінгі күні 34 жас мамандықтарына сәйкес жұмысқа орналастырылды. Айлық жалақылары 56 мың теңгені құрады. Бұл бағдарламаға 2017 жылы Республика бюджетінен 20482,0 мың теңге бөлінді. Бүгінгі таңға сол соманың 4802,0 мыңы игерілді.

– «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» демекші, қазір шіріген байлар мен тақыр кедей-

лер арасы алысқа кетті. Табыс айырмасы жер мен көктей, сондықтан, ауыр тұрмыстан, лажсыз алынған әділетсіз несиеден жүйкесі жұқарған, қажыған, торыққан, яғни өлместің күнін кешкен жандар қатары азаймай отыр. Мысалы, соңғы айда ең төменгі күнкөріс деңгейі қанша болды? Тауар бағалары мен тарифтер болса үнемі өсуде. Коммуналдық төлемдер (жылу, су, жарық, телефон, интернет) бар, оның сыртында азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек, жол ақы, балалардың оқуы мен демалысы, қазақ болған соң той-томалақ, өлім-жітім, қонақ қабылдау т.т. бар дегендей, азамат ретінде айтыңызшы төменде көрсетілер сомаға қалай күн көруге болады?

– Алматы облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейі 23144 теңге, әрине онымен бар жырттығыңды жамай алмайсың, сондықтан үкімет тарапынан аз қамтылған отбасыларға коммуналдық жеңілдіктер, атаулы әлеуметтік көмектер көрсетіліп, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға жәрдемақы беріліп, жылына бір рет тұрғын үй көмегі жәрдемақысы төленеді.

– Бізде азық-түлік себеті құрамында 43 тамақ түрі бар деп жазады әлеуметтанушылар. Ал Ресейде бұл көрсеткіш 150, АҚШ та 360 санын құрайды екен. Сол 43-тің өзін кез-келген отбасы сатып ала-алмайтыны анық. Ал ағзаға ет те, сүт те, май да, жеміс-жидек пен көкөніс те, дәрумендер де т.б. керек. Ет бағасы болса қымбаттап барады. Кедей-кепшік, жоқ-жітім оны қалай алмақ? Ал бірде тоқ, бірде аш өскен баланың күш-қуаты, болмыс-бітімі қандай болмақ?

– Ауданда азық-түлік себеті құрамына кіретін 43 тамақ түрі бақылауға алынған. Сонымен қатар, 9 ауылдық округте және Үштөбе қаласында төмендетілген бағамен сататын жалпы саны 12 әлеуметтік дүкен және 1 дәріхана жұмыс істейді..

– «Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ, аңдыстырған екеуін, Құдайым-ай!» деп жалшы еңбегіне сүйек-саяқ берген бай пейіліне ұлы Абай өкініш білдіреді. Бүгінде де жалақы төлеуде әділетсіздіктер бар екенін теледидардан көріп жатамыз.

Біздің ауданда ең төменгі еңбекақы мен орташа айлық жалақы қанша?

– Аудан бойынша орташа айлық жалақы 96000, ал ең төменгі еңбекақы 24460 теңге.

– *Қазақстанда кедейшілік шегі бір адамға күніне 302 теңгені құрайды екен. Бұл, БҰҰ абсолюттік кедейлік деңгейі күніне бір доллар деп анықтаған стандарттан да төмен. Салыстырмалы түрде алсақ, Ресейде кедейшілік шегі бүгінгі шаққа күніне 2,33 доллар, АҚШ та бір адамға күніне 15 долларды құрайды екен. Сіз мұндай айырмашылыққа қандай уәж айтар едіңіз?*

– Нақтырақ айтқанда біздің елде кедейшілік шегі бір күнге шаққанда 326 теңге, әрине бұл төмен көрсеткіш. Кедейшілік шегін әр мемлекет өз кірісіне, ЖІӨ-нің өсуіне қарай анықтайды. Бұл мәселе туралы уақытысында жоғары атқару органдарына алты бірдей ұсынысымды бергенмін. Ол туралы кейін бір сөз етерміз.

– *Бізбен одақтас Ресейде жаңа туған балаға ана капиталы ретінде 10 мың доллар беріледі. Белоруссияда да солай екен. Ал бізде қанша?*

– Біздің елде 1, 2, 3-ші туған балаға 38 АЕК мөлшерінде, яғни 86222 теңге, 4 және одан да көп балаға 63 АЕК мөлшерінде, яғни 142947 теңге төленеді.

– *Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етіп жүрген адамдар үкімет тарапынан қабылданған әлеуметтік бағдарламаларға кірмейді, яғни зейнетақы ала алмайды, өйткені міндетті төлемақы аудармайды, соған қарамастан олар жұмыспен қамтылғандар қатарына қосылып жүр? Сонда жұмыссыздар саны азайтылып көрсетіле ме?*

– ҚР Ұлттық экономика министрлігіне қарасты статистика комитетінің мәліметінше Қаратал ауданы бойынша 2016 жылдың қорытынды есебінде жұмыспен қамтылғандар-24189, соның ішінде жалдамалы жұмысшылар-13332, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар-10857, ал жұмыссыздар саны-1441 деп анық та қанық көрсетілген. Сонда жұмыссыздық деңгейі 5,6 пайызды құраған. 2017 жылдың

1-ші шілдесіне, ол 5,2 пайызға дейін төмендеген. Қазақстанда дүниежүзілік банктің қолдауымен шартты ақшалай көмек көрсетуді қарастыратын «Өрлеу» жобасы іске қосылды. Мақсат-кедейшілік шегінен төмен табысы бар отбасылардың нақты табысын арттыру, оларды өзін-өзі қамту деңгейіне шығаруға ықпал ететін әлеуметтік оңалту тәсілін енгізу. Ауданда жоба 2017 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап іске асырылуда. Жобаға 55 отбасының (316 адам) құжаттары қабылданып, оларға 5889,9 мың теңге шартты ақшалай көмек тағайындалып, төленді. Сонымен қатар, 57 адам жұмыспен қамтудың белсенді түрлеріне тартылып, жұмыспен қамтылды. Жоба оң нәтижесін беруде. Жұмыспен қамтылғандар саны артып келеді. 2018 жылдың 1-ші қаңтарынан жана форматты атаулы әлеуметтік көмек түрі қолданысқа енгізіледі. Ол шартты және шартсыз ақшалай көмек түрінде іске асырылады. Осылайша, көпті толғандырған мәселенің көбесі сөгіліп, сең қозғалады деп ойлаймын.

– Сіздің ұжым жұмыс беруші мен жұмыс іздеушілер арасын жалғастырар көпір іспетті. Жұмыспен қамтуда жұмыс күшіне деген сұранысты арттыру, оны субсидиялау, сол арқылы халықтың табысын көтеру мәселелері қаншалықты атқарылып жатыр?

– Жұмыспен қамтуды субсидиялау бойынша әлеуметтік жұмыс орындары қарастырылған. Биылғы жылы 16 жұмыс берушімен келісімшартқа отырып, олардың сұраныстарына сәйкес қажетті мамандықтар бойынша 127 азамат әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді. Ал меже 85 адам деп нақтыланған еді, яғни жоспар 149 пайызға орындалды. Әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген адамдардың ай сайынғы еңбекақысының 35 пайызын мемлекет, 65 пайызы жұмыс беруші тарапынан төленеді. Айлық жалақы 52,0 мың теңге көлемінде. Осы мақсатқа Республикалық бюджеттен 17017,0 мың теңге бөлінген. Бүгінгі күні, оның 8810,0 мыңы игерілді.

– Жуырда мекемелеріңіздің мәдениет күнін сәтті өткіздіңіздер,

ұжымыңыздың мүшелерін сахнамен қатар, стадионнан да жиі көреміз. Сіздерде өнер мен спортты өмірлеріне серік еткен қызметшілер баршылық сияқты. Бұл бағытта өз ұстанымыңыз бар екені байқалады. Жалпы, әкімшілік қызметтің жілігін шағып, майын ішкен басшысыз, экономика ғылымдарының кандидатысыз, айтыңызшы, шын мәнісінде, мемлекеттік қызметшілер қандай болуы керек және өзіңіз жұмыстан бос уақытта немен айналысқанды ұнатасыз?

– Мемлекеттік қызметші білімді де білікті, интеллектуал, яғни елі мен жерінің және ұлтының мүддесін ойлайтын нағыз зиялы жан болуы тиіс. Ол баршаға үлгі, өнеге болуы керек. Өзім ұлы Абайдың «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмасында жұмасына бір, ең болмаса айына бір өзіңнен-өзің есеп ал» деген өсиетін естен шығармауға тырысамын. Аяулы жарым, балаларымның анасы Майра дүниеден өткен соң, ой құшағына беріліп, отбасы мәселесіне, бала тәрбиесіне, туған-туыс, дос-жаранмен араласуға көбірек көңіл бөлетін болдым. Сонымен қатар, бос уақытымда қызмет істеген жылдары жинаған рухани байлығым кітаптарымды реттеп, бір жүйеге келтіріп жатырмын. Арасында ауданнан шыққан азаматтардың туындыларына көз тастап қоямын. Соңғы жылдары «Шыңғыс хан» журналын үзбей оқып жүрмін.

2017 жыл

БАЛАНЫ ҚОҒАМ БОЛЫП ТӘРБИЕЛЕУІМІЗ КЕРЕК

Білім саласы барша жұртты толғандыратын өзекті мәселе болған соң, оның жай-күйін білмек ниетпен аудандық білім бөлімінің бастығы А.Қ.Бейсбаевпен жолығып көкейде жүрген сауалдарыма жауап беруін сұрадым.

– Асхат Қалымжанұлы, жаңа оқу жылына дайындықтарыңыз қалай өтті? Барлық мектептер бүгінгі күн талабына сай білім беруге әзір ме?

– Мемлекет тарапынан ұрпақтың заман талабына сай білім алуына бар мүмкіндіктер жасалып қыруар қаржы бөлінуде. Ауданымызда жоспар бойынша жөндеуді қажет ететін барлық мектептерге бөлінген қаржы толықтай игеріліп жатыр. Жыл сайын мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, жиһаздарын ауыстыруға ұмтылып келеміз. Мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы маусым айынан басталып жоспарланған құрылыс, күрделі жөндеу (ғимараттар шатырын жабу, жылыту жүйелерін жаңалау т.т.) және ағымдағы әктеу, сырлау жұмыстары уақытылы жүргізілді. Қызылжар ауылында жобалық құны 411 млн 482 мың теңге тұратын Лермонтов орта мектебінің 180 оқушыға арналған жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Осы қыркүйек айында Оян ауылында 242 млн теңгеге салынған 120 орындық мектеп өрендерге есігін айқара ашады. Сонымен қатар, Горький атындағы білім ордасына 256 млн 200 мың, Фрунзе мектеп гимназиясына 74,5 млн, Құлжабай батыр атындағы мектеп ғимаратына 21,6 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда барлық мектептеріміз жаңа оқу жылын бүгінгі күн талабына сай әзірлікпен қарсы алды деп айта аламын. Аудан бойынша 29 мектеп (2 бастауыш, 4 орталау, 23 орта) бар, оның ішінде типтік үлгідегісі – 20; бейімделгені – 9. Апатты жағдайдағы және үш аусыммен оқытатын мектептер жоқ. Үштөбе қаласындағы Пушкин және ауылдық елді мекендердегі Горький мен Панфилов атындағы орта мектептерден өзгесі екі аусыммен оқиды. 2012-2013 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылар саны – 6388, мұғалімдер қарасы – 837 болды.

– ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында үш айлық үш деңгейлі курстар өткізу міндеттеліпті. Білім министрлігінің нұсқаулығында қандай мұғалімдерді, қандай деңгейлі курстарда оқыту керектігі айтылған көрінеді. Осы туралы айта кетсеңіз?

Ілім мен білім – адамзат өркениетінің өлшемі болғандықтан, үнемі жетіліп, жаңарып отыруды қажет етеді. Қазіргі кезең – жаңа

көзқарасты, инновациялық жаңашылдықты талап етеді. Сабақ беру мен оқытудағы жаңа әдістерді және үздіксіз өзін-өзі жетілдіру мен кәсіби дамуды қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаның үшінші деңгейдегі базалық курсының сынағынан өткен мұғалімдер жалақысы 30, екінші деңгейдегі негізгі курс сынағынан өткен мұғалімдердің жалақысы 70, бірінші деңгейдегі дамыған курс сынағынан өткен мұғалімдер жалақысына 100 пайыз үстеме ақы төленетін болды. Сонымен қатар, онда ұстаздардың категориялары мен тәжірбиелері, қандай мұғалімдерді қандай деңгейлі курстарда оқыту керектігі айтылған. Әзірге Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы аясында «Педагогикалық шеберлікті арттыру» мақсатында Алматы қаласындағы РИПК СО мен АМКДИ базасында ұйымдастырылатын «Назарбаев зияткерлік мектебі» мен Кембридж Университетінің эксперттері бірлесіп дайындаған үш айлық, үш деңгейлі курстардан аудан бойынша 2012 жылдан бері 75 мұғалім дайындықтан өтті.

– Жаңа форматтағы мұғалімдер аренаға шығу керектігі айтылып жатыр ғой баспасөз бетерінде. «Заман талабына сай оқушылар тек тыңдап қана қоймай, өз ойларын айта білгені жөн» дейді мамандар. Педагогика ғылымдары академиясының президенті, профессор Асқарбек Құсайынов дүниежүзүлік білім беру жүйесін саралай, талдай отырып «Бізде бірінші сыныптағы алған білімді екінші сыныптағы алған білім толтыра алмайды. Бастауыш мектептегі білім жоғарғы сыныптардан басталатын үлкен ғылымға дайындық ретінде қаланбайды. Олардың өмірмен арадағы байланысы жоқ, жалған теорияға құрылған. Осылай жалғаса берсе мектептегі білім бір басқа, жоғары оқу орнындағы білім екінші басқа, өмір мүлде өзгеше сыбаға ұсынады» дейді. Осыған орай айта кетсек, мысалы, Германияда мектеп бітірген түлек бірден «Мерседес бенстің» зауытына жұмысқа тұрып бес мың евро көлемінде жалақы алуға қабілетті екен, өйткені мектептегі білім осыған мүмкіндік беретін көрінеді. Біздегі мектептегі базалық білім беру бағдарламасына көңіліңіз тола ма?

– Болашақта еліміздің айбынын асыратын, әлемге танытатын мектеп қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақ. Жоғарыда айтылған үш айлық үш деңгейлі курстардың да мақсаты қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, діліне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт-дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға тәрбиелеу екені баршаға аян. Қазіргі уақытта мектептердегі базалық білім беру бағдарламалары да осы мақсатта қайта қаралып, жоғарыдағы талапқа сай құрылуда, яғни озық білім ұлттық тәрбие және дәстүрмен қатар өрілу қажеттігі ескерілуде.

– *«Адам капиталын дамытудың негізгі көзі сапалы білім, оған қол жеткізуде тілдің маңызы зор. Біз барлық мақсатымызға өз мемлекеттік тілімізде жетуіміз керек. Халықтың даму көзі оның тілінде. Батыс ғалымдары мұны екі ғасыр бұрын дәлелдеген. Тілдің көркін келтіретін үш тұғырлы тіл емес ұлт екенімізді түсінуіміз керек. Қытайлардың 98 пайызы өз тілінде ғана сөйлейді. Үндістан ағылшын тілін хинди тілімен қатар қолданады. Бүкіл технология, білім, ғылым ағылшынша болғанымен одан үнділер дамып кете алған жоқ. Оның ЖІӨ-і қытайдың ЖІӨ-нің жартысындай ғана. Ана тілін меңгерген ұрпақ өзгелерге емес өз еліне, өз жеріне еңбек етеді. Мәңгі ел ұстанымдары: бір тіл, бір дін, бір мораль, бір мемлекет қағидаларына сүйенеді. Осы бағытта жұмыс істеуіміз керек»* деп қоғам қайраткерлері шырылдауда. Соған орай 2009 жылы сіздің бөлімнің берген мәліметі бойынша ауданымызда 610 қазақ баласы орыс сыныптарында оқызанын жазған едім. Тәуелсіз мемлекетте мұндай өрескел құбылыстың орын алуы алаңдатарлық жай. Ел мен жер иесін өз ана тілінде оқытпау білімсіздіктің, тоғышарлықтың белгісі деп бағалауға болады. Немістің ұлы философы Гегель айтады ғой «Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» деп. Бүгінде бұл тұрғыда жағдай қалай қалыптасып отыр? Сонымен қатар, өзге ұлт өкілдерін қазақ тілінде оқыту

жайы қалай? Бұл бағытта ата-аналар арасында насихат жұмыстары жүргізіліме?

– Аудан бойынша 29 оқу орнының 17-сі қазақ, 9-ы аралас, 3-і орыс тілінде білім беретін мектептер. 6 мыңнан астам оқушының 4 мыңнан көбі қазақтар болса, қалғаны өзге ұлт өкілдерінің ұрпақтары. Бүгінгі таңда қазақ тілінде білім алып жүрген диаспора және этнотоптар балаларының саны 200-ден асады, ал орыс тілінде білім алатын қазақ балаларының саны 200-ге жуық. Оның ішінде біраз оқушылар жергілікті тұрған жеріне байланысты орыс мектептеріне баруға мәжбүр болса (Кішітөбе, Үшкемей), қалған көпшілігі ата-аналарының қалауымен мектеп табалдырығын аттайды. Оқу жылының аяғы мен басында ата-аналармен үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп отырады, бірақ таңдау мен соңғы шешім ата-ана еншісінде қалып отырғанын айта кетпеске лаж жоқ.

– **Технологиясының дамуы, халқының өмір сүру ұзақтығы, экономикасының өсуі тұрғысынан алдыңғы орындағы ел Жапония екені көпке мәлім. Осы ел ерекшелігін зерттеген ғалымдар онда бір адам айына он екі кітапқа дейін оқитынын, Еуропада орташа есеппен айына бір кітап, Азияда жылына бір кітап оқылатынын анықтапты. Осыған орай «халқы тоқтамай, өмір бойы оқитын қоғам ғана алға жылжиды» деп тұжырымдапты. Ал біздің балалардың, мұғалімдердің кітап оқуға деген ынтасы, құмарлығы қай деңгейде деп ойлайсыз? Өзіңіз қандай жанрдағы шығармаларды сүйіп оқисыз?**

– «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар қашанда» демекші, аудан мен мектеп кітапханалары оқырмандарының басым көпшілігі ұстаздар қауымы мен оқушылар екендігін жұрт біледі. Мектеп бағдарламасына байланысты қосымша әдебиеттер мен материалдарды да іздейтін мұғалімдер. Еліміздің болашағын тәрбиелеп отырған мұғалімдер мемлекетімізде болып жатқан тарихи оқиғалар мен соны ақпараттарды, аймағымыздағы оңтайлы өзгерістер мен ауданымыздағы айтулы жаңалықтарды оқушыларға алғаш болып жеткізіп отырады. «Мұғалім үнемі ізденісте болуы керек, ізденісті

тоқтатқан күні оның мұғалімдігі де тоқтайды», – деген ұлы педагог К.Д. Ушинскидің ұлағатты сөздерін басшылыққа ала отырып жұмыс жасап жатқандықтан, әрі ұстаздар қауымы үнемі ізденіс үстінде жүретін шығармашыл қауым қатарынан болғандықтан түрлі әдістемелік құралдар мен мерзімдік басылымдарды жеткілікті дәрежеде жаздырып алады. Қазіргі кезде мектеп кітапханаларына көркем әдебиеттер көптеп түсуде. Қазақ және шетел классиктерінің шығармалары қайта басылып, көздің жауын алатын түрлі-түсті форматта өңделіп келуде, соның ішінде балаларға арналған әдебиет те жеткілікті мөлшерде. Оқимын деген жанға жағдай жасалған. Кітапханаларымыздың тұрақты оқырмандары бар, олардың қатары жылдан-жылға артып келеді. Оқушылар арасында кітап оқуға деген құмарлық пен қызығушылықты тудыру мұғалімдер жұмысының бір парасы деп білемін. Ал өзім болсам поэзия және детектив жанрларын ұнатамын. Бос уақытымда қолыма кітап ұстауға тырысамын.

– «Баланың тәрбиесі ол дүниеге келерден жүз жыл бұрын басталуы керек» деген даналық ой бар екен ағылшындарда. «Сондықтан балаға білім беріп қана қоймай саналы тәрбие берсек ұлт болашағы жарқын болмақ. Тәрбие мемлекеттің ірге тасы. Қазір мектепті қатыгездік жайлап барады. Балалар арасында әлімжеттілік жасау, кішілеріне зорлық-зомбылық көрсету, ақша бопсалау фактілері өсіп келеді, оған тап болған балалардың мінез-құлқында үрей, қорқыныш пайда болады. Салдарынан білім алуға деген талап төмендейді. Балаларды теледидар мен компьютер тәрбиелеп жатыр. Ұлттық тәрбие жайына қалды» деп ұлт жанашырлары дабыл қағуда. Мектептердегі тәрбие мәселесі туралы не айта аласыз?

– Ұлт зиялыларының дабылы орынды. Ұлы ойшыл Әбу Нәсір Әл-Фараби «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы; ол келешекте оның барлық өміріне қауіп әкелуі мүмкін» дейді ғой. Адам баласының жаман мінез-құлқы жаратылысынан емес, өскен ортасы мен көрген

үлгі-өнегесінен болады. Ұрпақ тәрбиеден рухани байлық алып, сол арқылы Адам болып қалыптасады. Қазір арамызда «қиын балалар» саналатын жасөспірімдер мен ата-аналары көңіл бөлмегендіктен түрлі тағдыр тәлкегіне душар болған жастарымыз көп. Біздің мақсатымыз – осындай оқушыларға мүмкіндігінше жан-жақты тәрбие беріп, мейірімділік пен қайырымдылыққа баулу. «Білім мен тәрбие егіз» дегендей аудандағы тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы «Қазақстан Республикасындағы тәрбиелеудің кешенді бағдарламасына» сай жүргізіледі. Бұл ретте әр оқушының болмыс-бітіміне тән ерекшеліктері ескеріледі. Әрбір сынып оқушысын жан-жақты білімділік пен біліктілікке баулу, әдептілік пен ізгілікке тәрбиелеу сынып жетекшісінің иелігінде болса, оның жұмысын жоспарлап, бағыт беріп отыру тәрбие меңгерушісінің құзырында. Мектептерде жыл басынан тәрбие саласы бойынша 12 бағытта жоспарлар құрылады, сол жоспардағы негізгі бағыттардың бірі – ұлттық тәрбие. Жыл бойына тәрбие жұмыстары аталған бағыттар бойынша жүргізіледі. Жалпы, ұрпақты ата-ана, мұғалім және қоғам болып күш біріктіріп тәрбиелеуіміз керек. Бәрін бірдей мектепке артып қоюға болмайды.

– Ғалым Озат Түйенбаев Әл Фараби атындағы ҚазҰУ физика пәнінің оқытушысы (озан дейін «Байқоңыр» космодромында ғылыми жұмыспен айналысыпты) «Алаш айнасы» газетінің тілшісіне берген сұхбатында былай дейді: «... осындай заманда физика пәні бойынша бұдан жиырма, отыз жыл бұрынғы кеңестік дәуірдің құрылғыларын оқытуға құқығымыз жоқ. Бүгінгі технология микро деңгейдегі құрылғылар. Қазір өзіміз жұмысқа мерседеспен келіп студенттерге арбаның құрылысын үйретудеміз. Техника ғылымы үшін жарты жылдың өзі көп уақыт. Оқушыларға заманауилық білім беру керек. Алға ұмтылмайынша өмір бойы артта жүреміз, еш уақытта қуып жете алмаймыз» дейді білікті тұлға. Ал біздің мектептерде физика, химия, биология пәндері кабинеттерінің жаңа технологиялық құрал-саймандармен жабдықталуы қандай

деңгейде? Оларды оқыту процессінде жаңа методологиялық әдіс-тәсілдер қолданыла ма? Балалардың ғылымға деген құштарлығын оятудың алғы шарттары жасала ма?

– Мектептеріміз күн санап оқытудың жаңа технологияларымен, интерактивті тақталармен, соңғы үлгідегі химия, физика, биология және мультимедиялық кабинеттермен жабдықталуда. Қазіргі таңда аудан мектептері бойынша жаңа үлгідегі 14 физика, 8 биология, 4 химия және 12 мультимедиялық кабинет іске қосылып, пән бойынша әртүрлі практикалық және лабораториялық жұмыстар жүргізіледі. Осы шаралар оқушылардың ғылымға деген құштарлығын оятуға оң әсер етеді деп ойлаймын. Соның айғағы болар мектептерімізде дарынды балалар шоғыры жеткілікті. «Бүгінгі дарын-ертеңгі ғалым», – демекші аталған пәндер бойынша оқушылардың кіші ғылыми академиясының облыстық жарыстарында жеткен табыстарымыз да толымды. Ұлы Абай «Ғылым таппай мақтан ба» дейді ғой, осы қағиданы сезінетін оқушылар қатары өсіп келе жатқанына қуанамын. Мұғалімдер оқу инемен құдық қазғанмен тең екенін әрбір баланың санасына сіңіруге әрекет етеді.

– **Жоғары сыныптарда «Алаш тану», «Абай тану» пәндері оқытылатын болғанына исі қазақ қуанып жатыр. Ал ол сабақтарды өз деңгейінде оқыта алатын ұстаздар легі бар ма?**

– Жаңа оқу жылының жағымды жаңалықтарының бірі жоғарғы сыныптарда тарих және әдебиет пәндері негізінде «Алаштану», «Абайтану» пәндері оқытылатындығы болып отыр. «Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз, енді Алашты ешкімнің қорлығына бермейміз» деп ұрандаған Алаш ардақтыларының асыл мұрасын оқып білу ұрпақтың көкірек көзін ашады, сол үшін де рухани тұрғыдан аса қажет дүние. Ұстаздарға келсек аталған пәндерді өз деңгейінде оқыта алатын жандар бар деп айта аламын, себебі олардың қатарында тәлімгер атанып терең білімдерімен әріптестері және оқушыларды тәнті етіп жүрген, жоғары санатты мұғалімдер қарасы баршылық.

– **Атақты орыс ғалымы, әлемдік психология мен физиоло-**

гияның ірі өкілі А.А.Ухтинский адам табиғатындағы өзгерістерді доминанта (үстемдік ету) теориясы арқылы түсіндіреді. «Бұл теория бойынша адам санасына сырттан келетін тітіркедіргіштер мида қызу процессін тудырады. Күшті қызу мен әлсіз қызу тайталасқа түседі де әлсіздері шеттетіледі. Ой санасы жүйеленбеген, толыспаған бүлдіршіндер психологиясына мөлшерден тыс ендірілген қызулар елеулі қауіп тудырады» деп тұжырымдапты. Педагогика және медицина ғылымдарының докторы Советхан Ғаббасовтың ойы да осы үндес. «Үш тұғырлы тіл саясаты бұл қылмысқа парапар іс. Балабақшадан және бірінші сыныптан бастап үш тілді қатар оқыту бүлдіршін психологиясын есепке алмау және оған зорлық көрсету» дейді де Білім министрлігі төңірегіндегі ғалымдар неге үнсіз отырғанын түсіне алмайды. Баршаға үлгі боларлық Жапония елінде балаларды он екі жасқа дейін тек өз ана тілінде оқытады. Ана тілінің уызына жарымаған ұрпақ ешкімді көгертпейтінін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Кеңес заманының өзінде біздер орыс тіліне бесінші сыныптан кейін ғана ден қойдық. «Әлемнің алдына шығамыз» деп жалаң дақпырт, даңғазға ұранмен әуестеніп кеткен жоқпыз ба осы? Тыңнан сүре саламыз деп жүріп тұнығымызды лайлап алсақ ұлттық болмысымыздан айырыламыз ғой? Бұл жайға ауданның бас білімгері, ұстазы ретінде өз көзқарасыңызды білдірсеңіз?

– 2013-2014 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқыту ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 23-тамызындағы №1080 қаулысымен бекітілген ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша 1-сыныптан ағылшын тілін оқыту енгізіліп отыр. Ағылшын тілі 1-сыныпта аудиолау және сөйлету (ауызша алға озу принципі бойынша; ағылшын әліпбиімен танысу 2-жартыжылдықтан басталады) оқу және жазу 2-4 сыныптан бастап жүзеге асырылады. Бұл үрдіс республикамыз бойынша бірнеше мектептерде эксперимент ретінде оқытылып келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»

атты Жолдауының 26-шы бағытында тілдердің үш тұғырлы мәдени жобасын кезең-кезеңмен іске асыруды тапсырды. Онда «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономиканы ойдағыдай кірігу тілі». Соған орай үш тұғырлы тіл идеясы жүзеге асырылады.

– Ауданда балабақшамен қамтылу жағдайы қалай жүріп жатыр? Кезекте тұрған адамдар бар ма?

– «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген даналық сөзді басылыққа алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды да назарда ұстап отырмыз. Қаламыздағы №97 балабақшада 314 бүлдіршін, №25 балабақшасында мектепке дейінгі жастағы 252 бала тәрбиеленуде. 2012-2013 оқу жылында 19 мектептің жанынан ашылған 600 орындық мектепке дейінгі шағын орталықтар жұмыс істеуде. Оның ішінде 150 орындық 3 шағын орталық Үштөбе қаласында, 450 орындық 16 шағын орталық ауылдық елді мекендерде орналасқан (9 шағын орталық қысқа мерзімді, ақысыз). Ауданымызда «Балапан» арнайы бағдарламасы негізінде балабақшаларды қалпына келтіру, оның ішінде бұрын жалға берілген, жекешелендірілген нысандарды мемлекет меншігіне қайтару, бос ғимараттарды қалпына келтіру, қайта құру мәселелері мен жеке меншік балабақшаларды ашу және мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша жұмыстар атқарылуда. Бұл бағытта 2014 жылы Қызылжар ауылы Лермонтов атындағы орта мектептің жанынан 25 орындық шағын орталық ашылса, 2015 жылы Жаңаталап ауылындағы ескі балабақша ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, 75 орындық болып, қайта іске қосылмақшы. Қазіргі кезде білім бөлімінде балабақшаға 100-ге жуық бала кезекте тұр.

– Мектептер баланы еңбекке баулитын бөлмелер және спорт залдарымен толық қамтылған ба? Оны сұрап отырғаным мен 1967 жылы №13 мектепті бітіріп едім, содан қызмет бабымен 2009 жылы жол түсіп осы оқу орнының еңбек сабағы

өтетін бөлмесіне кіргенімде кабинеттің тура сол қалпында жабдықталып тұрғанына таң қалдым. Одан бері 42 жыл өтсе де еш өзгермепті. Бүгінде еңбек пәні сабақтарында ұлтымыздың қолөнері саласын дамыту жұмыстары қолға алынса деген де халық ішінде пікір бар. Ұлттық байлығымыз саналатын көне өнерімізді ұрпақтан ұрпаққа мұра зып қалдыруымыз керек екенін әркім де түсінетін болар. Бар мүмкіншіліктерге қарай сырмақ сырып, оюлап құрақ құрау, әшекейлеп көрпе мен киім тігу, жүн түтіп киіз басу, сандық, кебеже, ер тұрман жасау, қамшы өру т.т. қолға алынса деген де тілектер айтылады. Мұндай бастаманы жүзеге асыруға бола ма?

– Спорт залдары бейімделген мектептерімізде жоқ, ал еңбекке баулитын бөлмелермен қамтылғанбыз. Еңбек сабақтарында технология пәні бекітілген бағдарлама бойынша өткізіледі. Ал қолөнер саласын дамытуға бағытталған жұмыстарды айтар болсақ, ол әзірге мүмкін болмай тұр. Бұл мәселе оң шешімін табуы үшін білікті кадрлар керек, сонымен қатар көп көлемде шикізат қажет, оны алуға бюджетте қаржы көзі қарастырылмаған. Бастама 12 жылдық оқу жүйесіне көшкенде жүзеге асырылар деп ойлаймын.

– *Жаттандылыққа, жалған білімге құрылған ҰБТ шынайы білімнің өлшемі бола алмайтындығы туралы ой ел арасында көп айтылады. Соған қарамастан одан бас тарту туралы жоғарыда сөз қозғалмайды. «Тесті жаттауға дағдылану жастардың өз бетімен жұмыс істеу мүмкіндігінен айырады, ой өрісін тарылтады, тілін байлайды, аяғын тұсаулайды. Балаларды ғылымға тарту мектеп қабырғасынан басталуы тиіс. Ғылыми жаңалық ашу өз бетімен жұмыс істеудің жемісі» деп қорытындылайды озық ойлы мамандар. Сіздің ҰБТ-ға көзқарасыңыз?*

– Оқушылардың 11 жыл алған білімдерін саралайтын, бәріміз үшін үлкен сын болатын ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесінің еліміздің білім саласына енгеніне де 10 жылдай уақыт болды. Тесті жаттауға дағдылану балалардың өз бетімен жұмыс істеу мүмкіндігінен айырады, ой-өрісін тарылтады, тілін байлайды

деген уәжбен келісуге болады. Бірақ жоғары жақтың талабы мен бұйрығына сәйкес бүгінде ҰБТ-мен оқушылар білімі сараланып отыр, сондықтан мен оған қарсы ешқандай дау да, кереғар пікір де айта алмаймын. Тағы бір ескерер жай әзірге ешкім де ҰБТ-дан басқа оқушының білімін саралайтын әдіс-тәсілді ойлап тапқан емес.

– Жақсы, ендеше басқа сұраққа ойысайық. «Жас келсе іске» деген жас мұғалімдер легі жаңа бір серпін, леп әкеліп жатырма? Олардың аяқалыстары қалай?

– Мектептерімізде қазіргі уақытта 3 жылға дейінгі еңбек өтілімен қызмет жасап жатқан жас мұғалімдер көптеп саналады. «Асыл тастан, ақыл жастан», дегендей жас мамандарымыз қазіргі заман талабына сай ақпараттық-коммуникативтік технологияларды жетік меңгеріп, сапалы сабақтар беруге талаптанып жатыр. Олардың алғашқы қадамдары жаман емес. Араларында қабілет-қарымдары жалын ұстайтындай, болашақтарынан мол үміт күттіретін дарынды жастар бар.

– Асеке, әңгіме барысында көпшілік қауымды толғантып жүрген біраз жайдың басын қайырдықы қой деймін. Ендігі соңғы сауалыма жауап бере кетсеңіз. Қысқы маусымда кейбір мектептерде оқушылар сырт киімдерімен отырып тоңып қалатын жағдайлар кездесетінін жоққа шығара алмассыз. Осы түйткіл мәселеден тиісті қорытынды шығара алдыңыздар ма? Жаңа оқу жылында ғимараттарда қалыпты жылу температурасын ұстап тұруға мүмкіншілік бар ма?

– Мектептерде қысқы маусымға дайындық маусым айынан басталғанын жоғарыда сөз еттім. Бүгінде мектептер сұйық және қатты отындарын өз нысандарына жеткізіп, қысқа дайындықтың қамымен қарбалас үстінде жүр. Мекемелеріміздің 8-нен басқасы сұйық отымен жылытылады. Онымен бүгінгі күнге 48,2 пайызға қамтылып отырмыз. Жабдықтаушы орындармен келісім шарттарымыз жасалған. Соңғы жылдары қыс айларында қатты аяздардың болуына байланысты мектептерімізде қалыпты температураны

ұстау қиындық тудырып жүргені рас. Оны жоққа шығара алмаймын. Сол үшін де қолда бар мүмкіншіліктерді іске асыруға әрекет жасап жатырмыз. Бөлінетін сұйық отын лимитін де үнемдеп ұтымды пайдалануға тырысамыз. Мектептерде жүргізілген жөндеу жұмыстары: шатырлар мен жылыту жүйелерінің жаңартылуы, басқа да жылу сақтауды қамтамасыз ететін тетіктер қалыпты температураны ұстауға оң әсер етеді деп үміттенеміз.

– *Асхат Қалымжанұлы, «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» деп данышпан Абай атамыз өсиет еткендей мұғалімдеріміз шәкірттеріне адал тәрбие мен тұнық білім бере берсін деген ақ ниетпен сұхбатымызды аяқтайық.*

2013 жыл

ҚЫСҚА ЖІП ... КҮРМЕУГЕ КЕЛМЕЙДІ

Ауыл қазақтың қара шаңырағы, ажырамас кіндігі саналады. Тіл мен діл де ауылдан бастау алады. Ауылды өркендетпей еліміздің дамуын көзге елестету қиын. Осыған орай аудандағы ауылшаруашылығы саласының жай-күйін білмек болып осы бөлімнің тізгінін ұстап отырған Ж.Тасыбаевпен жолықтым.

– *Жәнібек Шоғалұлы, ауыл туралы сөз қозғағанда еріксіз кеңестік дәуір еске түседі. Көз алдыға сайын дала төсінде жайылған отар-отар қой, табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқы малы елестейді. Қалай ойлайсыз колхоз-совхоздарды таратып жіберу қаншалықты дұрыс болды? Қаншама жұрт жұмыссыз қалып үдере көшті, жылдар бойы жиналған материалдық байлық ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Әлеуметтік саланың көрікті ғимараттары қирады, мысалы Калпе ауылының мәдениет үйін айтсаңызшы. Айтып-айтпай не керек ауылдың басынан бақ тайып көп нәрсе бүлінді ғой. Енді міне жиырма екі жыл өтсе де ауылдың ажарын аша алмай келеміз. Еліміз азық-түліктің 60 пайызын сырттан та-*

сиды екен. Ал колхоз-совхоздарын сақтап қалған Беларусь елі бізге ауылшаруашылығы өнімдерін экспортқа шығарады. Жазушы Ж.Кеттебектің «Қарағаш» атты әңгімесін оқи отырып Мәскеудің қазақты әлсірету үшін ауылды жоюға бағыттаған сұрқия саясатын біліп жағамды ұстадым. Азамат ретінде, маман тұрғысында тарату процесіне көзқарасыңыз қандай?

– Бұл сұраққа бір жақты жауап беру қиын шығар. Ақиқатын іздеп екі ұдай ойға қаласың. Нақты жауабын уақыттың еншісіне қалдырайық. Колхоз-совхоз барда халық жұмыспен қамтылды, әлеуметтік жағынан қорғалды. Малдың да көп болғаны рас. Республикамыз өндірілген етімен бүкіл Одақты асырады десе болады. Әскери борышымды өтеп қияндағы Моңғолия елінде жүргенде Семей қаласындағы ет комбинатында шығарылған бұқтырылған ет консервілерімен тамақтанатынбыз. Кемшін тұсы – ол кезде елімізде шикізат өңдеу өндірістері аз салынды.

– *Инновация тұрғысынан алып қарасақ та жүздеген, мыңдаған гектар алқап болса онда жаңа технологияны ендіру, шикізат өңдейтін кәсіпорындарды салу қиындық тудырмас еді ғой? Қазіргі жер, су ресурстары бөлшектенген тұста, шағын шаруашылықтарда алдыңғы қатарлы озық үлгілерді енгізу мүмкін бе?*

– Бұл тұрғыда қиыншылықтар бар. Ірі шаруашылықтарда ғылымның соңғы жетістіктерін қолдану, озық технологияны іске қосу мүмкіншіліктері мол екені белгілі. Ол үшін шаруа қожалықтарын ірілендіруге, біріктіруге бет бұрған дұрыс деп білемін. «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпас» демекші бас біріктірмесек алысқа бара алмаймыз. Қолдағы бар ресурсты бір ортаға жинақтаған жөн. Бірінде техника, екіншісінде мал, үшіншісінде жайылым т.т. бар дегендей. Жер уақытысында жырттылып, өнім дер кезінде жиналса іс оң нәтижесін береді. Шағын көлемді жерде ғылыми жүйеге негізделген ауыспалы егіс (севооборот) тәсілін де жүргізе алмайсың.

– *Алланың адамға берген сыйы жерді сатып тауарға айналдырып жібердік. Оның киесі ұрады-ау деп те қорықпадық.*

Өкініштісі, оның негізгі иелері қалтасы қалың олигархтар (Мадинов, Кулагин, Терещенко т.т.) екенін жұрт біледі. Әрине жер мәселесі үлкен проблема, ол арнайы тақырыпты қажет ететіндіктен, менің сұрайын дегенім жерді жекешелендіру сіздіңше дұрыс па, жоқ әлде бұрыс болды ма?

– Мемлекеттік тұрғыда шешім қабылданғаннан кейін оны орындауға міндеттіміз. Жер ауыл тұрғындарының үлесіне қарай бөлінді. Суармалы және жайылым жерлер 49 жылға берілді. Тарату процесінен адамдар жекеменшіктің күдіретін, тәтті дәмін сезінді деп ойлаймын. Жұрт ысырапшылдықтан арылып, жауапкершілік жүгін арқалауға бет бұрды. «Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар» деп бекер айтылмайды ғой, жері бар шаруалар зор құлшыныспен іске кірісті.

– **Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қорлары «Сыбага», «Егінжай» т.б. шаруа қожалықтарының ісін өрге бастыруға қаншалықты көмектері тиюде? Олардың мақсатын қалай түсіндіріп жатырсыздар? Біздің ауданға бөлінген қаржы толықтай игеріліп жүр ме? Субсидия алуға тиесілі қожалықтардың бәрі бірдей оны ала-ала ма?**

– Шаруа қожалықтары үшін қорлар өте тиімді болды. 2005 – 2007 жылдары ауданға 20 млн астам қаржы бөлініп, ол қожалықтары тіркеуде тұрған ауыл тұрғындарына мал сатып алуға несие түрінде берілді. Әр шаруа 130 мың теңгеден алды. Қынжыларлығы 8 млн теңге уақытысында қайтарылмай сот орындарына жүгінуге тура келді. 2008 жылы 0,5 пайызбен екі жылдық мерзімге 21 млн теңге таратылды. 400 мың теңгеден несие алғандар мал басын біраз көбейтіп алды. 2011 жылы мал қарасын өсіруге және егін егуге қожалықтарға 3 жыл мерзімге бір млн теңге үстінде қаржы берілді. 2012 жылы төрт шаруа қожалығы жеті жылдық мерзімге алты пайыз өсіммен 39,3 млн теңге несиеге қол жеткізді. Бүгіндері шаруаларға кепілдігі болса үш жылға 3 млн теңге көлемінде несие үлестірілуде. Ауданға бөлінген қаржыны толықтай игеру үшін кепілдікке қоятын жылжымайтын мүлкің болуы керек. Мысалы

8 млн несиеге қол жеткізу үшін 16 млн қаржыға саудаланатын үйің болуы шарт. Ал ауылдық жердегі үйлер төмен бағаланатын болғандықтан банктер оларды кепілдікке алмайды. Астана, Алматы, Талдықорған сияқты қалаларда баспанаң болған жағдайда ғана оған мүмкіндік аласың, сондықтан қаржыны игеру жағынан қиындықтар бар. Шаруамды дөңгелентсем деп ынта білдіруші азаматтар баршылық, бірақ «қысқа жіп байлауға келгенмен, күрмеуге келмейді» дегендей қолдың қысқалығы шаруаның дамуын тежеп тұр. Түсіндіру, ұғындыру істеріне келсек «АгроБизнес 2020» бағдарламасы бойынша қолдау қоры аудандық жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп насихат шараларын жүргізуде.

– Ауданымызда қандай өсімдік дақылдары егіледі және олардың тұқымын қайдан аласыздар?

– 2012 жылы егін көлемі 21546 гектарды құрады. Оның ішінде дәнді дақылдар – 8918, майлы дақылдар – 2485, қант қызылшасы – 1250, картоп – 1115, көкөніс – 1475, бақша дақылы – 410, мал азығы дақылдары – 5893 гектар бөлдi. Көктемгі егістік жұмыстарын жүргізуге ағымдағы жылы (минералдық тыңайтқыштар мен ағын суға және бау бақша өнімдеріне) жергілікті бюджеттен 113,5 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда оның 96 млн 675 мыңы алынды. Ауданда тұқым шаруашылығымен айналысатын 3 шаруашылық бар. «Қаратал» АҚ элиталық күздік және жаздық бидай, сонымен қатар жоңышқа тұқымын, «Опытное» өндірістік кооперативі күріш, ал «Шығыс Қаратал» ЖШС репродукциялы күріш пен жоңышқа тұқымдарын өсірумен айналысады. Оларға үкімет тарапынан биылғы жылы 29 млн 273 мың теңге субсидия берілді. Қант қызылшасының тұқымын «Көксу Шекер» зауытынан аламыз деп жоспарлап отырмыз.

– Егін алқаптары мен бау-бақша атыздарын ағын сумен қамтамасыз ету жағы қалай? Іле ауданында аграрлық секторды инновациялау мақсатында тамшылатып сугаруды қолға алыпты. Ол жердің құнарлылығын сақтап қана қоймай өнімді бірнеше есе арттырады екен, бірақ қондырғылардың қымбат

болуына байланысты қол жетімді емес көрінеді. Бізде оларды қолдану мүмкін бе?

– Егістік көлемінің құрылымына байланысты берілетін су көлемі 180 млн текше метрді құрап отыр. Бұл егістікті жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етеді. Тамшылатып суғаруды келер күндердің үлесіне қалдырамыз. Кеңестік кезеңнен бері біршама суармалы егістік жерлер айналымнан шығып қалды. Суғармалы жерді игеруде ауыл округтары салғырттық танытып отыр. Күздік, жаздық бидаймен қатар, арпа, күріш дақылдары мен қант қызылшасы көлемдері азайып кетті. Берілген тапсырма көрсеткіштері орындалмады.

– **Ата-бабаларымыз төрт түлік малдың жағдайын тауып, еті мен сүті құнарлы мал өсіргенін, тұқымын жақсарту үшін табиғи сұрыптаудан өткізіп отырғанын әдеби туындылардан білеміз. 1921-23, 1931-33 жылдардағы ашаршылық кезінде орасан зор мал қарасынан (40 миллионнан астам) айырылып қалғанымыз тарих беттерінде қатталған, соның ішінде асыл малдар да, оның күтімін білетін небір өз ісінің һас шеберлері де кетті. Енді міне малдың жайын күйттеу үшін жат жұрттан мал әкелеміз, олардан ақыл сұраймыз, солардың айтқанын мақұл көреміз. Шындығында өзімізде де асыл тұқымды мал баршылық қой? Мысалы Еділбай қой тұқымы, ақбас ірі қара мал дегендей? Соларға неге жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбейді деген ой мазаламай ма сізді?**

– Отарлау саясаты үстемдік құрған сол бір аласапыран заманда миллиондаған мал басы мен оның бабын білетін мыңдаған адамдардан айырылуымыз үлкен қасірет болды. Ұрпақ сабақтастығы үзілді. Білікті жандар білгендерін өзімен бірге ала кетті. Әрине, бұл орны толмас ауыр трагедия. Ал қазіргі жағдайға келсек биылғы жылдың басына өңіріміздегі мал басы төмендегі санды құрады: мүйізді ірі қара 31300, қой мен ешкі 82500, жылқы 6938, шошқа 7100, түйе 55. Мал басы жыл санап өсіп келеді. Бүгінде асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын сегіз ауылшаруашылық құрылымы бар. Солардың ішінде «Қаратал» АҚ, «Нұржан» және «Көдек»

шаруа қожалықтарын бөле-жара айтуға болады. Қараталдықтар австралиялық биязы жүнді қой өсіреді. Олардың саны бүгінде алты мыңнан асты. Ағымдағы жылы 100 саулықтан 103 қозы алынып, әр қойдан 5,1 кг жүн қырқылды. «Бено» қожалығы сүт, ал «Асқар» мен «Бауыржан» шаруашылықтары ет бағытындағы ірі қара мал өсірумен айналысады. «Сарыбұлақ» қожалығы болса таза қанды ағылшын жылқысын өсіреді. Шетелдіктерден де үйренетініміз бар, ол айып емес деп ойлаймын.

– Мал мамандары «шелек-шелек сылдыр сүт беретін, тонналап ет беретін сиырдан бір кесе сапалы сүт беретін еті құнарлы сиыр өсіру тиімді. Тонналап өнім алсақ дейміз, ал оның сапасына мән бермейміз» деп қапаланады. Бізге жоспар орындау керек, сондықтан бастысы сапа емес сан шығар?

– Сан мен сапа қатар жүрсе мақсаттың орындалғаны деп біліңіз, бірақ әрдайым ойлағаның бола бермейді. Сапа ақсап, сан жағы басым түсіп жатады. Сол үшін де таразы басын теңестіруге күш саламыз.

– Қыруар қаржыға шетелден ауру мал сатып алып біраз шудың болғанын теледидардан көрдік. Еліміздің ауа райы мен топырағына сай келмейтін малдың жерсінбейтінін, оны алып келгенше тұқым сатып алып өзіміздің малды асылдандырған жөн деген пікір халық тарапынан жиі айтылады. Осы жайға көзқарасыңызды білдіре кетсеңіз?

– Сырттан әкелінетін малдың жергілікті климат пен жем-шөп азығына қысқа мерзімде бейімделіп кетуі оңай емес, уақытты қажет етеді. Импортталатын ірі қараның санын азайтып өзіміздегі барды асылдандыру керек екендігін мал соңында жүрген мамандар біледі. Сол бағытта жұмыстар жасалып та жатыр. Ал тұқымға келсек, оның арзандау екені рас, бірақ бұқаны бір рет сатып алсаң одан сан мәрте мыңдаған тұқым алуға болады ғой?

– Ауыл маңайындағы мал жсайылымы өрісінің тарылуынан, мал өсіру қиындап бара жатқан сияқты? Шабындықтардың дені жекенің иелігінде екенін ескерсек жем-шөп дайындау да оңай

емес. Қажетті техника мен жанармай бағасы да удай қымбат. Мұндай жағдайда ауыл тұрғындары мал басын көбейте ала ма?

– Өрістің тарылуы кейбір елді мекендерде (Қаражиде, Оян, Кәлпе, Тастөбе, Жаңаталап) байқалады. Жайылым көлемі кеңес заманындағы өлшем бойынша кесілгенін ескеруіміз керек. Ол кезде әр шаңырақ бір бас бұзаулы сиыр мен он қой ұстауға ғана еркі болды. Қазіргі шақта кей түтіндерден он бес шақты ірі қара шығады, яғни мал басы көбейіп жайылым тарылып барады. Төрт-түліктің санын арттырам дегендерге қалың құмның ішінен және кең жайлаудың төрінен жер беріледі. Қыс қыстауында, жаз жайлауында отырып мыңғырған мал ұстауына мүмкіншілік жетіп артылады. Қазір шөбі белуардан келетін қарағайлы «Қызылауыз» бен «Терісаққан» жайлауларына 22 мың қой, 4 мың ірі қара, 2 мың жылқы апарылды. «Қаратал» АҚ 3 млн 200 мың теңгеге Тентек өзенінің үстінен көпір салып жердің көркі саналатын «Шымылдық қарағай» шатқалына жол ашты. Ол жерлер бос жатыр десе болады. Мал иелерінің көбі құм мен жайлауды алыссынады, «жұмақ» үйінің маңайында болса екен дейді. Оны қалыптасқан жағдай көтермейді.

– Сыртқа 60 мың тонна ет шығарамыз деп әлемге жар салған біздің елде азық-түлік бағасы неге қымбат деп ойлайсыз?

– Бүгінде мал ұстау қиын шаруа екенін айттық. Өнімнің өзіндік құны қымбатқа түсуде. Малды бағу, жем-шөп дайындау, техника мен жанар-жағар май алу көп қаражатты талап етеді. Шаруа адамы қолдағы малынан пайда таппаса несіне ақ тер, көк тер болады. Сол үшін де өнімін арзандата алмайды. Бұл мәселені шешу үшін мал басын көбейтіп, егіс көлемін ұлғайту қажет.

– Жылыжайлар салу қолға алынған секілді, жалғасы бола ма?

– Ауданда 2008 жылдан бері 0,97 гектар көлемге ие 14 жылыжай салынды. Бірінші жарты жылдықта олардан 75 тонна өнім алынды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

– Бұрындары ауданымызда мал бордақылау алаңдары болып еді, сол үрдіс жаңғыра ма?

– «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасына сәйкес 2015 жылға дейін елімізде 150 мыңға жуық ірі қара малды бордақылайтын қуаттылығы бар мал бордақылау алаңдарын салу, 300 мың аналық бас ірі қара малдың басын бағатын фермерлік шаруашылықтар құру көзделген. Соған орай ауданымыздың 24 шаруа қожалығы жоба аясына кіріп, әр бас малға 16500 теңгеден субсидия берілді (биыл ол екі мыңға өсіп отыр). Барлығы 41 млн 472 мың теңге қаржы төленді. «Асқар» шаруа қожалығы 300 бас ірі қара мал басына лайықталған мал бордақылау алаңын салды.

– *Елдің әл ауқатын көтеру мақсатында «2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның мақсаты экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін секторларын дамыту» деп айтып жатыр зой басшылар да қосшылар да. Соған орай тері-терсек, жүн-жұрқа мәселесін қозғай кетсек. Қазірде оларды елімізден сыртқа шикізат күйінде әкетіп жатқанын әркім де біледі. «Неге оны өзімізде өңдемеске» деп орталық басылымдар жиі алаңдаушылық білдіреді. Әлде бізде олай істеу мүмкін емес пе? Сырттағылар жоқтан бар жасайды, ал біз барды ұқсата алмаймыз. Сүйте тұра мақтанғанда алдымызға жан салмаймыз. Осы жағын түсіну қиындау боп тұрғаны?*

– «Үштөбе-Отау» ЖШС жүнді алғашқы, яғни бастапқы кезеңде өңдеу кәсібін қолға алып, өндірістік жолға қойып отыр. Бірте-бірте күртеше, тон секілді жағалы киімдерді де өзімізде шығарармыз. Ол күндердің де ауылы алыс емес деп үміттенемін.

– *Қызмет жайын біраз қаузадық, ал оқырмандар үшін өмірлік ұстанымыңызды да айта кетсеңіз?*

– «Жақсыға жақын жүрсең несібі жұғады, жаманға жақын жүрсең кесірі тиеді» дегендей жаманнан аулақ, жақсыға жақын жүргенді жүрегім қалайды. Тегінде «адам болам десеңіз бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деп өсиет еткен ұлы Абайға жүгінгенді жөн көремін.

– *Шыныңызды айтыңызшы соңғы рет қолыңызға әдеби кітапты қашан ұстадыңыз?*

– Күнделікті туындап жататын қым-қуат жұмыстан қол тие бермейді. Дегенмен өзімнің кәсіби қызметім мен рухани әлемімді байытуға қажет деп санайтын салалық газет-жорналдар мен мерзімдік басылымдарды үзбей оқуға тырысамын. Көркем әдебиетті қолға ұстамағанымашыны керек біраз уақыт болды. Алдағы шақта оны ескеру керектігін жадымда ұстайтын боламын.

2013 жыл

ТЕМІРЖОЛ – МЕМЛЕКЕТТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Теміржол ел экономикасының көлік кешенінде маңызды рөл атқарады. Ол жолаушылар мен жүктерді тасымалдауда қауіпсіз болғандықтан халықтың басым бөлігі осы көлік түрін пайдалануды жөн көреді, сондықтан оған артылған жүк те, жауапкершілік те ауыр. Мереке қарсаңында сала қызметкерлерінің тыныс-тіршілігін білмек болып, КТЖ АҚ Алматы бөлімшесі бойынша жүк тасымалы дирекциясының филиалы Үштөбе станциясының басшысы Е.Е.Ниетжановқа жолықтым. «Ер жігіт, ақылы көп елді билер, тасты да қолы білген ұндай илер» деп, жас та болса жол қауіпсіздігі мен жүк тасымалын қамтамасыз ететін өндірістік ошақтардың басын қосып, тізгінін ұстап отырған азаматқа оқырмандарды қызықтырады-ау деген сауалдарымды қойдым.

– *Ербол Есімбайұлы, қазақтың керіліп жатқан кең даласын сара тіліп, домбыраның қос ішегінде тартылған темір жолмен поездар ертелі-кеш өрге өрлеп дөң асып, ылдидан заулап қыр асып дегендей, дүрсіл-гүрсілімен жер тамырын солқылдата, арлы-берлі жүйіткіп жатыр. Солардың шабан аттай болдырмай көсіле самғауын қамтамасыз етіп жатқан Үштөбе станциясы ұжымының жұмыс режімі мен технологиялық процесстері және оған кіретін құрылымдар туралы қысқаша айтып өтсең?*

– Станция жұмысының технологиялық процесі поездарды қабылдау мен жөнелту, жүктерді түсіру мен сұрыптау, жылжыма-

лы құрам мен тасымалданатын жүктердің сақталуын, жылжымалы құрамның бос тұруын қысқарту, жолаушыларға, жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға уақтылы және сапалы қызмет көрсету, жолаушы және жүк поездарының қозғалысы кестесінің орындалуы, поездар қозғалысы қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ету талаптарынан тұрады. Құрылымдар құрамына келсек, олар: жол жөндеуші ПЧ-46, Үштөбе дистанциясының дыбысты дабыл беру (сигнал) және байланыс торабы ШЧ-32, жол торабын электр қуатымен қамтамасыз ететін ЭЧ-20, поездарды апаттан құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін ВП-32, Темір жол вокзалы, Үштөбе локомотив айналымы депосы ТД-14, тасымалданатын жүктердің жол бойында сақталуын қамтамасыз ететін темір жол әскери күзеті ВЖДО АҚ, Алматы дирекциясының жол жөндеу бөлімі АДРП, вагон шаруашылығы ВЧД-25 және тұйықталған жолдар (тупик) ұйымдарынан тұрады.

– Жүктерді қабылдау және жөнелту жөніндегі жоспарлардың орындалу барысы қай деңгейде?

– Ағымдағы жылдың алты айында вагон саны мен тонналық салмақ өлшемі бойынша жүк тиеу жоспары, сондай-ақ әр вагонға шаққандағы статистикалық жүк салмақ көрсеткіші 100 пайыз орындалды. Вагон саны бойынша жүк түсіру 111 пайызды құрады. Басқа да көрсеткіштер ойдағыдай жүзеге асырылды. Тек жергілікті вагондардың бос тұруы және бір жүк операциясы астында бос вагонның тұрып қалу көрсеткіштері, тиісінше, 86,17 және 87,99 пайыз боп тіркелді. Ұсталынатын немесе пайдаланылатын вагондар жұмыс паркі жоспардағы 260 орнына, 232 вагонмен шектелді, яғни жоспар 89,23 пайызға орындалды. Тапсырылған көрсеткіштердің орындалмауының объективті себептері бар, оны ашып айтудың оқырмандарға қажеттілігі бола қоймас.

– Жолаушылар тасымалы мен жүк тасымалы екі бөлек пе?

– Иә, жолаушылар тасымалы жүк тасымалынан бөлінген. Соның нәтижесінде жолаушылар тасымалдайтын жылжымалы құрамдар

жаңартылып, сервис те біршама жақсарды. Жүк тасымалдайтын вагондардың да қарасы көбейіп, сапасы оңалды.

– Теміржолдағы тарифтер өсімі мен билет бағасы туралы не айтасың?

– Вокзал бастығы Гүлнар Малгеждарованың берген ақпаратына сүйене айтсам тарифтер мен билет бағасы тұрақты, яғни қолжетімді, шарықтап өскен жоқ, сондықтан да көпшілік темір жол көлігін пайдаланады. Тек, маусымдық коммерциялық поездар билетінің бағасы қымбаттағаны рас. Мысалы, Алакөл демалу аймағына қатынайтын көлік иелері бағаны өздерінің ішкі есебі бойынша қояды. Оларға биліктің талап-тілектері жүре қоймайды.

– Теміржолдағы тұйықталған жолдардың (тупиктердің) жұмысынан аз-кем ақпарат бере кетсең?

– Олардың ұзын-саны 22. Негізінен жүк түсірумен айналысады. Ара-арасында жүк тиеу де бар. Жылжымалы составтар мен жол қауіпсіздігіне өздері жауап береді. Өздеріне қарасты жол бөлігін бекітілген ережеге сай таза ұстау да солардың еншісінде.

– Бұрындары ақ түтек боранда, сары шұнақ аязда теміржолды қар басып кетпес үшін перегондарда шарбақтар (щит) қойылатын, кейіннен ағаштар (негізінен, сексеуіл, қараағаш) отырғызыла бастады. Үштөбеде Кеңес Одағының батыры И.В.Косенков басқаратын ағаш отырғызып, орман алқабын өсіру бөлімшесі (лесопосадочный участок) жұмыс істеді. Қазірде сондай қауіпсіздік шаралар жасалып, теміржол қардан сақтала ма?

– Әрине, бүгінде кең көлемде болмаса да локалды, яғни бір жердің шеңберінде қолданылады. Атап айтқанда, қыстың қытымыр күндерінде ұдайы қар ұйытқып, боран соғып тұратын Бескөл, Көктұма станцияларының аумағында ағаш шарбақтар қойылады. Ал жол бойына ағаш отырғызу, оларды күтіп-баптап өсіру жұмыстары қазірде жалғасуда.

– Бала кезімде 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдың басында отарбалар (паровоздар) түтінін будақтата, буын

бұрқылдата, гудоктарын өгіздей өкірте, дөңгелектерін сарт-сұрт безектете, шұбатыла тіркелген вагондарын бурадай ышқына тартып, айғырдай азынағанымен Қайрақты мен Қарой разьездерінің тұсындағы жотаға келгенде ентігіп, нысылдап, жүрістерін баяулатып қыраттан жыландай ирелеңдеп, қоңыздай өрмелеп зорға көтерілетін. Кейде «нар да қашар ауырдан» деп, зорыққандарынан шыға алмай қалатын, сондайда Үштөбеден паровоз (толкач) жіберіліп, ол составтың артынан итеріп, әуірімдеп жүріп, өрден шығаратын. Мұны, жасстар, сендер біле жүрсін деп, әдейі, айтып отырмын. Бұл жайды темір жол тарихынан айтылған бір үзік сыр деп білсеңдер де болады. Бүгінде, локомотивтердің күш-қуаты артып, олар арқыраған қара-көк тұлпардай аршындап, оқтай зымырап дегендей, ерсілі-қарсылы ағылып жатыр. Барар жеріңе әні-міні дегенше, көзді ашып-жұмғанша жеткізіп салады. Жалпы, бүгінде темір жол саласының өзекті проблемалыры деп, қандай түйіткіл мәселелерді айтар едің?

– Теміржолда түйіні тарқатылмаған кем-кетік проблемалар бар шығар, бірақ ол туралы жоғары биліктің айтқаны жөн болар. Біз үшін бас ауыртатын басты мәселе адамдардың арнайы өткел орнатылмаған, белгі қойылмаған жерлерден теміржол желісін басып, кесіп өтуі, Әсіресе, І.Есенберлин мектебінің тұсы алаңдатады. Сонымен қатар, тұрғындар малдарына ие болмай, оларды бей-берекет бос жібереді, оның арты насырға шауып, мал поезд астына түседі. Нәтижеде, қауіпті, апатты жағдай туындайды. Шойын жолдың ұзына-бойына қоршау қоя алмайсың. Оның үстіне, қазірде станциямызға жүк поездарының бәрі-бірдей тоқтай бермейді, кейбірі транзит екпінімен жұлдыздай ағып өтеді. Олар өндіріс нұсқасына (инструкциясына) сәйкес сағатына 70-80 шақырым жылдамдықты ұстанады. Тежеу жолының ұзындығы 800 метр екенін ескерсек, машинистер тежегішті уақытылы іске қосқанымен поезды тоқтатып үлгере алмайды. Адамдар осы келеңсіз жайларға назар аударса екен деймін.

– Мына әлемді жайлаған індетке байланысты жарияланған карантин кезінде жұмыстарыңыз қалай жүріп жатыр? Алдағы уақытта қызметкерлер мен жұмысшылар арасында штат қысқарту деген кесепат орын алмай ма?

– Жұмысымыз қалыпты жағдайда жүріп жатыр. О баста киындықтар болған, ісіміз біраз баяулаған, қазір барлық сақтану тұмша (бетперде), биялай, қолғап кию, ерітіндімен қол жуу т.б. амалдарды қолдана отырып, қызметімізді толыққанды атқарып жатырмыз. Ел ішінде, Қазақстан аумағында қатынайтын поездар кестеге сай жүруде. Тек сыртқа, шетелдерге (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан) шығатын поездарға ғана шектеу қойылған. Штат қысқарту мәселесі күн тәртібіне қойылмас деп пайымдаймын, сондықтан алаңдауға еш негіз жоқ. Мүмкін болашақта технологиялар желісінің дамуына, басқару жүйесінің жетілдірулеріне байланысты қысқартулар болатын шығар, оны енді уақыт көрсетер.

– Кеңес кезінде Үштөбеде теміржолшылардың өз клубы мен кітапханасы болды, сонымен қатар қаламыздағы саябақта, онда орын тепкен жаздық кинотеатр да солардың еншісінде болды. Мәдениет мен спортқа керемет көңіл бөлініп, көркемөнерпаздар мен спортшылар аудандағы байқаулар мен жарыстардың жеңімпаздары атанып, жүлделерге қол созып жататын. Теміржолшылар қай істе болмасын көш бастайтын. Қазірде сол бір шуақты үрдіс ұмытылып, көрікті дәстүр үзілгендей әсер қалдырады. Бүгінгі буынның қоғамдық шараларға деген құлшынысы қандай деп білесің?

– Тәуелсіздік алуымызбен саяси-экономикалық формация өзгерді, соған орай нарық заңы белең алды. Әркім күн-көріс әрекетімен қара бастың қамын ойлап кетті. Мұндай жағдайда қоғамдық жұмыстар шетке ысырылады. Шындығында, жекелеген белсенділер болмаса, көпшілік бұқаралық мәдени-спорттық шараларға қатысуға құлшыныс білдіре бермейді. Бұл да уақытша дүние шығар деп ойлаймын, өтер де кетер. Таяу болашақта заман желі оңынан тұрып, отанға деген патриоттық сезім артар. Бұрынғылар «ер жігіт

елсіз құлаш жаза алмайды» деп бекер айтпаса керек, сондай күндер туғанда бәрі орнына келеді деп ойлаймын.

– «Адал еңбек еткенге дәулет келер, көңілі өсіп, көркі де сәулеттенер» деген бабалар тәмсілін туғып ұстап, білек сыбана еңбек етіп жатқан азаматтардың есімдерін атай кетсең?

– Ондай жігіттер мен қыздардың қатары бізде жетіп артылады. «Бүгінгі күнді еңбекпен өткізбесең, ертеңгі күнге жауап қату қиын шығар» деп, олар белдерін бекем буынып, еңбектің көрігін қыздырып жатыр. Бөле-жарып айту қиын болса да кейбір оза шапқан жандарды атап өтейін. Олар вагондарды техникалық байқаудан өткізетін қараушылар Рашид Ордабаев пен Александр Хегай, вагон нұсқаушысы (инструкторы) Байсал Адаев, локомотив депосының кезекшісі Нұрлан Баянбаев, машинист Е.К.Әділбеков, парк кезекшісі Серік Нұрмұхаметов, Үштөбе теміржол станциясының кезекшілері Салтанат Беделбаева, Светлана Әбішева, Тимур Бөкенбаев т.б.

– «Қонар бақ, ер жігітке, бітер дәулет. Ақ, адал елге еткен еңбекпенен» деген ата-баба өсиетін ұмытпай, ел игілігі үшін табысты еңбек ете беріңдер. Алдағы келе жатқан кәсіби мерекелерің құтты болып, отбастарың аман-есен болсын!

2020 жыл

ВЕТЕРИНАРИЯ МАЛДЫ ҒАНА ЕМДЕУ ЕМЕС ...

Ветеринария саласындағы атқарылып жатқан шаруларды білмек болып, Қаратал аудандық аумақтық инспекциясының басшысы К.П.Алматтың қызмет орнына ат басын бұрдым.

– Күншығар Полатұлы, ветеринария мамандарынсыз өркендеу, өсу жоқ деп айтылады ғылыми еңбектерде. Ендеше төрт түліктің өсімі, жұқпалы індеттен тазалығы, өнім ретінде пайдалануы мамандарға байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Өңірімізде мал басын тексеріп, ауру-сырқауын анықтайтын, ем-домын жасайтын мамандар қарасы жеткілікті ме?

– Аудан аумағында ветеринария саласында қызмет көрсететін аудандық ветеринария бөлімі мен ветеринариялық зертхана, ветеринариялық – алдын алу іс-шараларын жүргізетін аудандық ветеринариялық станциясы мен ауылдық округтерде орналасқан 10 ветеринариялық пункттер бар. Осы аталған мекемелердің жұмысына инспекторлық бақылау мен қадағалауды Қаратал аудандық аумақтық инспекциясы жүргізеді. Аудан бойынша 75 маман ветеринария саласында қызмет істейді: соның ішінде 5 ветеринариялық санитарлық инспектор, 4 мемлекеттік мал дәрігері, 4 зертхана маманы, 5 ветеринариялық мал дәрігері және пункттерде жалпы саны 57 ветеринария мамандары қызмет атқарады. Олар қауіпсіздік күзетінде тұратындықтан тіршілікте алар орындары ерекше. Өкінішке орай, қазіргі таңда ветеринария саласында қызмет жасайтын мамандар саны жетіспейді. Жастар ауылдық жерде әлеуметтік инфрақұрылымның нашарлығы мен жалақының мардымсыздығынан және басқа да заман лебіне сай мамандықтардың пайда болуына байланысты мал шаруашылығына қызығушылық таныта бермейді, сондықтан ынталандыру шараларын қарастыру қажет

– Кеңес кезінде мал дәрігерлерінің айтқаны заң ретінде қабылданатын. Малдың санитарлық жағдайы, ауру-сау екенін білу өте маңызды еді. Бүгінде ауданның малдәрігерлік саласының ахуалы, даму барысы көңіліңізді көншіте ме?

– Иә, ол заманда мал мен жанның саулығына аса зор мән берілді. Мал дәрігерлерінің дәурені жүріп тұрды. «Ақ» дегені алғыс болды дегендей. Бүгінде де жағдай жаман емес. Ауданымыздың эпизоотиялық жағдайы тұрақты. 2018 жылға бекітілген ветеринариялық алдын алу жұмыстарының жоспарына сәйкес және мемлекеттік тапсырмаға сай әр-түрлі малдардың 14 ауруына қарсы екпе, 19 ауруға диагностикалық жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде аса қауіпті сібір жарасы, аусыл, қарасан, пастереллоз ау-

руларына екпе жасалады. Бруцеллез ауруын анықтау мақсатында малдардан қан алынып, зерттеліп жатыр.

– Ана бір жылдары кейбір облыстарда аусыл ауруы тіркеліп, теледидардан небір жантүршігерлік оқиғаларды көргеміз Түрлі дерт шықты деп малды топ-тобымен өртеп жататын. Бүгінде бруцеллез ауруы туралы жиі естиміз, одан басқа да ауру түрлері бар ма?

– Ауданда бруцеллез ауруы бойынша ветеринария саласындағы мамандар малдарды уақытылы тексеріп, ауруларын дер кезінде анықтауға күш салады. Ауруға шалдыққандары қайта өңдеу орындарына өткізіледі. Ауданымызда бруцеллез ауруына қарсы екпе жұмыстары жүргізілмейді. Сонымен қатар, құтыру ауруы ошақтарының тіркелу қауіпі бар, себебі өңірімізде бұл аурудың табиғи ошақтары сақталған. Атап айтар болсақ, ол жабайы аңдар. Ауру анықталып, ошақ тіркелген жағдайда сауықтыру жұмыстары жүргізіліп, ошақтар орны сауықтырылады.

– Мал иелері қолдағы жануарларын уақытылы тексеруден өткізбесе, немесе, адамдар ветеринариялық құжаттары жоқ сүт, ет, балық өнімдерін пайдаланса түрлі ауруға ұшырау мүмкіндіктері жоққа шығарылмайды, сондықтан мал өсіруші жеке және заңды тұлғалар ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жыл сайын жануарларына уақытылы екпе еккізуге және жұқпалы аурулар бар-жоғын анықтауға міндетті делінеді заңдық құжаттамада. Бізде бұл талаптың орындалу барысы қалай?

– 2002 жылғы 10 шілдедегі №339 «Ветеринария туралы» Заңының 4 тарау, 25-бабында жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері айқындалып, тайға таңба басқандай нақтыланып көрсетілген. Соған сәйкес мал иелері міндеттерін атқару барысында заң бұзушылыққа жол берсе инспекция тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Егер заң талаптары қайталай орындалмаса, онда жеке және заңды тұлғалар

әкімшілік жазаға тартылады. Мысалы, жуырда Жолбарыс ба-
тыр ауылдық округінің тұрғынына әкімшілік құқық бұзушылық
кодексінің 406 бабы, 9 тармағына сәйкес 5 АЕК мөлшерінде айып-
пұл салынды (ветеринария саласындағы мамандарға ауырған малы
туралы хабар бермеген үшін). Академик ғалым К.И.Скрябин «Ме-
дицина ауруды, ал ветеринария адамзаттың тіршілігін емдейді.
Ветеринария малды ғана емдеу емес, ол сіз бен біздің өміріміз,
дұрыс тамақтануымыз, балалардың денсаулығы» дейді. Сөз қа-
дырін түсінетін жанға бұдан артық қалай айтуға болады. Еліміз-
де жануарлардың жұқпалы ауруларының алдын алу, аса қауіпті
ауруларды зерттеу, мал басының саны мен тіркеу есебін жүргізу
мақсатында төрт түліктің құлақтарына сырға салынып, мал басы
бірдейлендірілді.

*– Заңдық тұрғыда тұтынушылар сатушыдан ветеринарлық
құжатты көрсетуді талап етуге құқылы. Арнайы сату орны
белгіленбеген жерлерде ет және ет өнімдерін, сүт және сүт
өнімдерін сатып алуға болмайды делінеді. Бізде осы талаптар
сақталына ма?*

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылдың 25
тамызындағы №898 «ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасын-
да өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы»
Жарлығының 3 қосымшасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың
іс-әрекеттерін бақылау мен қадағалау жергілікті атқарушы органа-
рына жүктелген, сонымен қатар бұл міндет ҚР Ауыл шаруашылық
министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің
құзыретіне де кіреді. Осы заңнамалық құжаттардың негізінде жер-
гілікті атқарушы органның «Ветеринария бөлімі» М.М. маман-
дарымен бірлесіп, талаптардың орындалуын жіті қадағалаймыз.
Биылғы жылы Балпық ауылдық округінің тұрғынына әкімшілік
құқық бұзушылық кодексінің 406 бабы 1 тармағына сәйкес 20 АЕК
мөлшерінде айыппұл салынды (арнайы сату орны белгіленбеген
жерде ет өнімін сатқаны үшін).

– Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) талабына сәйкес азық-

түліктің 80 пайызын мемлекет өзі өндіруі қажет екен, 20 пайызын ғана сырттан әкелуі тиіс көрінеді. Сонда ғана мемлекет өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді деп тұжырымдалады. Біз болсақ азық-түліктің 40 - 60 пайызын, сонау, мұхиттың ар жағындағы Бразилия, АҚШ, Аргентина, Уругвай мемлекеттерінен және жақын жердегі Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінен импорттайды екенбіз. Аграрлық ел саналатын Қазақстан үшін бұл ақылға симайтын дүние зой? Маман ретінде не уәж айтасыз?

– Әрине, ойланатын жағдай. Алдағы жылдарда бұл мәселенің түйіні тарқатылатынына сенемін, себебі мемлекеттік деңгейде ауқымды шаралар атқарылып жатыр. Ал сырттан әкелінетін азық-түлікке келсек, Евразия одағы аумағынан және үшінші елдерден импортталатын мал өнімдері ҚР ауыл шаруашылық министрлігінің уәкілетті органының рұқсатымен әкелінеді. Ол орган, яғни Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті мал өнімдері тасылатын мемлекеттердің эпизоотиялық жағдайын зерттеп, сонан соң ғана шешім қабылдайды.

– Экономика ғылымдарының докторы Атамұрат Шәменов «Ветеринария саласына түбегейлі реформа керек» дейді. Ал сіз қалай ойлайсыз?

– Шынында да ветеринария жұмысы жүйелі жүргізілуі үшін ғылыми тұрғыдан терең ойластырылған реформа керек. Бүгінгі таңда ҚР Парламентінде ветеринария қызметіндегі ұйымдар бір-бірінің міндеттерін қайталамай, әр ұжым өзіне тиесілі бағытта жұмыс істеу үшін ветеринария саласындағы Заңдарға өзгертулер енгізу қарастырылып жатыр. Бұл өзгертулер саланың дамуына оң әсерін тигізеді деп ойлаймын. Жалпы, малды асылдандырмай жақсы өнім ала алмаймыз. Оны іске асыратын селекция және малдәрігерлік мамандар. Тұқымы жақсы мал болса ғана сапалы өнім алынады. Тегі нашар малды өсіріп әуре болудың қажеті жоқ және екпе егілмеген бірде бір мал қалмауы тиіс. Болмаса салдары ауыр болады.

– Бұрын халықтан шыққан мал емшілері болды, сонымен қатар Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде де қазақ оқығандары көп болған. Өзім жинақтаған тігінділерге қарап отырсам, тек 1914 жылы Варшава малдәрігерлік институтын Ә.Күшіков, А.Тұнғаншин, Ж.Солтанаев, Ә.Шалымбеков бірге бітірді. Басқа жылдары да бітіргендері баршылық, сондықтан олардың есімдерін халыққа жеткізу біздерге парыз деп ойлаймын. «Өткенді ұмыту, өшкенмен тең ...» деп бекер айтылмаса керек. Сіз өзіңіз бос уақытта немен айналысасыз, не нәрсеге басымдық бересіз?

– Шынында да «өткенді еске алу өскендіктің белгісі» екені рас. Жас толқын арасынан Алаш арыстарының ғұмырын зерттейтін азаматтар шығады деп ойлаймын. Мен болсам бос уақытымды ауыл шаруашылық саласындағы және соның ішінде ветеринария ғылымы бойынша жаңа өзгерістерді арнайы басылымдар және ақпарат құралдары арқылы бақылап отырамын. Әдеби көркем туындыларды да жатсынбаймын. Көбіне-көп отбасыммен бірге сүйікті спорт түрлерім волейбол және үстел теннисімен айналысамын

– Сіз, 1917 жылғы төңкеріске дейін Мәскеу, Петербор, Варшава, Киев, Вена, Стамбул, Каир, Қазан, Томск, Саратов университет, институттарын бітіріп, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деген Алаш қайраткерлеріндегі Скрябин атындағы Мәскеудің атақты мал дәрігерлік институтын бітірдіңіз. 1919 жылы жоғарыда аты аталған А.Тұнғаншин Қазақ өлкесі делегациясының құрамында Ресей Федерациясының басылары Ленин және Сталинмен Қазақ Кеңес Автономиясын құру туралы келіссөзге қатысқан. Жалпы, қазақ оқығандары өз саласымен қатар халық азарту ісімен, саясатпен, қоғамдық жұмыстармен белсене айналысқан. Сізге алған білімізге орай осы қызметіңіздің аясы таршылық етпей ме?

– Жоқ, мен өз білімімді осы қызметімде сарқа пайдаланғым келеді.

ҚҰРЫЛЫС – КҮРМЕҮІ КӨП ӨЗЕКТІ САЛА

Сарша тамыздың 2-ші жексенбісі елімізде «Құрылысшылар күні» болып белгіленгендіктен кәсіби мереке қарсаңында Қаратал ауданы әкімдігі құрылыс бөлімінің басшысы К.М.Дондағұловқа жолығып, саладағы өзекті мәселелер туралы ой бөлісуді сұрадым. Өкінішке орай, әңгімеміз онша жараса қоймады, сұхбат барысында өзара түсініспеушіліктер туындап, қорытындыда тақырып мазмұны толық ашылмағандай күйде қалдым.

– Кеңес Меркешұлы, бөлімнің атқаратын қызметі мен міндеті туралы айтып өтсең?

– Бөлімнің міндеті: құрылыс саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру. Аудандағы елді мекендердің әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымының қалыптастырылуын қамтамасыз ету. Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат пен мәліметтер беру. Аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу, не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру.

– Биылғы жарты жылдықта атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталсаң?

– Ағымдағы жылы қаламыздың Шаңырақ шағын ауданында 30 пәтерлі жалгерлік тұрғын үйдің құрылысына «Шымыр» ЖШС-мен 319,7 млн.теңгеге келісімшарт жасалды. 2020 жылға соның 106,8 млн.теңгесі бөлінді. Сонымен қатар, 20 жеке жалгерлік тұрғын үйлердің құрылысына «Қолғанат Құрылыс» ЖШС-мен 280,8 млн.теңгеге келісімшартқа қол қойылды. Шаһарымызда 20 жеке жалгерлік тұрғын үйлерді абаттандыру және инженерлік-коммуникациялық желіс құрылысына мердігер «Қолғанат Құрылыс» ЖШС-мен 101,1 млн.теңгеге келісім-шартқа отырдық. 40 пәтерлі тұрғын үй құрылысына жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу

бойынша «АРЛАН-жоба құрылыс» ЖШС-мен 14,4 млн.теңгеге келісімшарт жасалып, оның 2,4 млн.теңгесі игерілді. 40 пәтерлі тұрғын үйді абаттандыру және инженерлік-коммуникациялық желіс құрылысына жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу үшін «Гражданпроект ЗИ» ЖШС-мен 5,3 млн.теңгеге келісім-шарт жасалып, жобалау жұмыстары қарқын алуда.

– Алдағы уақытта атқарылар жұмыс жоспарын сөзіңе тиек етсең?

– Үштөбе қаласында 30 пәтерлі жалгерлік тұрғын үйге жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өткізілді. Шаһарымызда 40 және екі 60 пәтерлі тұрғын үйлерге жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленуде. Сол нысандарды уақытысында пайдалануға беру басты меже болып табылады. Сонымен қатар, Бастөбе ауылдық округінің Ортатөбе ауылында орын тебетін 180 орындық мектеп құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы даярланды.

– Бүгінгі күні толымды табыстарға қол жеткіу үшін өткенге көз жіберіп, жіберілген қателіктерден сабақ алу лазым болар. 2007 жылы болуы керек 100 мектеп, 100 аурухана мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оған 200 миллиард теңге бөлінді деп үкімет барша жұртқа жар салған еді, бірақ уақыт өте оның 1,5 миллиардын алаяқтар қолды етіп, мемлекет қаржысын талан-таражға салды деп газет біткен ұлардай шулады. Жалпы, сол бағдарламаның арты сиырқұймышақтанып орындалған-орындалмағаны жөнінде ақпарат берілмеді. Құрылыс саласының өз адамы ретінде одан хабарың бар ма?

– Бағдарлама көрсеткіштерінің Алматы облысы бойынша орындалғанын білемін, ал Республика көлемінде қаншалықты жүзеге асқанынан хабарсызбын.

– Халық арасында баспаналар арзан материалдарға салынады, соған қарамастан бағасы қымбат, ал сапасы нашар деген пікірлер айтылады. Шындығында, жап-жаңа үйлердің құлағанын, кейбірінің қабырғаларында жарықтар мен жарықшақтар

пайда болып, тұрғындардың зәре-құтын қашырғанын теледидар жаңалықтарынан көріп жүрміз. Маман ретінде бұған не дейсің?

– Әрине, адамдардың өмірі мен қауіпсіздігі бәрінен де қымбат, сондықтан ондай қауіпті жағдайларға жол беруге болмайды. Қазіргі кезде келісім-шарт бойынша құрылыс салушы мердігер баспана сапасына екі жылға кепілдік береді.

– Тұрғын үйді жаңғырту бағдарламасы аясында қайта жөндеуден өткен үйлер бұрынғы күйіне зар болып қалғанын, жаңбырлы күндері төбелерінен су тамшылап, қабырғадағы сылақтарының түскенін де көзіміз көрді. Мұндай келеңсіз жайлар неліктен туындайды?

– Иә, ондай өрескел жағдайлар мен шикіліктер өз ісіне, атқаратын міндетіне жауапсыз қараудан болады деп ойлаймын. Біз ондай кемшіліктер мен қателіктерді болдырмауға тырысамыз.

– Ел ішінде құрылыспен кім-көрінген айналысып берекесін кетірді. Құрылысты ұзақ жылдар бойы тәжірибе жинақтаған компанияларға жүктеу керек және салынған үйлер барлық талапқа сай болуы шарт. Сол үшін де құрылыс барысын қатаң бақылауда ұстап отыру қажет деген ұсыныстар айтылады. Бұған алып-қосарың бар ма?

– Иә, іс жүзінде солай болуы керек, оған еш қарсылығым жоқ, толықтай қосыламын. Қазірде құрылыс компаниялары нысандарға конкурс жүргізу арқылы анықталып, олар тапсырыс беруші мен автор, техникалық қадағалаушы мен пайдаланушы ұйымдар тарапынан жіті қадағаланады.

– Бізде тұрғын үйдің құрылысы мен сапасына қатысты заң бар, бірақ ол іс жүзінде жұмыс істей бермейді. Кепілдік мерзімі қысқа болғандықтан құрылыс сапасыз жүргізіледі деген сын айтылады. Сонда, ондай сапасыз салынған нысандарды комиссия мүшелері қандай белгілеріне қарап қабылдайды?

– Ол жағын білмедім, айта алмаймын. Қалай болғанда да белгілі бір шарттарға, бекітілген ережелерге сүйенетін шығар.

– Журналистердің жазуында дамыған шетелдерде, мысалы Францияда тұрғын үйлердің сапасына он жылға кепілдеме беріледі екен. Егер осы мезгіл аралығында, кінәрат табылса, олар қайта жөндеуді өз мойнына алатын көрінеді. Бізде де солай міндеттесе құрылыс саласында тек іскер компаниялар қалар еді деген ұсыныстар айтылады. Өзің қалай ойлайсың?

– Ол дұрыс болар еді деп ойлаймын. Жоғарыда айтып өттім, бізде қысқа мерзімге кепілдік беріледі. Ол сапаға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

– Кезінде «Қолжетімді баспана - 2020» бағдарламасы тұрғын үй құрылысына қолдау көрсету арқылы қарапайым халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді көздейді деп айтылған еді. Бағдарлама бірнеше бағытты қамтыды. Соның ішінде тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша жүзеге асатыны көрсетілді. Ауданымызда бұл бағдарламаның орындалу барысы қалай?

– Бүгіндері құрылыс нысандары «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Тұрғындарды қолжетімді баспанамен қамту мәселесі әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. Алдағы уақытта бұл мәселе оң шешімін табады деп сенемін. Ауданымызда тұрғын-үй құрылыс жинақ банкісінің өкілдері бағдарлама туралы түсіндіру, ұғындыру жұмыстарын белсене жүргізуде.

– Менің бала кезімде тұрғын үй мәселесін шешу үшін бөлмелері мен дәліздері өте тар «хрущевкалар» салынды. Соның арқасында проблема шешімін тапты деуге болады. Баспананы қол жетімді етеміз десек тұрғын үйдің әр шаршы метрі қалтаны жұқартпайтын, тұрғындардың сатып алу қабілетіне сай болуы тиіс деген пікірлер ақпарат беттерінде айтылып жүр, сонда ол қанша сома болуы тиіс деп шамалайсың?

– Оның теңгеге шаққандағы бағасын дәп басып айту қиын шығар. Бұл күрмеуі көп, шешімі қиын мәселе. Ешкім де сізге тура бағасын айта алмас, себебі теңге құны тұрақтамай, құбылып тұр. Пандемия дерті де экономикаға қолбайлау болуда.

– Әңгімеміздің соңында, әдеттегідей, қоятын сұрағым қызметтен бос уақытта немен айналысасың, рухани әлемге жақындығың қандай дәрежеде?

– Негізінен, кәсіби білімімді жетілдіру үшін мамандығыма қатысты кітаптар мен журналдарды оқимын. Көркем әдебиетті де ара-тұра қолға алып тұрамын. Бір уақ теледидардан ел жаңалықтарын көруді де әдетке айналдырғанмын. Ал, шындығында, бәрінен де жасыл алаңда доп тепкенді жақсы көремін. Ертелі-кеш, ұзына күнге футбол ойнаудан еш жалыққан емеспін. Қазақстан ұлттық құрамасының жанкүйерімін.

2020 жыл

ҚУ ТҮЛКІДЕЙ ҚҰБЫЛҒАН ҚАТЕРЛІ ІНДЕТ

Адам баласының зәре-құтын қашырып, бойына үрей ұшқынын ұялатқан коронавирус індеті бүкіл әлемде қу түлкідей құбылып, бірде өршіп, бірде бәсеңдеп тұр. «Бірде олай, дүние, бірде бұлай» демекші, мұндай жыландай сусылдап ұстатпайтын заман дертінің сырына, әзірге, ешкімнің көзі жетпей тұр. Енді, не істемек керек, дегенде: «Аспаннан 60 түрлі жауса пәле, сонда да күдер үзбе бір Алладан», – деп сабырлық танытып, ережемен бекітілген сақтық шараларын бұлжытпай орындасақ, бұл дерттен де ерте ме, кеш пе құтылармыз. Соның айғағындай, елімізде 17 тамыздан күшейтілген карантин режимі кезең-кезеңмен алынатыны жарияланып, бойымызға үміт отын жандырды. Қасқыр шапқан қойдай бытырап, бес ай бойы үйге қамалған халық, ендігі, еңсесін көтере бастады. Өкініштісі, осы уақыт аралығында, еліміз бойынша індет салған дерттен көптеген адам көз жұмып, өмірден елеусіз өтіп кетті. Олардың арасында елі мен жерінің шерін жырлаған небір асыл азаматтар да, ақылмен әр нәрсенің шегін білген аяулы жандар да, бұл өмірде мәңгі жасардай дүниенің соңына түскен байлар да, жоқшылық қол-аяғын байлап, қоңторғай тіршілік кешкен

кедейлер де, қарттықтан қуат кетіп, нардай шөккен кәрілер де, алқызыл гүлдей жанған өрімдей жастар да бар еді. Көрген түстей өте шыққан адамдардың қысқа ғұмыры дүниенің жалғандығын, оның адамға деген еш рахымының жоқтығын тағы бір аңғартты. Сондықтан ғұламалардың: «Дүние жалған арбайды, адамгершіліктен өзге еш нәрсе, бұл әлемде қалмайды», – деген ұйғарымын туғып ұстанып: «Ей, адамдар, мына қамшының сабындай қысқа ғұмырда сезімталдық танытып, бір-бірімізге мейірімді, қайырымды болайық», – деп ұран тастағың келеді. Айтып-айтпай не керек, кесірлі індет шырғалаңынан туындаған сұрқтарға жауап іздеп, Қаратал аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасына бардым. COVID-19 бен күресті бақылап, індет кесепатын қадағалап отырған құзырлы мекеме басшысы Е.Сейсембиновқа жолығып, қауіпті дертпен күрес жайы туралы сөз қозғадым.

– Ербол Қайырханұлы, елімізде биылғы жылдың 13 наурызынан бері коронавирус індетіне байланысты қабылданған іс-шаралардың қорытындысын айтып өтсеңіз? Күрес барысынан нендей ой түйдіңіздер? Жалпы, барлығы қанша науқас тіркелді?

– Әлемді дүрліктірген короновирус инфекциясының өршуіне байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы биылғы жылдың 10-шы наурызында COVID-19 инфекциясын пандемия деп жариялады. Артынша, ҚР Президентінің төтенше жағдай туралы Жарлығы мен Республикалық Бас санитарлық дәрігерінің қаулысымен елімізде карантин тәртіптерін сақтау барынша күшейтілді және індетті жұқтыру қаупін төмендету мақсатында адамдар көп жиналатын нысандар жұмыстары тоқтатылды. Ауданымызда да эпидемияға қарсы іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Олар індеттің эпидемиологиялық жағдайына байланысты Республикалық, облыстық және аудандық бас санитарлық дәрігерлерінің қаулыларына сәйкес атқарылуда. Індеттің ең алғашқы жағдайы елімізде наурыз айында тіркелді, ал ауданымызда короно-

вирус инфекциясы 22 мамырда анықталды. Мамыр айынан бүгінгі күнге дейін ауданымызда қатерлі дертке шалдыққан (зертханалы түрде расталған) 188 коронавирус індетінің жағдайы тіркелді, соның ішінде 160 адам толықтай емделіп, сауығып шықты. Өкінішке орай, 10 адам қайтыс болды. 18 адам әлі де індетпен жанұшыра күресуде, яғни ем алу үстінде. Қазіргі кезде «мылтықсыз майдан» күресі одан әрі жалғасуда.

– *Ауданда медицина қызметкерлері індет жұқтырды ма?*

– Иә, сұрапыл кесапат оларды да айналып өтпеді, 32 бірдей қызметкер коронавирус жұқтырып, ауруға шалдықты. Соның ішінде, екеуі біздің ұжымнан. Індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүрген олар вирус жұқтырған науқастармен тікелей байланысты болғандықтан ауруға ілікті. Адамдардың өмірін сақтап қалу үшін отқа түскен оларды батыр жандар десе болады. Медицина мамандарының қиын-қыстау күндердегі іс-қимылдары ерлікке пара-пар десем артық айтқандық болмас, сондықтан дәрігер қадірін білу, оларға да көмек пен қолдаудың қажеттігін түсіну керек.

Күздің қара суығы мен қыс айларында келуі ықтимал инфекцияға дайын болу үшін Covid-19 ды анықтайтын тестілер мен одан өтудің жолдарына тоқталсаңыз? Тестілердің бағасы қымбат болса, одан қарапайым жұрт қалай өтпек?

Денсаулық сақтау министірілігінің болжамы бойынша індеттің 2-ші толқыны болу қаупі бар. COVID-19 қадағалау шеңберінде полимеразды – тізбектеу реакциясы (бұдан әрі ПТР) әдісімен тестіленеді. Республикалық Бас санитар дәрігерінің қаулысында көрсетілген бірқатар контингенттер тестілерден ақысыз түрде өтеді. ПТР әдісімен тестілеу диагностикалық, профилактикалық мақсатта іске асырылады. Ауру кісілер тестен мемлекеттік емдеу орындарында тегін өтеді. Ал сау адамдар үшін қызмет ақылы, оларды жеке меншік компанияларға тиесілі медициналық орталықтар жүргізеді. Бағалары 10-15 мың аралығында болуы керек. COVID-19-ға тестілеуге жататын контингенттерді ай сайын аудандық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе жүргіземіз және олардың толыққанды тексерумен қамтылуын назарда ұстаймыз.

Зертханаларыңыз бүгінгі күн талабына қаншалықты сай деп ойлайсыз? Ауданымыз облыс орталығына жақын орналасқандықтан Covid-19 инфекциясына алынған анализдер облыстық зертханаларға жіберіліп, сонда зерттеледі. Зерттеу нәтижелерін тез арада алу мақсатында аудандық аурухана бірнеше зертханалармен келісім-шартқа отырды. Инфекциямен алғашқы кезеңдегі күрес барысында қиындықтар туындағанымен, көп ұзамай мәселе оң шешімін тапты. Қазірде қосымша зертханалар ашылып жатыр. Алдағы уақытта эпидемиологиялық қолайсыздықтар туындайтын болса тестілеу жұмыстарында еш қиындық болмайды деп ойлаймын.

– *Халық тарапынан пандемия және оның салдарымен күресуге барлық қаражат пен мүмкіншілікті жұмылдыру керек деген ұсыныстар айтылып жатыр, сондықтан мүмкін болар алдағы індет толқынына даярлық барысында науқастар мен дәрігерлерге қажет: сақтану комплектері, жасанды тыныс алу, желдеткіш аппараттары, дәрі дәрмек т.б. алып үлгересіздер ме, яғни аурулар иен медициналық қызметкерлер құрамы олармен толық қамтамасыз етіле ме? Індеттің келесі толқындарына науқастарды қабылдап, емдеуге емхана мен аурухананада төсек-орын, құрал-жабдық, сонымен қатар, медицина қызметкерлерінің саны жеткілікті бола ма?*

– Бұл мәселе аудандық аурухананың бас дәрігері Құмаров Б.А. құзыретінде. Нақты жауапты сол кісі бере алады. Біз індет ошақтарын залалсыздандырумен айналысамыз, олар емдеу, сауықтыру ісін жүргізеді.

– *Төтенше жағдай барысында орталықтан, облыстан, түрлі қорлардан, қоғамдық ұйымдардан, жекелеген азаматтардан қандай да бір көмек түрі алынды ма? Біздің медициналық қызметкерлерге пандемияға байланысты жоғарыдан әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсетілді ме?*

– Бұл сұрағыңызға да тұшымды жауапты сол тараптан аласыз.

Жақсы. Карантин кезінде дәріханаларда кейбір дәрі-дәрмектер жоқ болып, ал барларының бағасын тым көтеріп жіберген жағдайлар

кездесті. Алдағы уақытта жағдай қалай өрбиді деп ойлайсыз, өрескел істердің, арам пиғылдың жолы кесіле ме?

Өңірімізде сіз айтып отырған келеңсіздіктерге жол бермес үшін аудандық әкімдік, кәсіпкерлік бөлімі, құқық қорғау органдарының өкілдері және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының мамандарының басын қосқан мониторингтік топ құрылды. Сол топ құрамы шілде, тамыз айларында дәріханаларда мониторингтік сараптау жұмыстарын жүргізді. Мақсат – дәрі-дәрмек тапшылығына және медициналық препараттардың бағасын негізсіз өсіруге жол бермеу. Мұндай шаралар алдағы уақыттарда да жоспарлы түрде атқарыла береді. Жекелеген мамандар дәріханаларды күнделікті тексеріп, тұрғындардың ұсыныс-тілектерін назарға алады. Түйінін тарқатуды қажет ететін күрмеуі көп мәселелер құзырлы органдарға жолданып, дұрыс шешімі шығарылатын болады.

Жалпы, бұл індеттен сақтанудың жолдарын айтып өтсеңіз?

Инфекцияның әкелінуі мен таралуының алдын алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мақсатында аудан тұрғындарынан өз денсаулықтарын сақтау үшін баспасөз беттерінде жарияланып жатқан профилактика шараларын ұстануды сұраймын.

2020 жыл

БАҚ-ДӘУЛЕТ МАЛ БІТЕРДЕ ЫРЫС ҚОНАР...

«Қаратал малға жайлы сала-сала, қолайлы соқа салса бауыры дала» көрікті теңеуімен айшықталатын ауданымыздың ауылшаруашылық саласында атқарылып жатқан жұмыстарды білмек мақсатында, аталмыш мекеме кеңсесіне ат басын бұрып, бөлім басшысы Ғ.О. Увалиевке көкейдегі сауалдарымды қойдым.

– *Ғалым Ошанұлы, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге*

бағытталған «Агробизнес-2020» бағдарламасы ауданда қалай іске асырылуда? Мал мен құс саны және егіс көлемі өсіп келеме?

– Ауданымызда 1160 шаруа қожалығы және 24-кәсіпорын жұмыс істейді. 2020 жылдың төрт айында өндірілген жалпы өнім көлемі 3 млрд 033, 8 млн теңгені құрады. 2020 жылдың 1 мамырына ауданымызда май шайқап, айран ұйытып, құрт қайнатып, ақ ұрттататын ірі қара мал саны – 22 мың 407 басқа жетті. Еті ас, терісі мен жүні киім, пайдасы шаш етектен келетін қой мен ешкі – 123 мың 683 бас болса, шошқа – 3 мың 984 бас, сайын даланы дүбірлетіп, көшпенді жұрттың көркі болған, жазда-сусын, қыста соғым жылқы малы – 9 мың 672 басты құрайды, төрт түліктің төресі саналатын, күй талғамайтын, төзімділігі шексіз, жотасына қос өркеші жарасқан ойсыл қара тұқымы түйе – 108 бас, жұмыртқасы мен еті шипалы саналатын құс – 99 мың 048 басты құрап отыр. Барлық түлік бойынша аз да болса өсім бар. Сүт пен жұмыртқа өндіруде ілгерілеушілік байқалады. Ет өндіру былтырғы деңгейде қалып отыр. Дегенмен, астау-астау ет жер, саба-саба қымыз ішер күндер де алыс емес деп ойлаймын. 2020 жылы орта мерзімдік бағдарлама бойынша жоспарланған 21601 гектар егіс көлемі толығымен игерілді. Соның ішінде дәнді дақылдар – 6838 га, майлы дақылдар – 3759 га, қант қызылшасы – 1367 га, картоп – 1120 га, көкөніс – 1754 га, бақша дақылдары – 6258 гектарға егілді. Қант қызылшасының көлемі 2015 жылғы 560 гектардан, биылғы жылы 1367 гектарға жетті, яғни 3 есеге артты.

– Көктемгі мал төлдету науқанына көңіліңіз толды ма? Кеңес үкіметі тұсында «жүз саулықтан пәленбай қозы алдық», – деп совхоз ұжымдары өзара сайысқа түсіп, шуласып жататын. Т.Құлахметов, Н.Сейдахметов, Т.Атимов бастаған «Қаратал», «Абай» совхоздарының саңлақ шопандары әріптес біткенді шаң қаптырып, ешкімге дес бермеуші еді. Бүгінгі көрсеткіштер қай деңгейде?

– Иә, ол да бір қызық дәурен еді. Дала төсінде отар-отар қой,

табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқы жайылып жүретін. Сол кезде қой қоздап, түйе боздап, қорада шу болған төл алу науқаны аса қауырт жағдайда өтетін. Қаладан сақманшылар легі ағылатын. Қазір қоғамдық-экономикалық формация өзгерді, мал негізінен жекеменшікке өткендіктен, ондай қажеттілік келмеске кетті. Ал биылғы көктемде жер толықсып, тоты құстай түрленген, қой маңырап, қозы шулап науқан көрігін қыздырған шақта: көгеніміз қозыға, желіміз құлынға, шарбағымыз бұзауға толып, ақ пен асымыз көбейіп, көңіліміз марқайып қалды. Аудан бойынша қозы – 105, бұзау – 90, құлын да – 90 бастан алынды. Көрсеткіштерді әлі де өсіре түсуге уақытымыз да, мүмкіндіктеріміз де жеткілікті.

– Мал басының сапасын жақсартып, асылдандыру және егістіктің шығымдылығын арттыру бағытында элиталық тұқымдар қаншалықты пайдаланылуда?

– Ауданда 600 бас мүйізді ірі қарасы бар 2 шаруа қожалығы табанды түрде және 64 шаруа қожалығы өз бастамаларымен асыл тұқымды бұқа сатып алып, 8280 сиыр басымен асылдандыру бағытында жұмыс істеп жатыр, соның ішінде аналық бастың үлес салмағы – 38 пайызды құрайды. Мүйізді ұсақ малмен асылдандыру бағытында 1 ЖШС және 2 шаруа қожалығы айналысады. Олардағы барлық мал саны 12800 бас, ал аналық бастың үлес салмағы 31 пайыз деңгейінде. Егістік саласында «Опытное», «АШӨК» ұжымдары күріш дақылын өсіруде ғылыми-зерттеу лабораториясында дайындалған «Заря», «Суат», «Опытный», «Пак-Ли», «Үштөбе» элиталық тұқым өнімін пайдаланады.

– Бұрындары ауданымызда ет, сүт өндіретін кешендер, мал семіртетін алаңдар бар еді, қазір соны жаңғырту ісі қолға алынып жатыр ма?

– Әрине, бүгінде өңірімізде 2 бордақылау алаңы бар. Олардың бірі – «Бауыржан» шаруа қожалығына тиесілі. Ол 100 басқа арналып салынған. Алдағы шақта 50 млн теңге қаражатқа орын санын 1000 басқа жеткізу жоспарлануда. Екіншісі, «Асқар» шаруа қожалығындағы 400 басқа арналған алаң. Биылғы жылы бұл кешен

30 млн теңгеге 1000 бас қабылдайтындай көлемге ұлғайтылмақ. Жобалық құжаттары тіркеуге алынып, әзірленуде. Сүт өніміне келер болсақ, 600 бас сауын сиырға арналған «Тастөбе Агрофуд» кешені күніне 11,7 тонна сүт өндіріп, әр сиырдан 22 литр сүт алуда. Сонымен қатар, төрт шаруа қожалығы болса, өз қаражаты-4,8 млн теңгеге 50 басқа арналған сүттік бағыттағы ферма ашты.

– Инвестиция тарту көлемі қай мөлшерде және қаржы субсидиясы шаруашылықтың қай түрлеріне беріледі?

– Биылғы жылы салаға 1 млрд.141 млн. теңге инвестиция тарту жоспарланып отыр. Алғашқы 4 айда ол – 40 млн 660 мың теңгені құрады. Алдағы уақытта «Батыр» және «Айдар» шаруа қожалықтарына мүйізді ірі қараға арналған бордақы алаңын салуға, «Аксенов» ш/қ қаз балапанын алуға, «Сейдахмет» ш/қ балық өндіруге т.б. қаржы субсидиясы беріледі. Ауыл шаруашылығы ішінара өтеуге бағытталған субсидиялар – өсімдік шаруашылығы бойынша: тұқым шаруашылығын дамытуға, ағын су жеткізу қызметтерінің құнын жабуға, қант (тоннасына 10 мың теңге) пен күріш (тоннасына 4 мың теңге) дақылдарын өндіруге, минералды тыңайтқыштар алу, зиянды және аса қауіпті организмдерге қарсы өңдеу жұмыстарын жүргізуге арналған пестицидтер мен биогенттердің құнын арзандатуға бағытталса, мал шаруашылығы бойынша – мүйізді ірі қара бағытына: асыл тұқымды мәртебесі бар қожалықтардың мал азығын дайындауына, асыл тұқымды бұқалармен ұрықтандырылған аналық мал басына, асыл тұқымды бұқалар мен шетелдік және отандық асыл тұқымды мал сатып алуына, сондай-ақ сүт өндіру үшін субсидия беріледі. Мүйізді ұсақ мал бағыты бойынша: асыл тұқымды мәртебесі бар аналық бастар мен өндіруші асыл тұқымды қойдың тұқымдық тауарды қолдан ұрықтандыруына, асыл тұқымды аналық ешкіні, асыл тұқымды қой басын сатып алуға, биязы және жартылай биязы жүн өндіруге субсидия қарастырылған.

– Қолданыстағы техника-тракторлар мен комбайндар ескіріп кеткен жоқ па? Жалпы, саланы жаңа техникамен жарақтандыру жағды қалай?

– Жер тамырын солкылдатар тракторлар мен комбайндардың ескіріп кеткені рас. Машина паркін түбегейлі жаңартуға қаржы тапшылығы қол байлауда, сондықтан тауар өндірушілер үкімет тарапынан берілетін «лизинг» мүмкіндігін пайдалануда. Ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуға 25% субсидия беріледі. Ағымдағы жылдың төрт айында 41 млн 960 мың теңгеге бес дана трактор, екі шөп шабатын агрегат және басқа да техникалар алынды. Техникаға қажетті жанар-жағар майға аудан бойынша тапсырыс 710 тонна, көктемгі егін егу науқанына, оның 350 тоннасы бөлінді. Қазіргі таңда 221 тоннаға берілген өтінішіміз қабылданды, алынғаны – 138,5 тонна. Арзандатылған жанар-жағар май бағасы 165 теңгеден беріледі.

– Жердің құнарлылығын арттыру үшін шаруаларды минералды тыңайтқышпен қамтамасыз ету жайлы айта кетсеңіз?

– Жерді тыңайту және арам шөптерге қарсы күресу ісімен әр шаруа қожалығы республикалық орталық «Қазфосфаттың» жергілікті бөлімшелерімен (Талдықорған қаласындағы) дақылдар түріне қарай қажетті тыңайтқыштар және гербицидтер алу жөнінде тікелей келісімшартқа отырады. Тыңайтқыштардың бағалары тоннасына 84-150 мың, гербицидтер 8-15 мың аралығында.

– Мал азығы өндірісін дамытуда жем-шөптік дақылдар егілетін алқаптар көлемі қаншалықты ұлғаяуда?

– Жоғарыда атап өткенімдей, мал азығы дақылдары – 6258 гектарға себілді. 2020 жылы суармалы жер көлемі 2 1601 гектар жерді құрады. Алдағы жылдары оның көлемі ұлғая түседі, себебі табанды жұмыс нәтижесінде 448 шақырым канал құжаттары нормативтерге сай заңдастырылды, соған орай ол қосымша 1000 га жерді игеруге мүмкіндік береді. Бордақылау аландары мен сауын сиыр бастары көбеюіне байланысты жүгері, асбұршақ, арпа алқаптарынан озық технологияны енгізе отырып, жаңбырлатып суғару тәсілін қолдану арқылы мол өнім алу көзделуде. Жүгері, жоңышқа сүрлемдерін дайындау мал азығының құнарын арттырып қана қоймай, жем-шөпті үнемдеуге де мүмкіншілік тудырады.

– Өнімдерді сақтайтын және оны өңдейтін кәсіпорындар салуда жағымды жаңалықтар бар ма?

– Бүгінде ауданда 3 жылыжай және 5 астық қоймалары бар. Олар Үштөбе қаласы және Бастөбе, Балпық, Ескелді, Қаңбақты ауылдық округтерінде орналасқан. Өнімдерді өңдейтін кәсіпорындардан «Қаратал-Балық» ЖШС балықты өндеп, шетелге экспортқа шығарады.

– Малды күтіп, бағуда қазақтың еңбек дәстүрі, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан, сыннан өткен тәжірибелері пайдаланыла ма?

– Иә, малды күтіп, бағуда, әсіресе, қой мен жылқы шаруашылығында ата-бабаларымыздан келе жатқан қыстау, көктеу, жайлау, күздеу дәстүрлері сақталды. Малды аурудан емдеуде де халықтық ем-домдар жасалады.

– Сұхбат соңында, оқырмандарымызға нендей тілек айтасыз?

– Ертеде ата-бабаларымыз: «Бақ-дәулет, мал бітерде ырыс қонар, ағайынның ынтымағы дұрыс болар», – деуші еді, ел-жұртымыздың береке-бірлігі мықты болса, өрісіміз мыңғырған қойға, даламыз жерге сыймас жылқыға, тоғайымыз баға жетпес түйеге толып, байбақуатты өмір сүретін боламыз деп ойлаймын.

2020 жыл

ЖІПТІҢ ЖІЛІКТІСІ ЖЫЛҚЫ БАҚҚАН

«Бір бие – жоқтың қасы, екі бие – үйдің асы, үш бие – өзен, төрт бие – теңіз, бес бие – мұхит», – деп төрт түліктің төресі жылқы малын кәсіп етіп, бес биені сауып, өз шаруасын дөңгелентіп отырған Бастөбе ауылының тұрғыны, тұла-бойы құрыштан құйылып, тарамыстан өрілген, шөге жатқан нардай дене-бітімі болмаса да бұқа жығар күші бар, өзіндік айтар ойы бар жылы жүзді, ақсары өңді О.Мәуілханның жанкешті еңбегін көріп, сүйсінгенім сон-

дай, басқалар да біле жүрсін деген ізгі ниетпен оны әңгімеге тарттым.

– *Орманбек, «бүкіл қазақ баласы бәрі сырлас, жөн сұраспай, таныспай қарап тұрмас», – дегендей аңқылдаған ақ көңіл жан екенсің, өзіңді таныстыра кетсең, қай жердің тумасысың, еңбек жолың қалай басталды дегендей?*

– Мен, Қытай Халық Республикасының Алтай өңіріндегі Бурлытай ауданы, Көкағаш ауылы, Шығанжиде қыстағында 1965 жылы дүниеге келдім. Сол жерде қазақ мектебіне бардым, сонда жүріп үйлендім. Күнкөрістің қамымен жастайымнан саудасаттықпен, мал шаруашылығымен айналыстым. Жат жерде бір де шат, бір де қапа болып жүріп, 2006 жылы атамекеннің топырағын сағынып, «шеңгел де өз жерінде дүрілдейді, әркімнің өз елінде басы құнды» дегендей, отбасыммен туған жерден Қазақстанға көшуге бел байладым. Жаркент шаһарының маңындағы Еңбекшіқазақ ауылына аз-кем ат басын тіреп, бір жылдай атажұртқа бой үйретіп алдық та Жылыбұлақ ауылына көшіп келдік. 2017 жылы Бастөбе елдімекеніне қоныс аудардық.

– *Ата-бабаларың ол жаққа қай жылдары өткен екен?*

– Халқымыздың басынан небір жаугершілік, алмағайып заман өтті ғой. Қазақ басын қоса алмаған, дұшпанын тізе қосып тоса алмаған, бас амандығымен азып-тозып кеткен шақтары аз болмаса керек. Ал менің бабаларым түбіміз бір түркі жұртының қара шаңырағы, табиғаты аса көркем Алтай тауының баурайын мекендеп отырғанында екі империя Ресей мен Қытай өзара шекара бөлісіп, 1881 жылғы Петербор және 1884 жылғы Шәуешек келісімдері бойынша демаркация сызығын жүргізген кезде қазақ екі бөлініп қалады. Нәтижеде, айдың күні аманда бабаларым жат елдің азаматтары боп шығады. Айта кетері, сол шақта құт қонған бай отбасылар көп болған деседі, бірақ уақыт өте заманның илеуімен, биліктің күштеуімен дәулеттері сарқылса керек.

– *Отбасың туралы айтып өтсең?*

– Қызды ауылды көргенде бұлаңдаған 25 жасымда көрші

ауылдың қырдың қызыл гүліндей шайқалған аққұба жүзді, қой көзді, шырын сөзді, биязы мінезді, сұңғақ бойлы сұлуына ғашық болып, көп ұзамай отау құрып, шаңырақ көтердім. «Мал таппас еркек болмас, құрарын айт» дегендей, барды ұқсатып, үй мен түз шаруасын ұршықтай үйіріп, отбасымның шырайын келтіріп отырған келініңіздің есімі Жаңагүл. Екеуіміз көзіміздің қарашығындай көретін төрт қыз өсіріп отырмыз. Үлкені Риха тұрмыста, одан кейінгісі Әйгерім жоғары оқу орнын жуырда бітіріп, дипломын қолына алды. Қыз да болса серкеме баланатын, сенім артқан еркем Айда-на Семей гуманитарлық институтының 2-ші курсына тамамдады. Қолы қалт етсе, әрдайым, жанымнан табылып, қолқабыс қылады. Кенжеміз Раушан мектепте. Балаларымыздың үлкен-кішісі бар, бәрі бірдей жұдырықтай жұмылып, кәсібіміздің өсіп-өркендеуіне үлестерін қосуда.

– *Иә, «Еңбегі ер жігіттің еш болады, болса егер алған жары салдыр-салақ» деп ата-бабаларымыз әйел сипатының көңілге қонымсыз тұстарын ащы да болса турасынан айтқан зой. Жар таңдауда жолың болған екен. Ал Бастөбеге орын тепкеннен кейін кәсібің қалай өрбіді?*

– «Мал ұстаған озады», – деп сол мал мен сауда кәсібін жандандыра түстім. Сауын биелерінен басқа жылқы мен ірі қара және қой малын қолда ұстап бордақылаймын. «Базарға қой айдаптым серкесімен пұл болсын», – деп бұрынғылар айтып өткендей сенбі, жексенбі күндері етті Талдықорған коммуналдық базары мен Үштөбе сауда орталығына шығарамын. Үйде бос жатсаң балалардың көжесіне қатықты қайдан табасың? «Қазаққа жылқы малы жазда қымыз, қыста соғым», «бала-шағаға ақ ұрттатып, май шайқататын, құрт қайнатып, сары қатық үйіретін сиыр малы – байлық», «малды жисаң қойды жи, майы кетпес шарадан», – деген бабалар өсиетін ұстанып, солардың салып кеткен ақ жолымен жүрсем деймін.

– *Жем-шөп мәселесін қалай шешудесің? Суармалы жерің бар ма?*

– Суармалы жерім жоқ. Бағасы қымбат болса да жем-шөпті

сатып аламын. Өткен аптада жоңышқаның бір теңін (түкті) 630 теңгеден алдым. Жылына оның 2500-ден астамы керек. Айына 4 тонна ұнтақталған жем аламын, сондықтан өнімнің өзіндік құны қымбатқа түседі. Алдағы уақытта да жем-шөп арзандай қоймас, себебі жоңышқаны суғаруға ағын су жетпей жатыр.

– *Көрнекті композитор Ә.Еспаевтың «Жылқышы» әнінде: «Сен-ай баққан адамның маңдайының бағы бар» деп шырқалады, сондай-ақ қазақтың қара өлеңінде «жгіттің жліктісі жылқы баққан» деп ер-азаматтың қарым-қабілетіне баға беріледі. Байқаймын, өзің де құрық көрмеген асауды ауыздықтайтындай күш-қайратқа ие екенсің. Жалпы, табысқа жетудің сыры неде деп білесің?*

– «Даңқты ісіңмен, байлықты күшіңмен табасың» деген даналардың сөзі бар, жылқы малын өсіру, күтіп-баптау үшін күшпен қоса қайсар мінез, табандылық, шыдамдылық, төзімділік сияқты қасиеттер керек. Жылқы адамға іпсе - сусын, жесе - азық, мінсе – көлік, шапса – мақтан болған. Қиын-қыстау заманда әкелеріміз шөлдегенде жылқының қымызын ішіп, ашыққанда етін жеп күн көрген. Жатпай-тұрмай еңбек етсең мал пайдасы шаш-етектен. Мына айдаған арық аттай кедейшілік көк желкеден басқан тұста мал ұстап, жан бағу керек. Ер жігітке кедейшілік жараспайды, ол азаматты қор етеді.

– *Жылқының еті мен қымызының пайдасы туралы айта кетсең?*

– Бүгінде жылқы еті мен сүтінің шипалы екенін бәрі біледі. Жылқы киелі жануар кез-келген шөпті жемейді, таңдап жейді. Басқа малдың аяғы, аузы тиген шөпке жоламайды. Судың тұнығын ішеді, шөптің шүйгінін жейді, сондықтан да жылқы еті мен сүті тез сіңеді және тез қорытылады. Қанша суық болса да жылқы майы қатпайды. Молшылықтың бастау көзіне баланатын сауын биелер таптырмас байлық деп білемін. «Биенің сүті сары бал, қымыздан асқан дәм бар ма?» деген Ақтамберді жыраудың ұрпағына қалдырған аманатын жадымнан шығармаймын. Мал

мен өсімдік біткеннің білгірі, халқымыздың айтулы этнографы Жағда Бабалық бабамыз жылқы еті мен қымызының адам ағзасына қандай пайдасы бар екенін жазудай жазып кетті. Одан артық ешкім айта алмас. Содан білетінім, қымыз шипалы сұйық қана емес ол астың да қызметін атқаратынын, қымыз ішкен адамның тоқ жүретінін, қымыз ағза қызметін дамытып, адамды жасартатынын, қан құрамын реттеп, жүрек, қан тамырлары ауруларының алдын алатынын, зәр шығару органдарының қызметін жақсартып, жүйке жүйесінің жұмысын дұрыстайтынын, ас қорытуға көмектесіп, өкпе ауруынан емдейтінін, созылмалы асқазан, созылмалы тік ішек ауруларын жазатынын, созылмалы бауыр қабынуын, асқазан жарасын және ішек ауруларын ретке келтіретінін, қан тамырларын кеңейтіп, қан айналымының жақсаруына мүмкіндік туғызатынын, қандағы түйіршектерді талқандап, қанның жүрісін қалыпқа түсіретінін, сонымен қатар жүректің қалыпты жұмыс істеуіне көмектесетінін көкейге түйдім. Ол кісі қымызды жүйелі ішудің маңызы зор, аш қарынға қымыздың саумалын (жаңа сауылған сүті) ішкен пайдалы, ол асқазан мен ішек жараларын емдейді деп жазады. Бұрында қымыздың түр-түрі ашытылған ғой. Жаңа ашыған құлын қымыз, қайғыны ұмытратын тай қымыз, өзінен асары жоқ құнан қымыз, жараулы ағай дөң асыратын дөнен қымыз, егескенді еңкейтетін есті қымыз – бесті қымыз боп кете барған. Қазірде барымен базарлатып жатырмыз. Сауға сән, ауыруға дәрі қымыз ғұмырдың ұзақ болуына оң әсер ететінін бабаларымыз айтудай айтып кетті. Бізге тек соны іске асыру қалды.

– Қытай еліндегі қандастарымыздың салған әнін көпшілік сүйіп тыңдайды. Қазақ әндерінің халықтық әуені, ұлттық нақышы, көркем бояуы ол жақта табиғи қалпында сақталған екен, сонысымен де өзіне тартады, жан-дүниеңді баурап алады. Өзің әдебиет пен өнер жағына қалайсың?

– Иә, дұрыс айтасыз ол жақ әнінің ерекше бір, ала-бөтен сарыны бар. Атамекенге деген сағыныштан туындаған болса керек, мұң басым. Өзім әнге жоқпын, бірақ келіншегімнің жібектей созылта,

тамылжыта салған әсем әндерін тыңдағанды ұнатамын. Біз арғы бетте латын қарпымен білім алдық. Мұндағы кириллицаны түсіне бермейміз, сондықтан газет-жорналға, кітапқа құмарлығым болса да оқи алмаймын, бос уақытым да жоқ деуге болады. Негізінен, тіршіліктің қамымен уақыт өткерудеміз. Рухани тұрғыдан жетіле түсу, әрине ойда бар нәрсе. Қазірде балаларымызды оқытып жатырмыз.

2020 жыл

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК – БИЗНЕСТІҢ ІРГЕТАСЫ

Бүгінде халықтың әл-ауқатының жақсаруы кәсіпкерліктің дамуына байланысты екенін ескеріп Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы Қаратал аудандық филиалының басшысы М.Кусаиновпен жолығуды жөн көрдім.

– **Марат Жаханұлы, филиалдың қызметі және биылғы жылы атқарылған жұмыстар легін қысқаша тізбелеп берсеңіз?**

– Біздің айналысатын басты қызметіміз кәсіпкерлердің құқығын қорғау, әкімшілік кедергілермен күресу, мемлекеттік бағдарламаларды сараптау, мемлекеттік сатып алу мен тарифқұрылымы мәселелері. Қосымша қызметке дуальді білім беру, бизнесті қолдаудың сервистік үлгісін жүзеге асыру, өңірлік дамудың картасы, кәсіпкерлікті қолдау орталығының мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстары кіреді. Аудандық статистика бөлімінде тіркелген СПД саны 2889, соның ішінде заңды тұлғалар 120, жеке кәсіпкерлер 1779, шаруа қожалықтары 996. 2017 жылдың I тоқсанында кәсіпкерлердің құқығын қорғау турасында жеке кәсіпкерлерден 11 өтініш түсті. Соның барлығы да оң шешімін тапты. Ағымдағы жылдың бес айында палата филиалы мемлекеттік органдардың, прокуратураның және кәсіпкерлердің қатысуымен салық салу, мемлекеттік статистика есебі, «Бизнес бастау» бағдарламасы, әкімшілік сот, СПК және электрожабдықтау мәселелері бойынша 9

дөңгелек үстел отырысы мен семинар өткізді. Ауылшаруашылығы өндірістік кооперативтерін құру туралы 8 шаруа қожалықтарына кеңес беріліп, 11 кооператив құруға көмек көрсетілді. Наурыз айында Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасының жұмысшылар тобының құрамына енген аудандық ауылшаруашылығы бөлімі, жұмыспен қамту орталығы, ветеринария қызметі, «Қаратал» КТ қатарында тоғыз ауылдық округке шығып, көшпелі отырыстарға қатыстық. Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының» ережелерін түсіндіру, көктемгі егіншілік және күзгі жиын-терін науқанын несиелеу, ауылшаруашылығы өндірістік кооперативтерін құру басқа да көптеген мәселелер төңірегінде өз өкілеттілігіміз шеңберінде түсініктемелер бердік. Көңіл аударар басқа да мәселелер жетіп артылады.

– Атқарған шаруаларыңыз ауқымды екен, жалпы Үкімет тарапынан көмектер, жеңілдіктер жасалынып, көптеген бағдарламалар қабылданып жатқанын білеміз, соған орай ауданда кәсіпкерлер саны артып келе ме?

– Иә, былтырғы жылы «Бизнес жол картасы – 2020» бағдарламасының бір бағыты «Бизнес кеңесші» бөлігі бойынша 60 адам оқуға ниет білдірсе, биыл олардың саны 100 құрады. 2015 жылдың қазан айында «Ауылшаруашылығы өндірісінің кооперативі», 2016 жылдың қыркүйегінде «Агроөнеркәсіп кешенін дамыту» туралы мемлекеттік бағдарламалар қабылданғаннан кейін көш түзеліп, жағдай жақсарды.

– Кәсіпкерлікке рұқсат беретін құжаттарды алу қиын деп жатады, шындығында істі дөңгелетіп алып кетуге қолбайлау болатын түйіткілдер, кедергілер бар ма?

– 2006 жылы «Жеке меншік кәсіпкерлік туралы» заң қабылданды. Сол кезеңде кәсіпкерлікті дамытуда, оған қолдау көрсетуде, рұқсат беретін құжаттарды алуда қиындықтар болғаны рас, мысалы салық органдары тарапынан жүргізілген тексерістерге наразылықтар болды. Кәсіпкерлерге қысым жасау, айыппұл салу

деректері кездесті. Бүгінде ондай келеңсіздіктерге жол берілмейді. Кедергілер саны азайтылып, құжаттарды алу жеңілдетілді. Тіркеу тегін жүргізіледі.

– Осыдан бірер жыл бұрын мемлекеттік бағдарламаға қатысқан кәсіпорындарды мемлекеттік бес мекеме: «Даму қоры», экономика министрлігі, әкімшілік, прокуратура, қаржы полициясы тексеретін, қазір қалай?

– Қазірде қажетті жағдай туындағанда тексеріледі. Мысалы, прокуратура шағым түскенде ғана іске араласады, ал қаржы полициясы банктен алынған несиелердің кәсіпкердің бекітілген бизнес жоспарына сай мақсатты түрде жұмсалғанын тексереді. «Даму қоры» да бюджеттен бөлінген қаржының орнымен пайдаланылғанын, түпкі мақсатына қолды болмай жеткенін, яғни қаржының материалдық игілікке айналғанын анықтайды. Кәсіпкердің ісіне орынсыз ешкім килікпейді.

– Қаржы көзі – несие туралы айта кетсек. Қазақ: «Несиеге ет жесең, сүйегі тамағыңды жыртады» деп тіксініп жатады, бұл енді пайыз бағамының тым жоғары екенін аңғартса керек?

– Былтыр кәсіпкердің банкіден алған несиесі «Даму қоры» арқылы төмендетілді. 17 пайыздың 10-ын қор өз есебінен жапты. Сонда кәсіпкерге 7 пайызы қалған болатын. Биыл «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасына» сәйкес кәсіпкердің кепілдігі сенімді болса 6 пайыз бағамымен беріледі.

– Ауданда қай салада кәсіпкерлер көбірек?

– Бізде кәсіпкерлік негізінен шаруа қожалықтары, сауда-саттық және қызмет көрсету салаларында дамып жатыр.

– Кезінде Үштөбеде небір зауыт, фабрика болды, қазір негізінен сауда, қызмет көрсету нысандарын, орындарын көреміз. «Отаншылдық - отандық өнімді тұтынудан басталады» деген қағиданы ескерсек отандық тауар өндіру жайлы ойыңызды білдіре кетсеңіз?

– Иә, қазір қисынын келтіріп, ебін тауып алып-сату үрдістері

жүріп жатыр, бірақ отандық өнімдерді тұтынудың да ауылы алыс емес. Оның алғы шарттары жасалып жатыр. Бізде электр энергиясы қымбат. Ол шығарылған өнімнің өзіндік құнының 30 пайызына дейін құрайды, сондықтан бәсекеге түсу қиын. Басқа да себептер бар.

– Еуразиялық Одақтың құрылуына байланысты шағын және орта бизнес тұралап қалды, нарықты Ресей, Беларусь, Қырғызстан өнімдері жаулап алды деген пікірге не дер едіңіз?

– Мен бұл пікірмен келіспеймін. Бәсекелестік керек, сонда сапа болады. Нарыққа да кең жол ашылды. Бұл сынақтан абыроймен өтуге тиіспіз. Кәсіпкерліктің қыр-сырын оқып-үйреніп, оны жете меңгергеніміз жөн.

– Кәсіпкер болу оңай емес, пайда табамын деп жүріп шығынға ұшырағандарды естіп қаламыз. Жалпы, өз ісінді бастауға қанша қаражат керек?

– Ол енді қолға алар ісіннің көлеміне, ауқымдылығына байланысты. Кемі 200 мың теңге керек шығар. Істі бастау үшін бастысы талап, ынта, жігер, табандылық қажет және «тәуекел түбі жел қайық, өтерсің де кетерсің» деп бекер айтылмайды ғой, жанкештілік танытып, белді бекем буу керек. Шағын кәсіпкерлік – бизнестің ірге тасы екенін ескерсек, нәсібін кәсіпкерліктен тауып жатқандардың көбейіп келе жатқанына қуанамын.

– Соңғы кезде «Рухани жаңғыру» деп жатырмыз, яғни қазақтың болмыс-бітімін қалпына келтіру керек дейміз. Ендеше, сіздерде іс-құжаттары қай тілде жүргізіледі?

– Екі тілде, мемлекеттік және ресми тілде, себебі облыстан құжаттар негізінен орыс тілінде келеді.

– Отбасыңыз жайлы айта кетсеңіз және соңғы сауалым: бос уақытта қолыңызға әдеби-көркем шығарма ұстайсыз ба?

– Жарым Гүлбақыт екеуміз үш бала өсіріп отырмыз. Негізінен әдеби кітап емес, әкімшілік, жер, азамат, салық кодексі т.б. қабылданған заңдарды оқимын, себебі, кәсіпкерлердің құқығын қорғай білу үшін заңдарды терең білген жөн.

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – АБЫРОЙЛЫ ІС

Елімізде жұмыссыздық мәселесі өзекті болып тұрғандықтан аудандық жұмыспен қамту орталығының басшысы А.М.Кілтбаеваның қызмет бөлмесіне бас сұқтым.

– Ақжайық Мұратқызы, ел экономикасының даму барысын анықтауда статистика үлкен рөл атқаратыны белгілі. Оның негізінде бағдарламалар жасалады. Осы тұрғыда елімізде және соның ішінде ауданда жұмыссыздық деңгейі 5,6 пайыз деп көрсетіледі. Ал бұған күмәнмен қарайтын адамдар қарасы көп. Сіз өзіңіз осы көрсеткішке сенесіз бе?

– Ресми статистика елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын шыннайы түрде көрсетеді деп ойлаймын, себебі мәліметтерді талдау әдістері ғылыми негізде жүргізіледі. Ал қоғамда статистикалық мәліметтерге күмәнмен қарайтындар бар болса, ол енді әркімнің өз ісі, құқығы.

– Дегенмен, жұмыссыздар санын есептеп көрсетуде бір шикілік бар сияқты. Мысалы, адам салық төлемесе жұмыссыздар санатына кіру керек қой?

– Олар өзін-өзі жұмыспен қамту санатына кіреді, сондықтан салық төлемей, өз күндерін өздері көріп келеді. Ал алдағы шақта қалай боларын уақыт көрсетеді.

– Өзін-өзі жұмыспен қамту саласы, негізінен, ауылшаруашылығы мен құрылыста, қара базар мен автокөлік (такси) тасымалында кең етек алғанын көзіміз көріп жүр. Кәсіби сарапшылардың пайымдауында, үкіметке алақан жасаймай, өз беттерінше күн көріп жатқан олар экономиканың қозғаушы күші саналады. Ендігі, оларды тіркеуге алып, салық төлету, әлеуметтік зейнетақы қорына жарна аудару туралы су жаңа министр Әбілқасымова сөз қозғады. Тұрақты табыстары бір де бар, бір де жоқ азаматтар мұны ауыр қабылдаулары мүмкін ғой? Сонда туындар мәселенің түйінін тарқату қалай жүр-

гізілмек? Бұл туралы сіздерге жоғарыдан әдістемелік нұсқаулар, бұйрықтар түсті ме?

– Жоқ, ешқандай нұсқау, түсініктеме түспеді. Бұл шараны жүзеге асыру үшін үкімет қосымша заңнамалық құжаттар қабылдап, салық кодексіне өзгертулер енгізуі керек шығар.

– *Қоғам қайраткері, айтулы ақын М.Шаханов: «Жүз бай шырқап, мың кедей шарқ ұратын заман болды» дейді. Шынында да халықтың әлеуметтік жағдайы жақсы деуге келмейді. Азық-түлік пен киім-кешек бағасының және тұрмыстық-коммуналдық тарифтердің өсуі, әсіресе әлеуметтік жағынан аз қамтылып қорғалған кедей-кепіштің шымбайына батып отыр. Қымбатшылықтың тоқтар түрі көрінбейді, жұмыссыздар қатары да азайды деп айта алмайсың. Сіз бұған қандай уәж айтар едіңіз?*

– «Көңілдегі көрікті ойды базардағы нарық бұзады» деген сөз рас, бірақ та баға тіс батпайтын, қалта көтермейтін дәрежеге жетті деп ойламаймын. Ел Президентінің 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция» атты халыққа Жолдауында айтылған зейнетақы мен жәрдемақы және жалақыны көтеру, сонымен қатар 5 наурызда Парламентте жариялаған 5 әлеуметтік бастамасына сәйкес тұрғындарға ипотекалық несие мен микрокредиттер беру, жеке табыс салығын азайту, студенттерге жатаханалар салу мен елдімекендерді газдандыру бағдарламалары халықтың тұрмыс жағдайын міндетті түрде көтереді. Біз болсақ өз тарапымыздан жыл басынан бері жұмыс іздеген 613 тұлғаны есепке тіркедік. Олардың 411 әлеуметтік қорғау шараларымен қамтылды. Үкіметтің «Жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын» іске асыру мақсатында үш бағытта жұмыс атқарып жатырмыз. Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен, сонымен қатар қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету үшін биылғы жылы 225 адамды жаңа мамандыққа қайта даярлауды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі күнге 176 адамның құжаттары жинақталып, базаға енгізілді. 118

жұмыссызға қысқа мерзімді оқуға жолдама беріледі. Бұл бағытқа 57 859,0 мың теңге бөлінді. Мұның ішіне, әр адамның оқу ақысы, стипендиясы, іссапар шығындары кіреді. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағытында ағымдағы жылда 88 адам микрокредит бойынша кеңес алды. «Бастау бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік мамандығының негіздеріне оқыту мақсатында 67 адам тізімге енгізілді. Үшінші бағытта: халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек нарығын дамыту үшін бүгінгі таңға әлеуметтік жұмыс орнына 104 жұмыссыз жолдама алды. Жастар практикасын ұйымдастыру ісі бойынша, жұмыс берушілермен келісімшарт жасалынып, жыл басынан бері оларға 18 жас түлек жіберілді. 114 адам қоғамдық жұмысқа тартылды. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру шеңберінде ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу мақсатында 3 отбасының құжаттары Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының өңірлік квотасына енгізу үшін Алматы облыстық жұмыспен қамту басқармасына жіберілді. Ұлт ойшылы Мәшһүр Жүсіп бабамыз: «Қазақ неге кедей, өйткені ол өзін де, баласын да аяйды. Өзін де, баласын да аямаған адам бай болады» дейді, сол айтқандай аянбай, шүмектеп тер төгіп еңбек етсек молшылыққа кенелерміз. Жалпы, халықты жұмыспен қамту абыройлы іс деп білемін.

– Сөзіңізге орай қосарым, былтырғы жылдан бері жұмыс күші тапшы Солтүстік өңірлерге еліміздің халқы тығыз орналасқан Оңтүстік аймақтардан (ОҚО, Жамбыл, Алматы облыстарынан) еріктілерді көшіру бағдарламасына қараталдықтардан үн қатқан, өзіңіз айтқандай, үш-ақ отбасы бар екен. Бұл аз емес пе?

– Бос жатқан жерге дос та, дұшпан да көз тігеді ғой. Білген жанға бұл бағдарламаның мәні тереңде жатыр. «Арқа жылы болса, арқар ауып несі бар» дегеннен емес, заман желіне байланысты диаспора өкілдерінің бір бөлігі тарихи отандарына көшті. Жер босап, ауылдарда жұмыс күші азайды, мектептер жабыла бастады. Ендігі, ауылдың ажарын ашып, тамырына қан жүгірту үшін адами ресурстар керек. Шекаралық аймақ болғандықтан, онда, қазақы

иіс (менталитет) болуы қажет. Мұның бәрі мемлекеттік мүддеден туындайды. Жуырда, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарынан ауданымызға келген өкілдер тұрғындарымызбен кездесіп, салиқалы, салмақты әңгімелер айтты. Түйіткіл мәселенің мән-жайын, түп-төркінін түсіндіріп, көрсетілетін әлеуметтік жеңілдіктер мен берілетін жәрдемақылар мөлшері туралы айта келіп, жұмыс орындарын ұсынды, Соның нәтижесі болар, қоныс аудару жайлы ойланып қалған отбасылар қарасы баршылық.

– Ақжайық, сұхбатымыздың соңында, дәстүрлі қояр сұрағым, өзің білесің рухани жаңғыру бастамасы аясында нағыз қазақ боламыз деп жатырмыз ғой, соған орай өзің ел тарихын, әдебиетін оқуды қолға алдың ба?

– Иә, халықтың басым бөлігі тарихқа ден қойып жатыр, мен де көштен қалмай, өткенді зерделелеуді мақсат тұтсам деймін. Тағы бір айтарым, әкем жұмыс бабында автокөлік апатынан қайтыс болған соң, анам 31 жасында бес баламен жесір қалды. Көптеген қиыншылықтар мен ауыртпалықтарға мойымай, біздерді қатарымыздан қалтырмай, өсіріп жеткізді. Содан болар мен ана мен баланың бастан кешкен тұрмыс-тауқыметі туралы түсірілген көркемфильмдерді ұнатам. «Жерде бір жетім жыласа, көкте мың періште күңіренеді» деген нақылды естен шығармайықшы.

2018 жыл

ТІРШІЛІКТІҢ НЕСІ СӘН, ТЕРЕҢГЕ БЕТ ҚОЙМАСА?

«Көздерінде от ойнар, сөздерінде жалын бар. Жаннан қымбат оларға ар, мен жастарға сенемін» деп ұлы ақын Мағжан жырлағандай Қаратал ауданы жастарының жетекшісі Руслан Исатайұлы Омаровпен кездесіп жастар мәселесі бойынша ой бөлісуін сұрадым.

– Руслан, Жастар ұйымының мақсаты мен міндеті туралы қысқаша айтып өтсең? Қандай жас аралығындағы жастарды қамтисыңдар?

– «Қазақстан – 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасына сәйкес аудан аумағында жастар саясатын жүргізу міндетін іске асыру. Соның ішінде: жастардың құқықтық сауатын арттыру, патриотизмді тәрбиелеу, мемлекеттік бағдарламаларға атсалысуға шақыру, бәсекелестікке қабілетін арттыру, қоғамда өз орнын табуға қол ұшын беру, жастарды мәдени құндылықтарға тарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастарды жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасау т.т. 14-29 жас аралығындағы жастарды қамтимыз.

– Сіздерге қаржы тек идеологиялық шараларға бөліне ме, жоқ, әлде әлеуметтік мәселелерді шешуге де мүмкіншіліктерің бар ма?

– Біз «Алматы облыстық жастар саясаты орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы болғандықтан өз есеп шотымыз жоқ. Әлеуметтік мәселелерді шешуге ешқандай мүмкіндікке ие емеспіз.

– Елімізде әлеуметтік жағдайдың оңып тұрмағаны белгілі, соған қарамастан бар мәселелер шешіліп тасталғандай фестивальдер мен түрлі конкурстар өткізіліп, сол мерекелерде бір түсті киім киіп алып, түрлі-түсті жалаушаларды көтеріп «Алға, Қазақстан!» деп ұрандатып жатқан жастарды көреміз, құдды сонымен бар шаруа бітетіндей. Шаралар өткізумен күрмеуі көп әлеуметтік істер шешіледі деп ойлайсың ба?

– Ұлы Абай атамыз «Малда да бар жан мен тән, ақыл мен сезім болмаса, тіршіліктің несі сән тереңге бет қоймаса» дегеніндей әлеуметтік мәселелердің шешімдерін табу үшін тым тереңге бойлау керек екенін, сондықтан «ия» не «жоқ» деген кесімді пікір айта алмаймын. Нәтиже берер істерді қолға алу, оның тиімді жолдарын іздеуді көп болып ақылдаса отырып шешкен жөн деп ойлаймын.

– Саясаткерлер, қоғам танушылар айтады: «Жастар саясатында белгілі бір идея жоқ. Көзбояушылық белең алып тұр. Қағазбастылық дендеп, арзан ұрандар жайлап барады. Нақты

жұмыстар атқаруға келгенде шорқақыңыз. Қоғамның қозғаушы күші жастар болуға тиіс, ал олардың басым бөлігінде масылдық бар» дейді. Сен бұған қарсы қандай уәж айтасың?

– «Масылдық бар» деп барлық жастарға топырақ шаша алмаймын, бірақ арамызда ондайлардың аз еместігін де жоққа шығармаймын. Ал идея мәселесіне келсек, қабылданған Жастар саясатының Тұжырымдамасы тың идеяларға тұнып тұр. Онда қалай және не істеу керек екендігі тайға таңба басқандай айқын көрсетілген. Бізге тек сол идеялармен қаруланып нақты жұмыстар атқару керек. Көзбояушылық пен қағазбастылыққа қарасты айтар уәжім, бұл енді қоғамның барлық саласында бар ауру, сондықтан оған менің алып қосарым жоқ.

– Теледидарды ашсаң болды: жұмыссыздық, қылмыс, атысшабыс, ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылықты, небір азғындықты көресің. Соған қатысы барлардың дені жастар. Осы көріністер өзіңді толғанта ма?

– Әрине толғантады. «Не ол емес, ойлашы не бұл емес, бұл дүниеде біз осы жүрміз не ғып» деп іштей күйзелесің, «Не істемек керек?» деп ойың он саққа жүгіреді. Мұндай өрескел жағдайлармен ел боп, қоғам боп күресуіміз қажет. Бірінші кезекте үкімет жұмыс орындарын көптеп ашып халықтың әл-ауқатын арттырғаны жөн болар еді. Ал жастар өз тарапынан жоғарыдағы тұжырымдама талаптарына сай қарқынды жұмыстар атқаруға тиіс деп топшылаймын.

– Қазақ «Ораза намаз тоқтықта», ал коммунистік идеологияның көшбасшысы К.Маркс «Сананы тұрмыс билейді» деп бекер айтпаса керек. «Қол жетімді баспана» бағдарламасы жастардың бәріне бірдей жетпесі анық. Ал енді, басыңда баспана, қолыңда жұмысың болмаса, дәмді ас ішіп, қалауыңша киім кие алмасаң қалай патриот болуға болады? Мұндай жағдайда ұлтқа қызмет ету туралы сөз айтудың өзі әбестік қой? Күн көрістің әлегі кара бастың қамын гана ойлантатын нарық заманында ауданда қанша пайыз жастар жұмыссыз, баспанасыз

жүргені туралы өзіңде шынайы мәлімет бар ма?

– Бар қиындық және тұрмыстың төмендігі жұмыссыздықтан туындайтыны белгілі. Отызында орда бұзып, қырқында қамал алу үшін патриоттықтың негізін жастық шақта қалау қажеттігі заңды құбылыс. Еңбек және жұмыспен қамту саласында жастарды жұмысқа орналастыру, қоғамдық жұмыстарды дамыту және жастарды кәсіптік даярлық пен біліктілікті жоғарлату курстарында оқытуды аудандық жұмыспен қамту орталығымен бірлесе ойластырып атқарудамыз. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін айтар болсам, ол шамамен 5 пайызды құрайды.

– Жастарымыздың кәсіпкерлік салаға келу жағзы туралы айттың өтсең?

– «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының «Кәсіпкерлікті дамыту» бағыты бойынша биыл 4 жас қана 6 млн 700 теңгеге несие алып өз істерін ашты. Оны енді ары қарай дөңгелетіп алып кету өздерінің қабілет қарымдарына байланысты болар. Сан жағынан алғанда кәсіпкерлікпен айналысушылардың қарасы аудан көлемінде өте аз боп тұр.

– Отанды сүю керек деп айтамыз. «Жастар жемқорлыққа қарсы!», «Есірткіге қарсы!» деген шаралар өткізіліп жатады. Жоғарыда айтқандай форумдар, конференциялар, симпозиумдардан да кенде емеспіз. Олардың басы қасында өзім де жүрдім, бірақ содан отаншыл, елшіл, халықшыл болып кеткен ұрпақты көрмедім. Жиын, мереке думан өткізумен шектелмей, тым ұраншыл болмай, мүмкін бұл мәселеге басқа қырынан келу керек шығар? Әйтеуір жастар саясатын іске асырудың тетіктерін табуымыз керек қой?

– Шаралар өткізген жөн, бірақ олардың тақырыбы мен мазмұнының бай болуына, ұлттық бояумен өрнектелуіне баса назар аудару керек шығар. Ел тарихы, халқымыздың салт дәстүрі, ұлтымыздың бар құндылықтары сахнадан орын тауып жатса жастардың бойында отаншылдық сезімнің пайда болуы күмән тудыра қоймас. «Отан отбасыдан басталады» демекші балалардың

әке- шешеден алған тәрбиесі де үлкен роль атқарады. Моральдық ахуал материалдық жағдаймен тікелей байланысты болғандықтан әрине жастардың тұрмысын түзейтін механизмдерді іске қосқан жөн

– Мектептерде балаларға тәлім-тәрбие беру мақсатында құрылған «Жас ұлан», «Жас қыран» тәрізді ұйымдармен арақатынастарың қалай?

– Мектептегі ол ұйымдармен байланыстамыз. Бірлесіп түрлі мәдени және спорттық шаралар өткіземіз.

– Ауыл экономикалық және әлеуметтік жағынан жеткілікті дәрежеде дамымай жатқанда жастардың дипломмен ауылға баруы қаншалықты деңгейде жүзеге асады деп ойлайсың? Биылғы жылы қанша жас ауылға барды?

– «Дипломмен ауылға» бағдарламасы қолға алынғаннан бері көптеген жас ауыл өміріне араласып кетті. Дегенмен бұл бастаманың даму барысы баяу жүруде. Оған сіз айтып отырған жайдың да теріс әсер етіп отырғандығын мойындамасқа болмас. Жастар негізінен қалада қалуға тырысады. Нәпақасын да, қызығын да содан тапқысы келеді. Биылғы жылы сегіз жас ауылға барды.

– Ұлт қайраткерлері, қоғам жанашырлары айтады: «Ұлттың болашағы қыздардың тәртібіне байланысты. Олардың ішінде ашық-шашық жүруден, оң жақта отырып жүкті болу, жасанды түсік жасату жағдайлары жиі кездесетін болды. Ұрпақтар арасында бұрыннан қалыптасқан рухани сабақтасстық үзіліп, нарықтық экономикаға бейімделген жаңа буын өсіп келеді, сондықтан экстремистік көзқарастар, түрлі діни ағымдардың жетегіне еру, заңға қарсы әрекеттерге бару жиілеп кетті. Рухани даму тоқырап барады. Екі мәдениет ортасында қалған маргинал жастар жат ағымдардың жеміне айналуда. Ұлттық тәрбие көрмеген, бесік жырын тыңдамаған, уызға жарымаған, ұнтақ сүт ішкен ұрпақтан жақсылық күту мүмкін емес. Аналарымыз мұндайда «О, Құдайым, бала бер, бала берсең сана бер, сана бермесең шетінен сыпырып ала бер» деп кері кеткен бала-

ны Алланың үкіміне тапсырған». Осындай қағидалармен ата-бабаларымыз өсіп-өніп еді, біз болсақ бұл жолдан ауытқыдық. Нәтижеде ел азып, жер тозып барады. Өз басым бізді ұлттық идеология ғана құтқарады деп ойлаймын. Өзіңші?

– Иә ұрпақтар арасындағы сабақтастық үзіліп барады, нәтижеде қоғамда сіз атап өткен келеңсіз жағдайлар орын алуда. Нарықтық экономика өз дегенін істеуде. 1992 жылы қабылданған «Діни сенім мен діни бостандықтар туралы» заңның кесірінен миссионерлер мен діни секталар қаптап ақырында жастар небір жат ағымдардың жетегінде кетті. Тіл туралы заңның солқылдақтығынан және рухани уызға жарымағандықтан ана тілінен безген, сырттан келген мәдениетке табынатындар санының көбейгенін айтпасқа болмас. Сол үшін де ұлттық идеология бастамаларының қажет екеніне келісемін.

– Баспасөз беттерінде мынандай пікірлер де айтыла бастады: «Жастар өздері оқыған дүние бір басқа да, өмір шындығы мүлде бөлек екенін, нақты өмірді жемқорлық, парақорлық, әділетсіздік жайлағанын, әлеуметтік жіктелудің басымдығын, балалардың мінез-құлқына ұрлық, парақорлық тәрізді бұрыс құндылықтардың сіңіріліп жатқанын, элитаның байыған үстіне бай түскенін, зиялы қауымның жел қайдан соқса солай қарай майысып ызғатынын, көпшілікке үлгі болатын, бағыт-бағдар беретін әлеуметтік топтың жоқтығын, ненің ақ, ненің қара екенін, жақсы мен жаманның арасын айыра алмайтын халге жеттік» деген. Ащы да болса шындық екенін мойындауымыз керек шығар. Бұл мәселеге көзқарасыңмен бөліссең?

– Біздің жастар ұйымы биылғы жылдың сәуір айында құрылып содан бері жұмыс істеп жатырмыз. Уақыт өлшемімен алғанда қызметімізге жарты жыл ғана толды. Кей мәселелердің байыбына бара да алмай жатқан шығармыз. Қоғамда әділетсіздіктің де, парақорлықтың да басқа да жағымсыз жайлардың бар екені жасырын емес. Онымен күрес әрбір отанын, халқын сүйер азаматтың абыройлы міндеті деп білемін. Бүгінде бұл істе біліктілік, белсен-

ділік таныта алмай отырғанымыз да шындық. Тәжірбие жинақтай келе біз де қоғам өмірінен ойып тұрып орын аламыз, қолға алған ісімізді аяғына дейін жеткіземіз. Әзірге оң солымызды бағамдап, бар жоғымызды түгендеп жатырмыз. Болашағымыздың жарқын болатынына сенімдіміз. Сол жолда аянбай тер төгеміз.

– Мына пікірге «қызметке аларда жастардың мемлекеттік тілді, тарихты, дәстүрді білуі назарға алынбаса, ол он жерден компьютердің құлағында ойнаса да, қырық тілді білсе де, өмірлік ұстанымы жоқ, ұлт болашағына сенбейтін нигилист болса одан мемлекетке келер ешқандай пайда болмайды. Кадрларды таңдауда кәсіби біліктілікпен қатар ұлт мүддесі де ескерілуі тиіс» деген ұсыныстарға алып қосарың бар ма?

– Жоқ, десем болады. Сұрақ орынды. Әрбір жас елінің тілін, тарихын, мәдениетін, дәстүрін, дінін міндетті түрде білуі керек деп ойлаймын.


– Кезекті ұраншылдығымызға басып «жүз кітап оқу» дегенді де айта бастадық, ниет дұрыс қой, бірақ ол маған кезекті бір дақпырт болып көрінеді. Жастар жаппай Абайды, Мағжанды, Жүсіпбекті, Шәкәрімді, Әуезовты, Мүсіреповты, Мұқановты, Нұрпеисовты, Мағауинды, Шахановты т.б. оқиды дегенге көптің күмәні бар. Өзің қалай ойлайсың?

– Қазіргі кезде жастар заман ағымына орай интернетте көп отырады. Керекті ақпараттарын содан алады. Әрі тіршілік түйіткілдері кітап оқуға мұрша бере қояр ма екен? Бір жақты «оқиды» не «оқымайды» деп жауап бере алмаймын. Жастар да әртүрлі ғой, іштерінде кітапты қолдан тастамай оқитындары да болуы мүмкін.

– «Ертеңін ойлаған ел бүгіннен қамдануы керек» деп жастар мәселесін біраз қаузадық қой деймін. Жастар тәрбиесі дұрыс болса екен деген ниеттен туындаған сауалдарыма жауап бергеніңе рахмет. «Ердің бағасы істелген істер мен істелетін істерде» деген халқымызда сөз бар. Бұл өмірде атқарар қызметің көп болсын.

VI

ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ



СӨЗ ӨНЕРІНІҢ МАРҚАСҚАСЫ

Өмір белестері

«Тобылғының бүріндей, текеметтің түріндей заман өтіп барады, сіз бен бізге білінбей», – деп өлең жолдарында айтылатындай көлге біткен құрақтай жайқалған-20, таудан аққан бұлақтай сарқыраған-30, белдеудегі құр аттай тықыршыған-40, қайта көшкен елдей, соққан желдей ескен-50, жігіттіктің алтын таңы қайта атпайтын, қоңыр салқын күнге теңелетін 60-ты артқа тастап, төте жолмен кәрілікті жетелеп келген 70-ті ауыздықтаған замандасым, қаламдас әріптесім, өмірдегі досым, бүгінде Қараталдың Қарашасы атанған Қонысұлы мерейлі жастың жотасына шығып отыр. Бойдағы қуат азайып, аяққа тұсау түсетін, мезгілсіз жүріп-тұрудан қалатын, көктем, жаз, күз мезгілдері өтіп, қыс қаһарын төгетін шақ, қайбір көңіл қуантарлық, кісі қызығарлық жас дейсің, бірақ оған жеткен де, жетпеген де барын ескерсек, Аллаға мың қайтара шүкіршілік етіп, тәубе деген жөн шығар. 70 – ақыл-ойдың қазығы, өнегенің өрісі болатын, кеуде қазынаға толатын, бойдағы барың мен нәріңді ұрпаққа сарқа беретін кемел жас. Жетпістің биігіне көк бөрідей жорта, жүйрік аттай желе шыққан Қаракен осы уақыт аралығында, ішінде жоба авторлығы бар, ұзын саны 16 кітаптың иегері атаныпты. Мына қызыл түлкідей бұландаған, адамды алдандырып сыландаған заманда, осыншама туындының жарық көруі, әрі республикалық 17 жинақта жекелеген шығармаларының басылуы аудан үшін мәртебе десем артық айтқандық болмас. Енді, мұның астарына үңіліп, сырына қанығып көрейік.

Ұстаз көргеннің ұстанымы бар

Таратып айтар болсақ, біріншіден, бұл әкенің қаны және шешенің сүтімен берілген қабілет-қарым, яғни талант. Екіншіден, Қонысұлы әскерлік борышын өтеп келгеннен кейін, 1971 жылы сонау Сыр өңірінен білім іздеп елдегі ең беделді жоғары оқу орны Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға

түседі. Сол оқу ордасының кара шаңырағында қазақ әдбиетінің бәйтеректей биік тұлғалары, ғылым докторлары мен профессорлары: Қ.Бекқожин, Т.Амандосов, М.Қаратаев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, М.Жолдасбеков, Б.Шалабаев, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, Р.Нұрғалиев, Т.Қожакеев, Ә.Ыдырысов сынды айтулы тұлғалардың еңбегімен танысады. «Ұстаз көргеннің ұстанымы бар» дегендей, Қаракең олардың бірінің көзін көріп, дәріс алса, екіншілерінің лекцияларын тыңдап, әңгімелеріне ұйыды, үшіншілерінің әдебиет туралы жазған сыни еңбектерін парақтап, көңілге тоқыды, ойға түйді. Төртіншіден, ұлы Абайдың «Толық адам» ілімінің алғы шарттарына сәйкес университетте «жақсы ұстаз» көрумен қатар, «жақсы замандас» тапты. Оның курстастарына көз салсаңыз, кілен қырандай жарқылдаған ығай мен сығайды көресіз. Олардың арасында бүгінгі қазақ журналистиксының танымал өкілдері: «Егемен Қазақстан» газетінің редакторы қызметін атқарған, Президент сыйлығының лауреаты Ержұман Смайыл, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, Ел Президентінің тұңғыш баспасөз хатшысы Ербол Шаймерденов, ақын-жазушы Ғабиден Құлахметов, сондай-ақ белгілі жазушылар Қуаныш Жиенбай-Серік Байхонов, ақын Байбота Қошым-Ноғай, радио журналисі Темірхан Момбеков, дарынды журналист Алма Үмбетова, «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы Мағауия Сембай, «Қостанай таңы» облыстық газетінің редакторы Жайберген Болатов, «Маңғыстау» облыстық газетінің редакторы Мандайлы Қосымбаева, «Егемен» қаламгерлерінің бірегейі Сүлеймен Мәмет т.б. бар. Осындай, журналистиканың жілігін шағып, майын ішкен, талғамы мен таланты ұштасқан қыз-жігіттермен қатар жүріп, әңгімесі жарасқан адам қалай көштен қалмақ? Университет қабырғасындағы әдебиет пен журналистиканың өзекті мәселелеріне арналған диспуттар мен конференциялар ше? Сол айтыстар, пікір-таластар жас түлектің ой-өрісіне, пайым-парасатына оң әсер еткені сөзсіз. «Жақсы мен қатар жүрсең шарапаты тиеді», – деп бекер айтылмайды ғой, болашақ, қаламгердің талантының суарылуына, қаламының ұшталуына, азамат болып қалыптасуына,

өмірде тұлпар шабыс танытуына іргелі оқу орны ұшан-теңіз пайдасын тигізгені анық.

Журналистика мектебі

1976 жылы Алатаудың баурайынан «Ұшар қанат болса, аспан асты кең», – деп, Қаратал жеріне қоныс тепкен жас маман «Коммунизм жолы» газетіне қызметке тұрады. Кеңестік дәуірде аудандық басылым аптасына үш рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығатын. Жұмыс деген шаш етекпен, бастан асады. Өндіріс ошақтары, ауыл шаруашылығына қарасты совхоздар мен колхоздар, теміржол, құрылыс, әлеуметтік қызмет көрсету нысандары, оқу орындары дейсіз бе, толып жатқан мекемелер мен ұйымдардағы еңбекші халықтың тыныс-тіршілігі, екпінді еңбегі газет бетінен орын алуы тиіс және тұрақты түрде проблемалық мәселелер көтерілуі шарт болатын. Соған байланысты «Сын түзелмей, мін түзелмейді» айдарында мүйізделген мекеме басшылары айтылған сынға жауап қатуға міндеттелетін. Бұл талаптың орындалуын аудандық партия комитеті бақылауда ұстайтын. Деректер бұрмаланса, не келтірілген фактілер дәлелденбесе кінәлі тарап жауапқа тартылатын, сондықтан артық пен шындықты тудіріп көтерген редакция қызметкерлері, аттан түспей, күні-түні шапқылайтын. Әрі үкіметтің аяқ астынан жіберетін жеделхаттары бар, оған шұғыл, қолма-қол жауап беру керек. Ол үшін, тез арада материалдар дайындау қажет. Қызметкерлердің кәсіби шеберліктері, сондай қысыл-таяң сәттерде таразыға түсетін. Басылым редакторы Мәкен Өсербаева апамыздың көргенді басшылығымен, сол тұста ұжымда өз ісінің білікті мамандары, қиялдары сергек, қаламдары жүрдек журналистер Ордаш Кендірбаев, Олег Голубенко, Леонид Нагибин, Борис Ким, Кемел Құсайынов тәрізді саңлақтар істеді. Кейіннен, ұжымға «сен тұр, мен атайын» дейтін өзіндік «мені» бар, журналистиканың соқтықпалы-соқпағында кестелеп ою-өрнек салған Әміре Әрін, Қайрат Әлімбек, Ұлан Оспанбаев, Гүлайым Түстікбай, Олег Петрунько сияқты қаламдары ұшқыр жастар келді. Сол әрптестерімен тізе қоса отырып, Қаракең Мәкен

Сейдахметқызының пәрменді жетекшілігімен газет көшін өгіздей өрге сүйреді. Сол қарқынынан таймаған жүйрік «көпті көрген ер жігіт, көсем болар төселіп» деп, бүгінде, аузы дуалы, айтары бар ұлағатты ұстазға айналды.

Танылу

Аудан руханиятының жоғын бүтіндеп, жыртығы болса жамап жүретін, әрбір сөзін пісіріп айтатын, келістіріп жазатын Қараша есімі сексенінші жылдарда, кеңестік заманның өзінде ел аузына ілікті. Сол кезден айы оңынан туып, асығы алшысынан түсті, себебі ол халықтың көкейінде жүрген ізгі арман ниетті жүзеге асырды. Өмір өзгерістерін жіті аңғаратын сұңғыла журналист игілікті істі қолға алып, бабалар есімін жаңғыртты. Көп жылдар бойы шаң басқан архивтерде отырып, «Бес ғасыр жырлайды» атты Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз т.б. ұмыт қалған жыраулардың жырларын тауып, қазақ поэзиясын XVIII-XIX ғасырдан XV ғасырға бір-ақ сырғытқан көрнекті жазушы Мұхтар Мағауин тәрізді, ол да Жетісу жұртының от ауызды, орақ тілді данагөйлері Ескелді, Балшық, Жолбарыс, Қарымбай, Айту т.б. би-батырлардың ұрпағын қалдырған асыл мұраларын жинап, сұрыптап хатқа түсіруде, бір ізділікке салуда ел жадынан өшпейтін, баға жетпейтін аса құнды туындыларын жариялады. басын қосатын биі, тізесін қосатын батыры, сескенетін семсерлісі, ұялатын абыройлы кісісі бар Қаратал жерінің тарихын жан-жақты зерделеп, қалың елге танытты. Сол жолда шежіре қарттармен, мүйізі қарағайдай ғалымдармен, көзі қарақты, көкірегі ояу зерделі жандарды іздеп тауып, әңгімеге тартты. Естіген, көрген, білген, тапқан, оқыған, тоқыған дүниелерін ой елегінен өткізіп, көпшілік арасына кең тараған оқырмандар тарапынан қызу қолдау тапқан кітаптарына арқау етті.

Тәуелсіздік таңы

Азаттықты аңсаған жүрегі Тәуелсіздік таңын зор қуанышпен қарсы алды. Соған орай шығармашылығына жаңа заманның талап-тілектерін, түрліше өрілген өрнектерін ортақ етті. «Қазақ тілі» қоғамының тізгінін қолға алып, мемлекеттік тілдің өз тұғырына

қонуына, ономастика мәселелерінің шешілуіне бел шеше кірісті. Өткенді аңсағандармен ымырасыз майданға түсті. «Тілім» деп жанұшыра жүріп, көшелер мен елді екендердің атауларын өзгертуге барынша күш салды. Жоғары жақ мін таба алмас үшін, құжаттардың тігісін жатқызып, иін қандыра дайындады. Бүгінгі аудандағы жаңа атаулардың бәрінде дерлік Қарапаның салған ізі, басқан қолтаңбасы бар. Қолындағы қаламын қару еткен қаламгер, оның бар уақытын келмеске кеткен кеңес үкіметін жоқтаушыларға найзадай сілтеді, көнбегендерін аямай түйреді. Замандасымның үні сол шақта айтарлықтай қатты шықты. Дүйім жұртқа «Ұлт жанашырлары, қосыңдар дауыстарыңды!», – деп жар салып, Жекен Теберіков сынды серкемен, осы жолардың авторын жетекке алды. Ойлап отырсам, сол шақта өршіл рух, жалынды ұран, арыстан мінез керек болған екен. Шығармаларының тақырыбы да жаңаша өрбіді. 30 жылдардағы ашаршылық нәубеті, 37-38 жылдардағы репрессия зобалаңы, мемлекет алдында еш кінәсі жоқ жазықсыз жандардың ит жеккенге айдалуы, үштіктің үкімімен атылуы және есмдері ел жадынан өше бастаған ерлердің ерліктері шығармаларынан көрініс тапты. 1920 жылдардың соңында «Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз», – деп Бейімбет Майлин жырлағанғдай, ол да совет дәуірінде ауыл өмірін (әсіресе шопандар тірлігін) бір адамдай асқақтата аспандатты. Қараталдан түлеп ұшқан әдбиет пен өнер майталмандары К.Тоқаев, Қ.Байсейітов, Б.Римова, Ш.Бәкірова, С.Манасбаев, Ж.Елшібеков, Н.Жүнісбаев, М.Төкеев, Л.Нам, М.Бестібаев, Н.Қилыбаев т.б. туралы көлемді мақалаларын жариялады. Қараталға туын тігіп, Алланың үкімімен өмірден ерте озған озық ойлы ақындарымыз Қайрат Әлімбек, Кемел Құсайынов, Назар Қалиев, Ордаш Кендірбаев, Сатыбалды Қазтаев, Гүлайым Түстікбай еске алу кештерін ұйымдастыруға ұйытқы болып, шаралардың сәтті өтуіне бас-көз болды. Елге еңбегі сіңген жекелеген азаматтардың – Таңатар Иманғалиев, Балтабай Нұрғабылов, Асылбек Пұсырманов т.б. естелік кітаптарын шығаруға қол ұшын созып, азаматтық борышын өтеді. Қолына қалам ұстаған жастардың

өрлеуіне, шеберліктерінің өсуіне ақыл-кеңесін де аяған емес. Ол ауданда әдебиет пен журналистиканың дамуына және өлке тарихын тануға орасан зор үлес қосып келеді. Шындығы сол, оны ешкім жоққа шығара алмайды.

Азамат түзде – мырза, үйде – құл

Осындай өресі бик, салмағы ауыр тұлғаның өмірі көз алдымызда өтіп жатыр. кейінгі толқын сөз өнері марқасқасының еңбектерін талдап, саралай жатар деп сенемін, себебі ұрпақ сабақтастығы жалғаса бермек. Мыс алтынға, қарға қыранға теңелген мына заманда айтулы азаматтың болмысы мен жақын еңбегін боямасыз баян еттім деп ойлаймын. Соған қоса оның толық бітімін тану үшін атқарған қызметінен бөлек, адамгершілік қасиеттерін де айтпай кетуге болмас. Ол өтірік айту, бос сөзге ерік беру, өзгенің сыртынан ғайбат сөз айту дегенді білмейтін қазақ. Сырт көзге суықтау көрінгенімен, дұрысында жүрегі жұмсақ, жаны таза, пендешіліктен ада жан. «Азаматтың белгісі, түзде мырза, үйде-құл» демекші, Қарекен үйдің сырттағы шаруасын да тап-тұйнақтай етіп дөңгелентіп отыр. Бау-бақшасы жеміс-жидекке, түрлі өнімдерге тұнып тұрады. Көрсен көз тояды. Отын-суын жаздан дайындап, қыстың қақаған суығында үйінде қыз-қыз қайнап отырады. Неме-ре бағуда да алдына жан салмайды, қара оздырмайды. «Көргенді жерден қыз алсаң, атыңды ерттеп жүгендер, далаға жүрер уақытта, керегінді түгендер» демекші, Құдай қосқан қосағы Айзада да қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың жары Мәриям апай секілді отағасының шығармашылықпен айналысуына бар жағдайды жасап, алаңсыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отыр. Қазаны оттан түспей қайнап, дастарқаны қашанда жайнап тұрады. Бұрынғылар «жақсы әйел ер көңілін өсіреді» деп бекер айтпаған ғой. Жұлдыздары жарасқан отбасы ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырып отыр. Асқар мен Ғабиден Алматы және Талдықорған қалаларында теміржол және төтенше жағдайлар саласында жемісті қызмет етуде. Қызы Ақмарал болса, мәртебелі ұстаз. «Ұлың жақсы болса аспандағы жұлдыздай, қызың жақсы болса суда жүзген құндыздай» деп осын-

дайда айтылса керек. Мен де «Жаманмен мың күн күліп сыйластан да, жақсымен болған артық бір күн жолдас» деп, жақсымен жолдас болғанымна ризамын. Сыйластық, сырластық, талай тақырыпқа ой бөлістік, пікір таластырдық, қарап отырсам, соның бәрі ұлт мүддесіне жанашырлықтан туындаған екен. Сөз соңында, торқалы той иесіне ұзақ ғұмыр тілеп, ақиық ақын Қ.Мырзалиевтың: «Жассын ба, ірісің бе, кәрісің бе, өлгенін, қартайғанын күтіп жүр ме, талантын бағалайық тірісінде» деген тәмсілін (нақылын) ұмытпай, есте сақтайық, дегім келеді.

2018 жыл

ДОС БОЛМАС БІРІН-БІРІ МАҚТАМАСА ...

Қараталдың айтулы азаматтарының бірі ҚР Мәдениет қайраткері, Қаратал ауданының құрметті азаматы жаны жайсаң, жүрегі жұмсақ Жекен Молдағалиұлы Теберіков те асқаралы алпыстың асуынан асып, жетпістің жотасына шықты.

Балалық шақ

Өткен ғасырдың сонау елуінші жылдары «келді, міне, қара күз қазан айы» деп шыр етіп дүниеге келген досым, бүгінде қазыналы қарттар шоғырына қосылып отыр. Ендеше, «Дос болмас бірін-бірі мақтамаса, бір-бірін жамандықта сақтамаса» дегендей, көпке танымал азаматтың жақсы қасиеттерін, ігі істерін осындайда айтпағанда қашан айтпақпын? «Тотыға торғай жолдас бола алмайды» дегендей әркім де өз теңімен, замандасымен, құрдасымен ойнап-күліп өмірін өткереді. Мен алғаш Жекенмен 1980 жылы аудандық партия комитетіне қызметке келгенде таныстым, содан бері ара-қатынасымыз сын тезінен өтіп, достық пен қимастық сезімге ұласты. «Өзіңді сыйлағанмен жолдас бол» демекші, оның өзіме деген ақ көңілі және рухани тұрғыдағы үндестігіміз арамызды одан сайын жақындата түсті. Досымның өткен өмір жолына көз жіберсем тай мініп, асық атқан, талап қылып өнер қуған балалық шағы Сарыбұлақ елдіме-

кенінде өткен екен. Төрт түлікті жусатып, өргізген малшылар отбасында дүниеге келген сары ұл ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптың қыр-сырына ерте қанықты. Жаз жайлауға шығып, ойынның туын тікті, көк шалғынға орана жүріп, қой қайырды, мал бақты. Күн салқындағанда етекке түсіп, күзеудегі қара суықты көрді. Қар түсе қыстауға көшкен әке-шешесіне үскірік аяз бен қарлы боранда қолқабыс етті. Осылайша, ол тек денесін шынықтырып қоймай, қазақтың жаз жайлауда, қыс қыстауда мал сойып, табақ тартып, сапырылған сары қымызы мен сейіл-серуенін көзбен көріп, сана-сына тоқып өсті. Бұл тұрмыстық жайлар, табиғи көріністер оның бойына қазақи мінез қалыптастырып, өмірдегі саяси-экономикалық және әлеуметтік құбылыстарға ұлттық мүдде тұрғысынан қарауды үйретті. Соған орай өмірі мен қызметі «елім, жерім» деген жүрек тебіреністермен өрілді.

Есею жылдары

Қызмет жолына үңілсем жастайынан өнерге зерек болып өскендіктен ол Алматы қаласындағы Республика жұртшылығына кеңінен танымал Чайковский атындағы музыкалық училищеге түсіп, саз әлеміне бар ынтасымен ден қойды. Артынша, І.Жансүгіров атындағы пединституттың музыка факультетін бітіріп, осы саланың білікті, білгір маманы атанды. Көп жылдар бойы Қаратал аудандық музыка мектебінде оқытушылық қызмет атқарды. Жас құрақтай жайқалып өсіп келе жатқан тұлымды ұлдар мен бұрымды қыздардың музыкалық сауаттылығын жетілдіру және музыканы есту қабілетін тәрбиелеу, әрі дамыту бағытында «сольфеджио» пәнінен сабақ берді. Заңғар жазушы М.Әуезовтің: «Өнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге құштар болып келеді» деп айтып кеткен нақылын ұстанып, үлгілі ұстаз атанды, сонымен қатар оқу және тәрбие ісінің меңгерушісі қызметін қатар алып жүрді. Ұстазы мектеп директоры, әрі аяулы ағамыз Нұрфазыл Ахметұлы Құдайбергеновтың ұлағатты тәрбиесін көріп, тәлімін алды, бір сөзбен айтқанда ол да мен де Нүрекеңнің шекпенінен шықтық десек болады. Ал еліміз Тәуелсіздік алар қарсаңында «Азат» партиясының аудандық

филиалының алдыңғы шебінен көрініп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Томағасын сыпырған қырандай қанаттанып, сол тұстағы (қазір де) аса маңызды өзекті саналған қазақ тілі және басқа да ұлттық көкейкесті мәселелер бойынша өткізілген жиындарда қаумалаған топтың арасынан суырыла шығып, сөзге жүйріктігінен айтар ойын іркілмей, көпшілікке сұңқардай саңқылдап жеткізе білді. Дүйім жұртты сүттей ұйыта білу сөзінде нәр бар адамның ғана қолынан келеді. Қарасөзде ешкімнен кем түсе қоймайтын Жекең, шындығында да сөз қадірін түсіне білетін ақыл мен сезімге бай адам. Сол бір өтпелі кезеңде белсенділігімен ел көзіне ілінген ол, басшылықтың да назарынан тыс қалмай аудандық мәслихатқа депутат болып сайланып, болашағынан үміт күттіретін кадрлар санатының тізіміне ілікті.

Қызмет баспалдақтары

Көп ұзамай, 1998 жылы жергілікті халық қалаулыларының мәжіліс сайлауында әріптестерінен оқ бойы озып шығып: «Ақ серке ай мүйізді қой бастайды, шын мықты топ ішінде сөз бастайды» деп аудандық мәслихат хатшысы қызметінің тізгінін қолына алды. «Он бесте тартып міндім аттың жалын, сол кезде айтқан сөзім от пен жалын» деп жастайынан айтыс-тартысқа түсіп, жақсы-жаманды айыра білген Молдағалиұлы аса жауапты бұл қызметте де өзін жақсы қырынан танытты. Қай-қашанда ұлт қамын ойлаған зерделі азамат елдің шерін, жердің мұңын айта білді. Бір ғана мысал келтіре кетсем, Қанабек елдімекен тұрғындарының көп жылдар бойы ауыл тұсынан теміржол өткелін ашу туралы шешілмей келе жатқан өтінішін, сөз бұйдаға, ұзын арқан, кең тұсауға салмай ведомствоның жоғарыда отырған лауазым иелерімен хабарласып, олармен тіл тауып, өзара келісімге келіп, теміржолшылардың қойған талаптарын жергілікті билікке орындатып, мәселенің түйінін тарқатып берді. Қалың көпшілік ортасында қандай да бір қатпарлы істің әділдігін айтар тұста да тартынып қалмай, төрелігін тура беруге талпынды. «Бірінші май» ауылдық округі әкімі қызметінде жүргенде де бұқара халықпен тығыз байланыста болды. Туындаған түйіткіл мәселелерді тұрғындармен бірлесе отырып, шешуге тырысты.

Адамдарды бөліп-жармады, алаламады, соның арқасында ел ішінде беделге ие болды. Бойында өнер біткеннің түр-түрі бар, әрі көркемөнерде өзіндік салған жолы бар, шабыты келгенде ән мен саздан өрнек сала білетін досым 2005 жылы өзінің мамандығы бойынша аудандық мәдениет бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Қан тамырларында ұлттық мүдде жүгірген Жекең бала күнінен қазақ өнерінің уызына жарығандықтан және қандай да әуезді, әсерлі шығарманы музыкалық аспаптарда шебер орындай алатындықтан ол бұл майданда да қамшы салдырмай, көсіле шапты. Аудан өнерпаздары не бір додаларда алдарына қара салмай үздік шығып, жүлде атаулыдан тау тұрғызды.

... Кейінгіге іс қалдыр болар мұрат

Осы атақ-абыройымен замандасым зейнет демалысына шықты, бірақ үйде отыруды қаламай: «Жақсылар ағын судай, асқар таудай, жаймалап қайда жақсы орын алар» деп, әрі жер көріп, ел танимын деген мақсатпен 2016 жылы мемлекет астананасынан бір-ақ шықты. Әлеуметтік компанияның біріне жұмысқа тұрып, оның сыртында ардагерлердің «Елорда» хор ұжымына жетекшілік етуге қолқалап шақырған соң: «қолды байлап, аяқты тұсап қоймай, кейінгіге іс қалдыр болар мұрат», – деп үйреншікті ісіне білек сыбана кірісті. Репетицияларын уақыт талабына сай жоғары деңгейде өткізіп, шеберліктерінің өсе түсуіне орай қала жұртына танымал бола бастады. Хор өнерпаздары сахна төріне қызыл-жасыл киініп, белдерін бекем буынып, қарға аунаған түлкідей құлпырып, тоты құстай түрлене шыққанда жүрек жұтқан айбынды ерлер мен көрікті де келісті әйелдердің әдемілігіне сүйсінген көрермен еріксіз қол шапалақтап ризашылықтарын білдірсе, олардың ізін баса, желдей есе желініп топ жетекшісі көрінгенде қошамет қарқыны тіптен арта түсіп, зал іші гуілдеп кетеді. Осы қолдаудан қысыр емген тайдай шабыттанатын Жекең сырнайын құлаштай құйқылжытқанда хор құрамы әндерін шалқыта шырқап, бірде оны әуелете өршітіп, бірде талықсыта толқытып, тыңдарманның құлақ құрышын қандырған сәтте тұс-тұстан: «Бәрекелді, жарайсындар!» деген қолдау сөздер толастамай толқындай тулап барып саябырлайды.

Сондайда досым да қаз ілген қырандай тояттанып, төбесі бір елі көкке жетпей қалады. Бүгінгі күні Елорда төсінде ән мен күйдің асылын аспандатқан ардагерлер зейнет демалысына шыққанға дейін мемлекеттік мекемелер мен басқа да бюджеттік ұйымдарда, өндіріс ошақтарында, құрылыс алаңдарында жемісті қызметтері және екпінді еңбектерімен ел құрметіне бөленген аяулы жандар. Олардың ішінде ұстаздар мен дәрігерлер, инженерлер мен агрономдар, технологтар мен бухгалтерлер т.б. мамандық иелері бар. Осындай парасатты жандармен араласып, сыйласып, халыққа қызмет көрсеткеннің өзі неге тұрады? Әннің көркін келтіріп, шырайын ашып жүрген коллектив қазіргі таңның өзінде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Бас қаланың ең көрікті концерт залдарында «Конгресс холда», Республикалық филормония сахнасында, қалалық саябақта т.б. жерлерде өнерлерін көрсетіп, көпшілікке паш етті. Ендігі, «Халықтық ұжым» атану жолында тер төгуде. Бұйырса жыл аяғына дейін оған да қол жеткізудің сәті түсіп қалар, себебі тиісті құжаттар қағталып, мәдениет министрлігіне өткізіліп қойылған.

Өнерді бойға біткен іркіп болмас

Жалпы, Жекен өнер жолын қуған соң жас күнінен сұлу қыз, көркем жігіттердің арасында көп жүрді. Осының өзі оны сұлулықты, әдемілікті сүйеге итермеледі, әрі оған құмар етті. Ал әдемілік бар жерде әдепсіздікке орын жоқ екендігі белгілі. Жақсы орта адам жанын тазартып, ішкі жан-дүниесін байытады, көңілді өсіріп, биіктерге ұмтылдырады. Сол жақсылардың шарапаты тигендіктен болар досымның қоршаған ортасына, туған-туысқанына, жолдас-жорасына деген жанашырлығы, қамқорлығы ерекше. Адал дәмді таңдайына талшық еткен, жібектей есілген жайдары мінезді Жекен, қашанда әр ісін ақылға салып, жоқ-жітіктің жанынан табылуға, оларға қол ұшын беруге даяр тұрады. Сол жолда қажет деп тапса азды-көпті беделін де пайдаланады. Ағайынға, дос-жаранға айтқан сөзі ем болған, салған жолы оң болған досымның айта берсе қайырымды істері жетіп артылады. Өнер жағына қайта оралсақ оның: «Айхой, қайта айналып келмейді, қайран он бес!» деп үй бұзардай екпінмен ұрандатып бастаған ғұмыры төтеден келген

жетпісте де басылмас деп ойлаймын. Бұрынғылар бекер айтпаған ғой: «Заманында жігіт пе, сұлуды сүйіп құшақтап, жүйрікті таңдап мінбеген» деп, оның жастықта қызықты думан құрып, дүрілдеткен сәттері аз болған жоқ, қазір де сол дәурен жалғасын табады деп сенемін. Жекен небір жиын-тойларда: «өнерді бойға біткен іркіп болмас» деп, асабалық өнерімен танылғанын да тойшыл қауым жақсы біледі. Сондай ортадада: «жігітке өлең айтпау намыс екен» деп, өз сүйемелдеуімен «Ауылым», «Ананың тілі», «Нұрикамал» т.б. әндерді баяулата қоңырлатқанда ән әуеніне елітіп, өзіңнің де қосылып кеткенінді байқамай қаласың.

... Бірге өссек те бірге ойнап, жүрмек қайда?

Отбасылық өміріне келсек: «Ақ сұңқар құстың асылы, айдыннан таңдап қу алған» деп, ол жасынан өзі ынтық болып, ғашық болған қолаң шашты, қарақат көзді Балкен сынды қараталдың «қыз да болса серкемді» тенеуіне лайық ер мінезді сұлуымен сөз байласып, бүгінде екеуі бала-шағаларының ортасында бай-бақуатты өмір сүруде. Көз қуаныштары немерелері де ер жетіп, алды қызметке араласа бастады. Олардың бастарына бақ қонып, өмірлері сән-салтанатқа толы болсын деймін. Иә, мына көрген түстей өте шығатын дүние әркімді де тең құрдастан айырмаса екен. «Болса да білек бірге, саусақ басқа, бірге өссек те бірге ойнап, жүрмек қайда?» демекші, досым Сарыарқаның төсінде, Елорданың төрінде аяғын алшаң басып жүрсе, мен өзімді өсірген провинциялық шет аймақ Үштөбенің белінде: «Туған жер - алтын бесігім!» деп аяндап жүріп жатқан жайым бар. Қайда жүрсек те аман болайық. абыройлы болайық! «Дос емес дос көңіліне қарамаған» деп, өткен күндерге аз-кем шолу жасап өттім. «Ер жігіт елсіз құлаш жаза алмайды» деген, сондықтан елден жырақ кетсең де хабарыңды үзген емессің, келіп-кетіп жүрсің, оның өзі азаматтықтың белгісі. Біздің буын үшін өмірдің көбі кетіп, азы қалды, ендігі, желге мінсек те бұрынғы өткен дәурен, жастық шақ қайтып келмейді, бірақ кәрілік те түп етектен алар кез әлі алыс деп ойлаймын, сондықтан да Жекен мырза бұл өмірде желе жортып, алға қадам баса бер.

КӨҢІЛІ КӨЛ СЕРІ ЖІГІТ

Соғыстан кейінгі, сонау 1950 жылдың сұрғылт қысында, ақпанның ақ түтек боранында дүниеге келген Рахымғали Өтегенов сынды «жағасы жайлау, төбесі қыстау» бауырымыз, бүгінде 60-тың асуынан асып, 70-тің жотасына шығып отыр. Қараталдың суына бетін жуып, атын суарған өңіріміздің төл баласының кір жуып, кіндік кескен, ойнап-күліп ер жеткен жері Қожбан ауылы. Осы мекенде ит жүгіртіп, құс салды, сәйгүлік мініп қыз барды. Қырында мыңғыртып жылқы айдаған, ойында жағалай бие байлаған, небір күш-жігері қайнаған батырлары мен бұлбұлдары сайраған киелі өлкеде дүние есігін ашқан Раханның ата-жолын қумауы мүмкін емес еді. Жастайыннан ерлікке, сұлулыққа құмар боп өскен бозбала құр ойын-күлкі қумай, «өнер — жігіт көркі» деп ән мен күйге құлаш ұрды. Сол екпінімен өнердің туын жықпай, бүгінгі күнге дейін ел-жұртына адал қызмет етіп келеді, себебі ауыл ажарын ашатын да, шырайы мен сәнін келтіретін де өнерпаздар ғой. Сондықтан болар, ол бойындағы бар қабілет-қарымын игілікті істердің ұйытқысы болуға арнап келеді. Олардың бәрін тізбектемей, жаны жомарт кең пейілді азаматтың өмір иірімдеріндегі кейбір тұстарды (штрихтарды) ғана айтып өтейін. Ұлы Абай: «Өмір деген ұлы көш, алды-арты біз емес ...» дегеніндей алдыңғы толқын ағалар біздердің тай мініп, асыққа таласқан балалық күндеріміз алыс қалды. Ауыздықпен алысқан қайран жастық шағымыз да көрген түстей өте шықты. Өткенге ой көзімен қарасам, замандасым ел мұңын, халық жырын айтудан бір танбапты. Мүмкіндігінше сол жолда моншақтап тер де төгіпті. Кешегі кеңес дәуірінде «қыс-қыстауда тау болдым, жаз-жайлауда көл болдым» деп колхоз-совхоздың, ауыл-аймақтың қат-қабат істеріне, бітпейтін жиын-теріні науқандарына белсене атсалысып, табыс көзінің молаюына бір адамдай үлес қосыпты. Олай болса, Алаштың арысы А.Байтұрсынов айтқандай: «Ерім дейтін-ел болмаса, елім дейтін-ер қайдан шығады» демекші, елім дегенде

еміренетін, жерім дегенде тебіренетін, ел көшіне жорға мініп шыға алатын, бойында бір ауылды жылқыдай жусатып, қойдай өргізе алатын қабілеті бар өршіл рухты, ойлы азамат туралы неге жылы сөз айтпасқа? Бойына өнердің сан түрі қонған кейіпкеріміздің болмыс-бітімінде ақтық, адамгершілік, тазалық сияқты қасиеттер тұнып тұр. «Ақ серке ай мүйізді қой бастайды, шын ақын топ ішінде сөз бастайды» деп, ауыл-аймақтағы алқалы жиындарда өнегенің өрісі боп, ауызы дуалы шешендердей ұлағатты сөздерін айтып, қордаланған мәселелерді көтеріп, оның оң шешілуіне мұрындық болып жүргенін көпшілік біледі. Қадірлі ауыл ақсақалы ретінде Құдай сүйер қылықтары жоқ, ұя бұзар, шідер үзер небір тентекті жөнге салғаны да жасырын емес.

Шаршы топтың саңлағы

Туған жерінің әсем табиғатын, сұлу көрінісін, керіліп, созыла аққан Қараталының әдемі суретін өлең жолдарына түсіріп, оны ән әуенімен көмкерген туындыларының әуезділігі, әсерлігі талай жұртты тамсандырғаны да өтірік емес. Шаршы топта сырнайын құлаштай құйқылжытып, ән әуенін неше алуан құбылтып, оюдай ирлітіп, жоғары-төмен толқыта лекітіп, аяғын үзілдіре, сызылта бітіргенде қаумалаған қалың топтың ішіндегі өрнекті бәйбішелер де, су тілесе бал берген көрікті келіншектер де, таңғы шықтай мөлдір ару қыздар да, жалпы әнге құмар барша жұрттың құлақтарын түре тыңдағанын, сілтідей тынып, ризашылық сезімдерін білдіргенін де ешкім теріске шығара қоймас. Қайда жүрсе де ән базарын қыздырып жүретін қыран текті саңлақ, «домбырам жүрегіммен үндес еді» деп, үкілі домбырасын қолға алып, шалқыта ән салғанда да, ойлы күйді боздата күңіrentкенде де сүйсінбеске лаж қалдырмайды. Күнделікті тіршілікте қонаққа барғанында рухани қазынананың мәйегі саналатын көптің батасын беріп, «батагөй» атанғанын да көзіміз көріп жүр. Барған жерінде, қашанда, жіліктің майлы басын ұстайтын сыйлы замандасымның біреумен қырғикабақ болып жүргенін де көрмеппін. Шындығында, алыста жүрсе кісінесіп, жақында жүрсе тістесіп жүретіндер арамызда аз емес

қой? Өкпелессе жылдап ат ізін салмайтындары қанша ма? Мұны, мен дос-жаран біле жүрсін деп айтып отырмын. Ал, тау тұлғалы, ақын жанды, сыпайы мінезді, көңілі көл, жүрегі жұмсақ, талғаммен сәнді киінетін Рахымғали сынды серке жігіттің орны мүлдем бөлек. Үйіне барсаң қазанының құлағын ұстап отырған адал жары, асыл қазынасы, қара торының әдемісі, қызыл шырайлының өндісі Гүлсім құрбымыз етін асып, табағын тартып, самаурынын қайнатып, дастарқанын жайнатып отырғаны. Ас үстінде екеуі косылып, әуезді дауыстарымен тамылжыта ән қоңырлатқанда буының босап, қорғасындай балқып кеткенінді байқамай да қаласың. Ұмытып барады екем, досымның спорттағы табыстары да аз емес. Кезінде ол жасыл алаңда жасындай жарқылдап, құрықтай ұзын бойымен ауыл мен аудан командаларының намысын қорғап, қақпаны сауысқандай сақтықпен күзеткенде Құралбек Ордабаевтың өзінен кем түспейтін. Таудан тасқа, шыңнан құзға секірген тарғыл серкедей көз ілеспес шапшандықпен қимылдап, теңбіл допты өз торында еш тулатпайтын. Қайсы бірін айтайын, сөзімнің соңында, бүгінде, барымен базарлатып тіршілік қылып жатқан Рахаңа балаларыңның анасы Гүлсіммен өміріңнің соңына дейін түйенің қос өркешінде жарасып, әдемі қартайып, қазыналы қартқа айнал деген ақ тілегімді білдіремін.

2020 жыл

ОЙ ҚҰШАҒЫНДАҒЫ ЖІГІТ

Студенттік шақтарды бірге өткізген курстас досым Е.Текесбаев туралы жастарға өнеге ретінде бірер сөз айта кетсем деп едім. 1968 жылы Алматы қаласындағы қазақтың мемлекеттік ауылшаруашылығы институтына түсіп, М.Горький атындағы орталық парктің шеткері тұсынан орын тепкен орман шаруашылығы факультетінің түлектеріне арнап салынған жатақанаға орналасқан алғашқы күндердің бірінде саябақтың жаяу соқпағымен келе жатып, үстіне сұрғылт плащ киіп, иығына домбыра асынған, қолына, шамасы өлеңдер жинағы болса керек кішірек көлемді кітап ұстап, ойға шомып келе жатқан орта бойлыдан сәл төмен, дембелше келген, тұрпаты өзімнің сүйікті жазушым палуан денелі Сәбит Мұқановқа ұқсас жігіт қарсы жолықты. Неге екенін қайдам Елеместің сол бейнесі әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Еске алсам болды ішім жылып, көңілім тасып сала береді, себебі ол маған бірден туыстай жақын, өмірде мұраттас, үндес азаматтай болып көрінді. Шындығында да солай болып шықты. Екеуміздің өмір-дүние деген әлемге көзқарасымыз, өнер мен әдебиетке деген құштарлығымыз тым жақын болды. 100 баланың бірі болып, орман шаруашылығы факультетіне түскен біздер, содан танысып, қызығы мен шыжығы мол студенттік жылдардың қазанында қайнап кеттік.

Күй

Ақын жанды, сыпайы мінезді, сұлу сезімді, әдепті де ізетті досым орман оқуының шеңберімен шектеліп қалмады. Оның кісі қызығарлықтай қабілет-қарымы, алымды да шалымды ісқимылы өнер деген құдіретті күштің тылсымын ұғынуға, түсінуге ұмтылдырды. Елемес, алғашқы курстан-ақ Республикаға танымал ұлағатты ұстаз, білікті дирижер Самиғолла Андарбаев жетекшілік еткен институттың ұлт-аспаптар оркестрінің белді мүшесі болды. Күй өнерінің қыр-сырына сонда қанықты. Сол шақта бұл ұжым атақты Шамғон Қажғалиев басқаратын Құрманғазы атындағы

халық аспаптар оркестрінен кейінгі орынды еншілеген өнер ұясы еді. Сахна көрігін қыздыра жүріп, ән мен күйге, поэзия мен прозаға құштар досым, өзінің бойындағы сезім тасқынын ән мен күй арқылы шығара бастады. Күйді сезініп, тереңіне бойлап ойнауды жөн деп білетін өнерпаз жастың «Балалық» және «Жастық шақ», «Күнеке» мен «Жүмеке» т.б. сазды да назды күйлерінде майда леп, жұмсақ үн бар, сондықтан болар жан-дүниенді баурап, ойға батырады. Ол: «Домбырам жүрегіммен үндес едің», – деп ішектің баяу дірілін, әдемі күмбірін табиғатын бұзбай шебер бере біледі. Күй иірімдері туған жерге деген махаббатты, елге деген сүйіспеншілікті, досқа деген адалдықты суреттейді. Осылайша, өнерлі жан қара домбырасымен күй күдіретін өз ортасында бір адамдай дәріптеп келеді.

Ән

«Әнді ерттеп, күйді мінген» маңғаз әнші Манарбек Ержановтай Елеместің бояу соққан желдей жүрекке жылы тиетін әндері де бойыңды еріксіз билеп алады. Оның дана Шәкәрімнің: «Сөзі – жан, әні – тән» деген тәмсілін ту еткен әуендерінде ән мен сөз гармониялық үйлесім тауып, бір-бірімен астасып жатқандай әсер қалдырады. Ақиық ақын Тұманбай Молдағалиевтің «Зулайды күндер», «Жетім қозы», «Ауылдас қыздар», «Мен сені жақсы көремін», «Қоштасу» т.б. өлеңдерінің сөздеріне ән жазып, оны Алматыдағы бір студенттік шығармашылық кеште Тұмағаға тыңдатып, ақ батасын, ризашылығын алған болатын. Сонда ақын: «Маған кел, әндеріңді шығартайың, дауысы келіскен танымал әншілерге берейін» деп шығарып салады. Жастықтың албырттық сезімімен той-думан құрып, сауық-сайран салып, әрі оқуынан қолы тимей жүрген ол ұсынысты уақытылы қолға алмай, кешеуілдетіп алады. Жалпы, Елемес Алматыда жүргенде майталман композитор Шәмші Қалдаяқовтың, бүгінде аты аспандап тұрған «қазақтың күпі киген қара өлеңін, шекпен кидіріп өзіне қайтарамын» деген тарлан-боз ақын Мұқағали Мақатаевтың т.б. әдебиет пен өнер иелерінің тыңдарман, оқырман қауыммен кездесулеріне, шығармашылық

кештеріне құстай ұшып барып тұратын. Бұған оның жақын туысы, әрі досы, сол кезде КазГУ-дің студенті, қазірде филология ғылымдарының докторы, белгілі әдебиет зерттеуші ғалым, сыншы Қ.Алпысбаев көп ықпал етті. Құныпия ғылым жолын қумағанда жеті қырдың астынан естілетін таза да, қуатты дауысымен елге танымал әйгілі әнші болар еді. Сәдіқожаның жеті бірдей әнін бірінші болып халыққа таныстырған да осы Құныпия. Содан кейін ғана, теңдесі жоқ жезтаңдай әнші Дәнеш Рақышев сол әндерді қазақ радиосы арқылы эфирге шығарды. Талғампаз жас «театр адам жанын ағартады, тазартады» деп М.Әуезов атындағы драма театрының премьераларынан, сондай-ақ Қазақконцерттің жаңа концерттік бағдарламаларынан қалмайтын. Екеумізде, «Ән жақсысы әншіден» деп тыңдаушысын үздіктіре ынтықтыратын Жүсіпбек Елебековтың орындауындағы әсерлі де көрікті әндерді ұнататынбыз. Ол өзі де жұмсақ тембрлі дауысымен баяулатып ән салады.

Өлең

Ал өлең жазу оның бала күнінен келе жатқан үйреншікті ісі. «Өнерді үйрен дағы жирен деген, өнерден құр қалмайсың болсаң зерек» деген нақылды берік ұстанған ол бұл әдетінен танбай, әлі күнге жүрісінен жаңылмай келеді. Жиыны бір кітап болған өлеңдерінің тақырыбы: ел, жер, табиғат, ауыл, ата-ана, махаббат т.б. Ақыл-парасат пен талғам-таразы өзара үндестік тапқан өлеңдерінде («Отаным – орманым», «Ақ қайыңдар», «Сұлулық», «Күз», «Жаңбыр», «Ақ киік», «Мінездер» т.б.) азаматтық сарын да, сағыныш та, өкініш те, мұң да бар. «Сөз - адам жанының айнасы» деп ұғынатындығынан өлеңдерінің әр жолынан тазалықтың лебі есіп тұр. Ол: «Түседі өлең десем, қайғы шерім, шығады айқайласам ащы терім», – деп күнделікті тіршілікте көргендерін, көңілге түйгендерін қағаз бетіне түсірген. Өмір иірімдері мен түйіткілдері оны толғантады, тебірендіреді, ішкі сырын айтқызады. Баспадан шыққан кітабының атын «Ойлар, ойлар ...» деп қоюының өзі тегін емес. Ол үнемі ой құшағында жүреді. Мен оны сырпыл, лирик ақын деп білемін. Жалпы, өнер оның рухани азығы, бары мен нәрі,

сондықтан да кәсіби тірлігімен қатар руханиятқа да үнемі бой ұрып отырады. Өнер мен әдебиеттің уызына жарыған әуесқой бір адам болса менің досымдай-ақ болсын.

Еңбек

Айта кетері, Елемес бір орысы жоқ таза қазақ ауылында туып өсті, сондықтан болар ұлттық құндылықтарды ертеден бойына сіңіріп өсті. Бала кезінен еңбекке араласты, қой бақты, жылқы қайырды. Сиыр фермасында сауыншыларға көмектесіп, бұзау байлады, қойлы ауылда қозы көгендеді. Шабындықта шөп шауып, шөмеле салды, мая тұрғызды. Егістік алқабында, арам шөп отады. Қырман басына әндетіп барып, астық орды, бидай ұшырды, қамбаға құйды. Апиын (көкнәр) жинауға да арнайы машықтанып, қап-қап өнімді қоймаға өткізді. Сай қуалап, жеміс-жидек терді. Ат құлағында ойнап, бәйгеге шапты, білегін сыбанып, көкпарға түсті. Ұлттық ойындардың түр-түрін меңгеріп, халық әндерінен сусындады. Үлгілі пионер, озық комсомол мүшесі атанды. Қолынан газет-жорнал, кітап түспеді, кітапқұмарлығы өзгелерден ала-бөтен оқшау тұрды. Бір сөзбен айтқанда нағыз ауылдың қара баласына тән қасиеттерді бойына сіңірді.

Отбасы

Ойлаймын досымның жаратылысынан тума талант болуының тағы бір ұшы оның өмірге іңгәләп келгенінен ән дүлділі «Сары бидай» әнімен бүкіл қазақ даласына танылған сал-сері, әнші-композитор, айтыскер ақын Сәдіқожа Мошанұлының анасы Зербала шешейдің бауырына салынуынан ба деймін. Ол туған әкесі Қуанияздың ағасы Қожанияздың отбасында тәрбиеленді. Жасынан өнерге құмар болуы да содан болар. Бала күнінен құлағы ән мен күйде, қолы екі ішекті домбыра пернелерінде болды. Кейіпкерім Кетпен тауының бөктерінде, табиғаты аса көркем Шөлкөде жайлауының төрінде өсіп жетілді. Сұлулық пен әдемілік оның бойына табиғат көріністерінен қонған ба деймін. Отбасы туралы айта кетсем 1971 жылдың қоңыр күзінде студенттік тәжірибеден қарағайлы Көкшетаудың төсінен Алатаудың баурайы Алматыға

жолаушылар поезымен әндетіп келе жатқанымызда, ол болашақ жары Бақытжанмен танысып, махаббат отына тұншықты. Оны көзім көрді. Бұдан кейін сұлу қыз ақ қайындары бұралған Арқа жерінде, бұл болса Тянь-Шан шыршалары қанат жайған Жетісудың төрінде ғашықтық дертінен толқыған жүрегінің лүпілін баса алмай, ақ қағазды шимайлаумен болды. Екі арада нәзік қарым-қатынас орнап, олар сол дәуір махаббатының үлгісі ретінде өздерінің ыстық сезімдерін, ішкі сырларын, қуанышты сәттері мен жабырқаған күйлерін хат арқылы берісті. Елеместің «Бақытым», «Жарыма» деген өлеңдері осы іңкәрліктен туындаған. Қазір олар екі ұл мен қыздың ата-аналары. Ержан Мәскеудің МГУ-ның механика-математика факультетін бітіріп, мұхиттың ар жағындағы Техас штатында Қазақстан атынан ғылыми жұмыспен айналысуда. Математик ұл Ержан Алматыдағы сауда саласының бірінде қаржы директоры. Дана сұлу да сол саланың қызметкері.

Қызмет


Жоғарыдағы әңгіме ауанына орай, студенттік шағымды тағы бір еске түсірсем, аралас-құралас бірге жүрген Шымкент өңірінің жігіттері Тлеубек пен Жеңісбектің пісірген палауларының тіл үйіретін дәмі әлі күнге ауыздан кетпейтіндігі. Сол жылдардан кейін мен ондай дәмді аузыма салып көрмеппін. Оқуда да, еңбекте де арамыздан суырылып озып, алға шыққан сол Жеңісбек Тұрғанов Оңтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін он бес жыл басқарған, «Сайрам-Өгем» Республикалық табиғи ұлттық паркіне он жыл бойы жетекшілік еткен ай мүйізді серке жігіт деп білемін. Ал жасынан кітап кемірген курстасымыз Мұрат Мұхамбеков болса экономика ғылымдарының докторы атағына қол жеткізіп, Астананың Гумилев атындағы университетінің профессоры қызметін әлі күнге жемісті атқарып келеді. Қоса кетерім, өмірден оқығаны мен тоқығаны көп досым өз кітабында ел болашағы мен жер тағдырына алаңдап, туған жердің топырағын қастерлеу, ата-ана мен табиғатты аялау және уақыт пен тірлік, су мен ауа, талап пен ізденіс, тіл мен дәстүр

туралы ойларын, түйген тұжырымдарын келістіріп жазады. Сөз соңында Елеместің атқарған қызметтерін айтпай кетпесем болмас. Ол Талғардың «Солдатский», Күртінің «Ақши», Жетігеннің «Прибалхаш» және Қаскелен орман шаруашылықтарында 15 жыл бас орманшы, 10 жыл директор қызметтерін абыроймен атқарды. Зейнетке шыққаннан кейін де Алматыдағы «Қазақ орман орналастыру» кәсіпорнында бас маман болып өнімді еңбек етті, ел құрметіне бөленді. Өресі биік, құлашы кең досым бейпіл сөз, оғаш қылық дегендерден мүлде аулақ жүретін адам. Жаны музыканы, әдебиетті қалайтын сезімтал болғандықтан, әрдайым сыпайы да ізетті кейпінен айныған емес.

2022 жыл

VII

СПОРТ



САЙРАҒАНЫҢ БӘРІ БҰЛБҰЛ ЕМЕС ...

«Миллиондар ойыны» деп әспеттелетін футбол додасының спорт комментаторлары туралы өзімді толғандырып жүрген мәселелерді ортаға салсам деп едім.

Тау суындай сарқырап

Сонау 1960 жылдардың басынан радиодан берілетін «Қайрат» командасының КСРО чемпионатындағы кездесулерінен репортаждар тыңдап өстім. Содан болар, сол жылдары команданың негізгі құрамында алаңға шыққан қақпашы В.Лисицын, қорғаушылар Ю.Стулов, В.Степанов, А.Федотов, С.Каминский, жартылай қорғаушылар В.Скулкин, Л.Остроушко және ағайынды Ченцовтар мен Т.Сегізбаев, шабуылшылар С.Квочкин мен О.Мальцев есімдері жадымда жатталып қалыпты. Мәскеуден шалқыған кең тынысты асқақ дауысымен таудан аққан тасқындай төгілетін Николай Озеровтың, юмор мен сарказымға толы әрбір сөзін әсем де әсерлі үнімен жүз құбылтып толқытатын Вадим Синявскийдің, Тбилисиден тау суындай сарқыраған өршіл рухты үнімен, өзіндік грузиндік акцентімен тыңдаушысын қорғасындай балқытатын Коте Махарадзенің, Ленинградтан сұлу үнді, қою қоңыр дауысты Виктор Набутовтың, Дондағы Ростовтан салқынқанды Геннадий Орловтың, Киевтен қуақы тілді Тимошенконың репортаждары құлағымнан әлі күнге кетпейді. 70 жылдары солардың екеуіне (Озеров пен Махарадзеге) театрдағы ойындары мен жүргізген көрікті футбол репортаждары үшін «СССР-дің халық әртісі» деген құрметті атақ берілді. Расында да, олардың бәрінің өзіндік салған сүрлеуі, ешкімге ұқсамайтын қолтаңбалары болды, сондықтан да өнерлері таңдай қақтырып, айызды қандырды. Қазақстандықтардан бүкілодақтық дәрежедегі төреші, жылма жыл Кеңес Одағындағы «Он үздік төрешілердің» қатарынан табылатын Владимир Толчинскийдің басқалардан шоқтығы биік тұрды. Дауысының жұмсақ тембрі тыңдаушыны еріксіз өзіне тартатын. Сонымен қатар, Петр Де-

ражинский, Диас Омаров, Василий Феклюнин, Сұлтанғалий Қаратаев, Рабат Жәнібеков комментаторлық өнерді дамытуға өз үлестерін қосты. Футболдың қайнаған қазанынан шыққандықтан болар Виктор Шведковтың («Қайраттың» қақпашысы) да жүргізу үлгісі ерекше болды. Ал Амангелді Сейітханов болса топтан озған дүлдүл еді, бірақ қазақ менталитетінен, мәдениетінен, әдебиетінен, өнерінен жүрдай орыс тілді билік пен қоршаған орта оны нағыз бәйге атындай кәсілер шағында эфирден шеттетті. Өкінішті, әрине. Екінші тынысы ашылып, эфирге қайта оралғанда сұм ажал оны арамыздан алып кетті.

Сөздің турасы жақсы ...

Мен бүгінде де Қазақстан чемпионаты мен кубоктық матчтарды үзбей көріп тұрамын. Ал Ел құрамасы ресми не жолдастық кездесулер өткізгенде, болмаса УЕФА турнирлерінің бірінде қазақстандық клубтар ойнағанда мен үшін ол күн айырықша мереке. Сол кезде көңілді өсіретін де өшіретін де футболшылармен қатар жүргізушілер де. Комментатор ел алдына шығып, сөз тиегін ағытқан соң оған үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әуезді дауысымен көрермен үдесінен шығар көркем комментатор болу үшін оның қабілет-қарымы жоғары деңгейде болуы шарт. Бүгінгі футбол жүргізушіден үлкен кәсіби шеберлікті қажет етеді. Ол үшін, бірінші кезекте әуезді, тартымды әдемі дауыс, майда қоңыр жұмсақ үн керек. Бұл енді табиғаттан, әкенің қаны, ананың сүтімен берілетін қасиет қой, сондықтан үміткерлерді конкурстық сұрыптаудан өткізу барысында осыған ерекше мән беру керек. «Казспорт» телеарнасының басшылары бұған көңіл бөлмей ме, жоқ әлде бар білгендері сол ма, әйтеуір, бүгінде комментаторлық тізгінді толықтай Е.Ерікке беріп қойды. Ел құрамасының да, Еуропа кубоктарының да, ел біріншілігі мен кубоктарының да бар ойындарын, негізінен сол жүргізеді. «Түйенің бурасы, сөздің турасы жақсы» демекші, шындығында Ерсін дауысының дыбыс ырғағы адамды өзіне тартпайды, баурамайды. Үніне майдалық, жұмсақтық жетіспейді, кәсіби шеберлігі де ұлы Абайдың: «Құр айқай бақырған, құлаққа ән бе екеніне» саяды.

Осы тұста тағы бір айта кетері спорт арнасының комментаторлық қызметі көп жылдар бойы А.Сағынаевтың еншісінде болды. Ал мен, оны мүлдем қабылдай алмайтынмын, ол болса қас қылғандай эфирден түспейтін. Содан, пыдам таусылып, арнаның басшысы Павел Цибулиннің телефонын іздеп тауып, қоңырау шалдым. Көңілді күпті еткен ойларымды айттым, ол ойланып, айтқандарымды қағаз бетіне түсіріп беруімді өтінді. Мен «көрейін» деген екі ұшты жауабымды бердім. Көп ұзамай, екеуі де арнадан кетті, себебін білмедім. Жалпы, «Казспорт» арнасы ашылар кезде баспасөз беттерінде басшылыққа Есей Жеңісұлы тағайындалатыны жазылған болатын. Жасынан ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен қаламгердің тізгін ұстайтынына қуандық, бірақ соңғы сәтте ол орынға Ахмет Шариф отырды. «Қарғаны қайырғанмен бүркіт болмас, жабыны жемдегенмен дүлдүл болмас» дегендей бірер жылдан соң ол да орнын босатты.

Байлауы жоқ шешеннен ...

Екінші кезекте, комментаторға кәсіби біліктілік қажет. Футбол деген құдыреттің қыр-сырын, бүге-шігесін, ұнғыл-шұнғылын жаттықтырушылар деңгейінде меңгеру, ережелерді төрешілердей бес саусақтай білу, командалардың 5 – 3 – 2, 3 – 5 – 2, 4 – 4 – 2, 5 – 4 – 1 сұлбасымен (схема) ойнайтын техникo-тактикалық ойнау жүйесіне ой көзімен қарау, шабуыл мен қорғаныстың үйлесіміне назар аудару, құрамалардың шабуылда, жартылай қорғаныста немесе артқы шепте ұстанған айла-амалдарының, әдіс-тәсілдерінің ара-жігін ажыратып айта білу, әр ойыншының алаңдағы орны, қимылы, атқарар жұмысы, ойнар ролін дөп басып көрерменге жеткізу, футболшылардың техникалық, тактикалық, функционалдық, физикалық, психологиялық дайындықтарына көз салу т.т. Ол үшін атақты К.Бесков, В.Лобановский т.б. жаттықтырушылардың еңбектерін немесе қазақстандық Павел Черепанов, Қайрат Адамбековтың оқу құралдарын, әдістемелік материалдарын зейін қойып шолып шықса дұрыс болар еді. Мысалы, орыс тілді Дидар Қадыров репортаж барысында осының бәрін жаңғақтай шағып,

жіліктеп, саралап айтып отырады және қазақ тілділердің жіберген қателіктерін жуып-шайып білдірмеуге тырысады. Тактикалық ойын жүйесін танып білуді содан да үйренуге болады. Сондай-ақ, командалардың оқу-жаттығу жиындарына барып, оны сырттай қадағалап, рұқсат берсе командалардың теориялық сабақтарына қатысып, бапкерлердің нұсқауларын тындап, жаттығудан соң ойыншылармен тілдесіп, біліктілікті арттырған жөн, яғни жаратылыстан бойға берілген өнерді дамыту үшін тынбай іздену қажет, болмаса көрерменнің ашу-ызасын тудырып, ренішіне қаласың. Біздің жүргізушілер шыны керек әр нәрсенің басын бір шалып, көп сөйлейді. Командалардың құрылу және өзара кездесу тарихын, бапкер мен құрамдағы ойыншылардың қайдан келіп, қай клубтарда ойнағаны, олардың статистикалық көрсеткіштері дейсіз бе, болмаса футбол әлемі төңірегіндегі айтылып жатқан ұзын-сонар әңгімеге ерік беріп, ауа жайылып кетеді. Ойын болса өз бетімен жүріп жатады, бір уақытта қарсылас не жанкүйерлік танытып отырған командаңның қақпасына қатер төніп, енді қалай болар екен деп іштей күйіп-пісіп отырсаң жүргізушінің «алаяулайы» бітпей жүйкеңді жұқартады. Сондайда бабаларымыздың: «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық» дегені еске түседі, сондықтан қызыл сөзден қымыз сапыра бермей айтылар әрбір сөзге мұқият болған абзал. Сөз орнымен айтылса ғана қымбат. Сонымен қатар, жас толқын статистиканың һас шебері Сергей Раилянға еліктеп, санақ қуып кетеді, құдды көрермен соны аңсап, сусап отырғандай. Әр жүргізуші өз соқпағын іздегені дұрыс.

Ұлттық бояу

Үшіншіден: тыңдарман қазақы өңі, әрі, нәрі бар репортаждарға шөліккеп отыр. Комментаторлар қызметін: «Жақсылар сөз айтады жанға жайлы, балқытып тыңдаушысын лебізімен» деген теңеуге лайық. сөз құдіретін түсініп, тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып жүргізсе екен дейсің. Тіл жұтан, қасаң болғандықтан репортаж да сүреңсіз күйге түсіп, солғын тартады. Ал ұлттық бояуы қою болса мың сан көрермен экраннан көз алмас еді. Қазақ

тілінің бай, шұрайлы екенін айтудан жалықпаймыз, ал сол игілікті іске асыруда енжарлық, құлықсыздық танытамыз. Поэзиямыз, прозамыз, ауыз әдебиетіміз: батырлар мен ғашықтық жырлар, аңыздар мен тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілер т.т. көрікті де әдемі сөз тіркестеріне, теңеулерге тұнып тұр. Шіркін, ұл-қыздарымыз содан сусындаса ұлттық рухымыз аспандап кетер еді. Мысалы: «Адасқан қаздай аласұрып», «Адымын аш бөрінің аштырмады», «Қу түлкідей құбылып», «Қанды балақ қасқырдай», «Түлкі бұлаңға салып», «Нар бурадай шабынып, екпіні оттай қабынып», «Шабан аттай шалдығып», «Қаз ілген қаршығадай тояттанып», «Сауысқандай сақ қимылдап», «Желдей есіп желпініп», «Аш бөрідей талап тастады», «Үстінен су төгілмес жорғадай», «Көк бүркіттей шүйіліп, ителгідей жұтынып», «Қарақұс қаз алмайды шүйілгенмен», «Шабан ат жемдесе де тездетпейді», «Торғайдан құр қалған қаршығадай», «Арлан бөрідей айбар шегіп», «Дауылдай соғып, борандай ұйытқып», «Қаптаған қара дауылдай, қара нөсер жауындай», «Жүйрікке бәрі бірдей ылди өрі, ол шапқан сайын көсіледі», «Тау соққандай майдандасты», «Айғырдай тебісіп, бурадай шайнасты» т.т. боп кете береді. Осы тіркестерді спорт терминдерімен ұштастырып, орайластырып орынды пайдаланса репортаж бәйшешектей түрленіп, қызғалдақтай құлпырып кетер еді. Жүргізушілер болса Сағынаевтың «Ал, бұл, сенімдіміз, керемет, тамаша, қақпадан қиыс кетті» деген сөз саптауларын тоты құстай қайталай береді. Несі керемет, тамаша екенін түсінбей, дал боласың. Одан да С.Қаратаевтың «жер бауырлата, немесе әуелете берген пастары» деп келтіретін әдемі сөздерін пайдаланса, әлде қайда ұтымды болар еді.

Шын талант – ұлттың үні

Бүгінде футбол комментаторларының көш басында ой өрістері кең, ішкі жан дүниелері бай интеллектуалды жандар: әдебиетшілдігі, ғалымдығы, ақындығы, әзілқойлығы бар Ермұхамед Мәулен, жазушы, әрі ақын Есей Жеңісұлы және орыс тілді Дидар Қадыров, Сергей Раилян, Ербол Қайыровтар түр деп ойлаймын. Сол деңгейге

жете қабыл білікті мамандар Жандос Айтбай, Ермек Төрениязов, Ержан Көшкімбай, Бақытжан Руслан «Казспорт» арнасынан көрінбей кетті. Олардың қазірде шығармашылық тұрғыдан нағыз болған, толған шақтары ғой, ендеше тұлпар шабыс танытар шақтағы жігіттердің әлеуеті неге пайдаланылмайды? Бұл көшті бір өзі өгіздей өрге сүйрей алатын қабілетке ие Қайырхан Мәулен қайда жүр, ол неге футболдың қызығы мен шыжығына тартылмайды? «Шын талант – ұлттың үні болып сөйлейді», – дейді ғұламалар. Соның нақты дәлелі Е.Мәулен, ол басқалардан қозыкөш жер ілгері тұр. Ермұхамед жоғарының нұсқауын күтпей-ақ, ұлттық құрама ойындарының баспасөз конференциясын тек мемлекеттік тілде жүргізіп жүр. Құраманың бас бапкері Талғат Байсуфиновты да қазақша сөйлеуге машықтандырды. Киев қаласындағы Республикалық стадионда Украина - Қазақстан құрамаларының кездесуінде ойын ақпаратын қазақ тілінде бергіздірді. Мұндай ұлдан айналып кетпейсің бе? Ерекең кезінде А.Сағынаевпен көзқарас қайшылықтарына байланысты «Казспорттан» кетуге мәжбүр болғанды. Әлем чемпиондары Франциядан ойсырай жеңілгеннен кейін қазақ футболындағы былықтар туралы баспасөз бетінде сыни пікірлер көп айтылды, сондықтан спорттағы келеңсіздіктерді мемлекетшілдігі, отаншылдығы, халықшылдығы бар комментаторлар репортаж барысында там-тұмдап болса да, сөз арасына кірістіріп айтып отырса орынды болады. Біржан сал: «Бұлқынған өрен жүйрік жастан шығар», – деп кейінгілерге айтып кеткеніндей Құлагердей өрен жүйрік, бүгінгі жас жүргізушілер Ерсін Ерік, Дәулет Сейітбек, Уәлихан Қосанбай, Айбек Қабылша, Рауан Оқас сынды жастардан шыға ма? Көңілде үміт те, күдік те бар. Сөзімді түйіндесем, жазушы Қабдеш Жұмаділов: «Сайрағанның бәрі бұлбұл емес, шешек атқанның бәрі гүл емес» дейді, сол айтқандай бос сөзден арылып, бояуы қанық, тілі жатық, көрікті де шырайлы репортаждарға қол жеткізейік. Ол үшін спорт эфирі комментаторларға теңдей әділ бөлінсін, сонда бәсекелестік артып, сапа жақсарады. Жауапты матчтарды кілең жүйрік, өңпең жорғаның ішінен суырылып шыққандар

жүргізетін болады. Соңғы қосарым, футбол бағдарламаларын бір ізділікке, бір тілділікке түсіру үшін орыс тілді Айдын Қожахмет, Ербол Қайыров, Дидар Қадыров т.б. қазақ тілді хабарларға тартып, бойларына әдеби тілді сіңіру қажет. Мысалы, күлегеш Нұрсұлтан Құрман өз студиясына орыс тілділерді де шақырып, тәп-тәуір әңгіме қозғап жүр. Бұл үрдісті жалғастырған жөн. Ал екі қазақ Айдын мен Ерболдың өз бағдарламаларын тек орыс тілінде жүргізуі сырт көзге тым ерсі, оғаш көрінеді. Бұл енді құлдық сананың шегіне жеткендігінің белгісі.

2021 жыл

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

Талдықорған қаласының «Жастар» спорт сарайында бокстан жастар арасында халықаралық дәстүрлі турнир өтті. Осымен XI рет жалауын көтерген жарысқа еліміздің сан түкпірінен және Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғызстан мемлекеттерінен жүзден аса талапкерлер қатысты. Ақтық сынға күні кеше Алматы қаласында аяқталған әлем чемпионатында алтынмен апталған Жәнібек Әлімханұлы келіп, бокс кешінің құрметті қонағы болды. Оның жанынан ағалық қамқорлығын көрсетіп жүрген демеушісі, есімі елге танымал Бауыржан Оспанов пен жеке бапкері Мұрат Сіқымбаев көрінді. Сонымен қатар, Сидней олимпиадасының чемпионы Ермахан Ибраимов бастаған кәсіпқой бокстан әлем чемпионы Марат Мәзімбаев, КСРО біріншілігінің жеңімпаздары Кәрімжан Әбдіраханов, Михаил Юрченко т.б. болды. Осындай жұрт анталап, жан-жағынан қаумалап чемпионды қыспаққа алған тұста мен де қарап қалмай, орайын тауып, одан газет оқырмандарының аз-кем сұрақтарына жауап беруін өтіндім. Чемпионаттың ауыр айқастарынан әбден титықтап құр сұлдері қалған жас жігіттің қарапайымдылығы мен адамгершілігі мені қайран қалдырды. Қанша шаршап тұрса да, әрі ұялы телефонының шырылы мен

қолтаңба сұрап естелікке суретке түсуді өтінген жанкүйерлердің мазалауынан қажыса да, жасымды сыйлады ма келісімін беріп, сауалдарыма қысқаша жауап берді.

– *Жәнібек, бокс әліппесін үйренуді қай жасыңда бастадың?*

– Жеті жасымда, Алакөл ауданының Жыланды ауылында бірінші сыныптың табалдырығынан аттағанда спорт секциясына да қоса бардым. Содан бері он үш жыл жаттығып келемін.

– *Осыдан екі жыл бұрын ғана өзіңді «Жетісу кубогы» турнирінен көріп, жеңісіңе куә болған едік, ал бүгінгі артыңнан ерген ізбасарларыңның бет алысы қалай екен?*

– Жаман емес, араларында болашағынан үміт күттіретіндері де байқалады. Ендігі бәрі өздеріне байланысты.

– *Өзің бір жылдың ішінде адам нанғысыз жетістіктерге қол жеткіздің. Қазақстан біріншілігінде, ойламаған жерден ел чемпионы Рустам Сыбайды нокаутқа жіберіп топ жардың, оның артын ала Йорданияда өткен Азия чемпионатында қарсылас шақ келтірмедің. Ол жеңістің қызуы басылмай жатып әлемнің мықтыларын тәубесіне түсірдің. Бар болғаны 20 жасыңда мұндай теңдесі жоқ жетістікке жетудің сыры неде?*

(Жауабын тап басып айтуға қиналды ма, біраз үнсіз қалып).

– Білмедім, бапкерлерімнің ақыл-кеңесін дұрыс қабылдағанымнан болар.

– *Иә, тума талант деп өзіңе қарата айтылған шығар. Әркімге ондай бақ бұйыра бермес. Әлемдік додадағы айқастарыңа оралсақ, бапкерлер мен мамандар сенің бірінші қарсыласың әзірбайжандық Солтан Мизитиновтен қауіптенді, себебі ол атақты украиндық әлем чемпионы Деревянченконың өзін кескен теректей сұлатып түсіргенді. Біз де көк жәшіктің алдында отырып «қалай болар екен?» деп қатты абыржыдық, бірақ сен оны қанша қарсыласса да аяғын бір етікке тығып, көк ала қойдай сабадың. Ал Еуропа чемпионы румын Богдан Журато-нимен арпалысың көңілге күдік ұялатты...*

– Шынында да ең ауыр айқасым сонымен өтті. Алдыңғы күні

күшімді сарқып алдым ба, 3-ші раундта шаршап қалдым. Қайта көрермендердің айқайы есімді жиғызып, бойыма қуат берді. Алдыңғы раундтарда алған ұпайларымның арқасында жеңіске жеттім. Ақтық сынның алдыңғы екі күнгі демалыс (жартылай финалдағы қарсыласы босқа арам тер болмайын деді ме кездесуден бас тартты) менің физикалық тұрғыда қалпыма келуіме жәрдемін тигізді, сондықтан болар финалда қинала қоймадым.

– *Алдағы жоспарларыңмен бөлісе кетсең?*

– Келесі жылы Азия ойындары өтеді, ал ар жағында Рио-де-Жанейро олимпиадасы тұр. Мақсатым солардың шыңына шығу.

– *Жәнібек, қазір сені әсұрт тұс-тұстан мадақтап, сый-құрметтің сан-алуан түрін көрсетіп, қолды-аяққа тұрғызбай тұр. Мұндай қошаметтен «жұлдыз» ауруына шалдығып жүрмейсің бе?*

– Жоқ, олай болуы мүмкін емес.

– *Рахмет. Қашанда жортқанда жолың болсын!*

Бүгінде орталық газеттерде мамандар мен спорт журналистері Жәнібектің мақтауын асырып, асыл туған жан екендігін айтып та, жазып та жатыр. Қазақтың бағына біткен жас тіл-көзден аман болсын дейік.

2014 жыл

БОЙДА РУХ, ЖҮРЕКТЕ ОТ БОЛМАСА ...

«Жетісу» газетінің №103 санында мұхиттың арғы жағындағы Лас-Вегаста күрес түрлерінен өткен әлем чемпионатында қирай жеңілген ұл-қыздарымыздың қарын аштырған нәтижесіне көңілі толмаған Ришад Тұрғанбаевтың «Қайдасың, Алаш балуаны?» атты мақаласына орай байырғы жанкүйер ретінде мен де ойымды ортаға салсам деп едім. «Ашынғаннан шығады ащы дауысым» деп Жетісу жұртына жар салған автордың қынжылатындай жөні бар. Дегенмен, қандастарымыздың көп жылдардан бері олимпиада мен

әлем додаларында топ жара апмауының тамыры тереңде жатқан тәрізді. Оны ел ішіндегі жарыстарда бәсекелестіктің жоқтығына ғана апарып тіреу аздық етеді. Мысалы, өз отандастарымыз, дзюдошылар Максим Раков пен Асхат Житкеев (ұлты қарашай, олимпиада жүлдегері), грек-рим күресінің шебері М.Манукян әлем чемпиондары атанды емес пе? Кезінде, олардың салмақтарында бәсекелестік күшті болды деп ешкім айта алмас. Бүгінгі күні спортқа, соның ішінде күреске қаншама ақша құйылып жатыр, тіпті одан тау тұрғызуға болады. Мықтылар алтынмен апталып, күміспен күптеліп жатыр, бірақ нәтиже шамалы. Ендеше, себеп неде? Бірінші кезекте, ұлттық рухтың әлсіздігінде деп білемін. Бұл туралы екі-үш жыл бұрын республикалық баспасөз бетінде спорт журналисі Бекен Қайратұлы «Ұлттың рухы» атты мақаласында жақсы жазды. Көп сұрақтың жауабын содан табуға болады. Иә, ата-бабаларымыздың батыр да, данагөй де болғаны рас, ол тарих беттерінде қатталған, оған ешкім дау айта алмайды. Ал, олардың жалғасы бүгінгі біздер қандаймыз? Екі ғасыр бойы Ресей мен Кеңес империяларының боданында болған қазақтың құлдық санаға ұрынып, тым жуасып, жасып қалғанын әркім де біледі, бірақ ашып айтпайды. Ұлтымыздың ірілік пен кісіліктен алыстап, ұсақталып кеткенін, рухтың көмескі тартып, бойды қорқыныш пен үрей билегенін қанша жасырсаң да күнделікті өмірден баттыып көрініп тұр. Қайрат бауырымыз өткен ғасырдың басында Құмар Қарашайыр жазған мына бір өлең жолдарын келтіреді: «Қара қазақ баласы, қайткенде адам болады, бәрі қатын жүректі, іздесең емге тапшайсың, еңіреген жалғыз ері жоқ, аузы түкті бір хохол, шетінен ұстап сабайды, оған қарсы дері жоқ. Мал іздей шықса бес орыс, қатын-бала, қарт ана, бәрін тастап босады, жүрегі қорқып ұшады, ойлап тұрсам бұларды, бұ күндегі жігіттің, кеудесінде жаны бар, тірі дейтін жері жоқ, бәрі кетті қазақтан, не дерге мұны болады» дейді. Отарлаушылар қазақты құлдық санаға ұшыратқанына көз жұма қарадық, айтатын жерде айналып өтіп жүрміз. Тарихтың көптеген жан түршігерлік беттерін жылы жауып қойдық, себебі

қазіргі қоғамға «тыныштық пен тұрақтылық» керек. «Алашорда» үкіметін таратып, қайраткерлерін биліктен кетіргенен кейін рухтың өшуге айналғанына 4 млн астам қазақтың аштан қынадай қырылып қалғаны куә. Бүгінде рухымыз мықты болса, сол қасіретті халық болып, ел болып неге көтермейміз, тарихымызды жазуға неге мемлекеттік тапсырыс берілмейді? Ащы шындықты айтуға бағылымыз жетпейді, сөйтіп отыра чемпиондар неге шықпайды деп таусыламыз. Біз, бірінші кезекте бойдағы үрейді жеңуіміз керек, сонан кейін барып жеңісті күндер туралы ойлауға, оны жақындатуға болады. Үрей қан арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып кете береді екен, олай болса оны тоқтатпай көгермейміз. Тәуелсіздікті ұлттық мемлекет құру, ұлттық мүддені төрге оздыру үшін алады. Қазақстанда бұл қағидалар орындалып отыр деп айта алмайсың. Тілдің бейшара күйін көре тұра үндемейміз. Жоғарғы билігі мемлекеттік тілде сөйлемейтін әлемде екі-үш ел болса, соның бірі «Ұлы дала елі» атауына ие бізбіз. Ақпарат кеңістігімізге келсек, бұл саланы жат-жұрттың баспасөз құралдары басып алды. Шенділерде оны шектейік, өрісін тарылтайық деген ниет жоқ. Сонда жастарда қайдан отансүйгіштік сезім болады? Рух бойға ұлттық құндылықтарды ана тілі арқылы сіңірумен бітеді. Ұрпақтың рухын шындамай жетістіктерге жетеміз деу бос әурешілік. Жоғарыда келтірілген мақалада, ұлттық рухтары мықты болғандықтан, жан саны 946 мыңды құрайтын **авар** деген халықтың (имам Шәміл мен ақын Расул Ғамзатовтың Отаны) арасынан 42 олимпиада және әлем чемпиондары шыққанын, тау халықтарының бірі **даргинцтердің** саны 490,4 мыңды құраса, соның ішінен 14 жігіті күрестің әр түрінен Олимпиада, әлем және Европа чемпиондары атанып үлгергені жазылады. Ал бар жоғы 431 мың **құмықтан** барлық күрес түрлері бойынша 17 балуан Олимпиада және әлем чемпиондары атаныпты. Бізден саны 26 есе аз лезгиндер де бізден әлде қайда алда көрінеді. 128 мың **адыгейлердің** 48 ұланы Олимпиада, әлем, Европа чемпионы немесе жүлдегері болыпты. Басқа да тау халықтары кабардин, балкар, шешен, осетиндер т.т.

